

Ерғазы ҚАДАШҰЛЫ

**АЛТЫН ТҰҒЫРЛЫ
АЛЫПТАР**

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5Қаз)
Т65

**«АЛТЫН ТҰҒЫРЛЫ АЛЫПТАР». Ғылыми-танымдық жинақ.
Е.Қ.Төлеу. Қарағанды: «Типография АРҚО» баспаханасы. 2020 ж.**

**Жинақ «Орталық Қазақстан» кітапханасы» сериясымен жарық
көрдi.**

Жоба авторы Ерсiн МҰСАБЕК

ISBN 978-601-204-531-4

Әлбетте тарихи тақырыпта жазылған еңбектер ғылыми стильде болады да, оқырманы олқы түсіп жағайды. Мұндай еңбектерді тек қана кәсіби тарихшылар мен зерттеушілер болмаса, көпшілік оқырман оқи қоймайтыны жасырын емес. Белгілі тарихшы, ұлағатты ұстаз Ерғазы Төлеудің бұл жинағының құндылығы сол – кітаптың көпшілікке арналғандығында.

Ұлтымыздың тамырлы тарихы мен ұлы тұлғалары жайлы құнды деректер қарапайым стильде, жатық тілмен баяндалады. Шерлі шежіреміздің қатпарлы беттеріне қызығушылық танытқан кез-келген адам осы кітаптан іздегенін табады. Жоғары оқу орындарының тарих факультеті студенттері үшін де таптырмас көмекші құрал болары сөзсіз.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.



**УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5Қаз)**

ISBN 978-601-204-531-4

© Е.Қ.Төлеу, 2022

ЖАҒАТТЫ ЖАЛҒАСТЫҚ (алғысөз орнына)

Жандос СМАҒҰЛОВ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

Халқымыз ғасырлар бойы азаттық үшін болған айқастарының нәтижесі ретінде тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бергі уақытта ұлт тарихын жаңаша таразылау бағытында тың ізденістер жасалып жатыр. Өзін қазақпын деп санайтын әр азамат ұлтының, ата-бабасының тарихи тамырларын білу жолында ерекше құлшыныспен ізденістер жасауда. Сондай жаңашыл сипаттағы тағылымы мен танымы мол туындылар біршама жазылып шықты, қалың оқырманның рухани азығына да айналды.

Қазақ әдебиеттану ғылымының Абызы Тұрсынбек Кәкішұлының «Жоқтамасаң, іздемесең алтын да жарқырамайды» деген сөзі бар. Ол тарихи тұлғаларымызды бүгінгі таңдағы өскелең талап-тілектер тұрғысынан саралау және бағалау мәселесіне келіп тіреледі. Дәл осы тұрғысынан алып қарасақ, тәуелсіздік дәуірінен бергі уақытта ұлттық гуманитарлық ғылымдар, оның ішінде тарих ғылымы өз қалыптасу тарихында тоталитарлық дәуір мүмкіндік бермегендіктен «ақтаңдақ» болып қалған келелі мәселелерді шешуге ұмтылуда. Еуропацентристик идея түркі тілдес республикалардың тарихын зерделеуге басты бағыт болып, «түркі дүниесінің өткені жоқ, оның бар тарихы Алтай төңірегін мекендеген кезеңнен ғана басталады» деген қасаң қағиданы бекітуге жанталасқаны белгілі. Ұлттық мүддеге тамыр тартатын кез келген ғылыми тұрғыдағы мәселелер еуроцентристік көзқараста бұрмалана түсіндіріліп, әрі-беріден соң қағидаға айналып кете жаздаған болса, ақыл-парасатқа азаттық алғаннан бері шын мәнінде

«өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанды». Кеңестік замандағы маркстік-лениндік әдіснаманың принциптеріне сай кереғар ой-пікірлер ұлт тарихындағы біртуар көрнекті тұлғаларды таныту мен зерттеуде бұлжымас заң дәрежесінде негізделді. Оның әдебиеттің таптығы, халықтығы және партиялығы аталатын әдіснамалық талаптары халқымыздың қаншама ғасырлық тарихын зерделеу жолында ұлттық ғылыми-зерттеуге тежеу салып қана қоймай, ұзақ жылдар бойы дағдарысқа да ұшыратқаны шындық.

Көркем өнер, әдебиет, тарихи таным идеологиялық құрал ретінде саясаттың қолшоқпарына айналып кеткен сол дәуірде оны зерттеп-зерделейтін тарих ғылымы да тар шеңбердегі құрсаудан шыға алмады. Әсіресе ұлт бостандығы жолында қан кешіп, тер төккен хандарымыз бен батырларымыз туралы ақиқатын ғылыми тұрғыдан қарастырған зерттеулер, еңбектер де бұдан сау қала қойған жоқ. Ұлттық мүддеге сай жазбайын демеді, жаздырмады. Қызыл империяның қанды қылышына қарсы тұрып, ұлт мүддесі тұрғысынан зерттесе «ұлтшылдықтың» қамытын кигізіп жіберу мен саяси сенімсіздік тудыру сол заманның басты шарттарының бірі болды. Енді тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта ұлт болып ұйысу, халық болып қалыптасу жолында ұзақ тарихымызды жаңаша тарзылап, тың тұжырымдармен зерделеп жатырмыз. Соның әсерінен ұлттық тарих ғылымы сол кеңестік дәуірде саясат пен идеология талап-тілектері негізінде жасаған ғылыми тұжырымдарын қайтадан қарастырып, бар-жоғын түгендеу жолында тың ізденістер жасап жатыр.

Осы тұрғысынан алғанда, тарихшы Ерғазы Қадашұлының автор ретіндегі бір ерекшелігін айырықша айтқан жөн болмақ. Ол – ұзақ жылдар бойы орта мектепте, жоғары оқу орында ұстаздық еңбек етіп, тарих ғылымындағы жетістіктер мен кемшіліктерді өзі тікелей оқыту барысында таразыға салған адам. Ғылыми ізденістерін республикалық ғылыми басылымдар мен баспасөзде жариялаған мақалалары және

әр түрлі деңгейдегі конференцияларда жасаған баяндамалары арқылы әдеби, ғылыми ортаға танытып та жүр. «Атымды адам қойған соң» дегендей, дүниеге келген кез келген жанның кең болсын, тар болсын, тек өзіне ғана тән адами өлкесі болады. Ал оны жазиралы жарқын далаға айналдыру әркімнің өзінің жеке басының парасат-пайымына байланысты. Сан қырлы қабілеттіліктің арқасында Е.Қадашұлы – өз өлкесін жерұйықтай кең жазираға айналдыра алған жан. Образды түрде айтқанда, сол әсем, көрікті жазираны ұстаз, ғалым, азамат ретіндегі тұлғалық болмыс-бітімі жайнатып тұр. Оған дәлел оқырманға ұсынып отырған осы кітабы дегуге толық болады.

Негізінен алғанда тарихты таразылауға, зерттеуге бару оңай шаруа емес. Император Наполеон «Біз тарихты жасаймыз, тарихшылар жазады, қалған ел шынайы тарихты тек солардың жазғаны бойынша ғана оқып біледі» дегенді айтуында үлкен мән бар. Егемендікке қол жеткізісімен-ақ тарихшылар тоталитарлық замандағы идеология ықпалында жазылған тұжырымдарды қайта қарап, маркстік-лениндік әдіснама қағидаларына сыншылдық көзқараста қарай отырып, ұлттық тарихты жаңаша мәнде толықтырып жазып шықты. Рас асығыстықтан, ғылыми дәйексіздіктен бұрмалаушылықтар да орын алды. Алайда, ол да болса ұлттық тарихи-зерттеушілік ой-пікірге соны жол бастап қана қоймай, мұрағаттарда шаң басып жатқан тарихи тұлғаларымыздың ғұмырнамасын танып-білуге тереңдей баруға және жан-жақты зерделеуге кең жол ашты.

Кітап авторы өз еңбегін оқырманға ұсынуының түпкі мүддесінде ғалым атану үшін жазу мен ғылыми атақ алу жатқан жоқ. Ол ұлт тарихының қордаланып қалған келелі мәселелерін әдіснамалық тұрғыда салыстыра қарастыру арқылы хандар, батырлар, ұлт көсемдері секілді көрнекті тұлғаларымыз туралы әр мақала, зерттеу, кітаптарда айтылып жүрген ойларды бір арнаға тоғыстыруды негізгі мақсат

санаған. Шынына келсек, осы сала мамандары болмаса, елдің бәрі бірдей қазақ хандығының сан ғасырлық тарихын қолына түскен бірді-екілі кітап арқылы танып білу мүмкін емес. Облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде жарияланған осы кітаптағы мақалаларды қалың оқырман жұртшылық жылы қабылдады. Елдің алыс түпкіріне ғылыми еңбектер мен зерттеулердің жете бермейтіні нақты шындық. Міне, баспасөз арқылы сол олқылықтың орнын толтырған автор зерттеу мақалаларының басын қосып жеке еңбек ретінде ұсынып отыр. Бұл – құп алатын да, қуанатын де қадам. Себебі, еліміздегі барша тарихшы қауымның зар илегеніне қарамастан, жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларынан «Қазақстан тарихы» пәнінің оқытылуы алынып тасталды. «Оны мектептен біліп шығады» деген желеумен тәуелсіздік жылдардағы кезең ғана алынып, ғалымдар енді соны ежіктеуге көшті. Бұл сонда тарих, әдебиеттен тыс жас мамандардың ұлт тарихында ойып тұрып орын алатын тұлғалар туралы білім деңгейі мектеп бағдарламасының дәрежесінде қалады деген сөз.

Ендеше тарихшы Е. Қадашұлының тарихи тағылым және танымға құрылған бұл еңбегі осы олқылықтың орнын толтыру жолында қажетті құрал боларына сенім мол. Себебі сонау Ұлы Дала мемлекеттерінің негізі саналатын Ғұн империясынан бастап, Құлтегін, Шыңғыс хан, Жошы, Бату хандардың бір ғана ұлттық шеңберге сыймайтын тұлғалар екендігі, олардың қазақ тарихынан алатын орны сіңірген еңбегімен өлшенетіні нақты бағаланған. Алтын Орда дәуіріндегі ірі оқиғалар мен өмір сүрген тарихи тұлғалар туралы ой-толғамдарының тарихи танымдық мәні зор. Қазақ мемлекеттігіне дейінгі ежелгі мемлекеттік құрылымдардың тарихы, ұлт болып ұйысу қағидағтары кітап мазмұны мен маңызының салмағын арттырып тұр. Олардан Қасым-Кенесары, Науырызбай батырға дейін жалғасқан хандық биліктегі әр тұлғаның ғұмыры мен ерлік істері нақты

берілген. Халқымыздың үш ұлы перзентінің бірі, даңқты Қаз дауысты Қазыбек би Келдібекұлының есімі неліктен киелі саналатыны да пайымдалған. Бір хан не би-батыр туралы том-том бірнеше кітап ақтарудың орнына, тарихи дәуірлердегі оқиғалар арқылы бір жүйедегі логикалық бірлікте тауып таныса аласыз. Ұлт тәуелсіздігі жолындағы қаһармандық күрес Алаш Арыстары тағдырынан «Мәңгілік Ел» идеясына дейінгі жолы қабаттастыра жазылған. Кітаптың ғылыми таным мен тағылымдық, тәрбиелік маңызы да осында десек, қателесе қоймаспыз. Оған еңбектегі тарихи қайраткерлер арқылы тұлғатану ілімінің негізгі мәселелерін жүйелі қарастыруы мен ғылыми тұрғыда пайымдауы дәлел бола алады.

Бұл зерттеудің құндылығы халқымыз қиыншылықпен бастан өткерген тарихи кезеңдерге тек ғылыми ғана емес, тарихи тұрғыда баға беруге деген нақты көзқарастардан туындайтын тұжырымдарында жатыр. Ал тарих – қашанда тарих. Оның жақсысы, жаманы болмайды. Мәселе, оны ақиқатқа сай қалай зерттеп, зерделеуде жатыр. Сондықтан автор еңбегінің жаңашылдығы тек қазіргі таңдағы өскелең талаптар деңгейінде ғана емес, ұлттық тарихнама тұрғысынан бұрын ғылыми сөз болған тарих қаһармандары туралы тың тұжырымдар айтуға деген мақсаттылығының маңызында жатыр.


Егемендіктен бастап тарихты жаңаша таразылау пайда болған кезден бергі ғылыми ойдың даму үрдісінің түрлі өзгерістерге түсуі, ғылымның өсу жолындағы үдерістерде болмай қоймайтын жаңа ізденістер сипаты еңбекке ғылыми сапалылық пен салмақтылық танытқан. Әрине, Е.Қадашұлы бұл салада жаңа «Америка» ашып берді десек, артық айтқандық болар еді. Еңбекте сөз болатын тарихи тұлғалар туралы басқа тарихшылардың еңбектерінде бір тұтастықта қаралды дегенмен, оларда тарихи тұрғыдағы деректерде жалпыламалық мән басым болатын. Бірақ

ғылыми-зерттеушілік ой-пікір бір орнында тұра алмайтыны даму заңдылығына тән болса, оны жетілдіру және жаңаша болмыс-бітімде танытуға қадам жасаудағы ұмтылыстарды дәуір өзі алға тартып отырғаны жалған емес. Себебі, итальян ғалымы Сантьягоның сөзімен айтсақ: «Тарихтан тағылым алмаған ұрпақ, сол тарихты қайталауға мәжбүр болады». Ал бұл кітап болса, «тарихыңды таны, оқып-біл, ұлыларыңды ұлықта, олармен мақтан, үлгі ал» деп отыр.

Осы кезде тұлғатану ілімі жеке бір тарихи тұлғаның мерейтойы кезіндегі жүргізілетін мәдени іс-шаралар мен жазылатын түрлі мақалалармен бітетін науқаншылдыққа тап болып отыр. Негізінен кез келген ғылым «күдіктен» туады. Тарихшы автордың қолына қалам алдырған да осы «күдік» те болар, оны өз ізденісіндегі ойларын «мүйізі қарағайдай академиктердің» пікірлерінен бастап, жас тарихшылардың сөз болатын тақырыпқа сай көзқарастарымен дәйектеуі дәлелдейді. Ғылыми тұжырымдардағы пікір қайшылығын тарихтанудағы қым-қиғаш көзқарастардың тууы мен өркендеуіне орай тығыз байланыста алуы еңбектің сонылығын көрсетеді. Әрине, еңбектің әр тарауына талдаулар жасап, ондағы басты мәселелерді кеңінен сөз етуге де болар еді. Бірақ біз оған бармадық. Өйткені тым ежіктеп жату мен сыпыра мақтау бұл еңбектің ғылыми ғана емес, әдіснамалық та танымдық табиғатына да қажет емес. Көзі қарақты оқырман онсыз да жақсы мен жасықты айыра алатынына сеніміміз кәміл. Ең бастысы, қазіргі тұлғатану іліміндегі ұлттық ғылыми зерттеушілік ой-пікірде әлемдік өркениеттер негізіне сүйенетін тың ізденістердің болып жатқаны баршамызды қуантса керек. Әрине, «біткен іске сыншы көп» екені де белгілі. Бірақ дәл қазіргі кездегі кейбір «өткен тарихтың көрпесін қырық жамаудан жамап жатқандардың» шимайшатпағына қарағанда, айтары бар, ғылыми мәні мол осы секілді еңбектердің жарыққа шығып жатқанына қызыға да, қызғана да қарау керек.

Еңбекте оқырман ұлт кеменгерлері мен қаһармандардың ұлылығы неде деген күрделі сұраққа жауап таба алады. Ел басына күн туған шақтардағы олардың халықшылдық, ұлтжандылық болмыстарының жарқырап көрінуінің тарихи негізі қалай қалыптасқанын зерттеушілік мәнде сараптай отыра, оның басты себеп-салдарларын да ашады. Автор Ресейдің ұлы державалық шовинистік көзқарасы пен еуроцентристік арам пиғылдардардан туындаған, ұлттық мүддеге сай ұмтылыстардың жолын кескен, тарихи тұлғаларымыз бен рухани және әдеби мұраларымызға нигилистік менсінбеушілік, мәңгірттік ой-сана қалыптастырған саяси идеологияның китұрқы амалдары қыр-сырын дәлелдеу жағына бармаған. Яғни, кезінде елеусіз қалған ұлыларымыз бен ерлеріміз туралы қате бағалаудағы ащы шындықтың барлығын жайып салуға ұмтылмаған. Тарихи тағылымдық, ғылыми танымдық еңбек жазуды ғана көздеген және оған саналы түрде, мақсатты мүддеде арнайы бармаған. Оған қоса ғылыми этиканың өткеннің бәріне «топырақ шаша беруге» жібермейтіні тағы бар. Жалпы оқырман жұртшылық үшін тарихи сананы қалыптастыруда, ал мұғалімге тарихи тұлғаларды жас ұрпаққа танытуы, оқытуы барысында ол онша маңызды да емес. Бірақ ұлт тарихынан хабары бар көзі қарақты адам көп жайларға өзі ой жүгірте алса, бәрі де айқын.

Тұжырымдай айтқанда, Ерғазы Қадашұлының зерттеу мақалалардан тұратын бұл еңбегі ұлттық тарихи танымдық, ғылыми ой-пікірдің кемелдене түсуіне қосылған үлес екені талас тудырмайды. Ол ел тарихын оқыту барысында және көкейкесті мәселелеріне тұлғатану ілімі тұрғысынан жаңаша зерттеулер жасауда тың барлауларға баруға жетекшілік мән атқара алар сипатымен құнды.



I-бөлім

ҒҰРПЫМДЫ ҒҰННАН
ІЗДЕСЕМ...



ҒҰН ИМПЕРИЯСЫ

Б.з.б. 1 мыңжылдықта қазіргі Моңғолияның оңтүстігіндегі Ордостан Каспий өңіріне дейінгі Орталық Азияның ұлан-байтақ кеңістігін тегі мен этникалық құрамы жөнінен әртүрлі тайпалар қоныстанды. Бұл тайпалар алғашқы таптық қоғамға өту сатысында еді.

Шаруашылықтың біртіндеп дамуы, тұрмыстың біршама ортақтығы, этникалық жақындық, саяси тәртіп факторы б.з.б. IV-III ғасырларда Қытайдың солтүстігін мекендеген ірі бірлестіктерінің құрылуына әкеліп соқты. Мұнда сюнну және дунху (солтүстік, оңтүстік) тайпалық бірлестіктері қалыптасты.

Сюнну (хунну немесе ғұндар) б.з.б. III ғасырда күшті ел болды. Бастапқы кезде Солтүстік Қытайда, Моңғолияда, Байкал өңірінде қоныстанған. Бұл тайпа атының шығу тегі жайында дерек жоқ. Кейінгі замандарда Сюнну (хунну) ғұндар аталып кеткен. Бәлкім «сюнну» тайпаның қытайша жазылуы болуы мүмкін. Қалайда бұл атаумен құрылған одақ Еуропа деректерінде кеңінен мәлім. Хуннулардың этникалық шығу тегі де әлі анықталмаған мәселе. Көптеген зерттеушілер түркі халықтарының түп атасы деп тұжырымдайды. Хуннулардың бірлестігі әртүрлі тайпалардан құралғандықтан саяси бірлестік атауы болуы да ықтимал (К.Байпақов).

Б.з.б. III ғасырдың соңына қарай бірігіп, әскер түзеп, өздерінің мемлекетін құрды. Ғұндар 24 руға бөлінген. Оларды бектер биледі. Өз кезінде 24 тайпалық одақтан құралған ғұндармен бүкіл Еуразия қос құрлығында иық тірестіретін бірде-бір ел болған емес. Махмұт Қашқаридың

«Түркі тілдерінің сөздігі» атты әйгілі еңбегінде аталатын 24 тайпаның, сол сияқты қазақ фольклорында күні бүгінгі дейін айтылатын «24 баулы елдің» ғұн заманынан жеткен жаңғырық екеніне назар аударады (А.Сейдімбек. Шығармалары. 2-т., 22-б.). Әр рудың көшіп жүретін өз жері болды. Жоғарғы билеушісі «тәңірқұт» лауазымын иемденген. Қытай деректерінде ғұндардың жоғарғы билеушісі «шаньюй» деп аталады. Одан кейін түменбасылар деп аталатын бекзадалар тұрды. Олар Тәңірқұттың ұлдары, інілері немесе жақын туысқандары болатын. Түменбасылар өз иеліктерінде мыңбасылар, жүзбасылар тағайындай алатын еді. Өздерінің дәстүрлі құқық жүйесін қалыптастырған. Онда, негізінен, мыналар көзделген: «Тәңірқұт өзіне бағынбаған немесе жазықты болған түменбасылардың жерін қайтарып алатын, өздерінің жүзбасылары мен онбасылары жөнінде түменбасылардың да нақ сондай құқығы болды. Ұрыс алаңында қаза тапқан адамның сүйегін кім әкелсе, оның отбасының бүкіл мүлкін сол алады. Лауазымдар мен жоғары шендер мұраға қалдырылды (Ұлы Дала мемлекеттері. Алматы, 16-б.).

Ғұндардың күшті бірлестік болуы Қытай мемлекетіне ұнамады. Сондықтан, бұлардың арасындағы күрес 4 ғасырдан астам мерзімге созылды. Жылнамаларға қарағанда, ғұн тайпаларының бірігіп топтасуы б.з.б. 209 жылы «Хунн шаңарығының мәуелеуі» кезінде іске асты. Жаңаша жыл санауға дейінгі 204 жылы бой көтеріп, жаңаша жыл санаудың 216 жылына дейін дәурен сүрді. Шаңырағын көтеруші – әйгілі Мөде (Боғда) батыр. Оның туған жылы б.з.б 230 жыл, ал, өлген кезі б.з.б. 174 жыл.

Мөде билік еткен алғашқы жылдардың өзінде-ақ, Қытайдың шекаралық аудандарына жорықтар жасап, күйрете соққы берді. Кескілескен күресте Мөде әскери-саяси қуаты басым Хань әулетін сюнну-ғұндардың Ордастағы көшіп жүретін жерлерінен дәме етуден бас тартуға мәжбүр етті.

Хань императоры Гаоцзу б.з.б. 188 жылы Мөденің алдында бас иіп, онымен «тыныштық және туыстық туралы шартқа» қол қоюға мәжбүр болды. Бұл шарт бойынша ол шаньюиге өзінің ханшасын әйелдікке беруге және жыл сайын «сыйлық» ретінде салық төлеп тұруға міндеттенді, кейін ол салықты үнемі төлеп тұрды (Қазақстан тарихы. 1-т., Алматы, 1996, 245-б.).

Шығыста Мөде «Шығыс Ху» тайпаларын бағындырды. Ол оның құрамына Керулен және Онон алқаптарында мекендеген сяньби және ухань тайпалары кіретін еді. Батыста Юечжи тайпаларына жорықтар жасады. Б.з.б 201 жылғы жорықта ғұндар Алтай тайпаларын түгелдей дерлік бағындырды. «Ғұндардың шаньюлеріне» Байкал сыртынан Тибетке, Шығыс Түркістаннан Хуанхэнің орта ағысына дейінгі кең аймақ қарады. Осылайша ғұн мемлекеті құрамына дүн-ху, юэчжей, ган-гунь (қырғыз), үйсін, қаңлы, тағы басқа тайпалар кірді. Б.з.б I ғасырдың орта шеніне қарай империяға айналған ғұн мемлекеті аймағы ұлан-ғайыр болғанымен, іргесі әлсіз еді. Ғұн мемлекеті толассыз қанды соғыстардан, ушыға түскен тақ таласынан, бір орталыққа бағынғысы келмеген күштердің әсерінен әлсірей түсті. Б.з.б. 59 жылы оларда өзара ұрыс басталды. Б.з.б. 47 жылы ғұндардың бірлестігі оңтүстік және солтүстік болып екіге бөлінді. Хуханье шаньюи бастаған оңтүстік ғұндар Хань империясына қосылды. Ал Чжи-Чжи (Шөже) бастаған ғұндар 25 жыл тәуелсіздігін сақтап, Хань империясы мен оңтүстік туыстарының шабуылына тойтарыс беріп отырды. Ақыры солтүстік ғұндар Солтүстік Моңғолия мен Шығыс Түркістанның солтүстік бөлігіне қоныс аударды. Кейін олардың біраз бөлігі Тянь-Шаньға жылжып, қаңлының тайпалық бірлестігімен жапсарлас қоныс тепті. Бұл ғұндардың Қазақстан, Орта Азия жеріне жаппай келе бастаған кезі еді. Екінші толқын б.з. I ғасырында болды. Ғұндардың қысымымен жылжыған тайпалар Орталық Қазақстанға да қоныс тепті.

Ғұндар негізінен мал өсіруді кәсіп етті. Сыма Цянь жазбасына қарағанда, төрт түлік мал ұстап, көшіп-қонып тіршілік еткен. Көсемдерінен бастап барлық жұрты малдың етімен, сүтімен қоректеніп, оның терісінен киім тігіп киген. Сонымен қатар, жазба деректерде ғұндар отырықшы болып, жер өңдеуді кәсіп еткені айтылды. Байкал сыртындағы Нижне-Иволгин қалашығын қазғанда лаймен сыланған еденнен сабанның қалдықтары, тарының дәні, астық көметін ұра табылған. Бұдан ғұндардың шаруашылығында жер кәсібі едәуір роль атқарғаны байқалады. Кен қазып, металл қорытқан (ҚазССР Энциклопедиялық анықтама. Алматы, 1980, 153-б.).

Ғұндардың әскери жасақтарының негізі – атты әскер еді. Атты әскер садақпен, семсер, қанжар, найза, бұғалықпен қаруланған. Садақтың ұшына үш қырлы темір жебе қадады. Сауыт бұзар жебе де болды. Ғұндардың жауынгерлік құдіретінен сескенген қытайлар Ұлы Қытай қорғанын салдырған.

Ғұн тайпаларының патриархаттық-рулық құрылысы негізінде жаңа қоғамдық қатынастар, теңсіздік, таптарға бөліну қалыптасты. Қабірлерден шыққан заттар ғұн қоғамындағы мүлік теңсіздік жайын айқын сипаттайды. Ғұн ақсүйектерінің ауқаттылығын обалардан табылған көптеген алтын, күміс заттар, кілемдер мен жібек маталар тағы басқа дүниелер дәлелдеп отыр. Бұл байлықтың негізгі көзі – құл саудасы мен халықтан жиналған салықтан түскен дүние еді. Ғұндарда соғыс тұтқындарынан және бағынышты аймақтардың халқынан құралған құлдар болған. Олар үй қызметшілері, бақташылар, көлөнершілер және жер жыртушылар ретінде пайдаланылған. Ғұндар киіз үйде әрі қыстық үйде де тұрды. Иволгин қалашығын (Улан-Удэнің 12 шақырым оңтүстік-батыс жағы) қазған кезде олардың тұрғын үйлері жеркепе екені анықталды. Топырақтан соғылған керегелері іш жағынан сабан қосылған балшықпен сыланған (ҚазССР Энциклопедиялық анықтама. 153-б.). Киімді теріден, жүн

тоқымалардан тіккен. Ауқаттылары қытай жібегінен немесе мақта-матадан көйлек киген. Күпі, шекпен, шалбарлар мал терісінен жасалды. Бай адамдар белдік, білезіктерді алтын, күмістен соқтырды. Зергерлік өнердегі полихром стилін дүниеге әкелген. Атсайыс ойындарының негізін салған. Қыш ыдыстардың алуан түрін жасап, мыс қазан құйды. Тәңірлік дінді ұстанып, түркі жазуын қолданған. Сөйлеу тілі де түркі болған. Ғұндардың қоғамдық құрылымы мемлекеттік деңгейде өскен және өзіндік материалдық мәдениеті мен өнері бар, айрықша бір өркениетті жасау ісінде жоғары дәрежеге жетеді. Міне, тап сол кездері Қазақстан жерінде ежелгі түрік тілінде сөйлейтін халықтар пайда болады.

ҒҰНДАРДАН ҚАЛҒАН ҒҰРПЫМ БАР

Біздің заманымыздың басындағы I ғасырда (б.з.48 жылы) Ғұн одағы екі топқа жарылып, бірі Шығыс Ғұн мемлекеті, екіншісі Солтүстік–Батыс Ғұн мемлекеті болып аталған. Ғұндар Еуропаға Орталық Азиядан келді. Б.з. III ғасырдың бірінші жартысында ғұн тайпаларының Шығыс Қазақстанға және Жетісуға, кейін Батыс Сібір, Орал, Каспий жағалауларына және Еділдің арғы жағындағы далаларға көшіп қонуы басталды. Бұл аймақтарда ғұндардың жергілікті тайпа ұйымдарымен ассимиляциялану үрдісі жүрді.

Солтүстік–Батыстағы ғұн мемлекеті біздің заманымыздың IV ғасырында әйгілі болып, Шығыс Еуропаға қарай жылжыды. IV ғасырдың 70 жылдарының аяғында ғұндар Солтүстік Қара теңіз өңірінде пайда бола бастады. Баләмір Тәңірқұт (400 ж. қайтыс болған) бастаған ғұндардың соққысына бірінші болып жығылғандар – Азов теңізі өңірін мекендеген аландар еді. Бұл соғысқа аландар мықты дайындалса да, 370 жылы болған шайқаста ғұндардан жеңіліп қалды. Ғұндар екі бағытта ілгері жылжыды. Біріншісі – қыста мұзды жолмен, яғни, Перекоп және Тамань түбегі арқылы қазіргі Керчь бұғазы мен Қырымдағы Боспор патшалығына беттеді. Мың жылдан аса өмір сүрген Боспор патшалығы жойылды. Екіншісі – батыс және солтүстік – батыста орналасқан сармат – алан және гот немесе швет тайпасына бет түзеді.

(Аманжолов К, Тасболатов А. Қазақстанның әскери тарихы. А., 1999.20 бет). Бірінші шайқас остготтармен өтті. Қанды қырғыннан кейін остготтар талқандалып, ғұндар үлкен жеңіске жетті. Остготтардың патшасы Германарих өзіне-өзі қол жұмсап өлді. Осылайша, ғұндар 375 жылы Қара теңіз жағалауындағы остготтарды (шығысготтар) түгелдей бағындырды. Ал вестготтар (Батысготтар) Рим империясы территориясына барып паналады. Сөйтіп, ғұндарға Еділден Дунайға дейінгі жерлерді мекендеген түрлі тайпалар мен халықтар бағынды. Сол кезде ғұндардың ордасы Еділден Қара теңізге көшірілді. Ғұндардың Батысқа жорығы Халықтардың ұлы қоныс аударуының басталуына түрткі болды. Ғұндар 376 жылы Рим империясымен көршілес орналасып алып, көп ұзамай оған қысым көрсете бастады.

V ғасырдың басында Рим империясының Понония аймағын (қазіргі Венгрия жерін) басып алып, ғұн державасын құрды, орталығы қазіргі Венгрияның жері болды. 433 жылы ғұн патшасы Руғила қайтыс болған соң, мемлекет билігі оның інілері Ақтар мен Мыңзық балаларына – Бледа мен Аттиланың (Еділ) қолына көшті. Олар 12 жыл патшалықты бірге басқарып, 437 жылы Рейн өзенінің бойындағы Бургун корольдығын талқандады. Нәтижесінде Солтүстік Еуропамен Галлияға дейінгі герман тайпалары ғұндарға бағынды (Айбын энциклопедиясы, А., 2011, 171 б). Бұл оқиғалар кейіннен Германияның белгілі эпикалық шығармасы болып табылатын «Нибелунгтар туралы жырдың» көрінісіне негіз болды. Осы және өзге де герман эпостық шығармалары мен Скандинавия сагаларында Аттила (Этцел, Атли) Рим империясының қысымындағы халықтарды азат етуші ретінде сипатталады.

444 жылы Бледаның өлімінен кейін Аттила (Еділ) бірден-бір билеушіге айналды. Осыдан кейін ол бұрын білікті қолбасшы ретінде төңірегіне мәлім болса, енді үлкен саясаткер, көреген көсем ретінде жарқырап көзге түседі. «Әділ билеуші» атанады. Оның есімі қарсыластары арасында үрей

туғызады. Оны «Құдайдың қаһары» деп атайды («Елтұтқа» Құрастырушылар А.Сейдімбек, М.Жолдасбеков, Қ.Салғара. Аст., 2001). Француз ғалымы Рене Груссе «Түркілер-билеуге жаралған халық» деп жазады. Көшпенді түркілер екі мың жыл бойы дүркін-дүркін шабуыл жасап, отырықшы халықтарды жаулап отырды. Осы шабуылдарды тоқтататын күш болмағандықтан христиандар оларды өздерін жазалауға жіберген «Құдайдың қаһары» деп санаған. Сол атақ тұлғалардан Аттилаға (Еділ) бұйырды.

Византияның атақты шежірешісі, V ғасыр тарихшысы, ғұн патшасына 448 жылы жіберілген Византия елшілігінің мүшесі грек Приск Панийский өзінің «Византия тарихында» Еділді (Аттила) ірі мемлекет тұлғасы, ұлы істердің ортасындағы дана билеуші, талантты мәмілегер және әділетті сарапшы, Еділ (Аттила) мемлекетін Римнің қауіпті бақталасы ретінде суреттей отырып шындықты бейнелеген. Ол Батыс Рим және Шығыс Рим империяларының қуатты ғұн патшасымен одақтасуға ұмтылысын баяндайды. (Қ. Жумағұлов). Француздың XVII ғасырдағы ұлы драматургі Пьер Корнель Еділдің (Аттила) жеке басы, соғыс өнері туралы: «Еділ қара торы өңді, қара отты көзді, кең кеуделі, паң жүрісті, аласа бойлы, барлық ғұндар сияқты сақалын өсірген адам еді. Көзсіз батыр емес, керісінше шайқаста айлакерлігімен көзге түсетін. Дене күші мен сымбаты бірдей болатын. Ақ көңілді, кең пейілді жан еді...» деп сипаттап жазған. Жарқыраған қаруы, жинақы шатыры ұқыптылығын көрсететін деген мәліметтер береді. Ол өте қайырымды, адамгершілігі мол болғандықтан оны тек ғұндар ғана емес, оларға тәуелді халықтардың барлығы да жақсы көрген.

Еділдің тұсында империя өзінің шарықтау биігіне көтеріледі. Шығыста Кавказға, батыста Рейнге, терістікте даниялық аралдарға, күнгейінде Дунайға дейінгі жерге Ғұн империясының иелігіне айналады. Еділ бастаған ғұн әскері 447 жылы Фракия мен Илларияны талқандап, Фермопил мен Константинополь іргесіне дейін жетеді. Шығыс Рим импе-

раторы II Феодосий ғұндарға бір рет 6000 пұт алтын, жыл сайын 2100 пұт алтын мөлшерінде салық төлеу міндетін мойнына ала отырып бітім сұрады.

Арада төрт жыл өткеннен кейін Батыс Рим императоры III Валентиннің қарындасы Онорияның өтінішімен Еділ батысқа аттанып, Галлияға басып кіреді. Осы кезде оның әскерінің құрамында 100 мың түрік және әртүрлі тайпалардан құралған 100 мың әскер болған. Галлияны билеуге Рим императоры жіберген атақты қолбасшы Аэций вестгот, алан, франк корольдерімен тіл табысып, Еділге қарсы 200 мыңнан асатын әскер шығарады. Мұның аяғы тарихта бұрын болмаған үлкен қырғын – әйгілі Каталун шайқасына әкеледі (451 ж.). Тарихшылар осы шайқаста майдан даласында 165 мың жауынгердің өлігі қалды дегенді айтады. Шайқас 451 жылы маусым айының 20-ында басталды. Каталун даласындағы ұрыс Ганнибалдың тұсындағы (б.з.б 216 ж.) Канн, Наполеонның тұсындағы Ватерлоомен (1815 ж.) қатар тұра алатын Еуропа және әлем тарихындағы атақты шайқастардың қатарына жатады. Каталун қырғынынан кейін Еуропада ғұндарға қарсы тұратын ешқандай әскери күш болмады. Сөйтіп, ғұндар Батыс Рим империясы территориясына толық үстемдік етті.

452 жылы Еділ Италияны ойрандап, Падуя, Милан, Аквилея, Верона, Монтуя және Бергамо секілді қалаларын алады. Ендігі кезек Римдікі еді. Мәңгілік қаладан Рим папасы – I Лев Еділге, қайырымдылық сұрау үшін, елші жібереді. Елшілер Еділге көп алтын, асыл заттар тарту етті. Күтпеген жерден Еділ келісім берді. Рим қаласын қиратуға, тонауға күші жетіп тұрып ондай әрекетке бармады. Бұл оның қарақшы емес, әділ билеуші екенін білдіреді. Сөйтіп, ол осынау ұлы жорықтан Дунай бойындағы мемлекеттің астанасы Еділқалаға (Этзелбургке) үлкен жеңіспен, салтанатпен оралады.

Осының алдында Еділ герман тайпаларын бағындырған кезде Бургундия ханшайымы Ильдиикоға ғашық болып қалған еді. 453 жылы елінде үлкен той жасап, осы

ханшайымға үйленеді. Бірақ, алғашқы неке түнінде белгісіз жағдайда кенеттен қайтыс болады. Оның орнына әкесімен бірге шерулі жорықтарға қатысып, қолбасшылық дарыны танылып үлгерген батыр баласы Эллақ отырады. Еділ өзінің көзі тірісінде оны мұрагері етіп белгілеген болатын. Сөйтіп, билік басында болған он тоғыз жыл ішінде Ғұн империясының жеріне жер, еліне ел қосып, даңқын алысқа жайған Еділ қаған Шығыстың ұлы жауынгер ұлдарының бірі ретінде тарихқа енеді. Содан да болар, батыстың тарихшылары оның есімін адамзат тарихындағы ұлы адамдар – Александр Македонский мен Юлий Цезарь есімдерінің қатарына қояды («Елтұтқа». Құрастырушылар А.Сейдімбек, М.Жолдасбеков, Қ.Салғара, Аст. 2004 ж.). Кез келген тарихшы тарихта болған соғыс жайлы ғана жазып қоймауы керек. Оның ұрпаққа, сол кезеңге қандай ықпалы болғанын зерттегені дұрыс. Сол тұрғыдан алғанда, Еділ (Аттила) өз жорықтарының нәтижесінде Рим империясындағы құлдық дәуірді жойып, адамзат баласын құлдықтан құтқарды (Қ.Салғара).

454 жылы Еділ өлгеннен кейін Батыс ғұн империясы ыдырап, герман тайпалары ғұндардан бөлініп кетті. Бұрынғы үлкен империя құрамында тек ғұн тайпалары, яғни, түркі тілдес тайпалар ғана қалды. Ежелгі замандағы ғұндар батысқа қоныс аударудан бұрын ежелгі қазақ тайпаларымен тығыз байланыста болған. Олар бір мезгіл үйсін, қаңлы, тағы басқа тайпаларды билеген. Солтүстік ғұндар батысқа қоныс аударғанда үйсін, қаңлы, алан жерлеріне келіп, одан соң Шығыс Еуропаға қарай ауған. Осы кезде ғұндардың бір бөлігі осы өңірлерде қалып, үйсін, қаңлы, алан ұлыстарымен тоғысып, оларға сіңісіп кеткен. V ғасырда Еділ мен Днепр аралығындағы ғұн одағы ыдырағаннан кейін, бұлардың бір бөлігі қайта толқып, қазақ даласына келіп, олардың кейінгі ұрпақтары оғыз, қыпшақ, қарлұқ атанып кеткен. Бұл тайпалардың бір бөлігі қазақ халқының құрамына қосылып, қазақ халқын қалыптастыруға елеулі үлес қосты. Соның үшін

ежелгі ғұндарды қазақ халқын құраған қайнарлардың бірі дегуге болады (Н.Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы. А., 1994. 107б.). Этникалық байланыс болуымен бірге ғұндардың жалпы тұрмысы, мал бағуы, киіз үй жасауы, күймеде жүруі, көшіп-қонуы қазақ халқының салтымен бірдей. Құдалық салты, өлімге бас июі, бетін жыртуы, жоқтау айтып, жыр шығару әдеті де қазақтармен бірдей (Ә.Марғұлан). Бұларға өткен ғасырда орыс халқының ұлы ғалымы А.Веселовский жарқын ой бөлген. Бірақ, оның ізін ала шыққан ғалым болмады. В.Бартольдтың көрсетуінше, ғұндарды тегінде түрік деп атайды; қытайлар өзінің тарихында VI ғасырда түріктерді ғұндардың ұрпағы деп көрсеткен.

VI ғасырдан бастап Батыс ғұн империясы «Уарғандар қағанаты» (Арғындар қағанаты) деп аталды. Баянхан тұсында күшейген Уарғандар қағанатына Византия салық төлеп тұруға мәжбүр болды. Уарғандар қағанатын 798 жылы Франк королі – Ұлы Кароль талқандады. Осыдан соң ғұндар мемлекеті бас көтерген жоқ (Ұлы Дала мемлекеттері. А., 38 б.).

Әлеуметтік есею тұрғысынан алғанда, бұл кезеңдегі Ғұндар бұрынғы әскерлік-демократия сатысынан көтеріліп, феодализмге аяқ басты.

Қазіргі тарихи үрдістегі азиялық Ғұн ұлысы (48-156 ж.ж.), Батыс Ғұн ұлысы (350-469 ж.ж.), Ақ Ғұн ұлысы (367-560 ж.ж.), Табғаш дәулеті (386-557 ж.ж.) деп жүргеннің бәрі де Ғұн ұлысының аясынан шаңырақ көтерген. Ғұн ұлысының еңсесін көтеріп, ел еткендер: Түмен, Мөде (Боғды), Баләмір, Жұлдыз, Қаратүн, Айбарыс, Октар, Атыл (Аттила), Теңізек, Күн хан, Шама хан сияқты ғұнның біртуар ерлері еді (А.Сейдімбек. Шығармалары. II том. 2010. 23 б.). Тек жеке тұлғалар ғана емес, исі Орта Азиядағы үйсін, арғын, алшын, қаңлы, ұйғыр, қыпшақ, қырғыз, оғыз, қарлұқ сияқты тайпалар мен ел-жұрттар да Ғұн ұлысының бауырынан өрбіген үрім-бұтақ.

ҮЙСІН МЕМЛЕКЕТІ

Үйсін терминінің мағынасы осы кезге дейін анықталмай отыр. Ол Қытайдың иероглифтік жазбаларынан ғана мәлім. Қазіргі айтылуы қазақ этнонимдерінің бірі – Ұлы жүз қазақтарының басты этникалық компоненті болып табылатын тайпаның өзін атайтынындай «Үйсін» сөзіне сәйкес келеді. Қазақтың байырғы аңыз-шежірелері мен жазба әдебиетінде «Үйсін» деген атау екі түрлі мағынада – тар мағынада және кең мағынада қолданылады. Тар мағынадағы «үйсін» – қазақтың Ұлы жүзінің құрамындағы тайпаның аты. Ал, кең мағынадағы «үйсін» – Іле алқабы мен Жетісу өңірін және Оңтүстік Қазақстанды мекендеген Ұлы жүз тайпаларының жалпы аты. Ежелгі заманнан бері осы өңірді мекендеген, Іле аймағындағы албан, суан, жалайыр тайпалары осы үйсін ұлысының тармақтары.

Шежіре деректері бойынша үйсіндерді Шыңғыс хан заманындағы Майқы биден таратады. ХІХ ғасырдағы орыс ғалымы Н.Аристовтың шежіресінде (Ботбай руынан шыққан Диқанбай батырдан жазып алған) Майқы биден: Қаңлы, Бақтияр, Қырықжүз, Мыңжүз. Бақтиярдан: Үйсін, Ойсыл. Үйсіннен: Ақсақал (Абақ), Жансақал (Тарак). Абақтан – Қараша, одан Бәйдібек, Байтулы. Ұлы жүздің негізін құраған тайпалар Бәйдібектің балалары болып саналады. Олар: Албан, Дулат, Суан, Шапырашты, Сары Үйсін, Ошақты, Ысты (Қазақ совет энциклопедиясы. ХІ том, 401-б.). Ш.Уәлиханов

жазбаларында Үйсін – тайпалардың ғана емес, Ұлы жүздің барлық тайпасының түп атасы. Бұл шежіре тайпалар туыстығын көрсетеді. Алайда, көне жазба деректерге қайшы келіп жатады.

Үйсіндер туралы алғашқы деректер Қытай жазбаларында б.з.б II ғасырдың аяғында ғана кездеседі. Қытай императорының сарайындағылар ғұндарға қарсы күресте одақтас іздеп, б.з.б 138 жылы Батыс өлкеге Чжан Цянь бастаған елшілік жібереді. Чжан Цяньды ғұндар тұтқынға алып, олардың елінде он шақты жылдай болады. Алайда, ол кейін қашып шығып, Жетісуға барады. Үйсіндер туралы алғашқы хабарды еліне сол жақтан апарған. Оның кезінде үйсіндер арасында сэ (сақтар) «тармағы» мен юечжилер мекендеген. Олардың айтуынша, үйсіндердің саны 630 мың адам (120 мың түтін) болған. Олар 188 800 адамнан жасақ құрған. Жазба деректемелерде үйсін билеушілерінің жасағы – 30 мың атты әскер және «шабуыл қимылына үйретілген» бірнеше мың садақшылар жайында айтылады (Қазақ ССР энциклопедиялық анықтамасы, А., 1980, 149-б.).

Үйсін елінің ең жоғарғы билеушісі гуньмо (күнби) деп аталды. Күнби елдегі барлық қарулы күштердің ең жоғарғы қолбасшысы болды. Оған ру-тайпаларды басқаратын бектер бағынды. Бүкіл үйсін елі өз ішінде б.з.б 73 жылға дейін оң қанат, сол қанат және орта деп үш әскери-әкімшілік бөлікке бөлінді. Оң қанат пен сол қанатты екі қолбасы меңгерді. Күнби ортада отырып, бәрінің үстінен қарады. Гуньмо (күнби) өзіне қараған ел-жұртты балаларына бөліп беріп, мыңнан әскер және көшіп-қонатын жер бөліп беріп отырды. Б.з.б. 64-51 жылдар аралығында Хань империясының таққа мұрагерлікке араласуына халықтың наразылығы күшейді. Халық гуньмонның ғұн тегінен тараған мұрагерлерін іш тартты. Сондықтан, үйсін халқы мен аумағы екі бөлікке: ұлы гуньмо және кіші гуньмоға бөлінді де, олардың қарамағындағы жерлердің шекарасына межелер қойылды.

Үйсін тарихы кіші гуньмолардың үстемдік үшін ұлы

гуньмоларға қарсы, ғұндарды қолдайтын және қытайларды жақтайтын саясат жағындағылар арасындағы өзара қырқысқан күрестерге толы. Б.з.б. 14 жылы ұлы гуньмо Цылыми кіші гуньмо Мочжэньцзынның тапсыруымен өлтірілді. Цылымидың билік жүргізген уақыты – б.з.б. 45-14 жылдардың арасы – үйсін мемлекетінің дәуірлеген кезі болса керек. Өйткені, ол «билікті берік ұстады» және иеліктерінде «алаңсыз тыныштық пен бейбітшілік... орнады» деген деректеме осы уақытқа дейін жеткен (Н.Бичурин, Собрание сведений. II том, 190-198-б.). Гуньмонның ордасы Шығу (Чигу-Чэн, «Қызыл Аңғар» қаласы) бекінісі мен елді мекенді қаладан тұрған. Біздің заманымыздың алғашқы ғасырларында Шығу қаласы «Ұлы Жібек жолындағы» елеулі саяси орталыққа әрі сауда пунктіне айналған. Мұның өзі аталған бірлестіктің көрші елдермен «қытаймен, ғұн, қаңлы, алан, ұйғыр, қырғыз тайпаларымен» саяси, экономикалық және мәдени байланыстарды өрістетуге зор мүмкіндік жасады (Ұлы Дала мемлекеттері, А., 26-б.).

Үйсіндер басқа мемлекеттермен қыз алысу жолымен одақтастық қарым-қатынас орнатып отырды. Хань империясы және ғұн тайпалары үйсіндермен одақ болып, қыздарын үйсін гуньмоларына әйелдікке беріп отырған. Б.з.б. 108 жылы Хань патшасы У-ди өз әулетінен шыққан князь Лю Жянның қызы Шижүнге ханшалық мәртебе беріп, үйсін гуньмосы Елжау биге ханымдыққа ұзату жөнінде шешім шығарады. Ханшаның ұзатылуы – әдеттегі құдалық қарым-қатынас емес, белгілі саяси мақсаттағы құдалық. Саяси, әскери одақ жасаудың бір тәсілі еді. Бұл құдалық Хань әулеті өкіметі мен бағыс өңірдегі ең ірі мемлекет – үйсіндер арасындағы одақтық байланыстың негізін қалады. Екі ел арасындағы достық барыс-келістің бастамасы болды. Сонымен бірге, Хань патшалығы ықпалының батыс өңірге енуіне жол ашты. Шижүн ханшаның біздің заманымызға жеткен «Аққу әні» деп аталатын алты шумақ зарлы жыры сақталған.

«Мені ұзатты әлемнің бір жағына,

Алыстағы жат елге – үйсін ханына.
Дөңгелек үй, туырлық там орнына,
Ет жеп, айран ішеді ас-суына,
Туған жерді сағынып, сарғаямын,
Аққу құс боп қайтсам деп ауылыма».

Соған қарап, үйсіннің киіз үйде тұрып, көшіп-қонып жүргенін байқаймыз (Қазақ тарихынан, Е.Аққошқаров, А., 1997, 35-б.).

Елжау би (б.з.б 177-104 жыл) үздік шыққан көсем, қажырлы қаһарман, соғыс өнеріне шебер, асқан ақыл-парасатты адам еді. Ол сан рет соғыс жорықтары мен қиын-қыстау шайқастарда ерлік көрсетті, өзінен әлдеқайда күшті жауларды жеңді. Б.з.б. II ғасырда үйсін ұлысын Іле алқабындағы құтты мекен қонысқа орнықтырып, Іле өзені алқабында дербес үйсін мемлекетін құруға маңызды үлес қосқан. Сондықтан, үйсін елінің халқы оны ардақтап, керемет киесі етіп табынған (Н.Мыңжан, Қазақтың қысқаша тарихы, А., 1994, 71-б.).

Үйсін елінің Хань патшалығымен құдандалық байланыс орнатып жатқанын естіген ғұн билеушілері қатты қауіптенеді. Сондықтан, ғұндар да Елжау биге өздерінің бір ханшасын ұзатады. Үйсін күнбиі ғұн қызын өзінің сол тізесін басқан ханымы (ғұндардың ғұрпы бойынша сол тізесін басқан бәйбіше нағыз ханым болады екен), ал, қытай қызын оң тізесін басқан ханымы деп белгілеп, сол арқылы ғұндармен де ат кекілін кесісе қоймайтындығын білдіреді.

Үйсін елінің мемлекеттік беделі артып, күші кемеліне келген кезде кейбір елдердің билеушілері елін жау шапқан кезде үйсіндерді паналаған. Мысалы, ғұндардан жан сауғалаған солтүстік чештер билеушісі Угу 68 жылдан 62 жылға дейін үйсіндерде болды (Қазақ ССР энциклопедиясы, 149-б.).

Қытайдың Хань дәуіріндегі әулеттік жазбаларында үйсіндердің саяси тарихын баяндап жазу, шамамен алғанда, б.з. III ғасырына дейін жеткізілген. «Бәйшуде» (Юань Вэй әулетінің тарихы) б.з. 437 жылы үйсіндер Хань сарайы-

на елшілер жібергендігі туралы хабар бар. Тіпті, б.з. X ғасырындағы деректемелерінде үйсіндер жөнінде айтылады. Мысалы, император Тай Цзунның хроникасы «Ляошиде» тугу-хунь, үйсін және мохэ тайпалары туралы 938 жылға жататын жазудың болғандығы айқындалды. Академик В.Бартольд «Жетісу тарихының очеркі» деген кітабында және қазақ халқының ауыз әдебиеті тарихында үйсіндердің негізін құрушылардың бірі – дулат атты тайпаның болғанын айтады (Б.Жұмақаева, Қазақстан тарихы, А., 2010, 24-б.).

Үйсін бірлестігінің халқы жартылай көшпелі ел болған. Мал бағып, жер өңдеуді кәсіп еткен. Ақтас қыстау-қонысын қазып ашқанда үйсіндерде егіншілік болғанын тікелей дәлелдейтін олжалар табылды. Бұл жер өңдеу құралы – тас кетпендер және егін жинау құралы – қола орақ (сынығы). Тастан жасалған дәнүккіштер өсімдік тағамының тұрақты тамақ құрамына кіргенін айқын көрсетті. Мәселен, Ақтас қыстау-қонысының үйлерінде 11 бүтін дәнүккіш және 15 дәнүккіштің сынықтары табылған. Олардың бәрі де ұзақ уақыт пайдаланудан әбден тозған. Іле, Шу, Талас алқабынан суландыру жүйесінің іздері табылды. Отырықшылық пен егіншілік ертедегі үйсіндерде біздің заманымыздың алғашқы ғасырларында-ақ болған деуге негіз бар. Ал, б.з. III-V ғасырларында, сірә, бау-бақша, жеміс-жидек шаруашылығы, тәлімі егіншілік түрінде оның ілгері дами түскені өзінен-өзі түсінікті.

Үйсін бірлестігінде малға жекеменшік болды. Ру-тайпалардың жайылымдары иеліктерге бөлініп, қазына-байлық тайпа көсемдерінің қолына жинақталды. Жекеменшік туралы жазбаша деректемелерде де айтылған. Сыма Цянь тарихи жазбаларында «үйсіндерде бай адамдардың төрт мыңнан бес мыңға дейін жылқысы болады» деген мәліметті бірінші рет келтіреді (Н.Бичурин).

Көшпелі үйсіндер өнерінің алғашқы даму кезеңі б.з.б. IV ғасырда биік сатыға көтерілген. Қарғалыдан (Алматы маңында) табылған алтыннан қақтап жасалған, асыл тастар ор-

натылған, неше алуан өрнектеп әсемделген бұйымдар үйсін өнерінің бірден-бір айғағы бола алады. Тоқымашылық, жіп иіру, сүйектен түрлі бұйымдар істеу кәсібі дамыды. Темір мен қоладан еңбек құралдары, қару-жарак, әртүрлі үлгідегі қапсырма әшекейлер жасалды.

Ежелгі үйсін қоғамында құл еңбегі өндірістің негізіне айналмаса да, құл иелену болды. Дүние жүзіндегі көптеген елдердегі сияқты, үйсіндерде де ол кезде құлдықтың бір көзі соғыста тұтқынға түскендер болды. Жазба деректерде б.з.б. I ғасырда үйсін гуньмосы Вань-Гуйни (Фэнван) кенеттен ғұндарға шабуыл жасап, 40 000 адамды тұтқынға алып, өзімен бірге айдап әкеткендігі туралы жазылады (К.Ақышев).

Ғұн түркі болса, ғұнның туысы, ағайыны үйсінді басқа бір халық еді – сэ (сақ), иран тұқымдас деуге орын жоқ. Үйсін тілі – таза түркі тілі (Ғ.Мұсабаев).

Үйсін мемлекетінің Чигу-Чен («Қызыл Аңғар») астанасынан басқа да көптеген қалалары, сауда орталықтары болған. Олар Шығыс Жетісу жеріндегі – Сүмбе, Лепсі, Батыс далалық аймақтарындағы – Суяб, Құлан, Ақтөбе және т.б. қалалар.

Б.з.б. III ғасырдан X ғасырға дейінгі 1200 жылдық үйсін тарихында үйсін гуньмоларының тек 10 ұрпағы жөнінде ғана нақты дерек сақталған: Нәнді би (б.з.б. 177 жылдан бұрын), Елжау би (б.з.б. 177-104 жж.), Жөнші би (б.з.б. 104-93 жж.), Оңқай би (б.з.б. 93-60 жж.), Най би (б.з.б. 60-53 жж.), Янғұн би (б.з.б. 53-51 жж.), Шын би (б.з.б. 51-33 жж.), Цылыми (б.з.б. 33-16 жж.), Еже би (б.з.б. 10-7 жж.). Үйсін бірлестігінің еңсесін көтеріп, ел еткен біртуарар ерлер (Қазақтың қысқаша тарихы, 73-б.).

Үйсін мемлекеті толассыз соғыстардан, ушыға түскен тақталасы әсерінен әлсірей түсті. Нәтижесінде, үйсін жұрты VI ғасырдың орта шенінде құрылған Түрік қағандығының құрамына енді.

ҚАҢЛЫ МЕМЛЕКЕТІ

Б.з.б II ғасырдың екінші жартысындағы «Халықтардың Ұлы қоныс аударуы» деп аталып кеткен тарихи оқиғалардың нәтежиесінде Орталық Азияда жаңа мемлекеттік бірлестіктер, соның ішінде Үйсін, Яньцай, Қаңлы мемлекеттері қалыптасты. Соңғысы Қазақстан тарихында елеулі рөл атқарды (К.Байпаков). Мемлекет аты алғаш рет қытай жылнамасы «Шы-Жи»-Даван лежуанда («Тарихи жазбалар»- Ферғана тарауы) жазылған «Қаң жуй го» деген атаудан алынған. Қаң жуй-қаңлы (орыс әдебиетінде «Кангюй»), го-«мемлекет» деген мағынаны білдіреді. Б.з.б II ғасырдың орта шенінде Іледен Әмударияға қоныс аударған даружылар (Ұлы юечжи) тайпаларынан бөлініп қалған рулардың Талас өзенінің бойында қайта бірігуі нәтижесінде құрылған (б.з.б II ғасыр-б.з V ғасыры).

Тұңғыш рет қаңлылар туралы мәлімет Қытай деректемелерінде аталады. Б.з.б 138 жылы император У-ди князь Чжан Цянь бастаған сауда елшілігін Батыс елдеріне аттандырды. Чжан Цянь 13 жылдан кейін оралды. Оның императорға жазған жолдамасында бұған дейін Қытайға беймәлім болып келген қалалық цивилизациялар мен көшпелі тайпалық одақтар сипатталды. Басқа елдердің ішінде Қаңлы да аталды. Аумағы шығысында – Талас пен Шудың төменгі ағысының аралығында, оңтүстігінде –

Ташкент ойпатының, солтүстігінде Сырдарияның төменгі ағысының аралығында орналасқан. Мемлекет билеушісі Дауанның (Ферғана) астанасы Эртли қаласынан солтүстік-батыста ірге тепкен Битянь шаһарында орналасқан (Айбын. Энциклопедия. А., 2011. 484.).

Қаңлылар-қазақтың халық болып қалыптасуына ұйытқы болған негізгі тайпалардың бірі. Қытай патшалығының жазба деректемелеріне қарағанда, олар біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырдан бастап әйгілі болған. Бұл қаңлы атауы б.з.б зороастризм дін кітабы «Авеста» деректері мен үнді халқының эпосы «Махабхарата» қолжазбаларының деректерінде де белгілі болған. Бұл деректерде «Қангха» түрінде берілген. VIII ғасырда орхон жазуымен жазылған «Күлтегін», «Білге қаған» ескерткіштерінде «Қаңғу-Тарбан» түрінде кездеседі. Тарбан деп Отырар қаласын айтқан. Кейбір деректерде «Қаңғар» деп те айтылады. Мұның бәрі «Қаңлы» атауының түрлі тілдердегі дыбыс өзгешеліктері. Ерте заманда Сырдарияның орта шені «Қаң», «Қан» деп аталған. «Қаңлы» осы Сыр бойын мекендеушілер деген сөз дейтін болжам да бар. («Қазақ совет энцикопепиясы», 8. том., 456.б.). Сол кездегі ірі елдердің жазба деректерінде көрсетілуі қаңлы тайпаларының жай ғана ру-тайпалық деңгейде өмір сүрмегендігін, олардың мемлекеттік дәрежеге көтерілгенін байқатады.

Қытай авторлары Қаңлы туралы жазғанда оны көшпелі тайпалар мекендеген, бірақ қалалары бар үлкен мемлекет ретінде сипаттайды. Қаңлы билеушісінің өкіметі Каспидің солтүстік жағалауына дейін жеткен, мұнда оған Сармат, Алан тайпаларының одағы – Яньцай тәуелді болған. Орта Азияда Қаңлыға бес иелік: Сусе, Фуму, Юени, Ги, Юечань бағынышты болды. Қаңлының бес иелігі Сырдария өзенінің бойына былайша орналасқан: Юечань – Хорезм, Ги – Сырдарияның сағасы, Фуму – Жаңақорғанның солтүстік-батысынан Қазалыға дейін, Сусе – Сырдарияның орта ағы-

сы, Арыс өзенінің аңғары, Қаратау беткейі, Юени – Ташкент жазирасы (Қазақстан тарихы. т.1.А., 1996.273.б.).

Ғалымдардың көпшілігі қаңлылардың түркі тілдес халық болғандығына күмән келтірмейді. Жапон ғалымы Сиратори: «Ежелгі қаңлылар тұрмысы, әдет-ғұрып және тіл жағынан қазіргі қазақтар еді» деп дәлелдейді. Қуатты мемлекеттік бірлестік болған. Қытай деректеріндегі Чжан Цяньнің хабары бойынша қаңлы тайпалары халқының жалпы саны – 600 мың, жауынгер жасақтарының саны – 120 мың адам. Қаңлы тайпалық одағының саяси тарихы туралы жазба деректер мардымсыз. Қаңлы бірлестігінің Хань империясына қарсылық әрекеті әуелден мәлім. Б.з.б 101 жылы олар Қытай әскерінің басқыншылық шабуылына қарсы ферғаналықтарға жақтасты. Ферғана-Қытай соғысы кезінде тек қаңлылардың араласуы ғана ферғаналықтарды қирап жеңілуден құтқарып қалған. Б.з.б 46-36 жылдарда Қытай империясына қарсы көтерілген солтүстік өңірдегі ғұндарға көмек беріп, б.з.б 85 жылы Шығыс Түркістан қалаларын иемденбек болған қытайлықтарға қарсы көтеріліске шыққан Сули (Қашқар) билеушісіне көмекке әскер аттандырады. Қаңлы саясатының басты бағыты – Ферғана арқылы Шығыс Түркістанға өтетін сауда жолына ықпалын сақтап қалу еді (ҚССР энциклопедиялық анықтама. А.,1980.151 б.).

Қытай деректерінде мемлекеттің жоғарғы билеушісі «Ваң» (патша) деп беріледі. Ол өзі өмір сүрген дәуірде саяси, әскери, шаруашылық билікті тікелей қолында ұстаған. Одан кейінгісі «Фу ваң» (орынбасар патша) билеушінің мұрагері әрі бас қолбасшы болған. Үшіншілері «Гуй рын», төртіншілері «Унху», бесіншілері «Вань Ху» деп аталады. Яғни мемлекетте жоғарыдан төмен қарай (вертикаль) түзілетін өкімет орнатылған. Жүйе үнемі жетілдіріліп отырған. Мемлекет аумағының ұлғая түсуіне байланысты ел беске бөлініп, оларды патшаның ұлдары басқарып, қытай деректерінде «Шао ваң» (кіші патша) аталған (Ұлы Дала мемлекеттері. А.).

Дегенмен сонау ескі замандарда мемлекеттердің де күні шығып, батып тұрған. Қаңлы мемлекетінің күні V ғасырда біржолата батып Эфталит (Ақ ғұн) мемлекетінің құрамына енді. Бұрын қаңлыға бағынышты Сармат, Алан тайпалары біздің заманымыздың алғашқы ғасырларында Каспидің сол-түстік жағалауында үстемдік алып, «Яньчай иелігі Алан» аталды. Деректемелерде көрсетілгеніндей, әдет-ғұрпы мен киімі жағынан қаңлылардың сарматтар мен аландардан айырмашылығы болмаған. Бірақ, қаңлы атаулы халық жойылып кеткен жоқ. VI ғасырдағы (568 ж.) Византия елшісі Земарх, XIII ғасырдағы (1253 ж.) Плано Карпини Қаңлылар жерінен өткендігін жазады. Көп бөлігі оғыздар мен бірге Кіші Азияға, кейінірек Шайбани әулетімен Мауереннахрға кеткенімен, бір бөлігі Жошы мемлекетінде қалды, XV ғасырдың ортасында Қазақ ордасын құрған тайпалардың бірі болды.

Біздің заманымыздың алғашқы ғасырларындағы Қаңлы тайпалырының діни түсініктері жайындағы мағлұмат аз. Тек археологиялық материалдарды талдау арқылы ғана кейбір пікір түюге болады. Ыдыстарға, қыш заттарға салынған күннің символы (крест, күннің таралған сәулелері) түріндегі таңбалар табиғат күштеріне, күнге, күн құдайына табынушылықты көрсетеді (К.Байпаков). Өлген адамдармен бірге жерленген құрал-сайман, қару-жарақтар, сәндік әшекей бұйымдар, олардың о дүниеге табынғанын, ата-баба әруағына сиынғанын байқатады. Қаңлылар табиғаттан тыс құдыретті күш бар деп сеніп, құрбан шалған.

Қаңлыларда ертеде жазу-сызу дәстүрі де болған. Олар айыпкерлерді жазалау үшін хан сарайында сақталатын заңдар жинағына сүйеніп отырған. (Я.Бичурин). Бұл деректе: «осы заң бойынша қылмыстыларды жазалайды. Өрескел ауыр қылмыс жасағандардың тұқымы құртылады. Одан соңғылары өлім жазасына үкім етіледі. Ұрлық істегендердің қолы кесіледі» дейді. Бірақ, бұл жазудың түпнұсқасы тарихта

сақталмаған. XIII ғасырда «Қаңлы тілінің сөздігі» жасалған. Кейінгі зерттеушілердің айтуына қарағанда, сөздіктің авторы Мухаммед ибн Қайыс деген тіл ғалымы екен. Археологиялық зерттеулер арқылы ашылған «Жетіасар», «Алтынасар», «Қауыншы», «Ақтөбе», «Алтынтөбе» және Отырар сияқты қаңлылардың елді мекені, қала қорғандарының жұрттары белгілі. Қалалар қолөнер кәсібі мен сауданың орталықтары болды. Қаңлылар өрмекпен жүн, мата тоқыған, алуан түрлі қыш ыдыстар істеген. Қоладан және темірден өндіріс құрал саймандары мен қару-жарақтар жасаған. Қаңлылардың қабірлерінен әдетте қанжарлар, семсерлер, пышақтар, жебелердің ұштары, сауыт табақшалары, темір тоғалар, шегелер, ілмектер, қапсырмалар табылды. Алтын мен күмістен сақина, сырға, білезік алқа тағы басқа да алуан түрлі әшекейлі сән-салтанат бұйымдарын жасаған (Н.Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы. А., 1994.94. б.).

Қаңлылар сол дәуірде мал шаруашылығымен айналысқан (сиыр, жылқы, қой, ешкі ұстаған), суармалы ойпаттарда дәнді дақыл егіп, бау-бақша өсірген. Қазба жұмыстарын жүргізу барысында елді мекендердің ескі жұртынан бидай сақтаған ұралар, қол диірмен, астық пен бау-бақша өнімдерін сақтайтын құмыралар табылды. Қаңлы мемлекетінің қалалары мен қоныстарында мыс теңгелер соғылып, сауда айналымына түсіп отырған. Теңгелер шығарылған негізгі аймақ – Ташкент (Шаш) алқабы. Қаңлы мемлекеті Иран, Үндістан, Сирия, Қытай, Кавказдың бергі жақ бетімен, Риммен тығыз қарым-қатынаста болған.

Қаңлы қоғамы туралы айта отырып, олардың рулық қатынастар ыдырап, ерте таптық қатынастардың және феодалдық мемлекеттің қалыптасуы кезінде өмір сүргенін атап көрсету қажет. Бұл кезенді ескі қоғамдық қатынастарды жоққа шығарып үлгермеген жаңа қатынастармен сипатталатын өтпелі уақыт ерекшелендіріп көрсетеді.

ТҮРКІ ҚАҒАНАТЫ

Тарихтан жиі ұшырасатын Скиф (Сақ), Үйсін, Қаңғы (Қаңлы), Дулат, Оғыз, Қыпшақ – бәрі де Сібірді, Қазақстанды, Орта Азияны, Орта-төменгі Еділді, Каспий жағалауларын сонау ерте замандардан-ақ мекендеген түркі руларының әркездегі ру-ұлыстық, түрлі бірлестік аттары еді. Заманымыздың V ғасырынан бастап бұл өңірлерде әлгі аталған бірлестік, мемлекеттердің негізінде түркі халқы қоғамдасып, соның негізінде Түркі қағанаты орнады.

Бүгінде түркі халықтары деп аталатын қазіргі әзербайжан, түркімен, қырғыз, қазақ, өзбек, қарақалпақ, башқұрт, татар, алтай, хакас, ұйғыр, чуваш, ойрат, тува халықтары осы Түркі қағанатында топтасқан ру-тайпалар негізінде қалыптасқан (М.Жолдасбеков). Күші жағынан да, аумағы жағынан да заманының іргелі мемлекеті болған Түркі қағанатының тарихы V ғасырда ашындардан басталады. 460 жылы Ашын тайпасы жужан (Европа тарихшыларының деректерінде «Аварлар») өкіметінің қол астына қарады, сөйтіп, олар Шығыс Түркістаннан Алтайға көшірілді. Олар жужан өкіметіне темір және металл бұйымдардан төлем беріп отырды. Тарихи деректерге қарағанда, ашындар көшіп келген Алтай тауын ол кезде өздерін «Түркіміз» деп есептеген байырқылар, булақтар, қарлұқтар, кимектер, едіздер, қыпшақтар, қаңлылар, үйсіндер, дулаттар, сол сияқты бертінде түркі халықтарының негізін құраған басқа да көптеген дала тайпалары мекендеген. Н.Аристов «Түркілердің бастапқы шығу тегі мен олардың ата жұрты

туралы» деген мәселеде: «Түркілердің негізгі үлкен тайпалары алғашында Алтайды мекендеген. Алтайдағы жер-су аттары көне түркі халық аңыздарына енуі бұған дәлел бола алады. Ежелгі Түркі мемлекеті ғұндар империясы болып есептеледі» – дейді (Н.А.Аристов Түркі тайпалары мен халықтарының этникалық құрамы және олардың саны туралы ескертпелер. 1896. 182 бет.). V ғасырдан бастап осы аталған рулардың бәріне түсінікті, ортақ түркі тілі қалыптаса бастайды. Алтайда Ашын тайпасының маңына жергілікті тайпалар одағы топтасып «түрік» атауын қабылдады.

Алтыншы ғасырда Қазақстан жері түркі тайпаларынан шыққан Ашынның династиясына жататын билеушісі бар Ұлы Түрік қағандығының қол астында болды. Түрік халқының қалыптасуы қағанаттың құрылуына дейін, III-VI ғасырдың ортасына дейінгі уақытта кезең-кезеңімен Шығыс Түркістан мен Алтайдың Ганьсу ауданында және Алтайда жүрді. Алғаш рет Түрік есімі 542 жылы аталады. Осы кездерде Қытайдың Вэй князьдығының солтүстігіне жылда солтүстік-батыстан келетін түріктердің шапқыншылық жасап кетіп отыратындығы шежірелерде баяндалады. Қытайлықтар түріктерді ғұндардың ұрпағы деп санаған. Алғашқыда «түрік» термині ақсүйектердің немесе әскери аристократияның өкіметі дегенді білдірді, яғни таза әлеуметтік мағына берді. Кейіннен сөздің мәні кеңейе түсті және ол билік етуші «патшалық» тайпаның және оған бағынатын тайпалардың символы болды. Көршілес тайпалар бұлардың барлығын түркілер деп атай бастады (Қазақтар. I том. А., 2003. 21 бет.). Бұл ғасырда түркілер Моңғолиядан және Қытайдың солтүстік шекарасынан Қара теңізге дейін созылып жатқан ұлы көшпелі империяның негізін қалады.

Түркі халықтарының бірлесуін тарихшылар Бумын қаған үстемдік еткен 545 жылдан санайды. 546 жылы тирек тайпалары қазіргі Моңғолияның оңтүстігі мен орталық бөліктерін мекендеген және бұл жерлерге үстемдік еткен аварларға

(жужандарға) қарсы жорық жасайды. Түрік қағаны Бумын күтпеген жерден қатты шабуыл жасай отырып, бей-берекет жатқан тирек армиясын қапылыста басып, кескілескен шайқастан кейін оны күйрете жеңеді де, тиректердің 50 мыңнан аса әскерін түріктер тұтқынға алады. Даланың әдеттегі құқығының қағидаларына сәйкес тұтқынға алынған әскерлер өзінен-өзі жеңушінің армиясына қосып алына-тын еді. Осы кезден бастап, бұрын аварларға вассалдық тәуелділікте болған түріктер енді олардың бәсекелестеріне айналады (Қазақстан тарихы. I том. А., 1996. 269.б.). Осы дайындықтардан кейін Бумын 552 жылы аварлардың (жужандардың) негізгі күшін талқандап, олардың қағаны Анахуан өзін-өзі өлтіреді. Түрік тайпалары енді Бумын төңірегіне шоғырланып, сол жылы ол өзін «Ел қағаны» деп жариялайды. Ел ордасы Орхон өзені бойындағы Өтукен қойнауында болды. Ордада қағанмен бірге ақылшы жырау тұрған. Қағаннан кейінгі басшыны – Жабғы (бас уәзір), ханның өз мұрагерін – тегін деп атаған. Әскери демокартияға негізделген түркі қоғамында халық – бек (ақсүйек), қара будун (бұқара), құл, күң деп жіктелген. Ұшы алтын жебемен балауыз мөр куәлік ретінде қолданылды.

Бумын 553 жылы қайтыс болады. Бумын өлгеннен кейін таққа оның інісі Қара – Еске (553-554жж.) отырады. Ол Орхонның жоғары жағында аварларды (жужандарды) екінші рет жеңеді. Мұқан қаған билеген (554-572жж.) жылдарда қағанат шығыстағы Ляодуннан, батысындағы Каспий теңізіне, оңтүстік Моңғол шөлінен Байкалға дейінгі ұлан ғайыр атырапты алып жатты. Мұқанның тұсында аз уақыт ішінде (553-554 жж.) түріктер шығыста қайлар (татабтар), кидандар және оғыз – татар тайпаларын, солтүстікте Енисей қырғыздарын, Жетісу жеріндегі түргенттерді өздеріне қаратты. Оған тіпті Қытайдың Ци, Чжун мемлекеттері де бағынып, жылына 100 мың топ торқа төлеп тұрды. Әскер саны 100 мыңға, көрші елдерге аттандырылған елшілік саны

370-ке, олардың құрамындағы адам саны кейде мыңға дейін жетті. Бұл жылдары түріктердің батысқа қарай жасаған жорықтары күшті болды. Оларды Бумынның інісі Естеми жүргізді. Ол – Бумынның тірісінде-ақ қол басқарып көзге түскен, қағанның жабғысы (уәзірі) болған адам. Кейін тарихи деректерде оны Батыс түріктерінің түпкі атасы және Батыс Түрік қағанатының негізін қалаушы деп атайды (Жұмақаева Б. Қазақстан тарихы. А., 2010. 37.б.). Естеми баһадүр атағымен, 100 мың қолмен батысқа атанып, 563-567 жылдары Орта Азия, Ауғанстан, Пәкістан, Солтүстік және Батыс Үндістан жерлерінде, Шығыс Түркістанның бір бөлігіне билігін жүргізіп отырған Ақ ғұндар (эфталиттер) мемлекетін талқандап, Жетісуды, Жейхун (Әмудария), Инжу (Сырдария) бойын алып, мемлекет шекарасын Шашқа (Ташкент), Арал теңізіне дейін жеткізгені, 10 ірі тайпаны біріктіргені үшін «10 оқ будун қағаны» атанды, бірақ ресми қаған болған емес. Осы ұлан-ғайыр аумақты мекендеген түркі тілдес ашина (түркі), қырғыз, үйсін, қаңлы, қарлұқ, оғыз (теле), қыпшақ, т.б тайпалар Түркі қағандығының құрамына енді. Ұлы түркі қағандығы өте қысқа мерзім ішінде Сары теңіз бен Қара теңіздің арасында жатқан тайпаларды біріктіріп, бір орталыққа қаратады – сол өлкені еркін жайлаған соғдыларда Түркі қағандығына қарсы тұра алмайды.

Түрік қағандығы Византия мен одақтаса отырып, Ұлы Жібек жолына дербес бақылау жасау мақсатымен Иранмен соғысты. Естеми бастаған түріктердің 571 жылы Иранға жасаған жорығынан соң шекаралық шеп болып, Әмудария бойы белгіленді. Ұлы Жібек жолы түріктердің бақылауына түсті. Жібекпен сауда жасау түрік қағандары мен соғды көпестеріне қыруар табыс келтірді. Түрік әскерлері Иран жорығынан Соғдыға қайта оралғаннан кейін, Естеми әскери қимылдарды Волга бойына көшіріп, 571 жылы Солтүстік Кавказды басып алып, Боспорға (Керчь бұғазы) шығады. Оның баласы Түрксанф аландар мен ұйғырларды бағындыра

отырып, 576 жылы Керчьті жаулап алады. Осылайша, Естеми Хорезм, Волга бойы, Кавказ және Қырым арқылы Византияға дейінгі ауыр жолды ашқан еді. Византия тарихшысы Меландр 568-576 жылдар аралығындағы византиялықтардың түріктерге жіберген жеті елшілігін атап өтеді. Византия мен екі арадағы сауда қатынастарын Орта Азияда көптеп табылған VI ғасырлық Византия теңгелері де растайды (Қазақтар. 25.бет). Естеми 576 жылы қайтыс болады.

Ұлы далада түркі мемлекетінің, түркі тілінің қалыптасу дәуірінен дерек беретін Күлтегін ескерткішінде былай деп жазылады: «Әлемнің көгінде аспан, төменінде қоңыр жер пайда болғанда, осы екеуінің арасында адам баласы жаратылды. Адамзат баласының үстінен менің бабаларым Бумын қаған мен Истеми (Естеми) қаған билік жүргізді. Таққа отырған олар өз мемлекетін қорғап, түркі заңдарын шығарып, оны бекітті.» Мұнда дүниенің төрт бұрышын түгел өзіне бағындырған алғашқы түркі қағандары билік құрған уақытымен байланысты суреттеледі.

Қытай жылнамасында көрсетілген көне түркілердің мемлекеттік заңы негізгі ірі – ірі бес баптан тұрған:

1-бап. Көтеріліс жасап, бүлік шығарған кісілерге өлім жазасы кесілген (мемлекеттің бүтіндігін сақтау талабынан туған).

2-бап. Түркі будун (жұртының) мүддесін сатып, елге опасыздық еткендер өлім жазасына кесілсін.

3-бап. Қағанат ішінде жазықсыз кісіні өлтіргендер өлім жазасына кесілсін.

4-бап. Сәйгүлік атты ұрлаған кісіге өлім жазасы бұйырылсын (ат – қоғамның соғыс күші).

5-бап. Ұрланған бағалы мүлік үшін он есе артық айып төленсін (Қ.Аманжолов, А.Тасболатов. Қазақстанның әскери тарихы. А., 1999. 26.б.).

Мұқаннан кейін таққа оның ұлы Табар (572-581жж.) отырып, Қытайлар мен ынтымақта тұрды, елдің саяси басқару

жүйесін өзгертіп, ағасына елдің сол қанатын, інісі Беле ханға оң қанатын басқартты, орталық билікті өз қолында қалдырды. Көшпенді жұртты басқарудың дәстүрлі жолы болғанымен бұл аксүйектердің билік үшін тартысын қоздырды. Шабалио қағанының тұсында орталық Моңғолия тайпалары бірнеше дүркін бас көтерді. Шабалио көтерілісті басқанымен, бас көтеру тиылған жоқ. Мұны Қытайдың Суй әулетінің басшылары шебер пайдаланып, тайпа басшыларын бір-біріне айдап салып отырды. 587-590 жылдары мемлекетті үш қаған биледі. Ақырында 603 жылы Түрік қағанаты екі мемлекетке – кәзіргі Қазақстанның территориясын, Жоңғария және Шығыс Түркістанды қамтитын Батыс Түрік қағанаты мен Моңғолияда орналасқан Шығыс Түрік қағанатына ыдырап тынды (Ұлы дала мемлекеттері. А., 44-46 б.).

Тәңірлік дін – Түрік қағанатының мемлекеттік діні болды. Көкке – Тәңірге, қара жерге, суға табынған. Түрік халқы о дүниені жер үстіндегі тірліктің жалғасы деп түсінген. Дүниеден қайтқан кісінің қазасына жоқтау шығарып айтқан. Қағанаттың халқы түркі жазуын қолданып, түркі тілінде сөйледі. Сол тілдегі әйгілі тас қашау жазуларын қалдырды. Шығысында Қытай қорғаны мен Батысында Темірқакпа (Дербент) арасында біртұтас мемлекет құрған түркінің даңқты ерлері: «Басы барды – идірдік, тізесі барды – бүктірдік» деген сөздерді тасқа қашап қалдырды (А.Сейдімбек. Шығармалары. Т.2. 2010. 23. б.).

Қағанат халқы айналысқан негізгі шаруашылық түрі – көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы. Негізгі баққан, өсірген малдары – қой, жылқы. Жылқының қымызын, қойдың ағын ішіп, түркілер қыста қыстауға, жазда жайлауға көшіп жүрген. Осы кәсібі жайында тарихшы Л.Гумилев былай дейді: «Түркілердің әйелге деген құрметін есептемегенде, олардың отбасының ХІХ ғасырдағы қазақтардың отбасынан пәлендей өзгешілігі бар деп айтуға ешқандай негіз жоқ». (М.Жолдасбеков.). Жазба деректер бойынша жер

– суды мұқият бөліп, оның шекарасын қатаң сақтап отырған. Бірақ бұл жекеменшікті көрсетпеген. Өйткені жерді сатуға және сатып алуға болмаған. Жаз жайлау, қыс қыстауды жайлайтын түркілердің басты панасы – көшіп қонуға жеңіл киіз үй болған. Сонымен бірге түркілер киіз басу, кілем тоқу, жүн маталарын тоқу істерін де жақсы білген. Әменгерлік салтта сол замандардан қалған. Түркілер ірі өзен бойларындағы қыстауларда жер өңдеу кәсібімен айналысқан. Оған басты дәлел – Жетісу және Оңтүстік Қазақстанда жүргізілген археологиялық зерттеу кезінде тұрақты үй-жайлардың табылуы. Археологиялық зерттеулерге қарағанда Шу және Талас аңғарларындағы аумақта барлығы 36 қала жұрты табылып, олардың VII-IX ғасырларда өмір сүргендіктері анықталған (С.Жолдасбайұлы). Осы көріністен түркілердің VI ғасырда-ақ отырықшылана бастағанын көруге болады.

Түркі қағанатындағы саяси-әлеуметтік өмір мен наным-сенімнің біртұтас болғандығы соншалық, күні бүгінге дейін Шығыс Түркістаннан бастап Жер Орта теңізіне дейінгі түркі тілдес қырық шақты ұлт бір-бірімен аудармашысыз түсінісе алады. Олардың моральдық-этикалық қалыптары мен мінез-құлықтарында да айырмашылық жоққа тән (А.Сейдімбек.).

Кейін өз алдына отау тігіп, ел болған Батыс Түркі қағанаты, Шығыс Түркі қағанаты, Түркеш хандығы, Қарлұқ жабғылығы сияқты мемлекеттердің бәрі де әйгілі Түркі қағанатының сынықтары болатын.

БАТЫС ТҮРІК ҚАҒАНДЫҒЫ

Ұлы Түрік қағандығы (552- 603) ыдырап, оның екіге бөлінуі нәтижесінде пайда болған ерте ортағасырлық түркілер мемлекетінің бірі – Батыс Түрік қағандығы (603-704). Ұлы Түрік қағандығында саяси-әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуі, оның дербестікке ұмтылған жеке бөліктерінде оқшалану үрдісінің күшеюі Шығыс және Батыс қағандықтардың құрылуына алып келді (603). Жылнамашылардың жазбаларында Батыс Түрік қағандығы негізінен бұрынғы үйсін жерлерінде құрылған, демек, оның аумағы ендік бағытта Қаратаудың шығыс баурайынан Жоңғарияға дейінгі жерді алып жатты. Қағанаттың негізгі этникалық-саяси ұйытқысы – «он тайпа» он оқ будунның мекендеген жері де осы еді. Сонымен қатар, ол Түрік қағанатының Шығыс Түркістан мен Орта Азиядағы (Самарқанд, Маймурғ, Кеш, Нахшеб, Иштихан, Кушания, Бұхара, Амуль және Андхой) отырықшы-егіншілік жұрттарындағы басып алған барлық жерлерінің мұрагері болды. Батыс түріктеріне тәуелді деген аты ғана болған Соғды мен Бұхарада да қағанның наместниктері, яғни, оның өкілдері болды (Қазақстан тарихы. 1 том. А., 1996. 300. б.).

Батыс Түрік қағандығының іргесін қалаған жоғарғы қаған – Бумынның інісі Истеми (Естеми, Естемі) жабғу қаған болды. Истеми 552-553 жылдардан бастап батысқа жорық жасаған түрік әскерлерінің қолбасшысы еді. Ол осы жорығында Жоңғария мен Жетісу өңіріндегі және Сырдария алқабындағы түркі тілдес тайпалар мен ұлыстарды өзіне бағындырды. 558 жылы түріктер аварларды жеңіп, Еділ алабы мен Орал маңындағы бұлғар (болгар) мен өзге де түрік тайпаларын құрамына енгізді. 561-563 жылдары Истеми (Естеми) Эфталит мемлектеін (Ақ ғұндар) басып алуға дайындала бастады. Алайда, бір шеті Каспий теңізінен, екінші шеті Солтүстік Үнді ойпатына дейінгі Орта Азияда ұланғайыр жерді алып жатқан эфталиттерді оңай жеңе алмайтынын түсінген Түрік қағаны Иран шахы Хусрау I Ануширванмен одақ құрып, әулетін туыстықпен байланыстырады (Истемидің қызын Хусрауға ұзатты). Түрік қағанымен жасалған келісім бойынша Хусрау I шах өзінің әскерлерін Тохарыстанға аттандырып, оны 564 жылы эфталиттерден тартып алады. Сөйтіп, эфталиттер берік тылынан айырылады. Мұның өзі Истемиге 567 жылы Эфталит патшалығын талқандауға мүмкіндік береді. (Б.Жұмақасева. Қазақстан тарихы. А.,2010.37.б.). 567 жылы түріктер Сырдария мен Амударияның аралығына толық билік жүргізді. Түріктер Орта Азияны жаулап алғаннан кейін Жерорта теңізі елдеріндегі «Жібек жолына» дербес бақылау жасады. Кейбір деректерде осы жорықта Истемидің 100 мың қол басқарғаны және оның қол астында Батыс Түрік тайпаларының он қолбасшысы (олар «он оқ» деп аталған) болғандығы айтылады. Сол жорықтың белгісі ретінде Истемиді он тайпаның қағаны («он оқ будун» қағаны) деп атаған. Истемидің эфталиттерді күйретіп, батыс өңірдегі елдерді бағындыруы Батыс Түрік қағандығының негізін қалады.

Батыс Түрік қағандығының территориясы: Алтай тауынан Тянь-Шань тауына дейін, шығыста Баркөлден бастап

Батыста Арал теңізі мен Каспий теңізіне дейін созылған кең алқапты алып жатты. Осы ұлан-байтақ территорияны мекендеген түркі тілдес тайпалар: үйсін, қаңлы, дулат, түркеш, теле, басмыл, қыпшақ, оғыз, баһа (жайма) тағы басқа тайпалар Батыс Түрік қағандығының құрамына қосылды. Қағандық құрамына әр кезеңде қарлұқтар, Енисей қырғыздары, жікілдер (шығылдар), чомулдар, тухсилер тағы басқа тайпалар енді. Оның бас ордасы Шу өзенінің бойындағы Суяб қаласында (кәзіргі Токмақ қаласының маңы), жазғы ордасы Мыңбұлақта (кәзіргі Түркістанның маңы) болды. Жегу – ябғу қаған (610-618), Тон-Ябғу қаған (618- 630) билік құрған кездерде қағандық қуатты елге айналды. Тохарыстан мен Кансуға (кәзіргі Ауғаньстан) жасалған жорықтарда қағандық шекарасы Үндістанға дейін созылды. Тон-Ябғу қағанының баласы Тырду – Шадтың ордасы Құндыздыда болды (С.Кляшторный).

Қағандықтың негізгі күші басқару жүйесі мен армиясы болды. Түркілер металл өндіруден жалпы әлемдік тарих сахнасына шықты (Қ.Аманжолов, А.Тасболатов). Қағандықтың ең жоғарғы билеушісі – қаған деп аталды. Ол бүкіл елдің иесі, елдегі барлық қарулы күштердің ең жоғарғы қолбасшысы болды. Қағанаттағы жоғарғы лауазымдар – жабғы, ұлық, шад және елтебер – қаған әулетіне ғана тән атақ еді. Қағанның мирасқорлары, тудундар алым-салық жинауды, оны қаған ордасына жіберуді бақылап отырды. Сот қызметін бұйрық берушілер, тархандар жүргізді. Орданы басқаратын лауазым «үй қағаны», азық-түлікті басқаратын лауазым «ет жөні» деген атпен әйгілі болды. Батыс Түрік қағандығын түріктің Ашина тайпасынан шыққан ақсүйектер биледі. Қағаннан төменгі жабғу, ұлық, шад, елтебер сияқты жоғарғы лауазымдарға қағанның балалары мен туыстары тағайындалды. Олар қағандыққа қарасты тайпаларды билеп төстеді және өз үлестеріне тиісті әскерлерге қолбасшылық етті. Жергілікті иелік басшыларына түрік лауазымдары

берілді. Батыс Түрік қағандығында мемлекеттің ең жоғарғы билеушісі қағаннан бастап, жиырма сегіз дәрежелі лауазым иелері болған, олардың барлығы феодалданып келе жатқан шонжарлар еді (Н.Мыңжан) 7 ғасырдың бас кезінде Батыс Түрік қағаны Тон-яғбу ордасында болған будданы насихаттаушы, Қазақстанда болып, оның көркін, назар аударарлық жайларын суреттеген қытай саяхатшысы Сюань-Цзяньның жазғандары қаған руының байлығы туралы біраз ұғым береді. Қағанды аң аулап жүрген жерінде кездестірген саяхатшы аңшылар киімдерінің сәнділігіне таң-тамаша қалады. «Қаған жасыл жібек желбегей киген» – дейді ол. – Оның қасына ерген екі жүзден асқан тарханы бар, олар қамқа желбегейлер киген, шаштарын бұрымдап өрген. Басқа сарбаздары аң терісінен тігілген ішік киген, бөріктері жұмсақ матадан тігілген, қолдарында айбалта, садақ, ту ұстаған. Аттары өңшең сәйгүлік, түйе, ат мінген адамдардың көптігіне көз сүрінеді (Зуев Ю.А.Китайские известия о Суябе.1960.88.б.). Одан әрі қағанның киіз үйі туралы айтқанда, оның алтын мен сәнделгені соншалық тіпті, «көз қаратпайды» дейді ол.

Көшпелі түрік халқы 10 әскери – әкімшілік бөлікке («оққа») біріктірілді. Әрбір бөлік қолбасшысымен (шат), бір түмен (10 мың) атты әскер шығарды. 10 бөлік бес-бестен территориялық бірлестікке топтастырылды. Суябтан шығысқа қарай Дулудың (Дулаттың) бес бөлігінің жері, батысқа қарай Нушибидің бес бөлігінің жері алып жатты (Қазақ ССР. қысқаша энциклопедия.1 том. 90. б.). Жетісу аймағында әскери-тайпалық ұйымдарды ондық санмен атау ежелгі үйсіндер кезінен немесе б.з.б III ғасырдан бастап әдетке айналған. Қарапайым халық «қара бодун», ал, әлеуметтік құрылымның ең төменгі сатысының тәуелді тобы «тат» деп аталған . «Татсыз түрік болмас, бассыз бөрік болмас» деген көне мәтелге қарағанда, түрік шонжарлары қарамағында таттар саны аз болмаған тәрізді.

Батыс Түрік қағандығында үй жұмыстарына жұмсалатын

құлдар да болған. Бұлар көбінесе соғыс тұтқындары еді. Батыс Түрік қағандығындағы шаруашылықтың басым саласы көшпелі мал шаруашылығы еді, сонымен бірге, Іле, Шу, Талас өзендерінің алқаптарында, Алатаудың баурайында егіншілік алқаптары да болды. Олар көбіне тары мен бидай екті, халықтың бір бөлігі бақшашылықпен шұғылданып, жеміс-жидек, жүзім өсірді. Көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданған тайпалар арасында патриархалдық қатынас үстем орында болды. Ал, отырықшы-егінші аудандарда феодалдық қатынас қалыптасты (Н.Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы. А.,1994.113.б.). Ұлы Жібек жолының Батыс Түрік қағандығын басып өтуі мұнда қалалық мәдениеттің өркендеуіне ықпал етті. Құлан, Нафакет, Суяб, Тараз, Меркі, Исфиджаб қалалары сауда, қолөнер орталықтары болды. Сюань Цзань 630 жылы Жетісу қалалары мен олардың тұрғындарының кәсібі туралы былай суреттейді: «Мөлдір көлден (Ыстық көл) солтүстік батысқа 500 лиден астам жүргеннен кейін Сүй-е қаласына келдік... Онда әртүрлі елдер мен худан келген саудагерлер тұрады. Жерлері қызыл тары мен жүзімді егуге жарамды... Адамдар жүн матадан тоқылған киім киеді. Сүй-е қаласынан тура батыста бір-біріне тәуелсіз, бірақ бәрі түріктерге бағынышты бастықтарға қарайтын он шақты қала бар.» (Қазақтар. I том. А.,2003.28 б.).

Түркілердің басты қатынас көлігі жылқы болды. Сондықтан олар ат әбзелдерінің жақсы жасалуына ерекше көңіл бөлген. Мал ұстауға арқан, көген, желі, бұйда, шылбыр, құрық сияқты құралдарды пайдаланған (С.Жолдасбайұлы.). Оның халқы Көк Тәңірге, Ұмай Анаға, Жер Анаға, Су Анаға табынды.

Халқының құрамы алуан түрлі тайпалардан тұрған қағандықта 630 жылдардан бастап, билік үшін талас-тартыстар басталып, Батыс Түрік қағандығының екі тайпалар одағы-дулу мен нушиби арасындағы тайпалық соғысқа

әкеліп соқты. Олар 634 жылы Сырдариядан батысқа қарай созылған – иеліктерінен айырылды. Бұл соғысты Ышбар Хилаш қағанның (634-639) дулу мен нушибидің тайпалық аймақтарын «он жебеге» бөлген әкімшілік реформасы да тоқтата алмады (Қазақ Совет энциклопедиясы, I т., 232 б.). Батыс Түрік қағанатының әлсіреген жағдайын біржола пайдаланып қалуды ойлаған Қытай мемлекеті 659 жылы Жетісуға басып кіреді. Қағандық өзінің тәуелсіздігінен айырылды. Түріктердің Тан мемлекетінің (618-907 жж.) басқыншылығына қарсы жүргізген тынымсыз күресі барысында қағанат құрамында түргештер күшейіп, көтерілді. VII ғасырдың аяғында және VIII ғасырдың басында Түргеш тайпасының көсемі Үшліктің Тан империясына қарсы жүргізген соғыстары нәтижелі бола бастады. Ақыры 702 жылы Үшлік Қытайлармен күресте жеңіске жетеді. Бұл жеңіс Түргеш тайпасының беделін көтеріп, осылайша, 704 жылы Батыс Түрік қағандығы жерінде Түргеш қағандығы тарих сахнасына шықты.

Батыс Түрік қағандығын құраған тайпалар кейіннен қазақ халқының, өзге де түркі халықтарының құрамына енді, негізін қалады.

ШЫҒЫС ТҮРІК ҚАҒАНДЫҒЫ

603

жылы Ұлы Түрік қағандығы Шығыс Түрік (Орталық Азия) және Батыс Түрік (Орта Азия) қағандығы болып екіге бөлінгеннен кейін қағандықтар дамуында қилы кезең басталды. Шығыс Түрік қағандығы Суй империясымен соғыс кезінде мемлекет тәуелсіздігін сақтап қалған Шиби (609-619 жж.) және Қытайға қарсы 67 жорық жасаған Хели (С.Кляшторныйда – Ел қаған) (620-630 жж.) қағандардың кезінде Орталық Азияға ықпалын жүргізді. Хели қағанның Қытайға жасаған жорықтарына қатысқан қуатты қолдың ұзын саны 100-150 мыңның төңірегіне жетіп жығылды.

Үздіксіз соғыс қалың әскерді қару-жарақпен, атпен, азық-түлікпен және тағы басқасымен мол көлемде жабдықтауды қажет етті. Сондықтан, қаған соғыстан түскен олжа мен табысты місе тұтпай, халықтан жинайтын әртүрлі салықтар мен төлемдердің мөлшерін өсірді. Сан мыңдаған атты әскер жасағын үздіксіз жабдықтау ауыртпалығына көшпелі қоғамда жиі болып тұратын жұт пен ашаршылық апаты қосымша болды. Әсіресе, 627- 629 жылдары орын алған жойқын жұт пен ашаршылық түріктердің негізгі байлығы – мал шаруашылығын ауыр күйзеліске душар етті. Жергілікті ру-тайпа басыларына Хели қағанның ел басқару ісіне қытайлар мен соғдылықтарды араластыруы да ұнамады.

Дегенмен де, барлық мақсаттан елдің тәуелсіздігін жоғары қоятын және осы игі мақсатқа халықты ұйымдастыра алатын және ең басты қауіптің Қытайдан төніп тұрғанын жақсы түсінген Хели қаған тәрізді тарихи тұлғалардың түркі дүниесі тарихында жиі кездесе бермейтіні де ақиқат еді. Алайда, түркілер мұндай маңызды мәселеге терең бойлай алмады және өздерінің арасынан шыққан Хели қағанның төңірегіне топтаса түсудің орнына, ру-тайпа көсемдерінің соңына ілесіп, шатасты және соның салдарынан Қытайдың іштен іріту саясатының құрбаны болды.

626 жылдан бастап түркітілдес тоғыз телес (тоғыз оғыз) Хели қағанға қарсы көтерілісті бастаса, екі жылдан соң оларға сір-ендалар (қыпшақтардың бабалары), ұйғырлар, байыркулар (наймандар мен керейлердің бабалары), кидандар (қарақытайлар) қосылды. Деректер осы тұста 100 мыңға тарта Шығыс Түрік қағанаты тұрғынының Хели қағаннан бөлініп, Қытай билігін мойындап кеткенін айтады (Т.Омарбеков, Қазақ мемлекеті: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны. А., 2017 ж., 54-55-б.).

Қалың бұқараның наразылығы мен бірнеше тайпаның көтерілісі кесірінен Хели әскері Қытаймен соғыс кезінде (630 ж.) жеңіліске ұшырап, талқандалады. Ал, өзі тұтқынға түсіп, 634 жылы көз жұмады. Бұдан кейін қағанның ең соңғы адал сұлтаны, Хелидің ағасы Ышбара Сүйіншішад Қытайға беріледі де, Шығыс Түрік қағандығы 50 жылға тәуелсіздігінен айырылады.

50 жыл бойы Қытайға болып (630-681 жж.), 681 жылы көтеріліске шығуы нәтижесінде қайта жанданған Шығыс Түрік қағандығы кейбір ғылыми әдебиеттерде Екінші Шығыс Түрік қағандығы деп аталады. Шығыс Түрік қағандығы өзін қалпына келтіру үшін 679 жылдан бастап көтеріліске шығады. Оған қытайша білім алған ақсүйектер жетекшілік еткен болатын.

Сондай көтеріліс басшыларының бірі – Құтылық еді.

Өз есімі – Құтылық, Елтеріс Білге – лауазымы. 682 жылы Құтылық өзінің аз ғана серігімен жаңа көтерілісті бастады. Оның рухани қолдаушысы бұрын Қытай астанасында тұрып, олардың соғыс өнерін жақсы меңгерген, түріктердің Асадыр тайпасынан шыққан данышпан Тоныкөк еді. Небары 700 адамнан тұратын көтерілісші Қарақұм қаласын басып алып, өздерінің санын 5000 адамға дейін көбейтті. Тоныкөк жазбасында бұл мәселе былай баяндалады: «Бод (тақ) киесі қалмады. Орман, тау арасында қалғаны жиылып, 700 болды. Екі бөлігі атты еді. Бір бөлігі жаяу еді... Біріктірушісі мен едім – Білге Тай – Ұқұқ (Тоныкөк)... Одан соң Көктегі Тәңірі білік бергендіктен, өзім құдіретті қағанмен ұғыстым». Бұл деректе құдіретті қаған аталып отырған Құтылықты көтерілісшілер Қарақұмда «Елтеріс Білге қаған» деген атпен таққа отырғызды (Т.Омарбеков).

Осылайша, Елтеріс Білге қаған таққа отырған 682 жылдан бастап, Екінші Шығыс Түрік қағандығының өмірі басталды. 682-687 жылдары шығыс түркілер Қытайға қарсы азаттық күрестің нәтижесінде өз мемлекеттерін қайта құрды. Күлтегін жазбасы бойынша, Білге Құтылық «Тудун» лауазымында қытайларға, оғыздарға, хуригандарға, қырғыздарға, хяндар мен татабилерге қарсы 47 жорық жасап, ірірі 20 шайқаста түркілер қолын бастап жеңіске жеткен (З.Қинаятұлы). «Дұшпанын келісімге мәжбүр етеді, тізеліні – бүктіреді, бастыны – идіреді».

Білге Құтылықтың әкесі де Ашина тайпасын бастап жорыққа қатысқан. Білге Құтылық ел ордасын ежелгі Өткенге тігеді. Оның тұсында Шығыс Түрік қағанаты территориясы Алтайдан Шығыс Моңғол құмына дейін созылды. Талай жеңіске қол жеткізген ол 691 жылы (Л.Гумилевте – 693 жыл) қайтыс болған соң, балалары Мойынчор мен Күлтегін жас болғандықтан қағанның інісі Бөгчор (Л.Гумилевте – Можчо) Қапаған қаған деген атпен таққа отырды. Бұл кезде Бөрі – оғлан (кейінгі Білге қаған) небәрі 7 жаста, ал, Күлтегін 6 жаста еді.

Қапаған қағанның 694, 697, 698, 701, 706 жылдары Қытайға жасаған жойқын жорықтары ондағы 23 қаланы жермен жексен етіп, сан мыңдаған қытайды түрік жеріне тұтқын етіп айдап кетуімен аяқталып отырды. 697 жылы Қытай шапқыншылығына ұшыраған қидандарды, бүкіл Маньчжурияны өзіне қосып алуы, Туваны бағындыруы, 709-710 жылдары Енисей қырғыздарының мемлекетін талқандауы, 709 жылы тоғыз оғызды жеңуі және 711-712 жылдары Енисей азарлары мен шіктерін өзіне қаратуы – қағанатты Орталық Азияның қожасы етті. 711 жылы Қапағанның баласы Инел мен Тоныкөк басқарған Шығыс Түрік әскері түргештердің әскерін Жоңғариядағы Болучи өзенінің бойында талқандайды. Сырдарияның арғы бетіне қашқан түргеш әскерінің қалдықтарын қуалай отырып, Тоныкөк және Елтеріс балалары – болашақ Білге қаған мен Күлтегін басқарған шығыс түріктерінің әскерлері соғдылықтарды күйрете жеңді (Қазақтар, I том, А., 2003, 29-б.). Қапаған алғашқы Шығыс Түрік қағанатының құдыретті қағаны Хели (Ілік) тұсындағы түркілердің айбарлы мемлекеттігін қалпына келтірді. Оның әскерінің саны 400 мың адамға жетті. Тарихи деректерде Қапаған тақта отырған мезгілде «Қосыны Хели тұсындағы қосынның санына жетті. Жерінің аумағы он мыңдаған шақырымға созылды. Бодан елдердің бәрі дерлік оның әмірін қабылдады» делінеді.

Қапаған Таң империясының орталық аймағына неше мәрте шаңды жорық жасап, Орта Азияны толық бақылауына алды. Түркі халқы мен мемлекетін дегеніне жеткізді. Орхон бойына Орда-балық сынды алып қала салды (Т.Зәкенұлы). Бүкіл дүниені уысында ұстаған алып ер 716 жылы жазда Тоғла өзені бойындағы байырқыларға жаза жорығын жасап, қайтар жолында жол тосқан қаракшылар тарапынан мерт болды.

716 жылы Қапаған қағанның қаза болуы және оғыздардың көтерілісі салдарынан пайда болған үкімет дағдарысы қаға-

натты ауыр жағдайға душар етті. Осы қиын жағдайдан мемлекетті Білге қаған мен інісі Күлтегін шығарды. Білге – Құтылықтың баласы, Күлтегіннің ағасы. Алғашында «тегін» лауазымында болған. Немере ағасы Қапағанға еріп, бірқатар жорықтарға қатысты. 14 жасында «Тардуш елінің шады» лауазымын алған. Қытай жазбаларына сүйенсек, Білге қаған 700 жылы – Таңғұтқа, 702-706 жылдары Қытайға, 709-713 жылдары батысқа жорық жасаған. Білге қаған Шығыс Түрік қағанатының тағына отырып, «қаған» лауазымын алады. Күлтегін қағанаттың сол қолының шады және бас қолбасшысы болып тағалайындалады. Тонкөк 718 жылы мемлекеттік кеңесші қызметін иеленеді. Білге қаған билік еткен тұста абыз Тонкөкті Қытаймен бітім жасау мақсатында (722 жылы) елшілікке жібереді. («Айбын». Энциклопедия, А., 2011, 228-б.). Осының нәтижесінде 722 жылдан 741 жылға дейінгі 20 жыл бойы халық бейбіт өмір сүреді. Қытай императоры Сюань – Ұзун 727 жылы символикалық «сый» – түрік ставкасына 100 мың кип жібек жібереді. Бұл солтүстік шекарадағы Білге қаған ешқашан бұзбаған бейбіт өмір үшін жасалған жомарт сый еді (Қазақтар, 29-б.). 731 жылы Күлтегін, ал, көп ұзамай, 734 жылы Білге қаған да қайтыс болады. Оны Қытайда елші болған түрік ақсүйегі у беріп өлтіреді. Шығыс Түрік қағандығы кезінде түркі әскерінің данқы асып, қағандық өзінің шырқау биігіне көтерілді. Құтылық, Қапаған, Білге қағандар кезінде қуатты мемлекет болды. Білге қаған қайтыс болған соң, түркі тайпаларының арасында қағандыққа талас басталды. Түркілер 744 жылы ұйғырлардан жеңіліп, саяси қасіретке ұшырады. Бұрынғы орталықтарын жоғалтып, Қашқар мен Жетісуға ығысты (Қ.Аманжолов, А.Тасболатов). Ол жерде үйсін, қаңлы, дулат, шігіл, тағы басқа тайпалармен қосылып, батыс түркілер жерінде Түргеш, Қарлұқ қағандығы мен Қараханиттер мемлекетін құрды.

Түркі қағанатың Тәңірі тектес ұлдары аттай екі ғасыр

аясында (552-744 жж.) ат үстінде жүріп, мемлекеттің даңқын дүниенің төрт тарабына жайды. Басынан бақ тайған ғұндардың жұртындағы шашыраған елдің басын қосқан бірінші тұлға Бумын қаған еді. Мұнан кейін Түрік қағанатынан Тон жабғы, Тарду, Истеми (Естемі) қаған, Қапаған қаған, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк сияқты туысы бөлек әйгілі ерлер, ақылгөй даналар шықты. Тәңірлік дін – Түркі қағанатының мемлекеттік діні болды. Қағанаттың халқы түркі жазуын қолданып, түркі тілінде сөйледі. Сол тілдегі әйгілі тас қашау жазуларын қалдырды. «Күлтегін» жыры да осы тас жазуы арқылы бүгінгі ұрпаққа жетіп отыр. Осы жырдағы Білге қағанның «Ілгері – күн шығысында, оң жақта – күн ортасында, кейін – күн батысында... Осының ішіндегі халықтың бәрі маған қарайды» деуі түріктердің қаншалықты зор мемлекет құрғанын көрсетеді. Жалпы алғанда, түріктердің мәдениеті көп халықтарға қарағанда жоғары деңгейде болған (Б.Жұмақаева). Жергілікті халықтар түріктердің мәдениетіне, әдет-ғұрпына көшіп, дінін қабылдаған.



ТҮРГЕШ ҚАҒАНДЫҒЫ

VIII ғасырдың басында Батыс Түрік қағандығы (603-704) құлады. Оның соңғы қағанын 704 жылы Құлан қаласында түргештер өлтірді. Енді Батыс Түрік қағандығының орнына Түргеш қағандығы құрылды. Бұрын Батыс Түрік қағандығына қараған ұланбайтақ өңір және оны мекендеген тайпалар Түргеш қағандығының құрамына қосылды.

Батыс түркілерінің мемлекетін құрған Түргеш тайпасының көсемі Үшелік (Л.Гумилевте – Учжилэ) «он оқ» елінің бірлестігін қалпына келтіріп, жаңа мемлекетке Түргеш (704-766 жж.) атын берді. Тарихымызда жиі жазылатын, бірақ елдің бәріне түсініксіз болып келе жатқан этнонимдер аз емес. Солардың бірі және бірегейі – «түргеш» атауы. Түргештер – Батыс Түрік қағандығындағы бес арыс ел дулаттың белді тайпасы. Дулаттар – ежелгі үйсін Күнбиі Елжау бидің ортанша ұлы Дулының үлесіне тиген он мың үйден өсіп-өрбіген, дулы (дұғлұ) ұлысы дегеннен дулат (дұғлат) атанған. Демек, түргештер ежелгі үйсін дулы ұлысының ұрпағы. Олар шежіре деректерде «сары үйсін» деп те аталды. Дулар ұлысы заманымыздан бұрынғы II ғасырдағы ежелгі үйсін заманында-ақ Іле өзені өңірін мекендеген (Н.Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы. А., 1994, 1236-б.). Тағы бір назар аударарымыз: VIII ғасырдағы Бес түрік дулу құрамындағы түргештерді Алаш атты тарихи тұлғаның басқарғаны. Дулу бірлестігіне және жалпы Түркі қағанатында қабылданған саяси жүйеге сәйкес, жергілікті тайпа бірлестіктерін басқаратындар «чор» деген лауазымға ие болатын. Сондықтан да, бұл этно-саяси бірлестік Қытай жылнамаларында «Түргеш – Алаш – чор

ұлысы» деп те көрсетілген. Біздің ойымызша, осы Үшеліктің бұрынғы чор лауазымында түргештерді басқарып жүрген тұстағы аты Алаш болған. Үшелік есімі оған қаған тағына отырған соң қосымша берілген деуге негіз бар. Қорыта келгенде айтарымыз, «Алаш» атауы VIII ғасырда «түргеш» этнонимінің синониміне айналса, ал XV ғасырдан кейін «қазақ» этнонимі «Алаш» этнонимінің синониміне айналды (Т.Омарбеков, Қазақ мемлекеті: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны. А., 2017, 68-б.).

VI ғасырдан басталған Батыс Түрік қағандығы дәуірінде дулат тайпасы болған түргештер Іле өзені мен Шу өзені аралығында, Іле Алатауынан Балқаш көлінің оңтүстігіне дейінгі өңірде көшіп-қонып жүрді. Бұл өлке мал шаруашылығына қолайлы, құнарлы өріс, қоныс болуымен қатар, отырықшы егіншілік ошағы, біршама көркейген қалалары бар бай өлке еді. Шығыс пен Батыс арасындағы сауда-керуен жолының осы өңірді басып өтетін басты бөлігі түргештердің бақылауында болды. Мұның өзі түргештердің әскери, саяси және шаруашылық қуатын арттыра түсті.

Батыс Түрік қағандығы құлағаннан кейін түргештер тез арада күшейіп, тарих сахнасына шығуға талпынады. Түргештердің көсемі өз ұлыстарын біріктіріп, басқару жүйесін қалыптастырады. Өзіне қарасты елді әрқайсында 7 мыңнан астам тұрғыны бар 20 әкімшілік аймаққа бөлді. Бүкіл ел он қанат, сол қанат болып, екі үлкен ұлысқа бөлінеді. Түргеш қағандығының ұлы астанасы Суяб қаласында, кіші астанасы Іле өзені жағасындағы Қойлық (Күнгіт) қаласында болды. Қаған – мемлекеттің ең жоғарғы билеушісі болды. Үшелік басқарған (699-706) жаңа Түргеш қағандығының аумағы оңтүстік-шығыста Шаш (Ташкент) қаласынан Шығыс Түркістандағы Бесбалық, Турфан қалаларына дейін созылып жатты. Үшелік «он оқ елінің қағаны» деген атақ қабылдайды. Невакетте «Түргеш қаған» деген жазуы бар күміс теңгелер құю басталды. Үшеліктің мұрагері Сақал қаған (706-711) таққа оның інісін отырғызғысы келген тай-

па көсемдері бөлігінің оппозициясымен қақтығысады. 711 жылы осы қырқысты пайдаланған Қапаған қаған басқарған Шығыс Түрік әскері Жоңғариядағы Болугу өзені бойында түргештерді талқандайды. Ағайындылардың екеуі де өлім жазасына кесіледі. Түргештердің аман қалған әскері қолбасшы Сұлудың (Сүлік) басқаруымен Сырдарияның арғы бетіне шегініп, Тохаристанға кетеді. Тек, 715 жылы ғана Сұлу өзін Түргеш қағаны деп жариялап, Түргеш қағандығын (715) қайтарып, қалпына келтіреді.

Осы жерде түсінікті болу үшін айта кететін бір нәрсе, Қытайдың арандатуымен және Түргеш билеушілерінің өзара тартыстарының әсерінен, түргештердің тайпалық одақтары екіге бөлініп кетті. О бастан-ақ билікте отырған Сары түргештердің әскери-әкімшілік бірлестігінен Аз тайпасы басқарған дулу рулары бөлініп шықты. Олар биліктен тысқары жергілікті халықты құрағандықтан Қара түргештер деген атау алды. Қытай жылнамаларындағы деректерге қарағанда, түргештердің жоғарыда әңгіме болған ханы Сақалды (706-711 жж.) жақтайтындар Сары түргештер деп аталса, ал Сақалдан соң таққа отырған Түргештің Сұлу (қытай деректерінде – Сүлік) қағанына (715-738 жж.) ілескендер Қара түргештер делінетін болды. Сұлу билікте болғанда оның мемлекеті Қара түргеш хандығы деп аталды. Дегенмен де, Сұлуға Сары түргештерде және жалпы «он оқ» елі біртіндеп түгел бағынды. Олардағы халық саны 200 мың адамға жетті. Оның сыртқы саясаты, негізінен, Қытаймен де, Тибетпен де бейбіт қатынасты нығайтуға бағытталды. Ал, Шығыс Түрік қағанатымен жауласу тоқтатылып, туыстық байланыстар жолға қойылды. Мұндай саясатты мақұлдаған Қытай императоры оған өзінің қызын ұзатты және оған 715 жылы «Адал қаған» деген құрметті лауазым берді (Т.Омарбеков, Қазақ мемлекеті, 72-73-б.).

Сұлу қаған кезінде Түргеш билеушілерінің Таң патшалығымен барыс-келісі, қарым-қатынасының едәуір жиі болғаны жайында Қытай жылнамаларында бірқыдыру дерек

бар. Бұл деректерде: 717 жылдан 734 жылға дейінгі он жеті жыл ішінде түргештерден Таң патшалығына жеті елші барып, тарту тартып қайтқандығы жайында мәлімет бар.

Өзінің билік еткен уақыты аралығында Сұлу Шыбыш қаған (715-738) екі майданда бірдей соғыс жүргізді. Шығыстан оған Қытай әскерлері қатер төндіріп тұрды. Батыстан Түргеш қағандығына 714-715 жылдары Сырдарияны бірнеше мәрте кесіп өткен араб әскерлері қатер төндірді. Бұл Сұлудың Орта Азия мемлекеттерінің тәуелсіздігі үшін күреске қосылуына әкеп соқты. 720-721 жылдары Сұлудың әскер басшысы Кучи-Гор Соғдыда арабтарға қарсы сәтті әскери қимылдар жүргізді. 728-729 жылдары Самарқанд және Бұхара тұрғындарының арабтарға қарсы күресін қолдаған Сұлу арабтарды Соғдыдан қуып шықты. Тек, 732 жылдың аяғында ғана араб билеушісі түргештерді Тававистің түбінде талқандап, Бұхараға кіреді. 737 жылы Түргештер арабтарды Тохаристанда талқандайды. Бірақ, кейін жеңіліске ұшырайды. Қайтып келе жатқанда, оны өзінің әскер басшысы Баға тархан өлтірді. 739 жылы Сырдария бойында арабтар Кучи-Горды қолға түсіріп, өлтіреді (Қазақтар. I том. А., 2003, 31-б.). Сары түргештер мен қара түргештер арасындағы таққа талас Сұлу (Сүлік) қаза болған соң қағандықтың ыдырауына әкелді. Сары түргештер мен қара түргештер арасындағы соғыс жиырма жылға созылды. Міне, осы жағдайды Таң империясы (618-907 жж.) пайдаланып қалуға тырысты.

Түргеш қағаны Сұлу қаза болғаннан кейін және Түргеш мемлекетіндегі Шаш (Ташкент) бегі бастаған көтерілісті пайдаланып, Қытай Шығыс Түркістанды, одан соң 748 жылы түргештердің астанасы Суяб қаласын басып алып, ойрандады. 749 жылы Қытай армиясы жалпы саны 70 мың әскермен Шашты жаулап, Шаш патшасын өлтірді. (В.Бартольд, Собр. соч., М., 1965, III т., 500-б.). Сол жылы Қытай армиясы Тараздағы араб армиясын қоршауға түсірді. Араб қолбасшысы Әбу Мүслім қоршауда қалғандарды

құртқару үшін бір отряд аттандырды және Түргеш мемлекетіне елші жіберіп, қоршаудағы араб әскерін қытайлықтардан құтқаруға көмектесе, араб әскерлерін Самарқанд пен Бұхараға алып кететіні туралы уәде береді. 751 жылы маусымда Талас өзенінің бойында қарсылас екі армия кездесіп, бірнеше күн бойы соғыс бастауға батпайды. Бесінші күні, яғни, 30 маусымда қытайлардың тылына кенеттен түргештер мен қарлұқтар шабуыл жасайды. Дәл сол 30 маусымда қарсы майдандағы шабуылды арабтар бастайды. Қиян-кескі ұрыс 30 маусымнан 29 шілдеге дейін созылады. Араб тарихшысының айтуынша, 45 мың қытайлық соғыс даласында өліп, 25 мыңы тұтқынға алынады. (Қ.Аманжолов, А.Тасболатов, Қазақстанның әскери тарихы, А., 1999, 29-б.).

Тараз қаласы мен Шу өзені түбіндегі Қытай әскерін күйрете жеңудің Қазақстан мен Орта Азия халықтары тағдыры үшін үлкен тарихи мәні болды. Таң әскері енді Жетісу жерін ғана емес, ұйғырлар мен тибеттіктердің қысымымен Шығыс Түркістанды тастап кетуге мәжбүр болды. Талас алқабына арабтар да табан тіреп тұрмай, Шашқа шегініп кетті. Болған соғыстың қорытындысы мынадай шешімге әкелді: Қытай мемлекеті Орта Азия, Қазақстан, Шығыс Түркістан, Тибет елдерінің саяси қарым-қатынасына араласуын XVIII ғасырдың бірінші жартысына дейін доғарды. Сары түргештер мен қара түргештер арасында таққа таласушылық Қытай әскерін жеңгеннен соң да жалғаса берді. Ілміш қаған (753-756 жж.), Ата Бойша қаған (756-766 жж.) билік жүргізді. Бірақ, өзара қырқыс тоқтамады. Ішкі-сыртқы соғыстар Түргеш қағандығын әбден әлсіретті. Тегінде Алтай тауын мекен еткен қарлұқтар бұл кезде күшейе түскен еді. Олар әлсіреген түргештерді жеңіп, «он оқ қағандығының» жерін алды. Сөйтіп, 766 жылы Түргеш қағандығы құлады да, үкімет билігі қарлұқтардың қолына көшті. Түргеш қағандығы 704 жылдан 766 жылға дейін өмір сүрді.

Түргеш қағандығы Іле өзенінің алқабында, Қаратаудың

солтүстік бөктерінде өсіп-өркендеді. Көшпелі тайпалардың бір бөлігі егіншілік кәсібiне ауысты. Ду Хуан құрастырған «Саяхатнама» атты кітапта былай дейді: «Шу өзенінің батыс-оңтүстігінде Талас деген қала бар... Ол Арал теңізінің шығысында, үшінші айдан тоғызыншы айға дейін ол өңірде жауын-шашын болмайды. Еріген қардың тасқын суын пайдаланып, егін егеді. Бұл өңірде арпа, бидай, күріш, бұршақ дақылдары егіледі. Олар жүзімнен әр алуан шарап жасап ішеді». Түргеш қағандығының жазу мәдениеті болған, олар алдымен көне түркі (Орхон) жазуын, одан соң соғды жазуын қолданған. Талас өзенінің бойындағы Айыртам-ой деген жерде қойтастардан он руна жазбалары табылды. Мұның бәрі де Сұлу мен оның ұлы билік құрған (715-740) кездегі Таразды билеген «Чор» лауазымды қара түргеш бектерінің құлпытастары (С.Кляшторный).

Түргеш қағанаты бұрынғы Батыс Түрік мемлекеті қалдырған ел басқару жүйесін, әлеуметтік-экономикалық бағытындағы дамуын жалғастырды және шын мәнінде оның тарихының соңғы кезеңі болды. Түргеш қағандығы құлағаннан кейін бұрынғы көшпелі түрік тайпалары құрған Батыс Түрік қағанатының орнына төрт күшті мемлекет құрылды. Олардың үшеуі Қазақстан территориясында болды: Сырдарияның төменгі және орта ағысында, Арал маңындағы далаларда – Оғыз мемлекеті, орталығы Ертістің орта тұсында, Солтүстік, Шығыс, Орталық Қазақстанның аумағына орналасқан Қимақ қағанаты, ал Батыс Түрік қағанатының жерлері – Жетісу қарлұқтарға тиді.

Түргеш мемлекетінің күйреу қасіреті үлкен күреспен қол жеткен егемендікті бағалай білмеудің, саяси тұлғалардың биік лауазым үшін күресті ел мүддесінен жоғары санауларының апатты салдары болып табылады. Бұл тарих тәуелсіздіктен қымбат ештеңе жоқ екендігін дәлелдеп берді.

ҚАРЛҰҚ ҚАҒАНДЫҒЫ

Алтайдың батысына таяу жерді мекендеген қарлұқтар түргештерді ығыстырып, Жетісуда мемлекет құрды (766-940). Қағандық Жетісу мен Қашғардан, Ферғана мен Сырдың орта ағысына дейінгі жерге иелік жүргізді. Бұл кең аймақтағы тайпалар әуелде “жабғу”, 840 жылдан “қаған” лауазымды көсемдердің қол астына қарады. Ежелгі Қытай жазбаларына қарағанда, қарлұқтар – таулы да қарлы аймақтарда өмір сүрген байырғы ғұндардың ұрпақтары. Орыстың В.Бартольд, Г.Грум-Гржимайло, Н.Аристов тәрізді үлкен зерттеушілері «қарлұқ» этнонимі «қарлы аймақта тұратындар» деген мағынаны білдіретінін айтып келді.

Қытай жылнамалары бойынша қарлұқ – түріктердің бір жұрты. V-VI ғасырларда қарлұқтар түрік тілдес тиректердің (телэ) бір тайпасы делінеді. О бастан-ақ олар Бесбалықтың солтүстігінде Алтай таудың (Алтайдың) батысында қоныстанған. Шығыс деректемелеріне қарағанда қарлұқтар құрамына үш ірі рулық бірлестіктер енген. Олар – Бұлақ, Шігіл (Чигил), Ташлық. VI ғасырда бұл тайпалық одақ шығыстағы тоғыз оғыздарға жақын жүргенде Үш оғыз бірлестігі деп аталса, кейінірек Үш қарлұқ атанды. Зерттеушілердің біразы қарлұқтардың бұлақ тайпасын кейінгі қазақ арғындарының арғы бабаларын (болат тайпасын) құраған этносаياسي бірлестіктердің бірі ретінде сипаттап жүргендігін білген де артық болмас. Сонымен қатар,

кейіннен Жетісудағы Қарлұқ қағандығы ыдыраған кезде қарлұқтардың үлкен бөлігі түркімендер құрамына сіңісіп кетсе, Ферғана аймағындағы бір бөлігі болашақ өзбек халқының қалыптасуының этно-элеуметтік негіздерін құрауға атсалысты. Этникалық топ ретінде қарлұқтар қырғыздарда да кездеседі. Дегенмен де, қарлұқтардың негізінен қазіргі Қазақстан аумағында көшіп-қонып жүрген көшпелі тайпалар бірлестігі екендігін естен шығаруға болмайды. Бұдан туындайтын қорытынды – қарлұқтар біздің қазақ халқының қалыптасуының этникалық үдерістерінде өзіндік із қалдырған этно-саяси бірлестік. Кезінде олар Ұлы Түрік қағанаты құрамында көшіп жүрсе, кейіннен Батыс Түрік қағанатының қарауына көшті (Т.Омарбеков. Қазақ мемлекеті: қағандықтар, ұлыстар мен хандықтар баяны. А., 2017. 78.б.).

654 жылы қарлұқтарды Таң империясының әскерлері басып алды. Біраз уақыт қытайлықтардың тепкісінде болған оларды 682 жылы қайта құрылған Шығыс Түрік қағанаты өзіне қосып алды. Алайда, Орхон жазуларында айтылғандай, қарлұқтар қағандарға қарсы бірнеше рет көтеріліс жасаған және оларға қарсы соғыс жорықтарын жасап отырған. Қарлұқтардың бірінші жорығы 711-712 жылдары болған. “Күлтегін ескерткішінде” Күлтегін жиырма жеті жаста еді, қарлұқтар тәуелсіз болып (бізбен) жауласты, біз олармен Таһағ деген киелі бастау басында соғыстық“ дейді. Бұл 714-715 жылдары Тарбағатай тауында түріктердің қарлұқтармен болған соғысы еді. Қайта қалпына келген Шығыс Түрік қағандығы бұдан кейін де (715,716,720 жж) қарлұқтарға қарсы жорық жасап отырған. Ол кезде қарлұқтар Алтай тауының батыс бөлігі мен Тарбағатай өңірін қоныстанған, олардың өз алдына жеке иелігі болған, бұл иеліктің билеушілері “елтебер“ деп аталған. (Н.Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы. А.,1994.136.б.). 734 жылы Білге қаған қайтыс болған соң, Шығыс Түрік қағандығы ішкі қырқыстар

салдарынан тозғындай түсті. Осы кезден бастап қарлұқтар елеулі әскерисаяси күшке айналып, тарих сахнасына шыға бастады, бұдан былайғы тарихи оқиғаларда елеулі рөл атқарды.

742 жылы Моңғолия даласындағы Шығыс Түрік қағанатын үш тайпаның – қарлұқтардың, ұйғырлар мен басымылдардың біріккен одағы күйретіп женеді. Қағанат билігі аз уақыт басымылдардың қолына көшіп, олардың көсемі қаған болады. Қарлұқтар басшысы мен ұйғырлар жетекшісі ябғу (жабғу) атағын алады. Алайда, көп кешікпей бұлардың арасында талас-тартыс басталып, 744 жылы басымылдарды ұйғырлар мен қарлұқтардың біріккен күші тас-талқан етеді. Сөйтіп, Орталық Азияда жаңа мемлекет Ұйғыр қағанаты (744-840 жж) құрылады. Шығыс Түрік қағанатының жұртында 744 жылы шаңырақ көтеріп, 840 жылға дейін аттай бір ғасыр дәурен сүрді. Мекен-тұрағы исі түркіге кіндік жұрт болған Селенгі, Орхон, Толы өзендерінің бойы еді. Қағанаттың шаңырағын Құтылық Білге Күл қаған көтеріп, елдің шекарасын солтүстігінде Алтай тауларынан Манжурға дейін, оңтүстігінде Гоби шөліне дейін кеңейтті. Мемлекеттік тілі түркі тілі болды, Түркі жазуын қолданып, Тәңірге тәу етті. Ұйғыр қағанаты көшпелі өмір – салтта болғанымен, Орда – Балық (Харболғас) сияқты гүлденген астанасы болған. (А.Сейдімбек).

Қарлұқтардың дербестікке ұмтылуы олардың Ұйғыр қағанатынан бөлініп шығуына жеткізді. 746 жылы Қарлұқтар Жетісуға қоныс аударды, ал онда саяси жағдай тым күрделі болатын. Өзара қырқысқан күресте түргеш қағандары өздерінің бұрынғы күш-құдіретінен айырылды. Соның салдарынан бытырап кеткен түргеш тайпалары қарлұқтарға лайықты қарсылық көрсете алмады. Бұл оқиғалар ертедегі түріктердің Терхин жазбаларында: « Ит жылы үш – қарлұқ опасыздық жасап, қашып кетті. Олар батыстағы он оқ халқының еліне келді», – деп көрсетілген (С.Кляшторный)

Осының бәрі қарлұқтарды күшейте түсті. Айта кетер бір маңызды мәселе, 751 жылы болған қытайлар мен арабтар арасындағы Талас шайқасында қарлұқтар алғаш Қытайдың жағында болса, кейінірек арабтар жағына шығып, өздеріне туыстас жергілікті тайпалардың жеңіске жетуіне ықпал жасады. Араб тарихшысы Ибн әл-Асирдің мәліметтеріне карағанда, Атлах қаласының түбінде 45 мың қытай өлтіріліп, 25 мыңдайы тұтқынға алынған. Талас өзеніндегі шайқастың Жетісу және Мәуреннаһр халықтарының тағдырларында зор тарихи маңызы болды. Қытай әскерлері Жетісу шегінен ғана емес, ұйғырлар мен тибеттіктердің қысымымен Шығыс Түркістаннан да кетті. Талас аңғарында арабтар да тұрақтап қала алмай, Шашқа (Ташкент) шегінді. Соның нәтижесінде қарлұқтар өз жағдайын нығайтып алды.

766 жылы Түргеш қағанының екі ордасы – Тараз бен Суяб және бүкіл Жетісу жері қарлұқтар жабғуының қолына көшті. Сол арқылы саяси және әлеуметтік биліктердің қарлұқ көсемдерінің қолына көшуі Жетісуда Қарлұқ мемлекетінің біржола қалыптасуына жеткізді. Қарлұқтар өздеріне бағынышты жерлердің шекарасын одан әрі кеңейте берді. VIII-X ғасырларда қарлұқ тайпалары Қазақстан жерінде Балқаш пен Ыстықкөл көлдері мен Іле, Шу, Талас өзендерінің алабын, Тянь-Шаньның баурайы мен Отырарға дейін созылған Испиджаб өңірін жайлады. Араб географы Ибн Хаукальдың деректерінде «Қарлұқ жерін батыстан шығысқа кесіп өту үшін 30 күндік жол керек» делінеді. Қарлұқ 766-775 жылдарда бір мезгіл Қашқарияны жаулап алған. XIII ғасырдың ақырында Ферғана өңірі де олардың ықпалында болған. Бұрыннан Жоңғария мен Жетісу жерін мекендеген қазақ тайпалары осы қарлұқ қағандығының қоластына қарады. Олардың 3 ру елден тұратын бастапқы құрамына түркі тілдес тухсы, шігіл, азниши, халадж, чарук, аргу (арғын), барсхан тайпалары енді (Қазақ ССР:4 томдық қысқаша энциклопедия.А.,1984.Т.1.290.б.).

Қарлұқтардың Шығыста Ұйғыр қағанатымен бәсекелеспек болған әрекеттері кейін сәтсіздікпен аяқталды. 791 жылы ұйғырлар Бесбалық түбінде қарлұқтар мен тибеттіктердің әскерін талқандады. 812 жылы олар қарлұқтарды толық жеңді. Қарлұқтарды қуа отырып, ұйғыр қағаны Ферғана мен Сырдарияға дейін жетті, олардың адамдары мен малын қолға түсіріп, Орталық Азияға қайтып кетті. Осы қатаң жеңілістен кейін қарлұқ жабғуы Моңғолиядағы орталығы Отюкен болған ұйғыр қағанының жоғары билігін мойындауға мәжбүр болды. Ұйғырлардың билеп-төстеуіне Енисей қырғыздары табанды қарсылық көрсетті. Қырғыздар 80 мыңжауынгер жасақтай алатын, халқы көп бірлестік болған еді. Жиырма жылға созылған табанды күрестің нәтижесінде қырғыздар 840 жылы ұйғырларды талқандап жеңді. Ішкі Азия даласындағы бұл маңызды оқиға мұсылман тарихнамасында көрініс тапқан. Мәселен, Гардизи бұл жөнінде мынадай хабар келтіреді: «Түркістандықтар (қырғыздар) хақан халқына шабуыл жасады, олар бұл халықтың беделді -беделді он екі бастығын өлтірді, семсермен турап, хақандықтардың бәрін қырыпжойды. Хақандықтардың бүкіл патшалығы Чунпан мен халлуктардың (қарлұқтардың) қолдарында қалды» Ұйғырлардың негізгі көпшілігі Шығыс Түркістанға және Ганьсудің батыс жағына қоныстанды, онда орталығы Турфан алқабында (847-1369 жж) және Ганьсуда (847-1036 жж) болған тәуелсіз мемлекет құрды. (Қазақстан тарихы. А., 1996. т1.308 б). Осы кезде қайта күш алған Қарлұқ көсемі Білге Қойыл Қадырхан билікке ие екенін жария етіп, бұрынғы жабғу лауазымының орнына қаған атанды. Ол қарлұқтардан қаған тағына отырған бірінші адам еді. IX ғасырдың орта шеніне қарай, қарлұқтардың билік жасаған аймағы айтарлықтай кеңейе түсті. Оларға енді Жетісу жері ғана емес, Сырдария аймағының шығыс бөлігі де бағынатын болды. Алайда, олардың батысқа жылжуына 715 жылы Мәуреннаһрдың үлкен бөлігін жаулап алған арабтар кедергі

жасады. 772 жылы арабтар қарлұқ әскерін Ферғанада талқандап жіберді. Осыдан соң, 777 жылы қарлұқтар өздерінің халифатты мойындайтындарын амал жоқ мәлімдеді. Дегенмен де қарлұқтар араб ықпалынан құтылу жолында тағы бір әрекет жасап, оларға қарсы жорыққа аттанды. Бірақ, 792 жылы оларды Ферғанада тағы да талқандады. 840 жылы арабтар қарлұқ жеріне тіптен тереңдеп еніп, Испиджаф қаласын да бағындырды. Араб халифатының құлауы – саяси ахуалды едәуір өзгертті. Енді Орта Азиядағы билік арабтардан мұсылмандықты қабылдаған Саманидтер әулеті қолына көшті. Бірақ, Саманидтер арабтардың басқыншылық саясатын жалғастырды. Оларға ең алдымен қарлұқтарды Ислам дініне енгізу аса қажет болды. Осы мақсатпен 893-894 жж Исмайл ибн Ахмед Таразға жорық жасап, оның басшысын, дихандарын Исламды қабылдауға мәжбүр етті. (Т.Омарбеков). Бірақ, Жетісу қарлұқтары саманидтердің қысымына төтеп қана қойған жоқ, сонымен қатар олардың мемлекетіне шабуыл да жасады. Мәселен, 904 жылы Қарлұқ қағандығының көп қолы Мәуреннаһрға басқыншылық жасады. Жалпы алғанда, арабтар мен саманидтер билігі Қарлұқ қағандығының құрамындағы Оңтүстік Қазақстан жерінің бөлігіне ғана жүрді. Қарлұқ қағандығы саяси-әлеуметтік құрылымы жағынан феодалдық мемлекет еді. Қарлұқ қоғамында жеке-меншік дамыды. Авторы белгісіз “Худад әл-Алам...” шығармасында қарлұқтарда 25 қала мен елдімекен болғаны айтылады. Олар: Тараз, Құлан, Мерке, Атлақ, Тузын, Балиғ, Барысхан, Сыйкөл, Талғар, Тонг, Пенчуть т.б. Жергілікті отырықшы халықтардың басым көпшілігі түсті және асыл металдар (алтын, күміс, мыс) өндірумен шұғылданды. Сауда-саттық қалалары көне жолдардың бойына орналасты. Сол жолдардың бірі – Бұқар, Самарқанд, Шаш (Ташкент), Тараз, Құлан, Суяб арқылы өткен. Бұл қағандықтың шаруашылық негізі көшпенді мал өсірушілік пен отырықшы егіншілік болды.

Қарлұқ қағандығы 775-875 жылдар аралығында Ислам дінін қабылдап, оның билеуші ақсүйектері арасында Ислам діні терең тамыр тарта бастады. Осының нәтижесінде, ежелгі Түркі жазуы және соғды жазуы ығыстырылып, араб әліппесі негізіндегі жаңа түркі жазуы қалыптасты. Қалаларда мешіт, медреселер ашылды. Осы дәуірде қазіргі Қазақстанның Сырдария алқабындағы Отырар (Фараб) қаласында туыпөскен Әбу Насыр әл-Фараби (870-950) философ әрі энциклопедист-ғалым, “екінші ұстаз” (Аристотельден кейінгі) ретінде ғылым мен мәдениетте әйгілі болды.

Ежелгі үйсіндердің атамекенін негізгі орталық еткен Қарлұқ қағандығы 170 жылдан астам (766-940) өмір сүрді. X ғасырдың алғашқы жартысында қарлұқ билеушілеріне қарсы аттанған яғма тайпасы шығылдармен бірлесе отырып, 940 жылы Баласағұн қаласын тартып алды. Сөйтіп, Қарлұқ қағандығы құлады. Кешікпей үкімет билігі Қарахан әулетінің қолынан өтті. Бұрын қарлұқтар мекендеген қоныстарда оларға байланысты материалдық мәдениет қалдықтары өте көп. Олар қазақ халқының XIV-XV ғасырлардағы мәдениетімен жалғасып жатады.



ҚАРАХАН МЕМЛЕКЕТІ

Х ғасырдың орта шенінде Жетісу аймағында және Шығыс Түркістанның (Қашғардың) бір бөлігінде әлеуметтік құрылымы біршама дамыған, өзінен бұрынғы мемлекеттік құрылымдардың көптеген әлеуметтік институттарын табиғи түрде өзіне жинақтаған Қарахан мемлекеті пайда болды.

Бұл мемлекеттің өмір сүрген уақыты мен шекарасы әлі дәл анықтала қойған жоқ. Дегенмен, X ғасырдың ортасы, XIII ғасырдың басы деген болжам бар. Құрамына Шығыс Түркістан, Жетісу, Мәуреннахрдың біраз бөлігі кіргені қазір дау туғызбайды. Мемлекеттің атауы билеушілер – Қарахандар әулетінің есіміне байланысты берілген.

Қарахандар әулетінің шығу тегі мен бастапқы кезеңі жөнінде нақтылы жазба дерек жоқтың қасы. Бұл туралы тарихшылар арасында алуан түрлі пікірлер айтылған. Олардың едәуір бөлігі Қарахандар әулетінің тегі ұйғырлар арасынан шыққан десе, енді бір бөлігі қарлұқтар арасынан шыққан дейді. Кейбірі Қарахан хандығын ұйғырлар мен қарлұқтар бірлесіп құрған десе, тағы бірі яғмалар мен шығылдар бірлесіп құрған дейді. Қарахан әулеті бұрынғы түріктің ашына тайпасынан шыққан деушілер де бар. Сөйтіп, Қарахандар әулетінің шығу тегі туралы жоғарыдағыдай бес түрлі пікір айтылып келеді.

Мемлекет негізінен түркі тайпаларынан тұрған. Әсіресе, қарлұқ, қаңлы, шығыл, яғма тайпалары үлкен роль атқарған. Қарахандар мемлекетінің құрамына кірген бізге мәлім тайпа-

лар – үйсіндер, ұйғырлар, дулұлар (дулаттар), телі, қырғыз, арғұ (арғын), оғыздар (ақшар), бүкриз, салғыр, бектелі, баяндұз, балт және басқалар (Қазақ ССР тарихы. II том, 15-б., А., 1983). Демек, Қарахан мемлекетінің негізгі халқы – ұйғыр, казак, қырғыз, өзбек, оғыз ұлттары еді. Қарахан мемлекетінің құрамында түркі тілдес халықтармен қатар, иран тілдес халықтар да болған.

Қарахан әулетінің негізін салушы Сатұқ Боғра (Бура) хан Абд-ал-Керім (915-955 жж.) болып есептеледі. Ол Қарлұқ хандығының іргесін көтеріп, мәртебесін асырушылардың бірі – Білге құл Қадырханның немересі. Ол Шығыс Түркістанның бұрынғы билеушісіне қарсы шығып, оны талқандайды және өзіне Тараз бен Қашғарды бағындырады. 942 жылы Сатұқ Боғра хан Баласағұндағы билеушіні құлатып, өзін жоғарғы қаған деп жариялайды. Атаулы қимылдар барысында ол Мәуреннахрда бекіген, сол кездегі күшті Саманилер династиясының қолдауын пайдаланады. Қарахан мемлекетінің өз тарихы осы уақыттан басталады.

Қарахан мемлекеті Қарлұқ қағанатына этно-саяси тұрғыдан мұрагер болып табылады. Дей тұрсақ та, төңкерістің аты – төңкеріс. Енді, мемлекеттегі үкіметті билеушілер, негізінен алғанда, қарлұқтардан емес, яғма мен шығыл тайпаларынан шыққандардан тағайындалатын болды. Алғашқысынан хан болғандар, яғманың тотемі Бураны (Боғра) өздерінің есімдеріне тіркеп көрсетсе, алшығылдың ықпалындағы билеушілер тайпа тотемі Арыстанның атымен Арыслан хан атанды. Сонымен бірге, шығылдар ханы «Ұлы хан» мәртебесінде болып, ал яғма билеушілері «Кіші хан» лауазымын пайдаланған (Т.Омарбеков. Қазақ мемлекеті. А., 2017 ж., 105-б.). Арыслан Қараханның астанасы Баласағұнда болған, ал, Боғра Қарахан астанасы алғашында Таразда, одан соң Қашғар қаласында болған. Арыслан Қарахан өлсе, оның орнына Боғра Қарахан отырып, Арыслан Қарахан атағын алатын болған.

Сатұқ өлгеннен кейін билік оның баласы Мұсаға көшті. Ол 960 жылы Қарахан халқын Ислам дініне қаратты. Мұса

қайтыс болған соң орнына баласы Әли Арыслан хан отырды. Оның астанасы Қашғар болды. Әли Арыслан хан жоғары қаған атағын алып, Тараз бен Баласағұнның да билеушісі есептелді. Сатұқтың екінші ұлы Сүлеймен Ілектің баласы Хасен (Харун) Боғра ханның ұрпақтары бұдан былайғы жерде Қарахандар әулетіндегі екі үлкен жік болып қалыптасты (Н.Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы. А., 1994, 145-б.).

990 жылы Хасен (Харун) Боғра хан Исфиджабты, 992 жылы Бұхараны алды. Мұрагері І Насыр 996-999 жылдары бүкіл Мәуреннахрды бағындырды. 1108 жылы қаңтарда Қарахан мемлекетінің әскерлері Ғазнауи мемлекетінің әскерлерінен жеңіліп қалды да, содан кейін Әмударияның сол жағалауына беттеген емес. Мемлекет астанасы Қашғарда, Баласағұнда, Үзгентте, қайтадан Қашғарда болған. Ортағасырлық атақты тарихшы Б.Әбілғазының жазуына қарағанда, мемлекет құраған тайпалардың ең мықтысы – қаңлылар Ыстықкөл, Шу, Талас аймақтарын мекендеген. Ал, шығылдар, М.Қашқаридың айтуынша, Іле алқабына, Қуяс өңіріне қоныстаныпты.

X ғасырдың ақырында Қарахандар әулеті екі топқа жіктеліп, Әли Арыслан ханның ұрпақтары мен Хасен (Харун) Боғра ханның ұрпақтары бір-бірімен қырқысып келген еді. XI ғасырдың 30-шы жылдарында бұл одан әрі ұлғайып, ақырында Қарахан мемлекеті дербес екі қағандыққа – Шығыс қағандығы және Батыс қағандығына бөлінді. Батыс бөлік (орталығы Бұхара) Мәуреннахрдан Хотжентке дейінгі жерлерді, шығыс бөлік Тараз, Исфиджаб, Шаш, Ферғана, Жетісу, Қашқар аймақтарын қамтыды. Шығыс бөліктің саяси, әскери орталығы Баласағұн болып саналғанымен, мәдени және діни орталығы Қашғарда болды. Қазақстан тарихы осы Шығыс қағандыққа байланысты қарастырылды. Бұлардың арасында басқыншылық соғыстар жиі болып тұрды. Осы алауыздықтарды пайдаланған Салжұқ сұлтандары Қараханды өзіне тәуелді етуге ұмтылды. 1089 жылы Салжұқ сұлтаны Мәлік шах (1072-1092) көп

әскермен Батыс қағанат шекарасына баса-көктеп кіріп, оның астанасы Самарқандты басып алды. Салжұқ әскері Үзкентке жеткеннен кейін Боғра хан (1074-1102) өзін Мәлік шахтың вассалы деп мойындауға мәжбүр болды. Сөйтіп, Қарахан мемлекеті Салжұқтардың жоғарғы билігіне өтті. Бірақ, олар Қарахан әулеті мүшелерінен өздеріне қолайлы хандарды тағайындаумен шектелді (Қазақстан тарихы. I том, 401-б. А., 1996). Санжар сұлтан (1118-1157) билік жүргізген кезде Қарахан мемлекетінің Мәуереннахрдағы иелігіне едәуір ықпал жасады. Осы кезеңде қарахандықтардың билігі әлсірей бастады.

1125 жылы Шығыс Қарахан мемлекеті аймағына шығыстан қарақытайлар (қара қидандар) баса-көктеп кірді. Бұлар Маньчжурия өңірінен шығып, Елюй Даши деген ханзаданың басшылығымен шығыста Манчжур тілдестердің Ляо мемлекеті деп аталатын қуатты империясын құрған тайпалар бірлестіктері еді. Алғаш 1128 жылы Ахмед Арыслан Қарахан оларды жеңіліске ұшыратты. Алайда, жергілікті қаңлылар мен қыпшақтардан әскер жасақтаған қарақытайлар 1130 жылы Жетісудың көп бөлігін және Баласағұнды басып алып, шын мәнінде Шығыс Қарахан мемлекетінің дербес өмір сүруіне нүкте қойды. Қарақытайлар мұнымен де шектеле қойған жоқ. Олар Батыс Қарахандарына да қайта-қайта жорықтар ұйымдастырып, ақыры Қарахан әулеті мен салжұқтардың біріккен әскерін қиратқаннан кейін, 1141 жылы Батыс Қарахан мемлекетін де жаулап алды. Алайда, мұнда ескеретін бір нәрсе, өздері түркі тілдестерге жатпайтын аз санды моңғол тайпалары болғандықтан, қарақытайлар Қарахан мемлекеттерінің үлкен аймақтарына биліктерін жүргізе алмады. Сондықтан да, олар билеушілерді бұрынғысынша, Қарахандар әулетінен қойды. Дегенмен де, бұл әулет енді жатжерліктер қолындағы қуыршақ хандардың ролін атқарды (Т.Омарбеков). Осылайша, ежелгі қазақ тарихы елде ауызбіршілік болмаған жерде саяси биліктен айырылып, жатжерліктерге жем болуға жол

ашылатынын тағы да дәлелдеп берді. Сонымен, 1212 жылы Хорезм шахы Мұхаммед Қараханның батыс бөлігінің соңғы қағаны Қылыш Арыслан Қылышты өлтірді де, көп кешікпей-ақ Қараханның Ферғана тармағы да жойылды (Б.Көмеков).

Қарахандар әулеті Орта Азия өңіріндегі ірі феодалдық мемлекет болды. Қарахандықтардың мемлекеттік құрылымы төмендегідей болған: ең биік лауазым тамғаш хан (хандардың ханы), Талас өңіріндегі сол әулеттің билеушілері – арыслан хандар, жер үлестеріне ие болған буын – ілек хандар деп аталған. Жер бөліп беру жүйесі іқта делінген. Мал шаруашылығы басым аймақтарда іқта жер теліміне емес, көшпелі қауымдар санына қарай берілген, қауым мүшелерінен іқта ұстаушылардың пайдасына салық алынған. Осы негізде билеушілер және тәуелділер топтары қалыптасты.

Мал шаруашылығында жылқы өсіру жетекші орын алды. Түріктердегі жылқы шаруашылығының ролі туралы айта келіп, Жүсіп Баласағұн былай деп жазды: «Олар үйірлеп жылқы бағады. Жылқы тамаққа, сусынға, салт жүруге пайдаланылады. Айғырлар мен биелер, сондай-ақ көлік аттары да түріктерден келеді. Тамағы қымыз, сүт, май, құрт-ірімшік болып, жүннен киім-кешек пен үйдегі жасау-жабдығын жасайды» (А.А.Валитова). Қарахан мемлекетінің құрамына енген тайпалар отар-отар қой ұстады, сондай-ақ түйе, ешкі мен ірі қара өсірді. Сиыр малын, негізінен, жартылай отырықшы және отырықшы мал өсірушілер ұстаған.

Хандықтың іргесін көтеріп, мәртебесін асырғандар Сатұқ Қарахан, Сүлеймен Жүсіп, Мұхаммед Насыр, Ыбырахым Арыстан, Қылыш Арыстан сияқты ақылына айбаты сай біртуар ерлер болған. Олар Шығыс Түркістан, Жетісу, Сырдария, Талас, Шу өңірін құтты қоныс етіп, Ордакент (Қашқар), Тараз, Үзген, Баласағұн, Мерке, Құлан сияқты қалаларда салтанат құрды. Бұл қалалардан шыққан керуен жолдары дүниенің төрт тарабына қан тамырдай тарап жатты. Солардың бірі Шу өзені алқабын бойлап, Іле Алатауының сілемдері мен Талғарға дейін жетті де, одан

әрі тармактанып кетті. Бір тармағы Шелекті басып өтіп, Шығыс Түркістанға дейін, екіншісі Іле өзені мен Алакөлден өтіп, Моңғолияға дейін созылды. Күні бүгінге дейін қазақ даласында күнгірлеп тұрған Қарахан, Айша бибі, Бабажы қатын, Аяққамыр, Алаша хан, Сырлытам сияқты күмбездер сол Қарахан заманының көзі. Қазақ даласына Ислам дінінің дендей енуі де осы Қарахан қағанатының тұсы. Исламның Қараханид мемлекетінің мемлекеттік діні болып жариялануы Сатұқ Боғра ханның есімімен байланысты. Ол түріктердің жалпылама Ислам дінін қабылдануына дейін-ақ жаңа дінді қабылдап, өзін Әбу әл-Кәрім деп жариялайды. 955 жылы тақ мұрагері болған Сатұқ Боғра ханның баласы Мұса (бес жылдан кейін) Исламды мемлекеттік дін деп бекітеді. 960 жылы Қараханид мемлекетінің ішкі аумақтарында, дәлірек айтсақ, Жетісуда Исламды түріктердің 200 мың отбасы қабылдады. Сөйлеу тілі түркіше болғанымен, жазуға келгенде түркіше, ұйғырша, арабша тілдерді қатар қолданған. Бирунидің «Минерология», Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік», Махмұд Қашқаридің «Түркі тілдерінің сөздігі» сияқты дүние жүзіне белгілі еңбектері де Қарахан қағанатында жазылды (А.Сейдімбек. Шығармалары. II т., Аст., 2010. 25-б.).

Тарихта 200 жылдай өмір сүрген қарахандықтар мемлекеті территориясының бір қанаты қазақ халқы қоныстанған жердің ұлан-байтақ өңірін қамтыды. Бұл дәуірде қазақтар қарахандықтар мемлекетінің құрамындағы халықтардың бірі болды. Бұл қазақ халқының саяси, шаруашылық және мәдени өміріне, діни нанымына және этникалық бірігуіне терең ықпал жасады. Қазақ халқының құралуында елеулі роль атқарды. Бүгінгі Орта Азия мен Қазақстандағы түркі тілді халықтардың тарихи тағдырында Қарахан заманының ізі өшпестей болып қалған.

ОҒЫЗ МЕМЛЕКЕТІ

Рашид әд-Диннің «Оғузнамасы», Әбілғазының «Түрік шежіресі», Қадырғали Жалайырдың «Шежірелер жинағына» жүгінсек, оғыздар – ежелгі дәуірден бері Сыр бойы, Арқа даласы, Алтайдан Байкал, Сэленгэ, Шығыс Моңғол құмына дейінгі ұланбайтақ аумақта көшіп-қонып өмір сүрген ежелгі түрік тайпаларының бірі.

VI ғасырда көктүріктер құрған Түрік қағанатының құрамында болды. VII ғасырдың орта кезінде Түрік қағанатының ішкі қақтығыстары тұсында (630-632жж) көктүріктердің вассалдық билігінде Тола, Сэленгэ өзені бойында Тоғыз оғыз хандығын құрды. 682 жылы Шығыс Түрік қағанатының басын құрған Елтеріс хан және Тоғыз оғыз ханы Баз қағанның арасында Қандыкөлде болған әйгілі шайқаста оғыздар жеңіліп, Баз қаған өлген еді. VII ғасырдың соңында Ұйғыр хандығының билігіне өтті. 691 жылы оғыздар отыз татарларымен бірлесіп, ұйғырларға қарсы бас көтерді. Ұйғырдың Моюнчур ханы оғыздарды күшпен талқандағанда, оғыздар Сэленгэ, Байкал арқылы батысқа қарай шегінеді. IX ғасырдың басында Орхон, Сэленгэ бойынан қоныс аударған оғыздардың көлемді топтары Талас өзені, Сырдария бойына қоныс тебеді (Қазақ мемлекеттігінің тарихы (ежелгі және ортағасырлық кезең) А., 2007, 168-б.). Оғыздардың казак даласындағы тарихы осы кезден басталады.

Орта ғасырлардағы тарихының көмескі болуына байланысты: «Оғыздар кімдер?» деген сауалға зерттеушілер әртүрлі жауап беріп келеді. Олар, ең алдымен оғыздардың

замана ағымына қарай әртүрлі этно-саяси бірлестіктерге кіруге мәжбүр болғанын және дамудың түрлі кезеңдерінде оғыздар құрамынан түркітілдес әртүрлі халықтарға негіз болған тайпалық бірлестіктердің бөлініп шыққанын ескере бермейтін тәрізді.

Сондықтан да, тек лингвистикалық тұрғыдан алғанда, оғыз тілділерге Түркия түріктерін, әзербайжандарды, түркімендерді, гагауздарды, саларларды, Қырым татарларын және т.б бірқатар елдегі этникалық топтарды жатқызумен шектелеміз. Мұнда бір ескерер мәселе, Орхонда ежелгі оғыздар бірлестіктері батысқа жылжырдан бұрын оларға алғашқы кездері мүше болып, онан соң бөлініп кеткен тайпалық бірлестіктер оғызтілділерге жатпайды. Олардың қатарында, мысалы, кейініректе қазақты құрған найман, керей, меркіт, қаңлы, қарлұқ тәрізді тайпалар да бар. Мұның өзі оғыздар тарихы – қазақтың да тарихы деп айтуға толық мүмкіндік береді. Оның үстіне оғыздардың VII ғасырдан бастап, қазіргі Қазақстанның Жетісу аймағына қоныстана бастағандары, ал, IX ғасыр соңында, X ғасыр басында Сырдарияның төменгі ағыстарында конфедерациялық негіздегі күшті мемлекетін ұйымдастырғаны белгілі.

Айта кеткен жөн, «оғыз» генонимінің пайда болу себептерін зерттеушілер әртүрлі түсіндіріп, бұл мәселені барынша шатастыра түсті. Бұлардың бәріне ортақ қателік: лингвистикалық немесе тарихи-филологиялық тұрғыдан ежелгі түрік тайпаларының этнонимдерін шығу себептерін толық айқындай алмайсыз. Тайпа атауларының шығуы – нақты этно-әлеуметтік жағдайға тікелей тәуелді. Осы тұрғыдан келгенде «оғыз» этнонимінің «өгіз» атауынан шыққаны күдік тудырмауы тиіс. Мұны зерттеушілердің көпшілігінің мақұлдайтынын да айта кеткен жөн. Жалпы «оғыз» этнонимі түркілердің өзінің және арғы бабаларының сиыр малын негізгі шаруашылық кәсібіне, күнделікті тіршілік көзіне айналдыруынан туындаған. VIII ғасырдағы

атақты Тоныкөк ескерткішінің мәтінінде «сиыр көлікті Тоғлыдан оғыздар келді» деп жазылған. Сондықтан да, түркілердің бір бөлігі «өгіздер» (оғыздар) атанған. (Омарбеков Т., Қазақ мемлекеті: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны. А., 2017, 89-91-б.).

Батыс Жетісуды мекендеген оғыз тайпалары VIII ғасырда бұл өңірден көше бастады да, IX ғасырдың бас кезінде қимақтармен, қарлұқтармен одақтасып, қаңғар-печенег бірлестігін талқандап, Сырдарияның орта және төменгі ағысы алқабы мен Арал өңірін қаратып алды. IX ғасырдың соңында Арал өңірінің солтүстік жағында саяси үстемдікке жеткен оғыз көсемдері хазарлармен одақ құрып, печенегтерге қайта соққы беріп, Еділ мен Жайық арасын иеленді. «Білуге тиісті бір нәрсе, – деп жазады Константин Богрянородный, – печенегтер әуел баста Ателде (Еділде), сондай-ақ, Гемх (Жайық) өзенінде тұрды. Олардың көршілері мазарлар (венгрлер) және уздар дейтіндер болды. Мұнан елу жыл бұрын уздар хазарлармен келісіп соғысқа шықты да, печенегтерді жеңіп, оларды өз елінен қуып шықты, содан бері міне осы күнге дейін оны уздар дейтіндер иемденеді» (Қазақстан тарихы. 1996, I т., 315-б.). Жазбаша деректердің нақты мәліметтері оғыздардың IX ғасырдың аяғы-Х ғасырдың басында қалыптасқан өз мемлекеттігі болды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

X ғасырда оғыздар Сырдария өңіріндегі далада саяси өктемдікке қол жеткізгеннен кейін, Оғыз мемлекетінің астанасы Янгикент қаласы немесе жаңа Гузия болды. Оғыз державасының саяси орталығы ретінде Янгикенттің таңдап алынуына көптеген жағдай себеп болды. Бұлардың ішіндегі ең бастысы оның Азияның ірі егіншілік өңірлерімен, Хорезммен және Мәуереннахрмен түйісіп жатқан жердегі географиялық орны болды. Янгикент кимек даласы арқылы Сарысу, Кеңгір, Есіл мен Нұра бойларына баратын маңызды керуен жолының үстінде болды. Сығанақ пен Оңтүстік

Оралға баратын сауда жолы осы қаланың үстімен өтетін еді. Янгикент билеушілерінің мемлекет құрамы бір текті болмады. Оғыздар бірнеше тайпаларға, тайпалар көптеген ру тармақтарына бөлінді. Махмұд Қашғаридың (XI ғ.) деректері бойынша, оғыздар алғашқыда 24 тайпадан тұрды. Оғыздар бузуктар мен учуктар болып екіге бөлінді. Осыған сәйкес, олар оғыз әскерінің оң және сол қанаттарын құрады. Оғыз мемлекетінде мызғымас бірлік болған жоқ. Араб географы әл-Идрисидің (XII ғ.) айтуы бойынша, оғыздарда бірнеше «патша» болған. Ірі бірлестіктердің басында тұрған осы көсемдердің резиденцияларының қызметін қазына, азық-түлік сақталған бекіністі орындар атқарды. Соғыс немесе шапқыншылық кезінде олар қорғандарға жасырынды (С.Г.Агаджанов, Очерки историй огузов и туркмен Средней Азии в IX-XII вв. Ашх., 1969, 139-б.).

Оғыз мемлекетінің билеушісі «жабғу» деп аталды. Оның билігі басқарудың әскери-демократиялық принципіне сәйкес, тайпа көсемдерінің кеңесімен (қаңқаш) шектеліп отырды. «Күлеркін» деп аталған қолбасшы жабғудың орынбасары болды. Оғыз армиясын әскери кеңеске сүйенген Сюбашы лауазымды қолбасшы басқарған. Ибн Фадланның деректері бойынша, күлеркіндер үлкен өкілдікке ие болды және жоғары судьялар ретінде төрелік жасайтын еді. Жабғу билігі ұрпақтан ұрпаққа мирас болып берілді. Жабғудың мұрагерлері «инал» деп аталды. Бала кездерінде оларды тәрбиелеу үшін арнайы қамқоршылар (атабектер) тағайындалған. Оғыз жабғуларының әйелдеріне де «қатын» деген атақ беріліп, олар сарай маңындағы өмірде айтарлықтай роль атқарған. Оғыз мемлекеті өзінің саяси және әлеуметтік болмысы жағынан ертедегі феодалдық мемлекет еді. Тұрақты салық жинау жүйесі болды. Мүлік теңсіздігінің негізі мал байлығынан болды. Араб саяхатшысы Ибн Фадлан оғыздардың арасынан шыққан байлардың үйір-үйір малдары болғанын, олардың ішінен, 10 мыңдай жылқысы барларын да көргені жайлы ай-

тады (Аманжолов К., Қазақстан тарихының дәрістер курсы. 1-к. А., 2004, 113-б.).

Оғыз мемлекеті Еуразияның саяси және әскери тарихында маңызды роль атқарды. 965 жылы Оғыз жабғуы мен Киев князі Святослав арасында хазарларға қарсы әскери одақ жасалып, Хазар қағандығы талқандалды. Киев Русінің оғыздармен әскери-саяси одақ жасауы олардың саяси, сауда-экономикалық мүдделерінің бір екенін көрсетті. Сол ғасырдың (986) аяғында тағы да Киев княздарымен одақта Еділ булгарлары күйретілді. Дегенмен, XI ғасырдың басында ішкі саяси-әлеуметтік қайшылықтар бел алып, мемлекет әлсірей бастады. Мұны Жент маңына X ғасырдың ортасында келіп орныққан салжұқтар пайдаланып, қаланы басып алды. Бірақ, оны ұзақ ұстап тұра алмай, кетуге мәжбүр болды да, оғыздар қайта күшейіп, 1041 жылы Хорезмді басып алды. Бірақ, содан екі жылдан кейін оғыздардың ең соңғы жабғуы Шахмәлік салжұқтардың қолына түсіп қалып, өлтірілді. Алайда, шамадан тыс ауыр салыққа наразы тайпалар арасындағы көтерілістер және феодалдана бастаған ақсүйектердің езгісі мен зорлық-зомбылығына қарсы халық қозғалыстары нәтижесінде X-XI ғасырларда мемлекет дағдарысқа ұшырап, құлдырай бастады. Мұны пайдаланған қыпшақтар шабуылды үдетіп, ақыры Оғыз мемлекетін ыдыратты. Оғыздардың едәуір бөлігі қыпшақтардың қысымымен Шығыс Европа мен Кіші Азияға ығысты, енді бір бөлігі Мәуереннахрдағы Қарахан әулеті мен Хорасандағы Салжұқ әкімдерінің билігіне көшті. XI ғасырдың ортасында оғыздардың қыпшақтар талқандаған соңғы бөлігі Дешті Қыпшақтың түркі тілдес тайпаларына бірте-бірте сіңісіп кетті.

Оғыздар негізінен мал шаруашылығымен айналысқанымен, Сырдария алқабында дәнді дақылдар, бау-бақша өсірді. Отқа табынушылар болған оғыздар арасына ислам діні дендеп ене бастады (Қазақ Совет энциклопедиясы.

Энциклопедиялық анықтама. А., 1980, 157-б.). Сырдария алқабындағы, Арал теңізі, Каспий теңізінің солтүстігіндегі жерлерді мекендеген Оғыз тайпалары қазақтардың этникалық тарихында елеулі орын алды. Сонымен қатар, оғыздар – түркімендердің, өзбектердің, қарақалпақтардың, т.б бүгінгі түркі халықтарының арғы аталарының бірі. Оғыздардың солтүстік-батыс бөлігі кейін Том, Еділ бойы татарлары мен Оңтүстік Орал башқұрттарының құрамына қосылды. XI-XII ғасырларда Закавказье мен Кіші Азияға кеткен оғыздардың оңтүстік тобы Әзербайжан мен түрік халықтарының қалыптасуына үлес қосты. Оғыздардың мемлекет құрған аумағының ауқымды бөлігі бүгінгі Қазақстан Республикасының территориясында жатыр. Сондықтан, оғыздардың мемлекеттік тарихы Қазақ мемлекетінің тарихына жат емес, керісінше, Қазақ мемлекетінің бір баспалдағы ретінде танығанмыз жөн.



ҚЫПШАҚ ХАНДЫҒЫ

Казақ халқының құрамына қосылған ежелгі тайпалардың бірі – қыпшақтар. Қыпшақтар қазақ халқының және қазақ тілінің қалыптасуында маңызды рөл атқарды. «Қыпшақ» атауы түрлі тілдердегі тарихи деректерде алуан формада кездеседі. Біздің ерте замандағы деректерде «қыпшақ» сөзі «хуша» деп айтылады да, орта ғасырлардағы деректерде «шыңса» деп аталады. Араб-парсы, моңғол және түркі тілдеріндегі деректерде «қыпшақ», «кифшақ», «қыпчак» сияқты нұсқалар да айтылады. Батыс Еуропа деректерінде «коман», «куман» деп аталса, орыс деректерінде «половцы» делінеді. Мажарлар қыпшақтарды «күн» деп атайды.

Әйгілі ғалым А.Бернштам: «Қыпшақтар – бейне үйсін, қаңлы сияқты ежелгі елдердің бірі. Қыпшақ туралы алғаш мәліметтер Қытайдың біздің заманымыздан бұрынғы 201 жылдағы «Тарихи жазбалар» еңбегінде кездеседі» дегенді айтады. Қыпшақтардың шығу тегі жөнінде қазақ ғалымы Б.Көмеков Қыпшақтардың арғы тегі Се (Сир, IV-VII ғасырларда) Ордостың шығыс бетін мекендегенін және олардың көршісі Яньто тайпасы болғанын, оны қыпшақтар бағындырып, екі тайпа бірігіп Сеяньто деп атағанын дәлелдеді. Кейбір араб дерегінің негізінде яньто одағы 630 жылы Хангайда Сир мемлекетін құрғанын, оның шекарасы Алтайдан Хинганға, Гобиден Керуленге дейін созылып жатқанын анықтап берді. Көмеков Сеяньто қағандығы Солтүстікте Енисей қырғыздарын бағындырғанын, 646 жылы тоғыз оғыз Сеяньто мемлекетін талқандағанын

көрсетеді. Алайда, көп ұзамай 691 жылы Сеяньто тайпасы Сир мемлекеті деген атауын өзгертіп, 760 жылы Қыпшақ этнонимін қабылдады. Қыпшақтар қимақ қоғамына саяси тәуелді болған (Б.Көмеков, Қыпшақ хандығы. «Қазақ тарихы», 1993, 1, 24-29-б.) деп жазыпты.

Қыпшақтар VIII-IX ғасырларда Қимақ мемлекеті құрамына енді. XI ғасырдың бас кезінде Қимақ қағандығы ыдырағаннан кейін қимақ пен қыпшақ тайпаларының Ертістен Оралға дейінгі әскери-саяси билігі қыпшақтардың қолына көшті. Олар XI ғасырдың екінші ширегінен бастап, оңтүстік және батыс бағыттарда белсенді әрекетке көшті. Алдымен, Сырдарияның орта және төменгі ағысын, Арал мен Каспий өңірлерін жайлаған оғыз тайпаларын ығыстырып, XI ғасырдың 20 жылдары Хорезмнің солтүстік шетіне дейін жақындап келді. «Оғыздар даласының» орнына «Қыпшақ даласы» (Дешті Қыпшақ) атауы орнықты (В.Бартольд, Кыпчаки. Соч., V т., М., 1968, 550-б.).

XI ғасырдың орта ішінде қыпшақтар Еділге дейін қоныстанады. Оңтүстігінде олар Таразға дейін келіп, Махмұд Қашғари жазбасына қарағанда, Қанжақ – Сангир бекінісін салған. XII ғасырда Қыпшақ тайпалары Алтайда, Ертістің жоғары жағында наймандармен, қаңлылармен, керейлермен шектесті. Солтүстігінде қырғыздар және хакастармен көрші болды. XI ғасырдың ортасынан бастап қыпшақтар Еділден өтіп, батысқа жылжиды. Алдымен, Солтүстік Кавказ халықтары мен ежелгі орыс князьдіктері қыпшақтармен байланысқа түсті. Қыпшақтар өте жауынгер, мықты мемлекет болды, олар Еділден Дунайға дейінгі жерді алып жатты. 1064 жылы Мажарстанды, 1065 жылы Болгарияны, 1071-80 жылдары Солтүстік Трансильвания арқылы Молдавияны жаулап алып, Дунай өзеніне жетті. Қазіргі Мажарстандағы мажарлар, Молдавиядағы гагауздар қыпшақтардың ұрпағы саналады. XV ғасырға дейін Мажарстанда мемлекеттік тіл – қыпшақ тілі болып келді. (Б.Жұмақәева, Қазақстан тарихы. Ал., 2010, 58-б.).

Қыпшақтар XII ғасырдың бас кезінде Соломон патшаның тұсында Карпат тауы арқылы Польша жеріне өтті. Кейбір топтары Византия жеріне орналасты. Олар аяғы жеткен жерде әскери үстемдікті қолға алып, әр алуан соғыс жорықтарына қатынасты. Қыпшақ қолбасшылары Айбек пен Бейбарыс Мысыр елінің билігін қолына алып, Мәмлүк қыпшақтары деп аталды (Н.Мынжан, Қазақтың қысқаша тарихы, Ал., 1994, 182-б.).

Сонымен XI-XII ғасырларда Алтай мен Ертістен бастап, Карпат пен Дунайға дейін созылған аса үлкен еуразиялық Ұлы Даланы мекендеген халықтардың бәрі қыпшақ аталды.

XI ғасырдың ортасы мен XII ғасырдың басында және моңғолға дейінгі кезеңде қыпшақтардың миграциясының соңғы фазасында қыпшақ тайпаларының негізгі 5 тобы біржола қалыптасты: 1) Алтай-Сібір тобы, 2) Қазақстан-Орал тобы (Жайық тобын қосқанда), 3) Дон бойы тобы (Кавказ шағын тобын қоса), 5) Дунай тобы (Балкан шағын тобын қоса). Жеке қыпшақ тайпалары Ферғана, Шығыс Түркістанда да белгілі болған. Мәселен, М.Қашқари Қашқар маңындағы «кыфчак» (қыпшақ) жерлерін ескерте кеткен (К.Аманжолов, Қазақстан тарихының дәрістер курсы. 1-к., Ал., 2004, 119-б.). Өз кезінде түркі тілдес ру-тайпалардың қыпшақ бірлестігіне қосылғандардың саны өте көп болған. Сол үшін шежірешілер оларды «тоқсан екі баулы қыпшақ» деп атаған. Бірақ, олардың бірде-бірі қыпшақтардың осы айтылған тоқсан екі руын түгел таратып бере алған емес, ол кезде қыпшақтар өте кең аймаққа жайылып, қыруар тайпаларды өзіне қосып алғандықтан «қыпшақ» аты кең жайылған, тіпті, кей кездерде «түркі» деген сөздің балама-сына айналған.

Зерттеушілер – Махмұд Қашқари, Гардизи, Әбілғазы, Рубрук пен Рашид әд-Диннің жазбаларына қарағанда қыпшақтардың құрамына бұл өңірді мекен еткен қимақ, қаңлы, печенег, башқұрт, қарлұқ, баяндур, оғыз, аз, тағы басқа халықтар енген. XI ғасырдың екінші жартысынан XIII

ғасырдың басына дейін Еділден Дунайға дейінгі аймақты қыпшақ тайпалары мекендеді. Батыс қыпшақ құрамына бұрынғы халықтардың саяси бірлестігінде болған хазар, мажар, оғыз, алан, асы және түріктенген угр-фин тайпаларының топтары енді. (Қазақ КСР, Қысқаша энциклопедия. 1-т. Ал., 1984, 309-б.). Орыстардың ежелгі жылнамаларында қыпшақ тайпаларының Еділден Днепрге дейінгі жері «Половец даласы» аталды. Парсы, араб, түркі жазбаларында Ертістен Дунайға дейінгі кең байтақ аймақ Дешті Қыпшақ деген тарихи географиялық атауға ие болды. XI-XII ғасырларда ұланбайтақ өңірге өрістеп, кең жайылған қыпшақтардың Еділ өзенінің шығысындағы бөлігі Шығыс қыпшақ, батысындағы даланы, Кавказ, Қырым өңірін және одан әрі батысқа созылған жерлерді мекендеген бөлігі Батыс қыпшақ деп аталды.

Тарихшылардың зерттеуінше, қыпшақтардың шығыс бөлігі өздерінің байырғы мекенінде қалған таза қыпшақ одағы болды. Оған бұрынғы қыпшақ бірлестігіне қараған тайпалардың негізгі бөлігі, қарлұқ, қаңлы, қара қытай және басқа Дешті Қыпшақ тайпалары кірді. Бұлардың бәрі де түркі тілдес тайпалар еді. Ал қыпшақтардың батыс бөлігі қыпшақтар мен басқа түркі тілдес тайпалардың одағы болды, бұл одаққа печенегтердің, оғыздардың, ежелгі бұлғардың және ежелгі башқұрт тайпаларының бір бөлігі кірді. Қыпшақ тайпалары кейін келе көптеген түркі тілдес халықтардың – қазақ, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, татар, башқұрт, ноғай, әзербайжан, түркімен, қарашай, балқар, қарайым, тағы басқа халықтардың құрамына кірді. Оның қазақ халқының құрамына енгендері шығыс тобына жататын, өзінің байырғы мекенінде қалған бөлігі еді.

XI ғасырдың аяғы-XII ғасырдың бас кезінде Жент, Янгикент, төменгі Сырдарияның тағы басқа қалалары қыпшақ көсемдерінің қолына қараған. Дегенмен, XII ғ. алғашқы жартысында осынау қалалар қыпшақ хандары мен соларды қайтсе де басып алғысы келген Орта Азия билеуші

мұсылмандық әулеттері арасындағы қиян-кескі ұрыс алаңына айналады. Хорезм шахы Атсыз (1127-1156 жж.) Жентті жаулап алады, сонан соң солтүстікке қарай бет алып, өз қарауына Маңғыстауды да қосады. 1133 жылы Жент қаласынан Дешті Қыпшақ даласына тереңдеп жорық жасаған Атсыз қыпшақтарды ойсырата жеңеді. Тап сол кезден бастап Қыпшақ хандығының ыдырауы басталады. Оған себеп болған негізгі жәйттер: қыпшақ тайпалары ақсүйектерінің арасында Хорезмді жақтаушылардың көбеюі, қыпшақтарға қарсы қаңлылардың аса ірі бірлестігінің құрылуы, өкімет билігі үшін өзара әулетті қырқыстың күшеюі еді. (Б.Көмеков, Қыпшақтардың саяси қарым-қатынастары. «Қазақ тарихы». 1994, 1-к., 17-б.).

XII ғасырдың екінші жартысынан бастап, әсіресе, Текеш билік құрған дәуірде (1172-1200) ол қыпшақ шонжарларымен жақындасуға бағытталған мақсатты саясат жүргізілді. Қыпшақ, қаңлы, кимектердің тайпалық топ басшыларын хорезмшахтар қызметке тарта бастады. Ұран тайпасының көсемі Алып Қара бастаған қыпшақтар 1181 жылы Жент шекарасына келіп, хорезмшахқа қызмет етуге тілек білдіреді. Көп кешікпей Текештің ұлы Мәлік шах пен Алып Қараның біріккен әскерлері қарақытайға қарсы аттанады. Осы бірлескен қимылдардың нәтижесінде Таразға дейінгі жер азат етіледі. Әл-Бағдадидің мерзімі 1182 жыл деп көрсетілген мәліметтері бойынша Мәлік шах тек Женттің, Рибат пен Баршылықенттің ғана емес, сонымен бірге, қыпшақтардың әкімшілік-саяси орталығы Сығанақтың да билеушісі деп танылды. Шын мәнінде, хорезмшахтың мұндай саясаты дербес қыпшақ мемлекетінің шаңырағын шайқалтуға бағытталған еді. Қыпшақтарды, әсіресе, олардың билеуші топтарын ислам дініне енгізу бұл саясаттың идеологиялық негізі болды. Солай бола тұрса да, қыпшақ тайпаларының едәуір топтары XII ғасырдың аяғына дейін ислам дінін мойындамады. Жент пен Фараб арасындағы байтақ жер XII ғасырдың аяғына дейін пұтқа табынатын қыпшақтар аймағы деп са-

налды. «Қыпшақ мемлекетінің ұзақ уақыт бойы ислам дінін қабылдамай өмір сүруі оның санасындағы халықтық элементтің қаншалықты күшті болғанын көрсетеді», – деп атап өтті В.Бартольд. (В.Бартольд, Соч., 5-т. 1968, 434-б.).

XII ғасырдың аяғында Дешті Қыпшақта Қадыр-Буке хан мен оның жиені Алып-Деректің арасында от шықты. 1198 жылы Текештің ұлы Мұхаммед Алып-Дерекпен бірге Қыпшақ даласына жорық жасады. Қадыр-Буке хан жеңіліп, Хорезмге тұтқындалып әкелінді. XIII ғасырдың басында хорезмдіктер Сыр бойына толық иелік етіп, Торғай, Ырғыз, Есіл, Нұра өзендерін жайлаған қыпшақтарға жорық жасай бастады. Хорезм шахы Мұхаммед (1200-1220) 1216 жылы Қадыр ханға қарсы бір жолғы жорығы кезінде Ырғызға жетіп, Торғай даласында меркіттердің ізіне түсіп келе жатқан Жошы, Сүбедей әскерімен мүлдем күтпеген жерде қақтығысып қалады. Сұлтанмен шайқасып қалған моңғолдар түн жамылып шегініп кетеді. Бұл Қазақстан жеріне моңғолдардың алғашқы келуі болатын және аталмыш оқиға қыпшақтардың хорезмшахтармен ұзаққа созылған қақтығысын уақытша болса да тоқтатты.

Осы оқиғадан үш жыл өткен соң қыпшақ даласына моңғолдардың қаптаған қолы басып кірді. Қыпшақ мемлекеттілігі құлады. Қыпшақтар қауымдасқан күйінде моңғолдар құрған Жошы – Қыпшақ ұлысының билігіне өтті. Алғашқыда моңғолдың ұлыстық жүйесі ретінде құрылған Жошы – Қыпшақ ұлысы (Алтын Орда), оның әскери сол қанаты Ақ орданың саяси ықпалымен бұрын Кимек – Қыпшақ хандығының билігінде болған протоказак топтары бір шаңырақ астына қайта бас қосып, ұлт, халық ретінде ұйып, біртұтастанып, қазақтың өз мемлекетінің қалыптасуына ұйытқы болды.

Қыпшақ хандарының билігі әкесінен баласына мұраға қалып отырған. Елбөрілі әулеттік ру саналған, хандар солардан шыққан. Орда деп аталған хан ордасында ханның мал-мүлкі мен хан армиясын басқарған ханның басқару аппараты

орналасты. Саяси билік құрамында үстемдік еткен ақсүйек топтарының қатаң иерархиялық жүйесі (хандар, тархандар, югурлар, басқақтар, бектер, байлар) айқын басымдық алды және сонымен қатар, рулар мен тайпалар да өздерінің әлеуметтік маңызына орай жіктелді. Орта Азияның көшпелі мемлекетінде рулар мен тайпалардың қатаң иерархиясы қоғамдық және мемлекеттік дамудың негізгі тірегі болды.

Қыпшақ қоғамы әлеуметтік жіктелу жағынан біркелкі болған жоқ. Негізгі теңсіздік малға жекеменшік еді. Жылқы басты байлық саналды. Орта ғасырлардағы авторлардың хабарлағанындай, қыпшақ елінде көптеген адамдар бірнеше мың жылқы, ал кейбіреулерінің он мың және одан да көп жылқысы болған. Араб Ибн Батута «Қыпшақтардың малындай көп мал, сірә, бүкіл жер жүзінде жоқ», – деп таң қалған. Орта ғасырдағы араб-парсы жазбаларына қарағанда қыпшақ мемлекеті бірлестігінің қалалары да болған. Сауран, Құмкент, Созақ, Жент, Янгикент, Отырар қалаларында қыпшақ көсемдері билік жүргізген. Қазақ ғалымы Әлкей Марғұланның зерттеуіне қарағанда, Қазақстандағы Жезқазған кен алабы қыпшақтар мен қаңлылардың металлургиялық орталығы болған («Қазақстандағы археологиялық зерттеулер», Ал., 1973, 30-б.). Қыпшақ дәуірі қазақ тілі, мәдениетінің дамуының интегралдық ұйытқысы болды. Елдің Оңтүстік және Оңтүстік батыс бөлігі ислам дінін қабылдады. Суфизм етек алды. Діни түсіндірме және басқа сөздіктер жасалды. Араб алфавитіне негізделген жазу қолданылды. Мемлекеттік істер түрік-қыпшақ тілінде жүргізілді. Ел жарлықтары осы тілде жазылды.

XI-XII ғасырда Қыпшақ хандығындағы этникалық процестердің дамуы негізінде қазақ халқының этникалық ұйытқысы қалыптасты.

НАЙМАН МЕМЛЕКЕТІ

Кытай мен моңғолдың жазба деректері бойынша түркі тектес байырғы тайпалардың бірі - Найман. Қоныс еткен мекені - Хинганның таулы алабы, Алтайдың қос қапталы, Қара Ертістің шүйгін алқабы мен Зайсан көлінің жағалауы. Олар шығысында – керейлермен, солтүстігінде – қырғыз хакастармен, батысында – қаңлылармен, оңтүстігінде – ұйғырлармен шектелген . Наймандардың төрт құбыласын бірдей түркі тектес тайпалардың қоршап жатуы, оларды моңғол тектес тайпа еді деп келетін пікірдің қисынсыз екеніне дәлел болса керек.

Ал наймандарды түркі тектес тайпаға жатқызу Рашид – ад –Диннен бастау алады. Рашид – ад – Дин «Жылнамалар жинағында» IX – XII ғасырларда Моңғол жерін мекен еткен тайпаларды « нирун аталатын түркі тайпалары», « моңғолдар деп аталатын түркі тайпалары» және «әрқайсысының өзіндік елдік билігі болған түркі тайпалары» деп үш топқа бөліп, керейт, найман, ұйғыр, қыпшақ қатарлы белгілі түркі тайпаларын осы үшінші топқа жатқызады.

Н.Аристов, П.Пауха, С.Мурояма, С.Аманжолов, Л.А.Викторова, М.Мұқанов, Қ. Сартқожаұлы, Ә.Марғұлан сияқты ғалым-зерттеушілер найманның түркі тектес екенін бұлтартпас айғақтармен дәлелдеп берді. Жоғарыда аты аталған ғалымдардың тұжырымдамасының құндылығы зерттеліп отырған тайпаның тілін, географиясын және археологиялық ескерткіштерін зерттеудің негізгі нысаны етіп алып қарауында. Осыған байланысты жапондық С.Мурояманың

еңбегін ерекше атап өткен жөн. Ол «Моңғолдың құпия шежіресіндегі» наймандарға байланысты отызға жуық адам және жер – су аттарын, оннан аса шен-шекпен немесе титул атауын сараптап зерделей келе, олардың барлығы да ертедегі орхон – түрік ескерткіші жазуындағы атаулармен сәйкес келетіндігін дәлелдеп шықты. Ал қазақ ғалымы Ә.Марғұлан наймандікі деп таныған қала, қалашық атауы, тас жазу тамғаларының барлығы да басқа да түркі тектес тайпалардың тамға жазуларымен ұқсас болып келетіндігін дәлелдеді. Моңғолия аумағында күні бүгінге дейін найманнан қалған іздер түркілік белгісін сол қалпында сақтап келеді. Орхон өзенінің орта ағысынан онша алыс емес тау қойнауындағы егіз көлдер «Найман нуур» немесе « Найман көлі» деп аталады. Моңғолияның Қобда аймағындағы Көк Серек шыңынан онша алыс емес мекенде «Найман жұрт» дейтін орын жатыр (Қазақ мемлекеттілігінің тарихы. Ал., 2007. 235 б). 1246 жылы Күйік ханның ордасында болған белгілі саяхатшы Плано Карпини Моңғол империясынан көп бұрын моңғол тектес тайпалардың Найман мемлекетіне салық төлеп тұрғандығын жазған.

Белгілі тарихшы Қаржаубай Сартқожаұлы найманның түп төркініу VI-VIII ғасырларда қуаты өскен Түркі Қағанаты кезіндегі белді тайпалардың бірі байырқулармен сабақтастырады. Байырқулардың VII ғасырдың алғашқы жартысында біресе Түркі Қағанатына қарсы, енді бірде Тан империясына қарсы күресе жүріп, ақыры өзі тектес оғыз тайпаларымен бірігеді де, тоғыз – оғыз деген тайпалық атауға ие болады. (Н.Я.Бичурин). Тоғыз – оғыз тайпалық одағының ең беделді руы байырқулар болған. Олардың астанасы Тоғу деп аталған. Бұл қала жөнінде Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк құрметіне қойылған тасқашау (рун) жазуларында сөз болады. Тоғыз оғыздар өзінің ұзына тарихында Түркі Қағанатымен тіресіп өткен. Бұған VIII ғасырдың бас кезінде байырқулардың Қапаған қағанды өлтіруі айқын дәлел. Түркі

Қағанатына қарсы күресте байыркулар (тоғыз – оғыздар) он – ұйғырмен тізе қосты. Кейін Түркі Қағанатының басынан бақ тайып, оның орнына Ұйғыр Қағанаты шаңырақ көтергенде, қағанаттың бас қолбасшылары ұдайы байырку тайпасынан тағайындалып отырған.

Ұйғыр қағанаты кезінде байыркулар өз ішінен екіге бөлініп, сегіз байырку және тоғыз байырку деп аталған. Сегіз байыркулар қағанаттың оң қанатында, тоғыз байыркулар сол қанатына ие болған. Кейін Ұйғыр Қағанатының билігі бүтіндей тоғыз – оғыздардың (байыркулардың) қолына көшті.

Бұрынғы байыркулар мен он – ұйғырлардың басын қосып қағанат құрған тоғыз – оғыздар 795 – 840 жылдары тақ үшін таласта өздерін өздері титықтатты. Он ұйғырлар Қашқар жағына, қағанат құрамындағы едіз тайпасы Бесбалық, Тұрфан жағына ауды. Ал сегіз байыркулар мен тоғыз байыркулар басқа түскен қиындыққа төзіп, сол ата жұртында қалды. Яғни, Хангай (Қаңқай), Алтай, Тарбағатай, Кентай таулы аймақтарын қоныс етті. Кейін, 918 - 924 жылдары қидандар еңсе көтеріп, Енисей қырғаздарын басып алған соң, олар іргелес жатқан сегіз – оғыздарды «Найман аймағ» («Сегіз тайпа») деп атай бастаған (Сейдімбек А. Шығармалары. Т – 2. Ас., 2010. 30-31б). Ғалымдар бұл атаудың төңірегінде әр түрлі болжамдар жасады. Н.А.Аристов «найман» атауы Хатун өзенінің бір саласы – Наймадан шығыпты деп жазса, Л.Л.Викторованың талдауы одан да тереңірек. Ол кейінірек «найман» атанған халықтың тарихи - географиялық орналасуы мен тіліне жан – жақты талдау жасай келіп: «Найман атауы түркілік «сегіз – оғыз» тайпа бірлігінен шыққан, бұл оларға көршілес халықтардың қойған аты» - деп көрсетеді. «Найман» атауы «сегіз – оғыздан» шықты деген пікірді С.Мурояма да қолдайды. Мұндағы «сегіз» (моңғолша «найман») ұғымы, сөз жоқ қолдауға тұратын пікір. Өйткені, біріншіден, найманның тегі оғыздан, оның ішінде сегіз –

оғыздан екені дау тудырмайтын ақиқат болса, екіншіден, ел, тайпа, ұлыс атын оған біріккен тайпа санымен атау шығыс көшпенділері үлгісінде қалыптасқан жай. «Сегіз - оғыздың» мағынасы осыған сай. Осы тұста, тоғыз - байыркулардың тағдыры не болды деген заңды сұрақ туады. Бұлар кейін керей тайпасы деген атауды еншілеген. Сөйтіп, «Найман» аталатын тайпа бірлестігі, Әбілғазының пайымдауынша, көне жұрттардың бірі, малы мен басы көп өскен халық (Әбілғазы. Түрік шежіресі. Ал., 1992. 36 б).

XII ғасырдың басында наймандар өзінің ата қонысы, ел қорғайтын жасағы бар, қанаттас елдермен саяси, мәдени және сауда қарым – қатынасы қалыптасқан хан билігіндегі ұлыс болып қалыптасты.

Деректерге қарағанда 1143 – 1180 жылдар аралығында Найман хандығына Сариатыш патша болды. Ел аузында ол «Нарқыш Таян хан» (Әбілғазыда Қар – Қыш) немесе бас билеуші деген атпен қалды. Ел билігі 1180-1196 жылдары оның інісі Инаят немесе Инаныш Білге Бұқа ханның билігіне өтеді. «Инанш» - сенімді, «білгі» - білімді, кеменгер, «бұқа» - ұлық, мықты деген сөз. Ол аса білгір, мықты патша болыпты. Инаят – Нарқыш Таян ханның тұсында найман қолының бас сардары болған адам. Бұл – XII ғасырдың орта тұсында найманның іргесін кеңейтіп, елдігін кемелдеген белгілі адам. Рашид – ад – Дин өз шежірісінде : «Наймандардың хандары қадірлі, қуатты, олардың халқының саны көп, әскері де қуатты болды», - деп жазды. Найман мемлекетінің хандары мұрагерлік жолмен сайланды. Белгілі тайпа көсемдері, батырлар, қолбасшылар хан кеңесінің құрамына кірді. Хан ұлыс жасағының бас қолбасшысы болды. Ұлыста іс қағаздары жүргізіліп, хан жарлықтары хатқа түсіріліп, оған ханның төрт бұрышты алтын мөрі басылған. 12 ғасырдың аяғынан Найман мемлекетінің хандары «Бұйрық», «Күшілік» деп аталды («Айбын» энциклопедия. Ал., 2011. 584 б). «Күшілік хан» - айбынды әмірші деген сөз. Ол құдіретті билеуші деген

мағынада қолданылады. Ал «Бұйрық» хан, «әмірші, жарлық шашушы» деген мағынада.

Инанш Білге өлген соң, оның екі ұлы - Таян (Байбұқа) мен Бұйрық таққа таласып, Найман мемлекетін екіге бөлді. Наймандардың азып – тозу дәуірі тура осы бөлініп - жарылудан басталды және дәл осынау кезеңде шығысында бас көтере бастаған моңғол шапқыншылығына тап болды. 1204 жылы моңғолдар алғаш Таян ханды, арада екі жылдан кейін Бұйрық ханның әскерін талқандады. Таян ханның ұлы Күшілік хан наймандардың қалған әскерін жинап, Жетісудағы Қидан (қарақытайлар) мемлекетіне барып, бас сауғалады. Олардың билеушісімен тіл табысқан Күшілік күшейе түсті. Ол 1211 жылы қиадандарды бағындырып, өзінің ордасын Жетісуға көшірді. Алайда бұл Жетісу өңірінде Найман хандығы қайта орнады дегенді білдірмейді. Күшілік билікті осындағы қарақытай гурханның атынан жүргізді. Осылайша едәуір күшейген ол, 1213 жылы Алмалықтағы мұсылмандар иеліктерін басып алды. 1218 жылы шығыста әбден күшейген моңғолдардың Жебе бастаған жиырма мыңдық әскері наймандарды жеңіп, олардың ханы Күшілікті Бадахшан өңірінде ұстап алып, өлтірді. Сөйтіп, XIII ғасырдың басында бүкіл Шығыс Түркістан мен Жетісу жері моңғолдардың қоластында қалды (Омарбеков Т.Қазақ мемлекеті: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны. Ал., 2017.141 б). Найман ұлысының Шыңғыс ханға қарсы он төрт (1204 -1218) жыл бойы жүргізген күресінің ақтық айқасы осымен аяқталды. Күшілік – тарихта өзінің тиісті бағасын ала алмай келе жатқан тұлға. Күшілік бастаған Найман ұлысы Шыңғыс ханның Батысқа ауыз салуына он төрт жыл қалқан болып тұрды. Найман хандары басында қарсыластары алдындағы өз мүмкіндіктерін асыра бағалады. Өзара бірлікте бола алмады. Олар сондығынан жеңілді.

Наймандар көшпелі мал шаруашылығымен айналысты. Наймандар Орхон өзенінің бойында арпа – бидай егіп келгені

туралы мәлімет кездеседі. Найман елінің өз заманына сай мәдениеті және мәдениет орталығы саналатын бір қыдыру қалалары болған. Әйгілі ғалым Әлкей Марғұланнның айтуынша, наймандар оңтүстік Алтайдағы бір қаласы «Ақбалық», енді бірі Шам өзені бойындағы «Шамбалық», Жоңғар Алатауындағы қаласы «Кіші Талас», әкімшілік сауда орны «Найман сүме» қаласы, Жоңғар тауының төңірегіндегі бір қаласы «Тарса кент» деп аталған (Ә.Марғұлан. «Тамғалы тас жазу», «Жұлдыз», № 1. 1984). Наймандарда жазу мәдениеті ерте дамыған. Олар әуелі орхон жазуын, одан кейін көне ұйғыр жазуын қолданған. Наймандардан қалған «Тамғалы тас» ескерткіштерін былай қойғанда, Абақан өзенінің басынан табылған құлыптастағы Орхон жазуын атап өткен жөн. Жазу ежелгі түрік үрдісі бойынша Инанш Білге ханның өмір жолын баяндайды. Инанш Білге тұсында Құба тегін атты әйгілі жырау өмір сүрген. Наймандар несториан (Айса) дінін тұтты.

Моңғолдарға бағынған наймандардың бұдан кейінгі тағдыры Шағатай ұлысымен байланысты болды. 1223 жылдың басында Шыңғыс хан төрт ұлына енші бөлгенде әлі де айтарлықтай қуатты найман тайпалық бірлігі Шағатайға берілген аймақта қалып қойды. Алайда Жошының ұлы Батудың батысқа бағытталған жорығына қатысуға мәжбүр болған олар, біртіндеп Жошы ұлысының шығысын біріктіретін, Жошының үлкен ұлы Орда Ежен негіздеген Ақ Орда аймағына ойысты. Осында наймандар болашақ алты алаш (жалайыр, алшын, қоңырат, арғын, найман, қыпшақ) қауымдастығын ұйымдастырушы белді тайпалардың біріне айналды (Т.Омарбеков). Яғни тарихи деректерді баяндағанда бұрынғы наймандар мен кейінгі Алаш қауымдастығына қосылған найман рулары арасындағы тарихи этникалық сабақтастықты теріске шығару негізсіз. Кейінгі наймандар алғашқы наймандардың тікелей жалғасы.

XVII – XVIII ғасырда қалмақ басқыншыларына қарсы

☞ Алтын тұғырлы алыптар

күресте аты белгелі болған Қабанбай, Қаптағай, Бөрібай батырлар, атағы үш жүзге мәлім Ақтайлақ би, Сабырбай, Қуандық ақындар, атақты ақын Сара Тастанбекқызы Найманнан шыққан.

Наймандар – Қазақ мемлекеттігінің қара шаңырағын көтеріскен басты тайпалардың бірі.



КЕРЕЙТ ХАНДЫҒЫ

Орта ғасырлық мемлекеттік үрдіс бойынша өзіндік ханы болған жұрт ұлыс, ел ретінде танылады. Сондай жұрттың бірі – керейттер. Қытай деректерімен белсенді жұмыс жасаған Нығмет Мыңжанның зерттеулері бойынша керейт мемлекеттігінің бастауын Жоңғария аймағындағы бұрынғы теле тайпалар одағына жатқан шеп, сеп, байлау, қойлау тәрізді түркітілдес тайпалар негіздеген. Бұлар, негізінен, түргештер (сары үйсіндер) ұлысымен бірге Батыс Түрік қағанаты тұсында-ақ Бес Түрік дулу бірлестігі құрамына кірген, Шу өзенінен шығысына қарайғы аймақтарды мекендейтін түркілер еді.

Белгілі қазақстандық зерттеуші З.Қинаятұлы XI ғасырда керейттердің батысында – наймандар, солтүстігінде – меркіттер, оңтүстігінде – ежелгі моңғолдар, шығысында Таңғұт (Си-Ся) мемлекетімен іргелес жатқан ерте феодалдық хандық болғанын жазған болатын. Ол кезде Керейт хандығы керейт, жиркин, конхойт, сақайт, тумаут, албат, тунгайт, хиркун деп аталатын сегіз тайпа бірлестігінен құралатын. Аталған тайпалардың ең ірісі керейттер болды және керейт атауы («керей» – ру-тайпа атауы да, «Т» – тунгус, моңғолша көптік жалғауы) содан қалды. Рәшид-әд-дин моңғол жазбаларының желісіне сүйене отырып, керейттер саны (XI-XII ғасырлар) 200 мың шамасында болған дейді.

Керейттер, сөз жоқ, ежелгі түркілердің бір ұрпағы. Керейттер XI-XII ғасырларда Моңғол үстіртінде билік құрған

қуатты тайпа бірлігі болды. Моңғол тарихы керейттерді хандық ретінде таниды. Керейт хандары мұрагерлік жолымен таққа отырды. Моңғолдармен терезесі тең ұлыс, ел ретінде қарым-қатынас жасайтын болды. Ол кезде керейттерді бұйрық лауазымды («Үкімші», «Үкім шығарушы» деген түрік сөзінен алынған) тайпабасы билейтін. Керейт хандары алтыннан орда тігіп, алтындаған ер-тұрманды пайдаланатын, алтын ыдыстан ас ішетін болуына қарағанда онда металлургия тәп-тәуір дамыған болуы керек. Бұған олардың Түндік, Цэцэйдей секілді қалалар салдырғаны, кейін Шыңғыс хан империясының орталығы болған Қарақорымды астана еткені де айғақ. Олардың христиандықтың бір бағыты – нестор ілімін ұстанғаны да белгілі. Оларда жазба заң болмады, әдет заңына жүгінді. Керейт заңы бойынша ата жауына сатылу ең ауыр қылмыс саналған.

Керейттердің хандық тарихы XI ғасыр соңында және XII ғасыр басында ел билеген Маркуз Бұйрық ханнан бері белгілі. Оның билігі тұсында керейттер мен моңғол тайпалары арасында етене жақын достық қатынас болды. Алайда, керейттер бұл заманда шығыстағы түркітілдес татарлармен жаулық қатынаста болып, олармен жиі қақтығыстарға барды. Дербестікке ұмтылған керейттер оңтүстіктегі қауіпті көршісі Алтын патшалығымен (Қытаймен) де тату тұра алмады. 1147 жылы керейттер Цзинь әулеті басқаратын империямен келісім жасаса да, екі арада тығыз ынтымақтастық орныға қойған жоқ (Т.Омарбеков. «Қазақ мемлекеті: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны». Ал., 2017, 128-б.). Ақыры татарлар Маркуз Бұйрық ханды аңдаусызда қолға түсіріп, Цзинь елінің қолына тапсырып, император оны ағашқа шегелеп өлтіреді.

Маркуз Бұйрық ханның екі ұлы болды: бірі Куржакуз Бұйрық, екіншісі Гур хан. Куржакуз Бұйрық – керейттің әйгілі ханы Тұғырылдың (Уаң хан) әкесі. Куржакуз Бұйрық қайтыс болғанда, оның үлкен ұлы Тұғырыл шекара

қорғанысы жұмысымен елдің бір шетінде екен. Оның інілері Темір тайшы мен Бұқа Темір ағасы Тұғырылдың жоқтығын пайдаланып, әкесінен қалған хандық орынды иеленіп алады. Мұны естіген Тұғырыл дереу шекарадан қайтып келеді де, екі інісін өлтіріп, хан тағына отырады. Куржакуздың інісі Гур хан бұл хабарды естіп, Тұғырылға қарсы өзін жақтайтын рулардан (тегінде қидандардан) әскер жинап, Харун Қыпшал деген жерде қанды шайқас болады. Тұғырыл жеңіліп, моңғол қолбасшысы Есугей батырға қашып барады. Есугей Тұғырылды қолдап, әскерімен келіп Гур ханмен соғысып, оны талқандап, Тұғырылды хан тағына қайта отырғызады. Көңілі толған Тұғырыл хан Туланың қара орманында ақсарбас айтып, Есугей батырмен айнымас дос (анда) болысады. Осы кезден бастап керейт елінің билігі Тұғырыл Бұйрықтың қолына біржола өтеді (Н.Мыңжан. «Қазақтың қысқаша тарихы». Ал., 1994, 161-б.). Қытайды билеген Цзинь әулетімен бейбіт қатынасты орнықтырып, алым-салықты оларға уақытылы төлеп тұрғандықтан Тұғырылға олар «Ван хан» («Ұлыс ханы») лауазымын берген еді.

Моңғол тарихшысы А.Амардың жазуына қарағанда, қазіргі Тула өзенінің шығыс бойын керейттер мекендеген. Осы күнгі Моңғолияның Ұланбатыр қаласы орын тепкен әйгілі Боғда тауы кезінде керейттің хан ордасы орналасқандықтан, «Хан тауы» атанған («Қазақ мемлекеттігінің тарихы (ежелгі және орта ғасырлық кезең)», Ал., 2007, 221-б.).

Керейттердің ерте феодалдық ұлыс ретінде әйгілі болуы мен тұғырдан таюуының барлығы да моңғолдармен және моңғол тарихымен тікелей байланысты. Керейттер мен моңғолдар этникалық тұрғысынан: бірі – түрік, бірі – моңғол текті бола тұра, XII-XIII ғасырлар түйісінде аса тығыз қарым-қатынаста болды. Бірін-бірі әскери-стратегиялық жағынан қолдап отырды. Басында керейттер моңғолдарға арқа сүйесе, XII ғасырдың соңы, әсіресе, моңғолдардың қолбасшысы Тэмүжиннің балаң кезінде моңғолдар керейт-

терге арқа сүйеді. Қиын-қыстау кездерде моңғолдарды жақтады.


Тәмужин 1189 жылы өз әулетінің басшысы сайланғанда оны қолдаған Уаң хан. Меркіттерге қарсы 1179 жылы құрылған үштік одақты (Уаң хан, Тәмужин, Жамуха) ұйымдастырушы да Уаң хан. Бұл жорыққа керейлердің 20 мың қолы қатысты. Тәмужин 1198 жылы татарларды шапқанда ол андасы Жамухамен араздасып, 1201 жылы оның елін шапқанда, 1203 жылы наймандар батыс қанатына тиіскенде де Уаң хан соны қолдады. Сондықтан, Рәшид-әд-дин: «Моңғолдар алғашында керейлерге сүйене отырып, Моңғолиядағы ұлыстарды өзіне бағындырған... Керейлерге сүйенбегенде Шыңғыс ханның оншалық күшеюуі мүмкін емес еді» дейді. Солардан кейін Тәмужин оған «бейбіт түрде ел болып бірігуді» ұсынды. Соның салдарынан екі жақ ашық шайқасқа шықты. Амал не, керейттер жеңілді, мемлекет тарих сахнасынан кетті. Бірақ, әрине, керейттер ол сахнадан кеткен жоқ («Ұлы дала мемлекеттері». Ал., 106-б.). Сөйтіп, керейттердің ел болып, еңсе көтеріп, ата жұртын орнықтыру үшін көне моңғол жерінде үш ғасыр бойы жүргізген жанталасы осылайша сәтсіз аяқталды.

Қалай дегенмен, IX-XIII ғасырларда Моңғол үстіртін мекен етіп, кейін Қазақ мемлекетін құруға елеулі үлесі болған керейт (керейлер) қауымы – аталған кезеңде ертефеодалдық хандық дәрежесіне көтеріліп, ортағасырлық шығыс тарихында елеулі із қалдырған жұрт. 1203 жылы Шыңғыс ханнан жеңілген соң, керейт жұртының бір бөлігі, моңғолдардан батысқа қашқан меркіттерге ілесіп, Ертіс арқылы Қыпшақ даласына кетті. Олар керейт атауын бірнеше ғасыр бойы сақтап, ақыры Кіші жүздің жетіруы құрамына кірген кейінгі керейт тайпасының негізін қалады. Ал, моңғолдарға бас иген керейттер болса Шыңғыс хан атанған Тәмужиннің батысты жаулап алу жорықтарына белсенді қатысып, аман қалғандары кейіннен қайта топтасып, моңғолдар таңған

байырғы «керейт» атауынан арылып, «керей» деген жаңа этнониммен қазақтың Орта жүзіне енген арыстар қатарынан орын алды (Т.Омарбеков). Ғалымдар тайпаның «керейт» және «керей» атауына қарап, екеуін екі этнотопқа жатқызып келген тұстары бар. Осы төңіректе айтылып жүрген пікірлердің ішінен Н.Аристовтың болжамы ақылға қонымды сияқты. Ол XI-XII ғасырда Моңғол үстіртін мекен еткен керейт, наймандар туралы айта келіп, «олардың барлығы түрік тілді тайпалар болды... Қазақтың қазіргі көп тайпаларының ішіндегі найман мен керейлер Шыңғыс ханның тұсындағы керейт, наймандардың тікелей ұрпақтары» деп жазды.

Әйгілі ғалым Әлкей Марғұланның айтуынша, керейттер көшпелі мал шаруашылығымен айналасты. Киіз үйде өмір сүретін. Негізгі мал түлігі жылқы, қой, сиыр болған. Керейттер егін егуді негізгі кәсібі етпеген. Керейлерден қалған орхон жазуы бар құлпы тас Биук-туран өзенінің бойында тұр. Оған «Алтын ілгек кісені білімге бұғындым» (Алтын ілгекті кісені беліме буындам) деп жазылған (Әлкей Марғұлан. «Тамғалы тас жазуы», «Жұлдыз» журналы, №1, Ал., 1988). Бұл жазулар керейлердің түркі тілде сөйлегендігін даусыз дәлелдейді. Қазіргі керейлер абақ керей, ашамайлы керей деген екі бөлімге бөлінді. Абақ керейдің көпшілігі – Қытай мен Моңғолияда, ашамайлы керейдің көпшілігі – Қазақстанда.


Сөйтіп, ежелгі түркілердің бір бұтағы – керейттер этнос ретінде қазақ ұлтының ішінде сақталды. Сондықтан, ежелгі керейттер тарихына қазақ тарихының құрамдас бөлігі деп қараған жөн.




Ғұн империясы



Үйсін мемлекеті



Қаңлы мемлекеті



Түрік қағанаты



Батыс Түрік қағанаты

Шығыс Түрік қағанатының 682-744 жылдардағы аумағы



Аумағы: Қазақстанның шығысы, Орталық Азия, Шығыс Түркістан, Оңтүстік Сібір жерлерін алып жатты.

Шығыс түрік қағанаты

Түркеш қағанатының территориясы (704-756 жж)


Түркеш қағанаты (704-756)



Түргеш



Қарлұқ қағандығы





Тонькөк



Күлтегін



Махмұт Қашқари




**Қожа Ахмет
Яссауи**



Жошы хан



Бату



Қазыбек



Кенесары хан



Наурызбай батыр



Қажымұқан



Жақып Ақбаев



Ахмет Байтұрсынов



Ыбырай Алтынсарин

ШЫҢҒЫС ХАН ИМПЕРИЯСЫ

Шыңғыс хан империясы – Шыңғыс хан (Тэмуджин, Темучин 16.04.1162 ж.-25.08.1227ж.) құрған мемлекет. 1189-1206 жылдар аралығында болған қиян-кескі соғыстардан кейін Шыңғыс хан Алтайдан Қытай қорғанына дейінгі аймақта біртұтас мемлекет құрды және өз мемлекетін әрі қарай кеңейте бастады.

1171 жылы Есукей татарлардың қолынан қаза тапқасын моңғол жұрты бас билеушісіз қалды. Бірлігі, билігі жоқ тайпалар өзара қақтығыстан зардап шекті. Ел басына күн туған осынау қысылтаяң кезеңде Есукей батыр ұлы Тэмуджин суырылып алға шықты. Елін ел ету үшін моңғолдардың өзіндік мүмкіндігі жеткіліксіз еді. Тэмуджин әуелі Керейт ханы Тұғырыл (Уаң хан), содан соң жадран тайпа басы Жамухамен саяси одақ құрды. 1179 жылы үштіктің бірлескен күші Бугур Кегерде меркіттерді жеңген алғашқы жеңісінің арқасында Тэмуджиннің абыройы артып, моңғолдар ес жиюға мүмкіндік алды. 1189 жылы Көк Норда болған құрылтайда моңғолдар Тэмуджинді моңғол ұлысының хан тағына отырғызды. Сөйтіп, моңғолдар Моңғол әулетіне қарасты үлкенді-кішілі отызға жуық тайпаның басын қосып, саяси аренаға шықты. Ал, енді ол өзінің шығу тегі жағынан кім еді? – деген сауалға жауап іздер болсақ, Шыңғыс хан өзін әрқашан да мақтанышпен моңғолдарға жатқызды. Бұған нақты дәлел: жаратқанға сиынып, ешқашан да өтірік жазуды білмеген, 1220 – 1222 жылдары Шыңғыс ханды

емдеу үшін ұлы әміршінің өзінің шақыртуымен Хорасанда болып қайтқан, будда дінінің данагөйі Чанс – Чунға ол өзінің моңғол екенін екі рет ескертуі. Оның үстіне, зерттеулер Шыңғыстың өзін ешқашан да Түркі қағанаттарының мұрагері ретінде қарастырылмағанын және оның есесіне ол «өзін Ляо атты қидандар империясының саяси және этно-мәдени мұраларының заңды ізбасары ретінде қарастырғанын (Л.А.Викторова) көрсетіп берді. Сондықтан да, Шыңғыс хан бұрынғы қуатты Түркілер қағанатын қалпына келтіруді мақсат етпей, олардың қиранды орнына жаңадан Моңғол империясын орнықтыруды көздеді. (Т.Омарбеков. Қазақ мемлекеті: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны. Ал., 2017. 148 б).

Моңғолдардың бұл қадамы Керейт хандығынан қолдау тапты. Моңғол – Керейттің бірлескен күші 1190 жылы Жамуха бастаған жадрандар тобын, 1198, 1202 жылы тоғыз тулы татарларды, сол жылы Бұйрық бастаған наймандардың батыс бөлімін бірінен соң бірін жеңіп, моңғолдардың беделін аспандатты. Үстіртте қалыптасқан саяси-стратегиялық жағдайды өз мүмкіндігіне пайдалана білген Шыңғыс хан 1203 жылы негізгі одақтасы керейттерді, 1204 жылы Таян хан басқаруындағы наймандарды жеңді. Олардың бір тобы моңғолдарға бас ұрып, қалғандары батысқа қарай жөнкіді. Сөйтіп, Шыңғыс хан бастаған моңғолдар өз аумағындағы елеулі әскери және саяси күшке айналды. Алғашқысын жеңген ол, бүкіл Шығыс Моңғолия билеушісіне айналса, ал, соңғылардың қуатты хандығын талғандаған соң Онон өзені бойында бүкіл Моңғол үстіртінде билік жүргізген дара ханға айналды.

Осындай күрделі қадамдардан соң 1206 жылы Онон өзені бойында моңғол билігіндегі барлық көшпенділердің ұлы жиыны шақырылады. Жиынға 31 ірі тайпаның өкілдері қатысты. Құрылтай Моңғол мемлекеті құрылғанын әлемге жария етті. Шыңғыс ханды «ұлы Шыңғыс қаған» деп лау-

азымдап, қолына алтын таңба – мөр ұстатады. Таңба мөрде «Аспанда Тәңір бір, жерде Қаған бір, әлем билеушісінің таңба – мөрі» деген ұлы тағылым жазылған (Қазақ мемлекетінің тарихы: ежелгі және ортағасырлық кезең. Ал, 2007.261-263 б). Моңғол мемлекеті едәуір орталықтанған, әскери-демократиялық үрдістегі ертефеодалдық қуатты мемлекетке айналды. Моңғол тайпаларының барлығы Шыңғыс ханның ұлысы саналды. Олар: оң қол (барун ғар), сол қол (жоңғар) және орталық деп үш бөлікке айырылды. Әрқайсысы бөлек өз ішінен түмендік, мыңдық, жүздік және ондықтарға бөлінді. Ең үлкен әкімшілік бөлік бір түмен, он мың әскер шығара алатын иелік есептелді. Шыңғыс ханның барлық қарулы күштері әрқайсында мың әскері бар тоқсан бес мыңдықтан құралды. Қағанның тікелей өз басқаруында он мың орда гвардиясы шекара және барлау әскери тобы болды. Әскердің ішкі ережесін қабылдап, сақадай тәртіп орнатты: сәл кінәлі болған немесе қорқақтық көрсеткен әскери адамдар өлім жазасына кесілді. Сөйтіп, дүйім жұртты әскери тылға айналдырып, халқын соғыс жағдайында өмір сүруге бейімдеді. Төрт бас қолбасшы мен тоғыз бас уәзірі тағайындалды, олардың құрамына істе сыналған әскербасылар мен білікті кеңесшілер кіргізілді. Әр бір жауынгер 7 түрлі қару-жарак асынуға, 3-5 жетек аттар алып жүруге міндетті болды. Аталғандардың барлығы «Көк дәптер» атты «Ұлы Жасақ» заңы арқылы рәсімделді. Қарақорым хандықтың астанасы болып белгіленді (Айбын. Энциклопедия. Ал., 2012. 846б).

1207 – 1208 жылы қыста Шыңғысханның үлкен ұлы Жошы бастаған моңғол әскерлері оңтүстік Сібірдегі «орман халықтарын», ойраттарды, буряттарды, якуттарды бағындырды. Енисейдегі қырғыздардың билеушісі Арыс Айнал Алдиярұлы бек ақ сұңқар, ақ тұлпар, қара бұлғын ішік тарту етіп, Жошыны қарсы алып, соғыспай бағынды. 1207 – 1209 жылдары Таңғұт (Си Ся) мемлекетіне үш дүркін шабуыл жасап, жаулап алды. Шыңғыс Түркістандағы ұйғыр

Идиқұты Барчук пен Қарлұқтар өз еркімен Шыңғыс ханға бағынып, оған тәуелді боданға айналды. 1211 жылы өзінің ата жауы Цзин еліне (Солтүстік Қытайда) қарсы аттанды. Тек алғашқы жорығында Қытайдың 90 қаласын басып алды. 1215 жылы Пекинді алды. Бұл келешек Моңғол империясының қалыптасуының бастамасы болды. Шыңғыс хан шығыста қолға түсірген жұртты Жалайыр Мұқылай ноянның билігіне қалдырып, оған жорықты жалғастыра беруін тапсырып, өзі 1215 жылы еліне оралды. 1217 жылы Солтүстік Қытай бүкіл аумағымен оның билігіне көшті. 1219 жылы Корея патшалығы Шыңғыс хан әскерлерінен тізе бүкті.

Шыңғыс хан енді басты назарын Шығыс Еуропа мен Алдыңғы Азияға жол ашатын Қазақстан мен Орта Азияны жаулап алуға аударды. Шыңғыс хан алдымен гүлденген өлке Жетісуға көз тікті. 1218 жылы Жебе бастаған 20 мың қолын Жетісуды билеп тұрған Найманның ханы Күшілікке қарсы аттандырады. Оның алдында 1216 жылы Жошы, Сүбедей тобын меркіттердің ізіне түсірген еді. Жебе қолы 1218 жылы Сары көлде Күшілікті қолға түсіріп өлтіреді. Жошы, Сүбедей тобы Ырғыз өзенінің бойында меркіттерді қуып жетіп қырғын салды. Сөйтіп 1218 жылы Шыңғыс хан Жетісуды алды. Жетісуды алу Хорезмшах билеген Мауараннахрға шабуыл жасауға жол ашты. Шыңғыс хан хорезмдік Махмұд бастаған елші, саудагерлердің көлемді бір тобын 1218 жылы көктемде Хорезмге аттандырады. Онда 450 адам, 500 түйе бар еді. Керуен сол кезде Хорезм билігіндегі Отырарға сол жылы тамызда келіп жетеді. Отырар билеушісі Қайыр хан көпестердің тыңшы екендерін байқаған соң керуенді құртып жіберуге бұйрық береді. Шыңғыс хан іле-шала ұлты түрік Ибн – Кередж Бағро бастаған ресми елшілерін аттандырып, Қайыр ханның жазалануын талап етеді. Бірақ осы талапты айтуға келген елшілер де өлтіріледі. Осылайша, Шыңғыс хан Хорезмге қарсы жорыққа шықты. Керуен

оқиғасы келешек үлкен қантөгістің негізгі себебі болмағаны рас. Қытай тарихшысы Жаң Жэн Феи айтқандай, Хорезм жорығының негізгі себебі, Шыңғыс ханның «Әлемді жаулап алу үлкен саясатында жатты».

Шамамен 150 мың әскер жинаған Шыңғыс хан Ертістен Сырдарияға бет алды. Әйгілі Отырар шайқасы 1219 жылдың қыркүйек айында басталады. Отырар билеушісі Қайыр хан және Хорезмшаһ Мұхаммедтен көмекке келген Қараша Қадырдың бірлескен 30 мың қолы (кей деректерде 50 мың) Үгедей мен Шағатайдың 40 мың қолына қарап тұрды. Отырар үшін шайқас алты айға созылды. Моңғолдар шығыс Цзин, Қытай жорығында меңгеріп қайтқан барлық әскери әдіс айдаларын осында қолданады. Қамал бұзатын қондырғылар іске қосылды, түні бойы отты жебелер ойран салды, жанармай қосындысы құйылған жарылғыш құмыралар тасталды. Қала қиратылып, халқы қырылды, мал-мүлкі талан-тараж етілді. Аса аянышты жері: Отырарда кітаптары мен бағалы ескерткіштерінің саны жағынан дүниеде екінші орын алған кітапхана өртеніп жіберілді (Қазақ ССР тарихы, 1 т. 6 Ал., 1957. 129 б).

Жошы бастаған қол Сауран, Жент, Баршылықент, Өзкент қалаларын алды. Қарсылық көрсеткен кішкентай Аснаши қаласының халқын Жошы әскері қырға қуып шығып, 9 күн бойы қаланы тонаған. Сырдария бойындағы қалалар алынған соң ғана моңғолдың қалың қолы Хорезмге шабуыл жасауға мүмкіндік алды. Бұхар, Самарқан сияқты қалалар жауға қарсылық көрсете алмай, ұрыссыз берілді. Мұхаммед Хорезмшаһ Каспий теңізінің бір аралына қашып, сонда өлді. 1221 жылы Хорезмді бағындырып, моңғол әскері Орта Азияны жаулап алуды аяқтады. 1221 жылдың көктемінде жойқын соғыс Қорасан, Ауғанстан, Солтүстік Үндістанға ауысты. Ауғанстан жерінде Хорезм шаһының баласы Жалел ад – Динді Шыңғыс хан Инд өзеніне дейін ығыстырып барып, ақырында 1224 жылдың

24 ноябрінде талқандады. 1225 жылы моңғол әскерінің негізгі бөлігі Моңғолияға қайтты. Моңғол қолбасшылары Жебе ноян мен Сүбедей батыр бастаған 30 мың адамдық қолы ғана батыста соғыс жүргізе берді. Бұл әскер Иранның солтүстігін басып өтіп, Кавказ тауларына келді. Мұнда Грузия мен Әзірбайжанның бір бөлігін ойрандап, Каспий жағалауымен жүріп отырып, Аландардың жеріне (Осетин) шықты. (Қ.Аманжолов. Қазақстан тарихының дәрістер курсы. 1 кітап. Ал., 2004. 159б). Қыпшақтарды ығыстыра отырып, Днепрден өтіп 1223 жылы Калка өзені бойында Қыпшақ ханы Қотан мен Мстислав Галицкий бастаған орыс князьдіктерінің бірлескен күшіне соққы берген соң ат басын кері бұрып, қазіргі Қазақстан даласымен (Шығыс Дешті Қыпшақ) 1224 жылы Ертіс бойындағы Шыңғыс хан ордасына оралды. Сөйтіп, Ляодун түбегінен Кап тауына дейінгі ұлы далада иелік құрған Моңғол державасы өмірге келеді. Миллиондаған халықтың қаны төгілді, өркениеттің жүздеген ошақтары жойылды, Орталық Азия мен Еуропада қаулап өсіп келе жатқан отырықшылық мәдениет салты іркіліске ұшырады. 1219 – 1224 жылдары Қазақстан мен Орта Азия Шыңғыс хан империясына қарады.

Шыңғыс хан иелігіне өткен ел, жерін төрт ұлына бөліп берді. Оңтүстік Алтайдан бастап Әмударияның оң қапталына дейінгі өңір Шыңғыс ханның екінші баласы Шағатайға тиіп, ордасын Іле бойына тікті. Иелігін Шағатай Ұлысы деп атады. Жергілікті қоңырат руынан шыққан Мәуке би, барлас руынан шыққан Қарашар би Шағатайдың оң тізесі мен сол тізесін басып отыратын кеңесшілері болды (А.Сейдімбек). Ертістің жоғары ағысы мен Алтайдың қатпар таулы аймағын Шыңғыс ханның үшінші ұлы Үгедейдің үлесіне тиді. Ғұн заманынан келе жатқан көшпелілердің дәстүрі бойынша Шыңғыс хан шаңырағына (ата жұрты Моңғолияға) кіші баласы Төле би ие болды. Ертістен Кап тауына дейінгі, ол кезде Қыпшақ даласы атанған алып сахара тұңғыш ұлы

Жошының құзыр билігіне өтті. Шыңғыс хан «Ібір-Сібір, Батыс Қыпшақ, Бұлғар, Орыс, Черкес, Башқұрт және одан әрі ат тұяғы жетер жерге дейінгі өлкені жаулап алуын» Жошыға тапсырды.

Сөйтіп, Қазақстан аумағы моңғолдың үш ұлысының құрамына: үлкен (далалық) бөлігі – Жошы ұлысының, Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс Қазақстан – Шағатай ұлысына, Жетісудың Солтүстік Шығыс бөлігі – Үгедей ұлысына кірді. Кейіннен бұл ұлыстардың орнына көптеген ұлттық мемлекеттер өсіп шықты. Солардың бірі Алтын Орда, Ақ орданың тікелей мұрагері – Қазақ хандығы болып табылады.



ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІГІНІҢ АЛТЫН БАСТАУЫ

Шыңғыс хан империясы – Шыңғыс хан (Темучин, 16.04.1162 – 25.08.1227 жж.) құрған мемлекет. 1189-1206 жылдар аралығында болған қиян-кескі соғыстардан кейін өзінің негізгі жауларын (Меркіт тайпасының көсемі Тоқтыбектен бастап, Найман тайпасының басшысы Таян (Даян) ханға дейін) талқандаған Шыңғыс хан Алтайдан Қытай қорғанына дейінгі аймақта біртұтас мемлекет құрып, оны кеңейте бастады.

1207-1208 жылғы қыста Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы бастаған моңғол әскері оңтүстік Сібірдегі «орман халықтарын», ойраттарды, буряттарды, якуттарды бағындырды. Енисейдегі қырғыздардың билеушісі Арыс Айнал Алдиярұлы бек ақ сұңқар, ақ тұлпар, қара бұлғын ішік тарту етіп, Жошыға соғыспай бағынды («Моңғолдың құпия шежіресі»),

239-тарау).

1207-1209 жылдары Шыңғыс хан бастаған моңғол әскері Таңғұт (Си Ся, солтүстік-батыс Қытай) хандығын жаулап алды. Бұл көшпенділер мен отырықшылар арасында болған бірінші соғыс болды. Шығыс Түркістандағы ұйғыр идиқұты Барчұқ өз еркімен Шыңғыс хандығына бағынып, боданға айналды. 1211 жылы Шыңғыс хан ұлдары – Жошы, Шағатай, Үгедей және Төле көп әскер ертіп, жорыққа шықты. Гоби шөлінен өткен моңғолдар Цзин (Алтын) еліне, солтүстік

Қытайға қарай жылжыды. 1215 жылы олар сол кезде Цзин әулетінің астанасы болып тұрған Ханбалықты (Бейжіңді) басып алды (Н.Мыңжан, «Қазақтың қысқаша тарихы», Алматы, 1994 ж., 194-бет). Алайда, бұл жорық соңына дейін жеткізілмеді. Тәжірибелі қолбасшы Жалайыр Мұқылай әмір бастаған алпыс мыңдық әскерді Қытайға қалдырып, Шыңғыс хан 1216 жылы Қарақорымға қайтып оралып, Орта Азияға жорық жасауға дайындала бастады.

1218 жылы Шыңғыс хан жиырма мың әскерін Жетісуға аттандырды. Жебе ноян басқарған әскер найман ханы Күшілікті өлтіріп, Іле, Жетісу аймағын билеп тұрған қарақытайлар мемлекетін бағындырды. 1218 жылы Отырарда моңғол саудагерлерінің өлтірілуі Шыңғыс ханның Орта Азияға қарсы жоспарланған жорығын жылдамдата түсті. Бұл кезде Шыңғыс ханның алтын шатыры Ертіс өзенінің басында болатын. 1219 жылы қыркүйекте жүз елу мың қол Жетісуды басып өтіп, Орта Азияға кірді. Бұл жорық бес жылға созылып, Сырдария, Әмудария бойы, Мәуреннахр өлкесі, Дешті Қыпшақ моңғолдардың билігіне өтті. Ұланғайыр жерді жаулап алған Шыңғыс хан көзінің тірісінде осы иелігін 1223 жылы Сайрам мен Талас аралығындағы Құланбасы жазығында өткен құрылтайда бәйбішесі, қоңырат тайпасының қызы Бөртеден туған 4 ұлына бөліп берді. («Айбын», Алматы, 2011 ж., 348-б.). Үлкен ұлы Жошыға Ертіс өзенінен Орал тауларына дейінгі жер, одан әрі батысқа қарай «Моңғол атының тұяғы жеткен жерлерге дейінгі аймақтар», оңтүстікке қарай Каспий мен Арал теңізіне дейінгі жерлер берілді. Әмударияның төменгі жағындағы аймақтар (солтүстік Хорезм) мен Сырдария өңірі де Жошы билігіне берілді. Бұл жерлер «Жошы ұлысы» деп аталды. Жошының ордасы Ертіс алқабында болды. Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатайдың үлесіне Қашқария, Жетісу, Мәуреннахр тиді. Оның ордасы Іле алқабында орналасты. Үшінші ұлы Үгедейге Батыс Моңғолия мен Тарбағатай аймағы берілді.

Оның ордасы қазіргі Шәуешек қаласының маңайында болды. Кенже ұлы Төле әкесінің қара шаңырағы Моңғолияны мұраға алды.

Сонымен, Қазақстан жері моңғолдың үш ұлысының құрамына: үлкен (далалық) бөлігі – Жошы ұлысының, оңтүстік және оңтүстік-шығыс Қазақстан – Шағатай ұлысының, Жетісудың солтүстік-шығыс бөлігі – Үгедей ұлысының құрамына кірді. (Б.Жұмақаева, Қазақстан тарихы, Алматы, 2010 ж., 74-б.). Жошы ұлысының негізін бұрын Дешті Қыпшаққа кірген бірынғай түркітілдес тайпалар құрап, алғашында Алтын Орда хандығына, кейін одан бөлінген Ақ Орда хандығына қарады. Ежелден бері Іле алқабы мен Жетісу өңірін мекендеген үйсін, дулат, тағы басқа тайпалар Шағатай хандығына қарады. Шағатай хандығы ыдыраған соң одан бөлінген Моғолстанға бағынды. Бұл ұлыстардың барлығы Қаракорымдағы ұлы хан Шыңғыс ханға бағынатын болды. Шыңғыс хан батысқа қарайғы жерлерді басып алуды Жошыға тапсырып, өзі 1225 жылы Моңғолияға қайтып оралды. Жошы – Алтын Орданың негізін салушы, Қазақ хандарының арғы атасы. Жошы жас кезінен аса көрнекті әскери қолбасшы ретінде көзге түсіп, Шыңғыс хан әскерлерінің жорықтарына белсене араласады. Жошы өмірінде 60-тан аса ірі шайқасқа қатысып, әлемнің 200-ге жуық қала, қамалдарын бағындырды.

Жошы ұлысы қазақ халқының тарихында үлкен маңызға ие. Себебі, дәл осы территорияда қазақ мемлекетінің іргетасы қаланып, дамыды. («Қазақ халқының тарихи тұлғалары», Алматы, 2013 ж., 2-кітап, 8-бет).

Шыңғыс хан батысқа жасаған жойқын жорығын моңғолдардың осы өлкелерге жаппай қоныс аударуы деп ұғуға болмайды. Моңғолдардың негізгі халқының атамекені Моңғолияда болды. Соғыс жорығына қатысқан қалың қолы 150 мыңнан аса салт атты әскер болғанымен, оның басым бөлігі жергілікті түркітілдес тайпалардан қосылғандар

еді. Моңғолиядан батысқа қоныс аударған Жошы мен Шағатайдың қарамағындағы моңғолдар саны да шамалы болатын: Шыңғыс хан Жошыға тоғыз мың үй, Шағатайға сегіз мың үй, Үгедейге төрт мың үй берген (Қазақтың қысқаша тарихы, 200-б.). Бұлар Орта Азия мен Қазақ жеріндегі өзі жаулап алған түркітілдес халықтардың тілі мен мәдениетін, дінін қабылдап, сіңісіп кетті.

1227 жылы 25 тамызда Шыңғыс хан жорық жолында ауырып қайтыс болды. Жошы әкесінен алты ай бұрын қазаға ұшырады. Жошының мұрагері оның екінші ұлы Бату (Батый) болды. Шыңғыс хан басқа немерелерінен Батуды ерекше көріп, Жошының мұрагері деп шешкен еді.

Тақ мұрагері Батуға оның ағалары мен бүкіл халық бас иді. Ол 1229 жылы Үгедейді Моңғол империясының ұлы ханы сайлаған Қарақорымдағы құрылтайға қатысты. Ал, 1235 жылы болған бүкілмоңғолдық құрылтайда Шығыс Еуропаға жаңа жорық жасау туралы шешім қабылданып, Бату біріккен моңғол әскерлеріне әскербасы болып бекітілді. Жорыққа Батудан басқа Шыңғыс хан әулетінен Үгедейдің ұлы Күйік, Төленің ұлы Мөңке, Шағатайдың ұлы Байдар және Батудың өз бауырлары Орда Ежен, Тоқа Темір, Шыңғыс ханның әйгілі қолбасшыларының бірі Сүбедей, тағы басқалары қатысты. Жүз елу мыңға жуық адамнан тұратын әскер жорыққа Батыс Алтай өңірінен 1236 жылы көктемде аттанып, маусым айында Еділ бұлғарларының жеріне жетті. Бату қолы Орта Азия қыпшақтарының қарсылығын жойған соң, Мәскеу (1238), Киев (1240), Краков (1241), Бресслау (1241), Будапешт (1241) қалаларын алып, Орта Еуропа, Тракия өңірін, Аустрия, Чехия, Словакияны бағындырып, 1243 жылы Еділ сағасына қайта оралды. («Айбын», Алматы, 2011 ж., 68-б.). Дәл осы жерде ол кейін ұзақ өмір сүрген жаңа моңғол мемлекетін құрды. Бұл мемлекетті көрсету үшін мұсылман авторлары бірнеше атауды қолданды: Жошы ұлысы, Қыпшақ мемлекеті, Берке елі, Солтүстік хандық,

тағы басқасы. Ал, зерттеу әдебиеттерінде ол Алтын Орда деген атпен белгілі. И.Тимофеев ол жөнінде: «Хорезм және Еділдің төменгі жағынан бастап, Днепрге дейінгі байтақ далада көшіп-қонып жүрген көшпенділерден тұратын Жошы ұлысы – Алтын Орда Русьтің мойнына байланған ауыр тастай еді» – деп жазады (И.Тимофеев, «Ибн Баттута», Мәскеу, 1983 ж., 164-б.).

Алтын Ордаға кең байтақ жер енді. Оның шегі батыста – Днепрге, шығыста – Ертіске, оңтүстікте – Солтүстік Кавказға, солтүстікте – Батыс Сібір ойпатына дейін жетті. Оңтүстік-шығыста солтүстік Хорезм мен Сырдарияның төменгі жағындағы жерлер енді. Бату әскерлерінен талқандалған орыс князьдықтары Алтын Орданың вассалдарына айналды. Олар Алтын Ордаға тәуелді болып, оның хандарынан княздықты басқаруға жарлық алғанына, төлем төлегеніне қарамастан, аз-маз бостандықтарын сақтады («Қазақтар», I том, Алматы, 2003 ж., 53-б.).

Алтын Орда экономикалық және әскери күш-қуаты толысып, мәдениеті өркендеген кезеңде (XIII-XIV ғғ.) жер көлемі 10 млн. шаршы шақырымнан асты. Бұл держава шығысынан батысына дейінгі аралығы шамамен 6160 шақырым, солтүстігінен оңтүстігіне дейінгі аралығы 4400 шақырым өлкені қамтыды.

Бату хан тұсында (1227-1255 жж.) мемлекет астанасы Еділ бойындағы Сарай Бату қаласы (қазіргі Астрахань маңында (1243 ж.), кейін Сарай Беркеге (Еділ бойымен Сарай Батудан жоғарырақ) көшірілді. Өзбек ханның (1312-1342 жж.) тұсында Сарай Беркеде болған араб оқымыстысы Ибн Баттута бұл жөнінде: «Сарай қаласы – жазыққа орналасқан, аса үлкен аумақты алып жатқан, көшелері кең, базарлары әдемі, халқы мол, таңғажайып қалалардың бірі. Онда діни қызметке негізделген отыз екі ірі мешіт бар, ал ұсақ-түйек мешіттер қисапсыз көп» деп жазады (И.Тимофеев, «Ибн Баттута», 1983 ж., 188-б.).

Берке хан билік еткен кезеңде (1255-1266 жж.) Алтын Орданың билік басындағы ақсүйектері арасында ислам діні тарай бастады. Ал, 1312 жылы Өзбек хан Алтын Ордада исламды мемлекеттік дін етіп жариялады. Қазақтың «Өзбектен дін қалды» деген мақалы осыдан шыққан (Ш.Құдайбердіұлы, «Қазақ шежіресі», 1991 ж.).

Алтын Орданың мемлекеттік құрылымы әскери негізде болды. Алтын Орданы билеуші хан ондағы барлық қарулы күштердің бас қолбасшысы саналды. Мемлекет билігінің белді ұйымы – әскери феодал шонжарлар мен алпауыт бектердің құрылтайы болды. Шешуші кезеңдерде осы құрылтайлар ашылып, мемлекет тағдырына қатысты, маңызды саяси әскери мәселелерді ақылдасып, шешіп отырды.

Алтын Орданың қарулы күштері оң қол, сол қол деп екі қанатқа бөлінді. Бату хан қарулы күштердің оң қанатын тікелей өзі басқарды да, сол қанатын ағасы Орда Еженнің басқаруына берді. Қарулы күштердің әр қанаты: түмендік, мыңдық, жүздік, ондықтарға бөлінді, түменбасы, мыңбасы, жүзбасы, онбасылар басқарды. Қарулы күштердің жоғары қолбасшылық міндеттерін хан тұқымынан шыққан ханзадалар, әскери феодалдар, нояндар атқарды. Олар өз қол астындағы әскерді басқарумен қатар, сол әскер алынған рутайпаларды да биледі. Әскери істі бектербегі, ал азаматтық істерді уәзір басқарды. Даруғалар салық жинаумен айналыса, басқақтар жергікті халықты әскери бақылауға алды.

Сол қанат құрамына Қазақстан территориясының үлкен бөлігі кірді. Жоғарыда айтқанымыздай, бұл қанатты Орда Ежен ұрпақтары биледі. Әйтсе де, Бату ұрпақтарына ептеп вассал болған Орда Ежен ұрпағы кейін өз мемлекеттерін тәуелсіздікке жеткізді. («Қазақтар», I том, 54-б.).

Алтын Орданың орталық аймағы – Еділ бойы (қазіргі Саратовтан Астраханға дейін), астанасы – Сарай Берке (немесе Сарай әл-Жәдид), негізгі әскери-феодалдық күші – қыпшақ тайпалары болды. Алтын Орда Бату (1227-1255), Берке

(1255-1266), Мөңке Темір (1266-1280), Туда Мөңке (1280-1287), Төле Бұқа (1287-1291), Тоқты (1291-1312), Өзбек (1312-1342), Жәнібек (1342-1357) тұсында кемеліне келіп, мейлінше күшейді. Егер, Жошы мен Бату Моңғолиядағы ұлы ханға белгілі бір дәрежеде бағынышты болса, Мөңке Темір кезінде империядан бөлініп, дербестікке қол жеткізеді. Батыс Еуропамен, Мысырмен, Кіші Азиямен, Үндістанмен, Қытаймен сауда-саттық өркендеді, әртүрлі кәсіпшілік пен қолөнер дамыды (Қазақ ССР. Энциклопедиялық анықтама, Алматы, 1980 ж., 168-б.).

Найзаның ұшымен, қылыштың жүзімен шаңырақ көтерген Алтын Орданың халқы мейлінше әртекті болды. Олар ислам, христиан және тәңірлік дінді ұстанып, ұйғыр жазуын пайдаланды. Жазу тілі негізінен түркі тілінде (шағатай) жүргізілді. Алтын Орданың астанасы Берке сарайында, Бату сарайында, Үргеніш, Хорезм, Сығанақ сияқты қалаларда ғылым, қолөнер және әдебиет айтарлықтай дамыды. Ғалымдар ілгеріде өткен Фараби, Ибн Сина, Бируни, Сығанақи, Йассауи, Бақырғани сияқты ғұламалардың асыл мұрасына ден қойып, олардың ілімін ілгері дамытса, ақын-жазушылардың ең көрнектілері – Рабғузи «Қиссас-ул-Әнбия», Сағди «Бустан», Сейдахмет «Таһшшухнама», «Салнама», Хусам Қатиб «Жұм-жұма» сияқты әдеби мұраларын дүниеге әкелді. (А.Сейдімбек, Шығармалары, II том, 35-б.). 1233 жылы Алтын Орда ақыны Әли «Қиса Жүсіп» дастанын жазды. 1303 жылы қыпшақ тіл сөздігі және әдеби мұра «Кодекс куманикумс» жазылды. 1341-1342 жылдары қыпшақ ақыны Құтбтың «Хұсрау-Шырын» дастаны дүниеге келді. 1357 жылы Махмұт Әлиұлы Кердері өзінің прозалық көркем әдеби «Наһжи ұлфарадис» кітабын жазды. 1359 жылы Ахмет Хорезмидің лирикалық махаббат дастаны «Махаббатнама» жарыққа шықты. 1391 жылы Алтын Орданың әйгілі қыпшақ ақыны Сайф Сарай кесек туынды – «Гүлстан бит турки» еңбегін жазды. 1409 жылы Дурбек ақын «Жүсіп-Зылиха» да-

станын жазып, жазба әдебиетінің асыл мұралары жарыққа шықты. Қазақ халқының қырыққа тарта батырдың ерлігі жырланған отызға жуық дастаннан тұратын эпосы – «Қырық батыр жыры» осы Алтын Орда дәуіріндегі ірі оқиғалардан басталған. Бұл эпоста жырланған басты кейіпкерлердің көпшілігі – Алтын Ордада өмір сүрген тарихи тұлғалар. Мысалы, «Орақ-Мамай» дастанындағы бас кейіпкерлер – Орақ пен Мамай Алтын Орданың әйгілі қолбасшылары. Мамай 1361 жылдан соң Алтын Орданы билеген (Қазақ әдебиеті. Энциклопедия, Алматы, 1999 ж., 53-б.).

Алтын Орда халқы этникалық жағынан біркелкі болған жоқ. Отырықшы аймақтарда Еділ бұлғарлары, қала қыпшақтары, орыстар, армяндар, гректер, ежелгі хазар мен алан ұрпақтары мен хорезмдіктер тұрды. Далалық өңірді негізінен мал шаруашылығымен айналысқан түркітілдес қыпшақ, арғын, қоңырат, керей, уақ, қаңлы, найман сияқты тайпалар мекендеді. Алтын Орданың мемлекеттігін әлсіретіп, ақыр аяғында ыдырауға соқтырған себептер бірнешеу. Бірінші – этникалық әртектіліктен туған сепарациялық ұмтылыстар, екінші – ақсүйектер арасындағы билікке талас, үшінші – сырт күштің бел алуы (А.Сейдімбек, Шығармалары, II том, 35-б.). Осының бәрі Алтын Орданы бірте-бірте әлсірете берді. Мәскеу мемлекетінің күшеюі және 1380 жылы Куликово шайқасында Мәскеу князі Дмитрий Донскойдың әскерімен болған шайқаста итжығыс түсуі бұл процесті күшейте түсті. XIV ғасырдың аяғында (1391 және 1399 жылдары) Ақсақ Темір Алтын Ордаға бас көтертпестей етіп екі рет күйрете соққы берді. Осыдан соң Орда бірте-бірте ыдырай бастады. XV ғасырдың басында Тоқтамыс хан мен Едіге бидің өзара таласы Алтын Орданы әбден әлсіретті. XV ғасырдың I жартысында одан Еділ бұлғарлары, Қазан мен Қырым бөлініп шықты, Хорезм Темір мемлекетіне тәуелді болды. 1480 жылы орыс княздықтары Ордадан толық тәуелсіздік алды (Қазақ ССР, Энциклопедиялық анықтама, 160-б.).

1502 жылы соңғы билеуші Шейх Ахмед ханның өлімінен соң Алтын Орда мемлекеті жойылды. Алтын Орда жерінде Қырым (1428-1792), Қазан (1437-1556), Ноғай (1466-1557), Сібір (1563-1656), Башқұрт (1656-1738) хандықтары сияқты мемлекеттік құрылымдар пайда болды. Қазақ хандығы да осы кезеңдерде (1456-1457) қалыптасты.



АҚ ОРДА

Шыңғыс ханның тау суындай қарқынды жорығы XIII ғасырдың 40 жылдарына дейін, бір ұрпақтың көз алдында Евразияның Ұлы даласына толық үстемдік жасап үлгерді. Алғашында Жошы ұлысы деген атпен шаңырақ көтерген мемлекет кешікпей – ақ қанатын кеңейтіп, Алтын Орда атанды. Шығысында Балқаш көлі мен Ертіс бойынан бастап, батысында Қаратеніз бен Дунай өзеніне дейінгі өңір Алтын Орда иелігінде болды. Әсіресе, Жошының бел баласы Бату ханның (1227-1255) батыл қимылдары Алтын Орданың мемлекеттігін біржолата орнықтырып, батысында Венгрия мен Польшаға дейінгі жерді, оңтүстігінде Кавказдың біраз бөлігін қол астына қаратты.

Алтын Ордада басқарудың ұлыстық жүйесі енгізіліп, басып алынған жерлер мен халықтарға үстемдік етті. Бату билігі кезінде Жошы ұлысы екі бөлікке – оң және сол қанатқа, яғни, екі мемлекеттік бірлікке бөлінді. XIV ғасырдың басында Жошы ұрпақтары иеліктерінің Еділ бойындағы даланы, Еділдің батыс жағындағы жерлерді, Қырымды, Солтүстік Кавказды және Хорезмнің солтүстік бөлігін қамтыған батыс бөлігі (оң қанат) бұрынғысынша Алтын Орданы құрады. Жошы ұлысының қазіргі Қазақстанның (Жетісуды қоспағанда) Жайық өзенінің шығыс жағындағы және Арал теңізі мен Сырдарияның солтүстік жағындағы кең-байтақ аумақты қамтыған шығыс бөлігі (сол қанат) Ақ Орда құрамына кірді.

Алтын Ордада – негізінен Бату ханның ұрпақтары, Ақ Ордада Орда-Еженнің ұрпақтары билік құрды. Әйтсе де, Бату ұрпақтарына аз мөлшерде вассалы болған Орда Ежен ұрпақтары өз мемлекеттерін тәуелсіздікке жеткізді (Қазақтар. 1-т., 54-б.).

Хан ордасы XIII ғасырдың орта шенінде (Плано Карпини жазбасы бойынша) Алакөлдің маңында, яғни, Орда Еженнің әкесі Жошы ханның бастапқы отырған жерінде болды.

Орда Еженнің иеліктері мен Алтын Орданың арасына орналасқан Қазақстан аумағы Шайбани мен оның ұрпақтарына бағынышты болды. XIV-XV ғасырдың басында бұл аумақты шығыс авторлары бірде Ақ Орда, бірде Көк Орда деп атайды. Мұны Орда Ежен әулеті өкілдері билігінің осы аумаққа да таралуымен түсіндіруге болады.

Ақ Орда моңғолдардан кейінгі кезеңде Қазақстан аумағында жергілікті этникалық негізде құрылған тұңғыш ірі мемлекеттік құрылым. Оны осы жерлерді ежелден мекендеп келе жатқан және моңғолдардың жаулап алуынан көп бұрын-ақ қыпшақ бірлестігінің құрамына кірген, сондай-ақ Шыңғыс ханның шапқыншылығы кезінде Қазақстанның шығыс және оңтүстікшығыс аудандары мен Алтайдан қоныс аударған түркі тілдес тайпалар мекендейтін еді. Онда қыпшақтармен қатар наймандар, үйсіндер, қарлұқтар, керейіттер (керейлер), арғындар, сондайақ қоңыраттар, маңғыттар және басқалар мекендеген. Шыңғысхан әскерінің тұрақтанған тобы жергілікті халыққа сіңіп, олардың дінін, тұрмыс-салтын қабылдады (Қазақстан тарихы. т-2, 109 б).

1226-1309 жылдарда Ақ Ордада Орда Ежен (1226-47/50), Күнқыран (1250/51-80), Қоныша (1289-1301), Баян (1301-1309) билік құрды. Орда Еженнің алғашқы мирасқорлары тұсында-ақ Ақ Орданың билеушілері Алтын Орданың қол астында екенін сөз жүзінде мойындағанымен, іс жүзінде тәуелсіз саясат жүргізді. Ол кезде Алтын Орда хандарының астанасы Ұлы Сарай еді, олар Ақ Орданы тек сөз жүзінде

ғана басқарды, ал барлық ішкі саяси күш Ақ Орданың өзінде болды. Сол себепті де шығыс қолжазбаларында Ақ Орда Алтын Ордамен қатар одан өзгеше бір мемлекет ретінде сипатталады.

XIV ғасырдың басында Шыңғыс хан ұрпақтарының арасындағы алауыздық күшейген заманда Орда Еженнің немересі – Баян атасына қараған ұлыстың көп жерін өз қол астында сақтап қалды. XIII ғасырдың екінші жартысы мен XIV ғасырдың басында Сырдарияның орта ағысы бойындағы қалалардың экономикалық, мәдени, геосаяси жағынан қайта өркендеуінің және Хайду мен Дуваның Баян ханмен Шығыс Қазақстанда территория үшін талас-тартысының нәтижесінде ұлыс орталығы Сыр бойына, Сығанақ қаласына көшірілді (Айбын. Энциклопедия. А., 2011. 42 б.).

Ақ Орда феодалдық мемлекет еді. Алайда, оның қол астындағы жерлерде қоғамдық дамудың дәрежесі біркелкі болған жоқ. Ақ Ордаға қарасты отырықшы, егінші аймақтарда феодалдық қатынас қалыптасты. Ал көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданған аймақтарда көшпелі мал шаруашылық өндірісінің өзгешелігіне сай патриархалдық – феодалдық қарым-қатынас басым болып отырды.

Ерзен (1320-1344), Мүбәрәк Қожа (1344-1345), Шымтай (1345-1366), Орыс (1361-1380) хандар тұсында Ақ Орданың саяси-шаруашылық мәдениеті гүлденіп, күшқуаты кемеліне келді, мемлекеттік беделі артты. Көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы өркендеуімен бірге, Сырдарияның орта алқабы мен Талас, Шу өзендері бойындағы отырықшы-егінші өңірлердегі егін шаруашылығы қалпына келіп, қайта дамыды. Бұл алқапта Шыңғыс хан жорығынан бұрын мейлінше гүлденген, бірақ соғыста бүлініп құлдыраған Отырар, Сығанақ, Жент, Баршынкент т.б. қалалар қайта жанданды. Ақ Орда хандары қалаларды қалпына келтіріп, қайта құруға зор күш жұмсады. Ерзен

хан тұсында Сыр бойындағы қалаларда көптеген медресе, мешіт, ханака, ғимараттар салынды. Бұлар Орта Азиядағы ірі қалалар мен Алтын Орданың орталығы Сараймен арадағы сауда керуен жолы үстінде болғандықтан, бұл қалаларда сауда-сағтық өрістеді. Қолөнер дамыды, қала мәдениеті гүлденді. Шаруашылықтың өркендеуі мен сауданың дамуына байланысты ақша айналысы күшейді. (Н.Мыңжан. Қазақтың тарихы. А., 1994. 212 б.). Бұл кезде Ақ Орда әлі де Алтын Орданың құрамында еді. Ақ Орда алғаш рет Ерзеннің ұлы Мүбәрәк Қожа хан тұсында өзінің саяси тәуелсіздігін сақтауға ұмтылды.

Орыс хан тұсында Ақ Орда дербес хандыққа айналды. П.Савельев, А.Ю.Якубовский, П.П.Иванов Натанзияның «Му ин-ад-дин» атты туындысына сүйене отырып, Орыс хан – Шымтай ханның ұлы, Жошы ханның немересі деп санайды. Орыс хан 1361-1362 жылдары Ақ Ордада әкесінің орнына таққа отырды. Бірақ, 1368-69 жылдардан бастап қана (Ақ Орданың астанасы Сығанақ қаласында өзі соқтырған теңгелер осы кезден бастап белгілі) Ақ Орданы дербес биледі. Орыс хан қашанда саяси жағынан Алтын Ордаға тәуелсіз Ақ Орданы басқаруға ұмтылған екен. Әбдіразақ Самарқанидың мәлімдеуінше, Орыс хан Ақ Орданың Сырдария маңындағы аймақтарда егін және қала шаруашылықтарын дамытуды қолдаған. Ал сыртқы саясаты негізінен Әмір Темірдің шапқыншылық жорығына тойтарыс беруге бағытталды (Қазақ Совет энциклопедиясы, 8 том, 599 б.). Бұл мақсаттарды жүзеге асырудың аса тиімді де басты шарасы – ішкі феодалдық қырқыстарды жойып, бір орталыққа бағынған мемлекет құру еді. Бұл дәуірдегі ауыр апат – Шыңғыс тұқымынан тараған сұлтандар мен ханзадалардың хан тағына таласқан ішкі феодалдық қырқысы болатын. Ақ Орда хандығында 1354-1364 жылға дейін өзара қырқысқан күрес үстінде сегіз хан қаза тапты. Орыс хан Ақ Орданың ханы болып тағайындалған соң ішкі феодалдық қырқыс-

ты жойып, Алтын Орданы өзіне бағындыруға әрекет етті. Осы мақсатын жүзеге асыру үшін 1368 жылы «державаның тіректері мен сарай шонжарларының» қолдауына сүйенген Орыс хан Еділ бойы жағына жорық жасады. Ол 1374-1375 жылдары Сарайды алып, Қажы – Тарханды (Астраханьды) қоршады, деректемеде «Орыс Хан жұрты» деп аталған Кама бұлғарларының жерін бағындырды. (М.Г.Сафарғалиев. Алтын Орданың құлауы. Саранск. 1960, 130 б).

Бірақ, 1375-1376 жылдары Орыс хан Сырдария жағасына қайтуға мәжбүр болды, ал онда Ақ Орданың оңтүстік шегінде Орта Азияның билеушісі Әмір Темір өзінің агрессиялық қимылдарын өрістетіп жатқан болатын.

Ақ Орда хандығының негізгі әскери күші ерте заманнан осы өңірді мекен еткен көшпелі және жартылай көшпелі тайпалар еді. Бұл тайпалардың ішіндегі алты арыс ел – қыпшақ, найман, жалайыр, қоңырат, алшын, арғын «алты сан алаш» яки «алаш мыңы» деген атпен Жошы хан ұлысына еніп, Жошы хан өлген соң Орда Ежен шаңырағын көтерген Ақ Орданың ұйытқысы болған еді. Қазақтың алғашқы армиясы – Алаш мыңдығы Орыс ханның ұлдары Тоқтақия, Темір-Мәліктің басшылығымен Әмір Темірге қарсы талай мәрте шайқастарға қатысты. (Қазақтың қысқаша тарихы, 215 б.). Ақ Орданың күшеюінен сескенген Темір Орыс ханға Ақ Ордадағы өзінің қолшоқпары Тоқтамысты айдап салды. Темірдің әскери көмегіне сүйенген Тоқтамыстың 1374-1375 жылдардағы Орыс ханға қарсы алғашқы жорығы сәтсіз аяқталды, Ақ Орда әскерлері Тоқтамыстың әскерлерін талқандады. Тек төртінші жорық кезінде Орыс ханның және оның баласы Тоқтақияның қайтыс болуы Әмір Темір мен оның қолшоқпарларының жеңіске жетуіне мүмкіндік берді. 1377 жылы Орыс хан қайтыс болғаннан кейін Ақ Орда иелігі оның баласы Темір Мәлікке көшті. Осы кезде Тоқтамыс Әмір Темірге сүйеніп, Темір Мәліктің әскерін талқандап, өзін 1379 жылы Ақ Орданың ханы деп жариялайды. 1380

жылы Тоқтамыс Сарай – Берке мен Еділ маңындағы басқа да қалаларды, Қырым мен Мамай ордасын басып алды. Ақ Орда мен Алтын Орданы билігіне алған Тоқтамыс бұрынғы жебеушісі Темірдің енді өзіне қарсы шықты. 1395 жылы Тоқтамыс Темірден күйрей жеңіліс тауып Сібірге қашып кетті, оны 1406 жылы Сібір ханы Шәдібек өлтірді. Ақ Орда Әмір Темірдің боданына айналды.

1423-1424 жылдары Орыс ханның немересі Барақ өзінің бақталастарын жеңіп шығып, Ақ Ордада хандық билікті өз қолына алады. Бұл кезде, Ақ Орданың басты қаласы Сығанақ, сондай ақ Сырдың орта ағысындағы қалалар Темір әулетінің қолында еді. 1425-1426 жылдары Барақ Ақсақ Темірдің немересі Ұлықбекке қарсы жорыққа аттанып, Сығанақты және Сырдария бойындағы басқа да қалаларды босатты. Осы жеңістің нәтижесінде Ақ Орда Темір әулетінің үстемдігінен тәуелсіз болып алды. Алайда, Ақ Орданың ішіндегі феодалдық талас-тартыс тоқтамады. Осының салдарынан 1428 жылы Барақ хан Ноғай Ордасының мырзалары Қазі, Наурыздың тасадан атқан оғынан қапылыста қаза табады. Ол Ақ Орданың соңғы ханы болды. Барақ хан өлген соң, Шығыс Дешті Қыпшақта шайбанилық Әбілхайыр ханның қырық жылдық билігі орнады (Б.Д.Жұмақасова, Қазақстан тарихы, А. 2010, 81 б.).

Түркі тілдес тайпалар мекендеген Ақ Орданың ресми тілі – қыпшақ тілі, немесе көне қазақ тілі болып табылады. Батыс түрік (VI-VIII), Түркеш-қарлық (VIII-X) және кимақ-қыпшақ (X-XII ғасырлар) дәуірлерінен бастап қазақ тайпаларының өз алдына халық болып қалыптасуы осы Ақ Орда кезінде үздіксіз жүрді. Ақ Орданың астанасы Сығанақ қаласында, Сырдың орталық бөлігіндегі қалаларда ғылыми ізденістер, қолөнері және әдебиет айтарлықтай дамыды. 1341-1342 жылдары қыпшақ тайпасынан шыққан атақты ақын Құтб қыпшақ тілінде (көне қазақ тілінде) «Хұсырау-Шырын» дастанын жазды. 1359 жылы атақты ақын Ах-

мет Хорезми Сырдария бойында әйгілі «Махаббатнама» дастанын жазды. XIV ғасырда жазылған «Шаджарат әл - атрак» («Түрік шежіресі») атты кітаптағы деректер мен ел аузындағы аңыздар бойынша, 1227 жылы Жошы хан аң аулай жүріп қаза тапқанда, Шыңғыс ханға қаралы хабарды жеткізуге ешкім батпайды. Сонда көне дәуірдегі қазақтың ұлы жыршысы, сазгер-күйшісі және халықтың тарихи аңыздарының кейіпкері найман Кетбұға бас кетер ауыр міндетті өз мойнына алады. Әуелі: «теңіз бастан былғанды, кім тұндырар, а, ханым, Терек түптен құлады, кім тұрғызар, а, ханым», – деп Шыңғысханды қаралы хабарға әзірлеп алады да, баласы Жошының өлімін күймен естіртеді. «Ақсақ құлан – Жошы хан» күйі осылай жарыққа шыққан (Қазақ өнері. Энциклопедия. А., 2002. 265 б.). Сыпыра жырау сол замандағы Тоқтамыс пен Темір арасындағы тартысты жырлады. Жыраудың толғаулары әралуан аңыз, әңгімелер мен («Құбығұл», «Едіге би», «Тоқтамыс ханның хикаясы» т.б.) эпикалық жырларда ғана сақталып қалған («Ер Тарғын», «Едіге батыр» т.б.).

1227 жылы Жошы хан өліп, Жошы ұлысы екіге жіктелгенде жарыққа шыққан Орда Ежен ұлысынан бастап, 1428 жылы қайтыс болған Ақ Орданың соңғы ханы Барақ ханға дейінгі аралықта Ақ Орда хандығы екі жүз жыл өмір сүрді. Ақ Орда мемлекеті кейінгі Қазақ хандығының құрылуына негіз қалады, тіпті, қазақ хандығын құрушы Керей мен Жәнібек Орыс ханның немересі еді. Осы Керей мен Жәнібек құрған қазақ хандығы тұсында қазақ халқының өз алдына жеке халық болып қалыптасу барысы толық аяқталды.



II-бөлім

ТҮБІМІЗ – ТҮРКІ, ҰРАНЫМЫЗ – АЛАШ



КӨНЕ ТҮРКІЛЕР КӨСЕМІ

Тоныкөк (Тонұқық, 646-741) – Екінші Шығыс Түркі қағанатының негізін қалаушылардың бірі, заманында Түркі қағанатының үш бірдей қағанына уәзір болып, түркі елінің халқын көбейтіп, жерін кеңейтуге үлкен үлес қосқан кемеңгер. Көшпелілер тарихында артына өшпес із қалдырып, ақыл-парасатына, қол қайратына, көрегендігіне табындырып, ел-жұртының қасіретін, қуанышын, ерлігі мен елдігін тасқа қашап, мәңгілік мұра қалдырған **Тоныкөк – бірегей тұлға.**

Ол тас жазуда: «Мен, Білге Тоныкөк, табғаш (қытай) елінде тәрбиеленіп өстім. Түркі халқы ол кезде табғаштарға бағынышты еді» деп жазылған (Қазақ халқының тарихи тұлғалары: Қысқаша анықтамалық, А., 2013, 85-б.). Тарихи деректер Тоныкөктің Шұғай құзын мекендеген оғыздардан екенін меңзейді. Ол да түркінің бір тайпасы. Ашина әулетіне жиен болып келеді. Бір қызығы, Тоныкөк Қытайға қараған түркілердің ішінде туып, астанасы Чань-аньда ер жетеді. Тарихи деректер оны атақты Қытай сардарлары, әскери стратегтер – Ли Цзин, Ли Цзимен қатар қояды. Бұл – үлкен баға. Демек, бұл жерде Тоныкөктің Чань-аньда ақсүйектер оқитын Гоцзыцзян мектебінде оқығаны белгілі болып тұр. Әйтпесе, ол тез арада ұлықтыққа көтеріліп, шекара аймақты басқарушы бас бақылаушы – тежеуіл бола қоймас еді. Бірақ, ол Қытайда алған білімін түгелдей Түркі қағанаты мен

халқының бостандығы үшін жұмсады (Т.Зәкенұлы). Елтеріс, Қапаған, Білге қағандардың ақылгөйі, Күлтегін оғланның батагөйі болған Тоныкөктей ғұлама болмаса, шындығында да түркі жұрты ел болып, есін жиып, еркіндік алмас еді. Алайда, оның ата тегі туралы мәліметтер қытай шежірешілерінің қат-қат жылнамаларының ішінде жатқаны сөзсіз. Әзірше, мағұлым болған деректерде Тоныкөктің жорықтары көбірек қамтылады.

Қытай сарайында жүріп, олардың өз еліне жасап жатқан қорлық-зорлығының бәрін көріп-біліп өскен Тоныкөк ақыры шыдай алмай, 682 жылы Ашина ұрпағы, Солтүстік Қытайдағы Кэт елханның немере інісі, ол кезде «тудун» лауазымындағы Құтылықпен бірігіп, табғаштарға қарсы көтеріліске шығады. 682-687 жылдары Шығыс Түркілері Қытайға қарсы азаттық күресі нәтижесінде өз мемлекеттерін қайта құрады. Құтылық қаған болып сайланып, «Елтеріс Білге қаған» («Елінің басын қосқан білгір данышпан») деген лауазымға ие болады. Оның ең жақын көмекшісі, ақылшысы, бас қолбасшы болып Тоныкөк сайланады. Күлтегін жазбасы бойынша, Елтеріс – Құтылық өз өмірінде қытайларға, оғыздарға, хуригандарға, қырғыздарға, хятандар мен татабилерге қарсы 47 жорық жасап, ірі-ірі 20 шайқаста түркілер қолын бастап, жеңіске жеткен. Тоныкөк 29 жорыққа қатысқан, оның 17-сі қытайлармен, 7-і – кутандармен, 5-і – оғыздармен болған.

691 жылы Елтеріс қаған өлгеннен кейін қаған тағына оның 27 жасқа толған інісі Қапаған (693-716) отырып, оның кезінде қағанаттың әскери-саяси күдіреті күшейіп, кемеліне жетеді. Солтүстік Қытайды, қидандарды, Енисей қырғыздарын бағындыруы (709-710) Қапағанды 716 жылға дейін Орталық Азияның қожасы етті. Тоныкөк оған да сенімді серік, білікті ақылшы болып, адал қызмет етеді. Бұл ретте Тоныкөктің өзі тас жазуда: «Елтөресі (Құтылық) қаған, Білге Тоныкөк қам жеп, иелік қылған үшін Қапаған қаған бар болып отыр», – дейді.

711 жылы Қапағанның баласы Инел мен Тоныкөк басқарған Екінші Шығыс Түрік әскері түргештердің әскерін Жоңғариядағы Болуги өзенінің бойында талқандайды. Ол еліне сіңірген еңбегінің арқасында түркі әскеріндегі ең жоғарғы атақ – Білге бойла аға Тархан, яғни, түркі әскерінің саяси жетекшісі деңгейіне көтеріледі (З.Қинаятұлы).

Қытай жылнамасы Қапағанды «қарамағындағыларға аяусыз қатыгездікпен қарады, қартайған сайын қызғаншақ, ақылсыз бола бастады» деп суреттейді. Тоныкөк осы кезде қағанға өкпелеп, Қытайға өтіп кетуге жырыла көшкен ру-тайпа көсемдерін тоқтатып, ел бүтіндігін сақтау үшін күндіз отырмай, түнде ұйықтамай, ат үстінде жүреді. Бірақ, Тоныкөктің халық алдындағы беделінің тым жоғарлығын қызғанған Қапаған оны ел билігінен оқшаулай бастайды. Қағанат құлауға айналады. Ақырында Қапаған қаған (716) ойда жоқта өз қандастарының қолынан қаза табады (А.Сейдімбек. Шығармалары. А., 2010, V т., 435-б.).

Осы қиын жағдайдан мемлекетті Білге қаған мен інісі Күлтегін шығарды. Білге – Құтылықтың баласы, Күлтегіннің ағасы. Екеуі де хан тағына мұрагер болатын. 21 жастағы жас батыр Күлтегін әкенің тағын ағасы Могилиянға ұсынып, оны Білге (данышпан білгір) қаған деп лауазымдап, Түркі мемлекетінің қаған тағына отырғызады. Өзі елінің сол қанатының билеушісі және бас қолбасшы болып тағайындалады. Білге қаған өз тайпасының ортасына кеткен Тоныкөкті ордаға қайта алдырып, бас уәзір етеді. Білге қаған билік еткен тұста абыз Тоныкөкті Қытаймен бітім жасау мақсатында (722) елшілікке жібереді («Айбын». Энциклопедия, А., 2011, 228-б.). Нәтижесінде, 722 жылдан 741 жылға дейінгі жиырма жыл бойы халық бейбіт өмір сүреді. 731 жылы – Күлтегін, ал көп ұзамай, 734 жылы Білге қаған да қайтыс болады.

Тоныкөк білге 716 жылы Күлтегінге қолбасшылықты аманатқа тапсырғанда 70 жаста болатын. Ал, 727 жылы Қытай императоры елші жіберіп, жылына 100 мың тай жібек беруді

ұсынған келісімнің тұсында ғұлама білге билікке қатысқан. Демек, дала абызы 646 жылы туып, 90 жас жасаған («Дала даналары», А., 2001, 41-б.).

Тоныкөк ескерткіші мәтінінде оның қоғамда атқарған ролі ашық көрсетілген. Ол философиялық ақыл-ойдың иесі еді. Мысалы, дана былай дейді: «Елтеріс қағанның ақылдылығынан, батырлығынан табағаштармен 27 рет соғысты. Кутандармен 7 рет соғысты. Оғыздармен 5 рет соғысты. Сонда ақылгөйі де мен едім. Дем берушісі де мен едім. Елтеріс қаған үшін, Түркі Бөрі (кейінгі Білге) қаған үшін, Қапаған қаған үшін түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым. Қызыл қанымды төктім, қара терімді ағыздым. Күш-қуатымды аямадым. Мен өзім ұзақ жорықтарға да бастадым, Түркі елі үшін», – деп шындықты толғайды.

Не деген мемлекеттік деңгейдегі мәдениет көрініс тапқан еді десенізші бұл сөздерде! Мұндай ұстанымға жету үшін халықтар мыңжылдықтарға пара-пар жол жүріп өтуі қажет. Сонау не француз, яки, ағылшын, тіпті, ешқандай жазу жоқ кезде ұлтжандылықты, ғаламдық ойларды осындай жыр жолдары арқылы өте терең мазмұнды түрде жеткізе білу – керемет құбылыс! (О.Сүлейменов).

Оның құрметіне Тоныкөк жазба ескерткіші қойылған. Тоныкөк ескерткішінің мәтінін оқып, оның ақылгөйлігін таныған В.Бартольд Тоныкөкті Францияның белгілі мемлекет қайраткері, дарынды дипломаты, әрі король кеңесшісі Талейран – Пригорге (1754-1838) теңейді. Ал, қазақ тарихында Тоныкөкті Бұқар жыраумен теңестіруге болады («Қазақстан». Ұлттық энциклопедия, VIII том).

Бүгінгі күнге жеткен «Тоныкөк жазба ескерткіші» – Екінші Шығыс Түрік қағандығының саяси, қоғамдық және әлеуметтік өмірін ежелгі түркі поэзиясы стилінде зор шеберлікпен бейнелеп көрсеткен, идеялық мазмұны мен көркемдік дәрежесі биік әдеби жәдігерлік. Бұл жырдың мәтіні көне түркі жазуымен бедерлеп жазылған құлпытасты XIX ғасырда Солтүстік Моңғолиядағы Селенгі өзені бой-

ынан Д.Клеменц тапқан. Тоныкөк құрметіне қойылған бұл ескерткіштің мәтінін оқу, басқа тілдерге аударма жасау және оны ғылыми тұрғыдан зерттеу ісіне В.Томсен, В.Бартольд, С.Малов, тағы басқа түркітанушы ғалымдар мол үлес қосты. Тоныкөк жазба ескерткішін қазақ әдебиеті тұрғысынан тұңғыш рет зерттеген М.Жолдасбеков болды. Тоныкөк жазба ескерткіші 313 өлең жолынан тұрады. Мұнда түркілердің өз елі, жері үшін жүргізген соғыстарын атап айтып, соның бәрінде түркілердің жеңіске жеткенін, сол жеңістер өзінен-өзі келмегені, оған Тоныкөк өзінің ақыл-кеңесімен, істерімен қыруар үлес қосқаны шеберлікпен суреттеледі (Н.Келімбетов). Ол өзінің бағасын, тарихтағы орнын өзі тасқа қашап жазып кетті.

«Тәңірі жарылқады! Бүкіл түркі жұртына қарулы жау келтірмедім, атты әскер жолатпадым. Ел төресі жауламаса, оған еріп мен жауламасам, елім, халқым жойылар еді. Оның шабуылының нәтижесінде, менің шабуылымның нәтижесінде еліміз қайта ел болды, халқымыз қайта халық болды. Өзім қартайдым, ұлық болдым. Түркі Білге қағанның еліне арнап тасқа жаздырған мен – Білге Тоныкөкпін», – дейді дана қарт (А.Сейдімбек).

Орхон ескерткіштері Күлтегінге, Білге қағанға, Тоныкөкке арналған ғажайып ескерткіштер – тарихи жырларға жатады. Елдікті дәріптеу, батырдың жетісін, қырқын беру, жыл толғанда ас беру, аста ақындардың жоқтау айтуы, бәрі де қазақта бүгінге дейін үзілмеген салт. Сол ескерткіштерде: «Тізесі барлар – бүгілер, басы барлар – жүгінер», «Бек ұлдарың күл болмағай, Пәк қыздарың күң болмағай», «Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп», «Елін сүйген ер бақытты», «Қағаны – батыр, ақылгөйі – кемеңгер елдің бағы жанады», «Жауыңды басындырма, халқыңды ашындырма», «Жауға қарсы шаппаған – жаудың аяғына жығылар», «Қаған парызы – халқының қарнын тойғызып, мерейін өсіріп отыру», «Жауыңнан бұрын қимылда – жеріңе жамандық келмейді», «Нағыз ер «дүние – мал» деп дірілдемес болар» деген секілді

жыр жолдарын, мақал-мәтелдерді, афоризмдерді көптеп кездестіреміз. Сөз болып отырған сол асыл мұраларда, негізінен, Отанды қорғау, елді біріктіру, мәңгілік ел орнату идеясы анық көрінеді.

«Көкте Тәңірі,

Төменде қара жер жаралғанда,

Екеуінің арасында адам баласы жаралған.

Адам баласының үстіне

Менің ата тегім Бумын қаған,

Естеми қаған отырған...

Кедейді бай қылған,

Азды көп қылған.

Тату елге жақсылық қылған.

Олар осындай білге қағандар еді,

Олар осындай ұлы қағандар еді», – деп басталатын Орхон ескерткіш жазулары – түркі халықтарының, алдымен, қазақ халқының байырғы асыл мұралары (М.Жолдасбеков). Сол ескерткіштерді арнаған Күлтегін де, Білге қаған да, Тоныкөк те, үш ғасыр дүниенің төрт бұрышын билеген Түркі қағанатын құрған Бумын, Естеми, Құтылық (Елтеріс) қағандардың барлығы да – біздің ұлы бабаларымыз.

Шығыс Түркі қағанатының екінші рет қайта жаңғыруына орай Селенгі өзенінің бойында 57 тайпаның таңбасы ойылып жазып орнатылған мәңгі тас бар. Соның ішінен қазіргі қазақ елінің құрамындағы найман, керей, алшын, қыпшақ руларының таңбаларын анық ажыратуға болады. Демек, біз осы таңбаларға қарап, бүгінгі қазақ ұлты сол Екінші Шығыс Түркі қағанатын құрушы белсенді және басты тұлғалық тайпалардың бірі болған деп толық сеніммен айтуға болады (Т.Жұртбаев).

Ұрпағымыз өз бабаларын танып-біліп, өз халқының түп тарихын оқып өсуі керек.

КҮЛТЕГІН

*«Біз Көктен жаралған, Көктің ұлы – түркі
жұрты боламыз!».*

Білге Қаған.

Күлтегін ҚҰТЫЛЫҚҰЛЫ (684-731) – екінші Шығыс Түркі қағанаты әскерінің бас қолбасшысы, «Көк түркінің көк семсері» атанған атақты батыры. Моңғолша «Тэнгри» деп аспанды айтады. Оған «хөх» (көк) деген ұғымды қосады. Оның сыры Моңғолияның табиғатында жатыр. Бұл өлкеде жылдың 365 тәулігінің төрттен үшінде көк аспанды бұлт шалмайды. Халықтың Көк Тәңіріне құлшылық ететіні осыдан болар. Бұл біздің ата-бабаларымыздың ежелгі мекені. Олардың «көктүріктер» атануы да содан болса керек. Түркілер «Халқы үшін түн ұйықтамай, күндіз отырмай, қара терін төгіп, қызыл қанын ағызып жүріп елін ел еткен» батыр ұлдарын «Көктің ұлы» деп атаған. Солардың бірі – КҮЛТЕГІН.

Көк түркілер ұлдары ішінде Күлтегін сияқты атаққа лайықтылары өте көп. Олардың алдыңғы қатарында алғашқы Түркі қағанатын құрған Бумын қаған, түркілердің батыс шебін Сырдария, Темір қақпаға дейін жеткізген Естемі қаған, түркілерді табғаштардың (түркі-қытай аралық некеден туған билеушілер) құлдығынан құтқарып, Шығыс Түркі қағанатын құрған Күлтегіннің әкесі Құтылық (Елтеріс) қаған, ағалары Могилян (Білге қаған), Бек – Чор (Қапаған) қаған және басқалар жатады (З.Қинаятұлы).

Күлтегін 684 жылы қазіргі Моңғолияның Орхон өзені бойында тоғыз оғыздардың жерінде туған. Тоғыз оғыздар – қазіргі қазақтың Орта жүзі құрамындағы керейлердің арғы аталары. Әкесінен жастай жетім қалып, ағасы Қапаған қағанның және дана Тоныкөктің тәрбиесінде өскен Күлтегін тым ерте есейіп, қабырғасы қатып, бұғанасы бекімей жатып, жау жарағын асынып, түркі еліне тұс-тұстан анталаған басқыншы жауға қарсы үлкендер қатарында тұрып, ерлікпен күреседі. Бұл ретте түркінің атақты Білге қағаны Күлтегін батырдың басына қойылған ескерткіш тасқа ойып жаздырған ғұмырнамасында «Әкем қаған өлгенде інім Күлтегін жеті жаста қалды. Он жаста Ұмай текті шешемнің бағына інім Күлтегін ер атанды», – деп жазды. Міне, осыдан былай Күлтегіннің ерлік жолы басталады. Ағасы Білге қаған және Тоныкөкпен бірге Күлтегін 712-713 жылдары түріктердің әскерін соғды еліне бастап келіп, оның билеушісі Гуректі жақтап, араб қолбасшысы Кутейба ибн Мүсліммен соғысқан. Одан жеңіліс тауып, кері шегінеді. Шегіну кезінде Күлтегін үлкен жасақпен кейін қалып, негізгі күшті қорғап қалды. 714 жылы Білге қаған мен Күлтегін бірлесіп, қарлұқтар мен олардың одақтастарына соққы берді. 715 жылы Күлтегін азарларды Қаракөл өзені төңірегінде ойсырата жеңді (Айбын. Энциклопедия. А., 2011, 427-б.).

Тарихи деректер сол кездегі ел тәуелсіздігін сақтап қалу жолында болған қырғын соғыстардың бірде біреуінің Күлтегінсіз өтпегенін тамсана баяндайды. Бұл туралы Күлтегін жазуында нақты белгіленген. Тас жазудың авторы Иоллығтегін Күлтегін ерлігін былайша тізбелейді: «Он алты жасына келгенде ... алты чуб, соғдыларға қарсы аттандық. Күлтегін жауға жалғыз ұмтылды. Табғаш Он тутьықты қарулы басшыларымен қолға түсірді. Ол әскерді сонда талқандадық. Жиырма бір жасында Чача Сендүнмен айқастық. Күлтегін әуелі Тадықан шораның боз атын мініп шапты. Ол ат сонда өлді. Екіншісінде Ышбар Жамтардың боз атын мініп шапты. Ол атта сонда өлді. Үшіншісінде

Сілікбек тегіннің торы атын мініп шапты. Ол ат та сонда өлді. Күлтегіннің сауытына, қалқанына жүздеген оқ тиді. Бірақ, бірі де денесіне дарыған жоқ. Күлтегін жиырма алты жасқа келгенде қырғыздарға қарсы атандық. Күлтегін Байырқының ақбоз айғырына мініп, шабуылға ұмтылды. Бір батырын оққа ұшырды, екі батырын найзамен түйреп түсірді. Ақбоз айғырдың белі үзілді. Қырғыз қағанын өлтіріп, елін алдық... Тоғу қаласында шайқастық. Күлтегін азбан ағын мініп ұмтылды. Алты батырын шаншып түсіріп, жетіншісін қылышпен шапты. Тоғыз батырын қуып жетіп, тақымға басты... Оғыздармен соғыстық, Күлтегін жетімек ақты мініп шауып, тоғыз ерін шанышты... Түргеш халқы жау болды. Күлтегінді шағын қолмен жібердік. Жойқын соғыс жасапты. Қара түргеш халқы сол жерде өлім тауыпты...» (А.Сейдімбек, Шығармалары, А., 2010, V т., 437-б.).

Шығыста – татабылар, қидандар, солтүстікте – қырғыздар мен аздар, батыста – түргештер, басмылдар мен соғдылар түгелдей Қапаған қаған басқарған қағанатқа бағынды. Алайда, рулық-тайпалық бөліністе өмір сүріп үйренген түріктер, отырықшы қытайға бағынбай тәуелсіз ел болу үшін көшпенділерді күшпен біріктіруге мәжбүр болып отырған Қапаған қағанның көреген саясатын түсіне алмады. 711 жылдан бастап қарлұқтар, аздар және ізгілдер оған қарсы көтерілді. Оларды біртіндеп ұйғырлар, байырқулар және манчжур-тұңғыс тілінде сөйлейтін, түріктерге жау қидан және татабы тайпалары қолдады. Осындай дүрбелеңде 716 жылы Қапаған қаған байырқулардың көтерілісін басып, қайтып келе жатқанда аңдаусызда тосқауылға тап болып, қайтыс болады.

Енді билік кезегі Құтылықтың ұлдары – Могилян мен Күлтегінге келеді. Екеуі де хан тағына мұрагер болатын. 21 жастағы жас батыр Күлтегін әкенің қаған тағын ағасы Могилянға ұсынып, оны «Білге (данышпан, білгір, парасатты) қаған» деп лауазымдап, Түркі мемлекетінің қаған тағына отырғызды. Өзі елінің сол қанатының билеушісі және Түркі

мемлекетінің әскери бас қолбасшысы болып тағайындалды. Түркі мемлекеті үшін бұл өте ауыр кезең қазіргі Моңғолияның Орхон өзені бойындағы Білге қаған ескерткішіндегі мына жазулардан айқын аңғарылады: «...Түркі халқының атақ-даңқы өшпесін деп Тәңірі мені қаған отырғызды. Ең болмаса, дәулетті халықты билемедім. Іші ассыз, сырты тонсыз, әлсіз, нашар халықты басқардым. Інім Күлтегінмен, екі шад, інім Күллі – Чормен ақылдастым. Әкеміз, ағамыз иелік еткен халықтың атақ-даңқы өшпесін деп, түркі халқы үшін түн ұйықтамадым. Күндіз отырмадым. Інім Күлтегінмен бірге, екі шадпен бірге өліп-талып иелік еттім... Ебтегі халықты өз ішінен жауластырмадым (от-су қылмадым). Мен өзім қаған болып отырғанда жер-жерден босқан халық жаяу, жалаңаш, өліп-жітіп қайта келді. Халықты көтерейін деп терістікте оғыз халқына, ілгері қытай (қидан), татабы халқына, түстікте табғачқа қарсы он екі рет аттандым. Одан соң Тәңірі жарылқап, құт-бағым бар болғандықтан, өлімші халықты тірілттім... Аз халықты көп қылдым. Ығыр елдікті, ығыр қағандықты игі (тыныш) еттім. Төрт тараптағы халықты бағындырып, бейбіт еттім, жаусыз қылдым. Көбі маған кірді» (Т.Омарбеков, «Қазақ мемлекеті: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны», А., 2017, 63-64-б.).

Күлтегін – Қытай қоластындағы Шығыс Түркі қағанатын қайта қалпына келтіру үшін қол бастаған қаһарман, аруақты әскербасы болды. 718 жылы қас жауы табғаштар шабуылын тоқтатты. Қағандық шамамен 721-722 жылдары Қытайға, шамамен 722-723 жылдары татабыға жорықтар жасаған. Осыдан соң Таң империясы амалсыздан Білге қағанмен бейбіт келісімшарт жасауға мәжбүр болды. Мұның өзі шын мәнінде Қытай тарапынан Түркі қағанатының дербес, тәуелсіз мемлекет ретінде мойындалуы еді. Осының нәтижесінде 722 жылдан 741 жылға дейінгі жиырма жыл бойы халық бейбіт өмір сүреді. Білгенің қаған, Тоныкөктің кеңесші, Күлтегіннің әскербасы болып 15 жыл билік құрған шағы қағандықтың гүлденген дәуірі еді («Қазақтар», А., 1998, II т., 25-б.).

Әкесі Құтылық қаған екінші Шығыс Түркі қағанатының іргесін қалап, шаңырағын көтерсе, артында қалған екі баласы – үлкені Білге қаған ел бастап, кішісі Күлтегін қол бастап, сол қағанаттың айбынын асырып, мерейін тасытқан. Ағайынды екі ұлан ақыл қосып, бірге қимылдап, бірі – елінің алтын тұтқасы, бірі – айбарлы асыл тірегіне айналады (А.Сейдімбек). Ажал жетіп, сол асыл тірек 731 жылы ақпан айының 27-і күні 47 жасында дүние салғанда Ұлы Дала күңіреніп, төрткүл дүниеден түгел елшілер келіп, Күлтегін рухына тағзым еткен. Оны жерлеуге татабы елінен Удар Сеңүн, табғаштан Ісуйі Лікен, Тибеттен Бөлен, алыстағы Соғдыдан, Бұқарадан Тархан ұлы Нең Сеңүн, оғыздан Білге таңбашы, қырғыз қағанынан Тардуш Ынаншы Чур, тағы басқа көптеген белгілі адамдар келген (Айбын, 427-б.). Қайғыдан тек дос елдер ғана емес, қастарының да қабырғасы қайысты. Білге қаған інісінің басына жоқтау-жыр жолдарын жаздырып, құлпытас орнаттырған.

Тарихнамада «Түркі мемлекеті 552 жылы құрылып, 745 жылы ыдырады» деген дерек бар. Аспан астында мәңгілік ештеңе жоқ. Түркі қағанатының ыдырауы да заңды. Бірақ, екі ғасыр өмір сүрген бұл қағанаттан тасқа басылған сөз қалған. Соның елеулісі – «Күлтегін» жыры. «Жырды жаздырған – Иоллығтегін». Жыр Күлтегін батырға арналған. Күлтегін – Білге қағанның інісі. Иоллығтегін – Білге қағанның баласы. Бастарынан бақ, дәулет тарқамаған бұлар – ұлы әулеттің ұрпақтары. Иоллығ – есім болса, «тегін» таққа мұрагер деген ұғым береді. Демек, ол – тек, жыршы, ойшыл ғана емес, тақ мұрагері, саяси қайраткер. Ертедегі түркі мәдениетін зерттеуші ғалымдардың пікірінше, Иоллығтегін 739 жылы өз ажалынан қайтыс болған. Ал, жырды 732 жылы жазған (Ғ.Есім).

Көне жазба ескерткіштердің ішінде нақты фактілерге негізделген «Күлтегін» тарихи жәдігерінің үлкен жауы 428 өлең жолынан тұрады. Бұл жырдың ерекшелігі – осы жыр бір-бірінен толық дербес тұрған алты хикая-

дан, яғни, алты оқиғадан құралған деуге болады. Бірінші хикая – түркі халқының ұлы ата-бабалары туралы, екінші хикая – түркілерді табағаштардың бағындырып алғаны жөнінде, үшінші хикая – Елтеріс қағанды сипаттауға арналған, төртінші хикая – Қапаған қаған туралы, бесінші хикая – Білге қағанды жыр еткен, алтыншы хикая – Күлтегін туралы жыр. Жазбада бірнеше оқиға бірінен кейін бірі хронологиялық нақтылықпен жалғасын тауып отырады. Онда Бумын қаған, Естеми қаған, Елтеріс қаған, Білге қаған, Күлтегін ерліктері уақыты жағынан кезек-кезегімен, өмірдегі билік құру уақытымен кезеңдестіріліп баяндалады. Жазба ескерткіштегі тағы бір назар аударарлық тұс – өмірде болған Күлтегін батырдың ерлігінің дәріптелуі. Түркі халқының басына күн туғанда Күлтегін сияқты ердің жауға қарсы аттанғандығы, кімдермен, қанша жасында, қандай ат мініп айқасқанына дейін дәлме-дәл көрсетіледі. Бұл баяндардан байқайтынымыз – Күлтегін батырдың өмірде болған адам екендігі, сол кезде өмір сүрген халықтардың нақты аттары, жер-су аттары жиі кездеседі (Б.Жақып).

Күлтегін жырын алғаш оқыған дат ғалымы В.Томсен «Тәңір», «түрік» деген екі сөзді ажыратқан. Сөйтіп, ұмыт болған көне мәдениет нұсқасы қайта жаңғырғанда қазақтар өздеріне жақын сөздер – Тәңір, түркі, бек, бай ұғымдарымен қайта кездесті. Бұл – түркі мәдениеті мен қазақ мәдениетінің үзілмеген сабақтастығының белгісі (Ғ.Есім). Күлтегін ескерткішінде ғасырлар бойы нұр шашып тұрған негізгі жауһар ой, асыл идея – түркі халқын ауызбіршілікке, ынтымаққа шақыру, ата-баба дәстүрін берік ұстау болса керек.

Сол ескерткіштің ғылыми көшірмесі бұл күнде тәуелсіз еліміздің астанасында, Еуразия ұлттық университеті бас ғимаратының төрінде тұр. Батыр бабаның бақытты ұрпағы күн сайын ескерткіш қасына келіп, ұлы ерлікке тағзым етеді.

ТҮРКІ ЖҰРТЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ

Қарахан мемлекеті қазақтың мемлекеттік және ұлттық ақыл-ойы мен мәдениеті тарихынан елеулі орын алды. Олар қазақ даласында түріктің әйгілі үш тайпасының (қарлұқ, яғма, шігіл) басын қосып, саманиліктермен ұзақ уақыт бойы жүргізілген қажырлы күрес нәтижесінде жеңіске жетіп, елдігін әйгіледі. Түрік мемлекеттерінен қалған ел басқару жүйесін жаңа элементтермен толықтырды. Арабтардың шапқыншылығына төтеп бере отырып, Жетісу, Сыр бойындағы ежелгі қалаларға өз билігін орнықтырды. Ғылым мен әдебиетті дамытты. Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Яссауи – осы қарахан дәуірі тудырған ғұламалар. Олардың еңбектері күллі түркі халықтары ғылыми ақыл-ойының үздік туындылары болып табылады. Сөйтіп, қарахан дәуірі көне қазақ даласына ғұламаларды әкелген ғасырлар болып тарихта қалды.

Махмұт Қашқари (11ғ) – түркі ғалымы, әйгілі «Диуани лұғат ат-түрк» («Түркі сөздерінің жинағы») атты еңбектің авторы. Толық аты-жөні – Махмұт ибн әл-Хусейн ибн Мұхаммед. Туған жері – қазіргі Қырғызстан жері, Ыстықкөл жағасындағы (кей деректе Шу бойындағы) Барсхан қаласы. Махмұттың әкесі

белгілі қолбасшы, Барсханның әмірі болған. Ол кейін Қарахан әулеті билеген мемлекеттің мәдени-саяси орталықтарының бірі Қашқарға ауысқан. Махмұт осында дәріс алған, ұзақ жылдар тұрған. Оның аты-жөнінде қай жерден шыққанын көрсететін дәстүрмен “Қашқариді” тіркеуінің мәнісі де содан. Ғалымның туған, өлген жылы белгісіз. Ол жөнінде өзі де, басқа зерттеулер мен сол тұстағы жазбаларда да ештеңе айтылмайды. Ол Қашқарда алған білімін одан әрі толықтыру мақсатымен Бұхара, Нишапур, Бағдат қалаларында болады, түркі тілінен бөлек араб, парсы тілдерін жетік меңгереді. Өз заманының аса білімді филологы, тарихшысы, этнографы, географы ретінде танылады.

Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» атты еңбегі 1072 жылы 25 қаңтарда басталып, 1074 жылы 10 ақпанда жазылып біткен. Еңбектің түпнұсқасы бізге жетпеген. Оның жалғыз көшірмесі 1266 жылы жазылған. М.Қашқаридің еңбегі туралы алғашқы деректер XIV ғасырдан басталады. Еуропаға тараған М.Қашқари еңбегі туралы алғашқы хабарлардың бірі – 1904 жылы Венгер академиясы жариялаған лингвистикалық жинақтағы мәлімет. М.Қашқари еңбегінің шын мәнінде зерттеу объектісіне айналуы оның үш томдық түпнұсқасы 1915-1917 жылдары Стамбулдағы Ахмет Фирхат баспасынан шығу кезеңінен басталады.

Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» атты кітабы былай басталады: «Қайырымды, мейрімді Алланың атымен бастаймын. Енді Мұхаммедтің ұлы Құсайынның перзенті Махмұдтың айтар әңгімесіне назар салыңыз: «Мен Тәңірдің гүлденген мемлекетті түркілердің топырағында жаратқанын, өмір бірліктерімен сол топырақты ғажайып өрнектегенін көрдім. Тәңір оларды түркілер деп атап, асқан салтанатқа ие қылды. Түркілер өздерінің қатарына қосылғандарды барлық игі тілектеріне ортақтастырып, залымдардың зорлық-зомбылықтарынан сақтады. Олардың қаһарынан сақтану үшін түркілердің салты мен жолын ұстау сол заманының ақыл иелеріне дәстүр болып қалыптасты. Қасіретті мұңын

түсіндіріп, шегіну үшін түркілерге өз тілдерінде сөйлеуден басқа жақсы жол жоқ» (Аманжолов К.Р. Қазақстан тарихы дәрістер курсы. 1 – кітап. А., 2004. 137.6).

Түркі елі мен түркі тілі туралы осындай ой айтқан Махмұт Қашқари өзі жайында: «Сонымен, мен сол түркілердің қызыл тілге ең шешендерінен, ең әдемі әңгімешілерінен, ең бір зеректерінен, ең білгірлерінен, ежелгі асыл тайпаларынан, соғыс ісіне мықты найзагерлерінен болғандығымнан, олардың шаһарлары мен сахарасын бастан-аяқ аралап шықтым. Түрік, түркімен, оғыз, шығыл, яғма, қырғыздардың сөздерін және (сөздерінің) қасиет, құпияларын анықтап шықтым, оларды пайдаландым. Мен бұл істерді осы тілдердегі әрбір кішігірім айырмашылықтарды парақтап білу үшін істедім. Сонымен олардың әрқайсысының тілі менің көңілімде ұялап, берік сақталып қалды. Мен оларды мұқият реттеп, әбден тәртіпке келтіріп, жүйелеп шықтым. Бұл бір мәңгілік жәдігерлік, таусылмас-түгісілмес, азып-тозбас бір байлық болсын деп, бір Тәңірге сыйынып, осы кітапты түзіп шықтым да, оған «Диуани лұғат ат-түрк – Түрік тілдерінің диуаны» деген ат бердім» – деп баян етеді (Дала даналары. А., 2001.94.6). XI ғасыр табалдырығында тұрып ғұлама түрік тілі мен елі туралы хәм өзі туралы осындай тұжырымдама айтқан.

Махмұт Қашқари – түркінің тұңғыш тіл маманы, түркі тілінің оқулығын жасаған, грамматикасын түзіп, жалпы түркі әлемінде тіл өнерінің өрісін кеңейтіп, өркенін өсірген ғұлама. Түркология тарихында ол тұңғыш тарихи-салыстырмалы әдісті қолданып, түркі тілдері тарихи диалектологиясының негізін салды. Оның осы тілдерді салыстырмалы зерттеу тәсілі бүкіл Шығыс тілшілеріне ортақ зерттеу тәсілі ретінде өзінше бір мектеп болып қалыптасты. М.Қашқаридің өз айтуы бойынша ол бүкіл түркі халықарын түгелдей аралап шыққан да, сол кездегі Қарахандықтар мемлекетінің астанасы болған Қашқар қаласына барып, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматика оқулығын жазуға кіріскен. Оның

еңбегінде өз заманының түркі тілдері сол тілде сөйлейтін халықтардың географиялық, орналасу тәртібі бойынша Византиядан шығысқа қарай рет-ретімен аталып өтіледі.

Тілдердің тазалығы мен қолданылу ерекшелігі жағынан М.Қашқари татар, ұйғыр тілін өз алдына жеке топ етіп, бөліп қарайды да, қырғыз, қыпшақ, оғыз, яруқ тілдерін таза түркі деген пікір айтады. М.Қашқаридың ойынша түркі тілдерінің ең жеңілі – оғыз тілі де, ең жақсысы, қолдануға қолайлы тіл – яғма, туғси тілдері мен кәзіргі Қазақстан территориясын, яғни Іле, Ертіс, Еділ өзендерінің бойын жайлаған халықтардың тілі. Күні бұрын қолданылып жүрген тілдер деп, бұл тілдер ішінен башқұрт, татар, қырғыз, ұйғыр тілдерін айтуға болады дейді. Сонымен, түркі тілдерінің М.Қашқари жасаған алғашқы классификациясы екі түрлі негізге: 1. түркі халықтарының орналасу ретіне, яғни, географиялық мәліметтерге, 2. түркі тілінің әрбір тобының өзіне тән фонетикалық, морфологиялық қасиеттеріне, яғни лингвистикалық қасиеттерге сүйенген (Қ.Аманжолов). Ғалымның бұл кітабы ерте орта ғасырлық түркі халқының энциклопедиясы есепті. Онда өте бағалы, кейбір жағдайларда таптырмайтын, XI ғасырда өмір сүрген көптеген түркі тайпалары жайындағы мәліметтеренгізілген. Сөздік этноним, топоним, рулық терминдер, әртүрлі қызмет атаулары, тағамдар мен сусын атаулары, үй, жабайы жануарлар, құстар, айлар мен апта күнтізбесі, дәрілік жабдықтар, астрономия, әскери, медициналық, діни т.б. атаулары қамтылған. Сол кездегі түркі халықтарының дүниені қабылдауы, этикалық нормалары мен құндылықтары, өзін-өзі ұстау әдеті тілге тиек етіледі. Әртүрлі тайпалар арасындағы тарихи-мәдени байланыстар, Қазақстан мен Орта Азия аумағында болған кейбір тарихи оқиғалар жайында (мәселен, Ескендір Зұлқарнайын жорығы туралы) құнды мәліметтер бар. Тарихшылардың назарын өзіне аударған – шығармадағы дүние жүзінің ерекше карта-сы. Кітапта 400 мақал-мәтел бар.

Махмұт Қашқаридың дөңгелек картасы әлемнің ең ежелгі түрік картасы ретінде белгілі. Осы картада Барсхан, Баласағұн, Тараз, Екіөгіз, Қашқардан бастап түркі дүниесінің ежелгі шаһарлары, елді мекендері, жер бедері түгелдей дерлік қағаз бетіне түскен. Ертіс, Іле, Еділ секілді ірі өзендер, Ыстықкөл, Абысғұн (Каспий) секілді көл, теңіздер сол күйі аталады. Әр сол X-XI ғасырлардағы атауларымен жазылған. М.Қашқари осы картаны назарға ұсынып, сипаттаумен қатар Рум жерінен сонау ұлы мұхитқа дейінгі аралықтағы түрік тайпаларының барлығына сипаттама беріп шығады. Әрі жер көлемін көрсетеді. Қай жерден қай жерге дейін мекендейтінін айтады. Ғалымның «Түркі сөздігінде» 45-тен астам түркі тайпасы мен руының аты аталады, олар: оғрақ, арғу (арғын), елке, оғыз, түрк, яғма, түркмен, шігіл, қашқар, қарлұқ, қыпшақ, үйғыр, қырғыз, бұлақ, соғды, татар, бұлғар, табғаш, басымыл, сувар, башғырт, таңғұт т.б. Әрі әр тайпаның тілдік ерекшеліктеріне тоқталады, тілді таза сақтаудың әлеуметтік, географиялық алғышарттарын сөз етеді. Осынау ең көне дәуірдегі түркінің әлемдік картасы, түркі дүниесі жөніндегі егжей-тегжейлі сипаттама, талдаулар ғалымның өлмес мұрасының басты бір қасиеті (Жүз жиырма тұңғыш. 1 – том. А., 2015. 115б.).

Мақал-мәтелдердің, қанатты сөздердің, сонымен қатар, тұрақты тіркестердің сонау IX-XI ғасырлардан бүгінге дейін жалғасқан тарихи жолы сайрап жатыр. «Қарындас десе, қарамадық. Қайын десе, қарадық», «Қонақ келсе, құт келер», «Кісі аласы ішінде, мал аласы сыртында», «Күміс күнге қонса, алтын аяғымен келер», т.б. Бұл мақалдар М.Қашқаридың I-томында жинақталған. Қазіргі қазақ мақалдарының құрылысымен, үлгісімен тектестігін байқау да қиын емес. Кейбір қазіргі мақалдарды мағына жағынан да қайталап еске салып тұрғандай. Қазақ жұртының «Ел іші – алтын бесік», «Ер көркі – сақал, сөз көркі – мақал», «Не ексең соны орасың» секілді мақалдары XI-XII ғасырлардағы

жазба ескерткіштердің мақал, нақылдарымен тікелей ұштасып жатады. Ұлттық тарихи -мәдени мұраның өлмейтін өркені, өшпейтін тынысы, жоғалмайтын қазынасы.

Ежелгі түркі халықтарының сөздері қатарында жүрген есім сөздер, етістіктер, топонимдер, аңыздар, мақалдар қазір де қазақ тілінде жан-жақты қолданылады. Оның сыртында, сөздікте аталатын жер аттарының, тарихи оқиғалардың, соғыстардың, аңыз – хикаялардың дені қазіргі қазақ жерінің аумағына тікелей қатысты. Мысалы: Ескендір Зұлқарнайын мен Шу деген түріктің жас батырына қатысты тарихи хикаядағы Шу шаһары, Шу атауы бүгін де жақсы мәлім. Ал, «Барс» атты шағын мақалада М.Қашқари түркі жыл қайыруының пайда болуын аңдататын мүлде жаңа аңызын ұсынады. Аңыз оқиғасы Іле өзенінің бойында өткендігі айтылады. Түркі қағаны өзі жаңылыса берген соң, жыл санауды ыңғайлы бір ретке түсіруді ойлайды. Ол үшін жылдарды 12 хайуан атымен атауды ұсынады. Содан кейін, аңға шыққанда аң, хай-уан атаулыны Ілеге қарай тоғытып, қуалайды. Сонда Іленің арғы бетіне бірінші болып тышқан жүзіп шыққан екен. Одан кейін ілесе жүзіп шыққан жан-жануарлардың аттарын рет-ретімен белгілеп, санап, 12 жылдың атауларын белгілейді. 12 жылды бір мүшелге санайды. Жыл атаулары, реті қазіргі қолданылып жүрген жыл аттарына толық сәйкес келеді. Осы хикаяның өзі-ақ тарихымызды, ел тарихына тікелей қатысты байырғы оқиғаларды жақын таныстырып, ұлттық мәдениетіміздің өзіне ғана тән шарт, белгілерін алдыға көлденең тартатындай. (А.Егеубаев).

Махмұт Қашқаридың «Түрік сөздігі» – осыдан 10 ғасыр бұрын жазылған ұлы ескерткіш. Бүкіл түркі қауымының тіліне де құрмет белгісі, еліміздің, ғылымымыздың мәртебесін арттыратын, білім жолына жаңа бетбұрыс қадамдарға жол ашатын энциклопедиялық анықтамалық, рухани төлқұжатымыз.

ҚОЖА АХМЕТ ИАССАУИ

Кожа Ахмет Иассауи сопылық поэзияның негізін салушы ақын, күллі Күншығыс мұсылмандарының рухани ұстазы болған ұлы ойшыл, діни қайраткер тұлға. «Мединада – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет» деген қанатты сөздің өзінен-ақ кезінде оның қандай құрметке бөленгенін аңғаруға болады.

Өз аты – Ахмет, есімінің алдындағы Қожа – мұсылман дінін таратып, уағыздаушылық қызметіне орай берілген атау. Ал, соңындағы Иассауи ақынның қай жерден шыққандығын көрсетеді. Бірақ, нақтылық үшін айтсақ, Иасы (Аса, Түркістан) қаласы – оның туған жері емес, жастайынан жетім қалып, ағайын-туыстарының қолына келіп, бала кезінен өскен жері. Ақынның туған жері қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданы. Әкесі Ибрахим мұсылманша сауаты бар, сөз қадірін білетін білікті адам болған. Оған Иассауи шәкірттерінің бірі Сүлеймен Бақырғанидың:

Ысқақ бабтың жұрыны,

Ибрахим шайх құлыны.

Машайыхтар ұлығы,

Шайхым Ахмет Иассауи, – деген өлең жолдары да куә. Шешесінің аты – Қарашаш. Шешесі ертерек қайтыс болады, жеті жасында әкесі дүние салады. Бала Ахметтің ұстазы, тәрбиешісі аталас туыс боп келетін Арыстанбаб. Одан заһир және батин ілімдерінің сыры мен мәнін үйренеді. «Диуани хикметте»:

Жеті жаста Арыстанбабқа қылдым салам,

Мұстафаның аманатын бер деп маған.

Сол мезетте мың бір зікір еттім тамам,

Нәпсім тыйып Аллаға бет бұрдым, міне, – дейді. Арыстанбаб өмірден қайтқаннан кейін, 17 жасында Иасы қаласына келеді. Дәл осы кезден бастап араб, шағатай, парсы, түркі тілдерінде өлең жаза бастайды. Шығыс поэзиясы мен әдебиетіне көңіл қояды.

Кейін, Ахмет Бұхара қаласында Юсуф Хамаданидан діни білім алып, Түркістанға келіп, сол кезде Орталық Азияда кең тараған сопылық діни-тақуалық идеялардың ірі насихатшысына айналады.

Әзірет Сұлтан атанған бабамыздың мәңгі өшпес асыл мұрасы – «Диуани хикмет» (Даналық кітабы) қыпшақ диалектілерімен көне түркі тілінде жазылған. Түпнұсқасы сақталмаған. Бұл шығарма алғаш 1878 жылы жеке кітап болып басылып шығады. Содан кейін Стамбул, Қазан, Ташкент қалаларында бірнеше рет қайта басылады. Соның бірі 1901 жылы Қазанда Тыныштықұлының қазақтарға арнап шығарған нұсқасы болатын. Төрт тармақты өлеңмен (рубаят) жазылған бұл шығармасында ақын өзінің бала күнінен пайғамбар жасына келгенге дейінгі өмір жолын баяндайды, тіршілікте тартқан азабын, көрген қайғысын айтады, бұқара халыққа үстемдік жүргізуші хандардың, бектердің, қазылардың (билердің) жіберген кемшіліктерін, жасаған қиянаттарын сынайды, бұл дүниенің жалғандығын білдіреді.

Исламның сопылық бұтағы VII-VIII ғасырларда пайда болды. Сонымен, сопылық ілім қандай ілім? Неге ол осыншама ықпалды күшке ие болды?

Сопылық – адам туралы ілім. Иә, қоғамды жетілдіру үшін, дүниенің ақиқат сырын білу үшін алдымен адамның өзі жетілу қажет деп есептейді сопылар. «Кемел нисан», яғни, кемел адам қалпына жетіп, жаратқан Хакпен дидарласып, әлемдік ақыл-оймен бірігуің үшін төрт сатыдан өту қажет. Біріншісі – жұрттың бәріне ортақ шариғат жолы. Яғни, Жаратушының өз сөзі «Құранда айтылатын парызыңды орында.

Өтірік айтпа, ұрлық қылма, зәбір жасама» т.б.

Екінші саты – тариқат жолы. Бұл саты кез келген адам үшін міндетті емес. Қалайсың ба, өз еркің. Бірақ, тариқат жолына түспей, яғни, ақиқатқа жету мақсатымен азап шекпей, мекнат тартпай, өзінді-өзің қинамай, өмір қызығынан бас тартпай, кемелдік дәрежеге жете алмайсың. Әрине, осы жолды таңдаған кез келген жанға пір, яғни, ұстаз қажет. Қожа Ахметке жеті жасында кездесіп, пірі болған, ұстаздық еткен әулие – атақты Арыстанбаб, 40-шы хикметінде оны Баба мәшін сұлтан деп айтады. Тағы бір тариқат жолындағы жолбасшы – ұстазы болған Юсуф Хамадани. Сопылық ілімде жол сілтеуші ұстазды Пірмұған (шарап құюшы) деп атайды. Сопылық танымында рухани жетілу жолына түскен адамның ең басты парызының бірі – жолбасшы тауып, оны сүйю. Өзінің Пір іздеуі жайлы:

Пірсіз жүріп дерт пен шерді пайда қылдым,

Сол себеппен Хаққа сыйынып келдім мен.

Мен жиырма жеті жаста пірді таптым..., деген жолдарында айтылады. Пір – сопылық ілім сыйлаушы.

Үшінші саты – хақиқат (яғни, ақиқат жолы). Бұл енді азап арқылы, жатпай-тұрмай ізденген жанкешті еңбегінің нәтижесінде адамның дүние сырын тани бастауы.

Төртінші саты – мағрипат. Хақпен дидарласу, адамзатты жаратқан әлемдік рухпен, яғни, абсолют ақыл-оймен бірігу. Бұл дәрежеге жеткен адам қайтыс болған жақынтұысқандарының рухымен де еркін дидарласып, ғаламның барша сырына қаныға алады (Дала даналары. А., 2001. 117.б.).

Ахметтің ойынша, шарифат, тарихат, мағрипатсыз хақиқатқа (Аллаға жақындасу) жетпек жоқ. Адамның өзін-өзі айқындауы оның рухани өмір танымынсыз, тіпті, қажет болса, жанын берер шынайы берілуісіз мүмкін емес. Иассауи тақуалық пен сабырлылыққа, тәубешіл болуға үндейді. Пайғамбардың « Иман жаны – ұят » деген хадисін санаға құяды. Бұл о дүниеде жұмаққа апаратын алтын көпір екен.

Адамдарды әділдікке, қайырымдылық, мейрімділікке шақырады.

Иассауи хикметтері бойынша ғаламат ғарышты, шексіз әлемді, түпсіз дүниені жаратқан – құдіреті мол Хақ тағала. Ал, тіршілікке жол бастар – Адам. Махаббат – Хақ жаратылысының ішінде тек адамға ғана тиесілі, адам табиғатына ғана тән қасиет. Иассауи үшін сүйе білу, сүйіктісі үшін жанын құрбандыққа шалу адамды өзге тіршілік иелерінен, мақұлықтарынан жоғары қоятын ерекшелігі екен.

Түркі тіліндегі сопылық-мистикалық әдебиеттің негізін қалаушылардың бірі Ахмет Иассауи хикметтерінің әлеуметтік астары тереңде жатқанын аңғару қиын емес. Мәселен, ақын жалған ғалымдар мен жағымпаз жандарды өлтіре сынайды:

Білгірі заман ақыры залым болды,
Жағымпаз жан алғыштар ғалым болды.
Сойқанды елге ашық айта алмаудан,
Ішіме менің дертті жалын туады.

Ахмет Иассауи өзінің ұзақ жылғы өмір жолын түйіндей келіп бұл өмірде ақиқаттан артық қасиет жоқ деген қорытынды жасайды:

Қожа Ахмет, басыңды елге ие біл,
Ақиқатты ары таза сүйе біл
Дүниеқорлар кетсін бықсып өзімен,
Халық қана дүниеге ие бұл.

Сөйтіп, Ахмет Иассауи дін насихатшысы ғана емес, сонымен бірге, ол адам бойындағы ізгі қасиеттерді көкке көтере мадақтаушы, өз оқырманын әділ, мейрімді, сабырлы, жомарт, кішіпейіл болуға шақырған ойшыл ақын (Н.Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті. А., 1991. 192 б.).

Құл Қожа Ахметтің барлық өмірі бір Алланы сүйіп, соған құлшылық етуге арналған. Бұл кісі ішсем-жесем, кисем-мінсем демеген, бір ғана тілегі халайық-қауымға Алланың кереметін, пайғамбардың шарифатын түсіндіру еді. Ең бас-

тысы, ескі наным-сенімдер жоққа шығарылмай, Тәңірге, Құдайға сену өз маңызын сақтауының игілікті ықпалы болды. Бірақ, Құдай идеясы маңызды өзгеріске түсіп, бұл ислам Құдайы – Алла болды. Шаман, Зорастра, Манихей, Будда, Христиан діндеріне негізделген күрделі, кейде қайшы келетін ұғымдар ысырылып, олардың орнына Құдай – Алла және пайғамбарлар, Қасиетті Кітап Құран жайлы қалыпты концепциясы бар жүйелі ілім Ислам келді (Ә.Нысанбаев).

Ислам діні біздің елге көп жарқын дүниені туғызды, ең алдымен бес уақыт намаз, отыз күн ораза, имандылық, тазалық, мәдениет, әдебиет, жыр, қаншама қисса-дастандар әкелді. Атап айтқанда: «Жүсіп – Зылиқа», «Мұңлық – Зарлық», «Сейфулмәлік» «Рүстем – Зораб», «Шәкір – Шәкірат» секілді бүгінде еліміздің рухани қазынасына айналып кеткен әдебиетіміздің інжу-маржандары туды. Түркі халқының ақыны Әлішер Науаи да сопылықты жақсы біліп, оның жолының соншама ауырлығын түсінген.

«Диуани хикметтен» қазақ халқының ертедегі мәдениетіне, әдебиетіне, тарихына, этнографиясына, экономикасына қатысты бағалы деректер табуға болады.

Халық арасында Қожа Ахмет Иассауи туралы аңызға айналған әңгімелер көп. Соның бірінде оның 63 жасқа келгеннен кейін, өзінің пайғамбар жасынан асып, мына жарық дүниені көруін асылық санап, жер астынан мекен жасатып, қалған ғұмырын қылеуетте (оңаша орын, жеке дара деген мағынаны білдіреді) өткізді делінеді. Қанша жыл ғұмыр кешкені жөнінде әр түрлі деректер бар. Бір деректе 73 жыл, келесісінде 85 жыл деп берген. Ж.Аймауытов ақынның 149 хикметіне сүйеніп, Иассауиді 125 жас жасаған дейді (онда 1041 ж. туған болады). Бұл жөнінде ол «Диуани хикметінде»: «Жүз жиырма беске келдім, еш нәрсе біле алмадым», дейді. Дегенмен, қайтыс болған мерзімнің 1166-1167 екеніне ешкім де шүбә келтірген емес (Жүз жиырма тұңғыш. Іт. Ал., 2015.1196).

Түркістан қаласына жерленген Қожа Ахмет Иассауи «Әзірет Сұлтан» атанып, басына XIV ғасырдың аяғында атақты Аксақ Темір күмбез орнаттырады. Қожа Ахмет Иассауидің өзі түркі халықтарының рухани атасына, ал күмбезі түркі дүниесі табынатын кіші Меккеге айналған. Кешен 1389 Асыда (Түркістан) салына бастайды, кесененің ұзындығы – 65,5 метр, ені – 46,5 метр. Орталық бөлменің төңірегінде түрлі мақсатқа арналған 35 бөлме салынған, олардың бірінде Қожа Ахмет Иассауи мүрдесі қойылған. Құрылыстың негізі біткен кезде Темірдің бәйбішесі Сарай Мүлік ханым (Бибі ханым) қайтыс болады да, соған мешіт салу үшін құрлысшылар Самарқанға жөнелтіледі. Нәтижесінде Иассауи кешеннің маңдай алды мен сыртқы қабырғалары көгістеліп (глазурленіп) үлгермей қалған (А.Сейдімбек).

Қожа Ахмет Иассауи кешеніне бірнеше қазақ хандары қойылыпты. Мұндағы хандар: Орта жүздің ханы Абылай 1781 жылы опат болған, Ұлы Жүздің ханы Жолбарыс 1740 жылы 5 сәуірде Ташкентте мешіт ішінде сарттар өлтірген, Әбілхайыр хан 1760 жылы шамасында опат болған һәм арғынның атақты Жәнібек батыры мен Кенесары сұлтанның әкесі Қасым хан да осында қойылған. Есім хан бұл мешіттің ішінде болмаса да маңайына қойылған екен, үстіне орнатқан белгісі бұл күнде жоғалып кетіпті. Бұлардан басқа Әмір Темірдің шөбересі Бабыр хан һәм Ондан сұлтан мұнда қойылған деседі (М.Дулатов). Бүгінде кесенедегі тізімде 157 адамның есімі жазылған. Соның ішінде 21 хан бар.

Ахмет Иассауи жырлары тек қазақ еліне ғана емес, бүкіл түркі тілдес халықтарға ортақ мұра екені мәлім. Арада сан ғасырлар өтсе де өзінің мән-мағынасын кемітпей, қайта уақыт озған сайын қадір-қасиеті арта түскен бұл ғажайып хикмет-жырлар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, рухани мұра ретінде өмір сүре беретіні даусыз.

ЖОШЫ ХАН

Шыңғысұлы Жошы хан (1187-1227) – моңғол шапқыншылығынан кейін Қыпшақ даласында құрылған жаңа мемлекет – Жошы ұлысының негізін қалаушы, атақты Шыңғыс ханның бәйбішесі – қоңырат қызы Бөртеден туған төрт ұлдың үлкені. Ол ересен күшті, ержүрек, алған бетінен қайтпайтын қайсар адам болған. Оның есімі ең алдымен, моңғолдардың әскери жорықтарының бәріне дерлік қатысқан аса ірі әскери қолбасшы ретінде әйгілі.

Жошы – өз өмірінде 60-тан аса ірі шайқасқа қатысып, әлемнің 200-ге жуық қала, қамалдарын бағындырған әйгілі қолбасшы, әрі батыр. Шыңғыс хан 1206 жылы керей, найман, меркіт т.б тайпаларды бір орталыққа біріктіргеннен кейін, Жошы әкесінің тапсырмасы бойынша жеке жасағымен Оңтүстік Сібірді, Алтайды, Жоңғар даласы мен Шығыс Түркістанды мекендеген көптеген тайпаларды бағындырып (1207), Жетісу өңіріне жетеді (1211). 1211-1215 жылдары Қытайды жаулау жорығына қатысады. 1218 жылы көктемде Жошының жасағы Шыңғыс ханға бағынғысы келмеген меркіттердің бір тобын өкшелей қуа отырып, Қыпшақ даласына басып кіріп, Ырғыз даласына жеткенде Хорезм шахтың 60 мың әскерімен шайқасқа түседі. Осы соғыста әскер күшінің кемдігіне қарамастан, Жошы қолбасшылық дарынымен ерекше көзге түседі. Хорезм шах әскері ашық шайқаста жеңіліп, қала қорғандарына барып тығылады. 1219 жылы Жетісудың барлық қалаларын, Шу, Талас және Сырдария бойын, Орта Азияның ірі саяси және мәдени

орталықтарын басып алды. 1220-1221 жылдары Жошы Сырдария бойындағы Отырар, Сығанақ, Үзкент, Баршынкент, Асынас, Жаңакент қалаларын алды. Хорезмді (1222), Түркістанды жаулады. 1223 жылы көктемде Жошы әкесінің шақыруымен Сайрам мен Талас аралығындағы Құланбасы жазығында жиналған құрылтайға келді. Шыңғыс ханның жаулап алған жерлерін бөлген кезде Жошыға Ертістен бастап Орал тауының аралығындағы, одан әрі батысқа қарай жаулап алынатын жерлер тиді (К.Р.Аманжолов. Қазақстан тарихының дәрістер курсы. 1-кітап. Ал., 2004. 154 б.). Сөйтіп, 1224 жылы «Ақ Орда» деп аталатын өз ұлысының шаңырағын көтереді. Ордасы Ертіс өзені бойына орналасады. Біздің Қазақ мемлекетінің хандары – Жошының тікелей ұрпақтары.

Құрылтайдан кейін Шыңғыс ханның басқа балаларының бәрі кері қайтып кеткенде, Жошы өзінің жаңа иелігінде қалады. Жошы ұлысының негізін бұрын Дешті-Қыпшаққа кірген бірыңғай түркі тілдес тайпалар құрады. Шешесі Бөрте қоңырат қызы болғандықтан, ол өз қол астындағылармен өте жақын қарым-қатынаста болады, әрі ол түркі тайпаларының басын біріктіріп, тәуелсіз саясат жүргізуге тырысты. Ал, бұл саясат әке мен бала арасында араздық тууына себепкерді. Орта ғасыр тарихшысы Жүзжани өзінің 1260 жылы жазылған «Табакат-и-Насири» тарихнамасында былай дейді: «Жошы қыпшақтардың жері мен суын, ауасын көрген кезде дүниеде бұдан артық саф ауаның, мөлдір судың болуы мүмкін емес екенін ұғып, қыпшақтарды жақсы көріп кеткені сонша, өзі осында қалып, бұл елді бүліншіліктен азат етуге бел байлаған. Ол өзінің пікірлес адамдарына: «Шыңғыс хан, сірә, есінен алжасқан, өйткені ол осыншама жерді ойрандап, осыншама халықты қырғынға ұшыратып отыр. Сондықтан, мен аңға шыққан кезде әкемді өлтіріп, мұсылмандармен одақ құратын шығармын» – дегенді айтқан. Оның бұл ойын Шағатай сезіп қалып, әкесіне жеткізген кезде, әкесі

білдірмей Жошыға у беріп өлтіруді әмір еткен» (Қазақтар. Т.2. Тарихи тұлғалар. 1998. 51 б.). Жошы әкесінен 6 ай бұрын қазаға ұшырады. Шыңғыс хан 1227 жылы 16 тамызда 66 жасқа қараған шағында дүниеден өткені белгілі. Жошының өлімі жайында халық арасында түрлі аңыз-әңгімелер тараған. Солардың бірінде «аң аулап жүргенде құланның айғыры шайнап өлтірген» десе, кейбір деректерде «жеке билікке ұмтылып, әке ырқына көнбей, асаулық танытқан ұлын Шыңғыс хан өзі арнайы адам жіберіп, бел омыртқасын үздіріп өлтіртті» дегенді айтады. Жошы Шығыс Еуропаға жорық жасау жоспарын жүзеге асыра алмай дүние салды. (Айбын. Энциклопедия. Ал, 2011. 348 б). Қалай болғанда да, Жошы ханның қазақ жерінде, Ұлытауда өлгені анық. Соның куәсіндей болып, Жезқазған қаласынан 45 шақырымдай жерде, Кеңгір өзенінің сол жағында Жошының мазары сол күйі әлі тұр.

Әрине, Жошы сияқты ханды жабағының үлкендігіндей құланның шайнап өлтіруі қисынға келмейді. Демек, өз дегенін орындатып үйренген Шыңғыс ханның ашу үстінде Жошыны өз қолымен өлтіруі әбден мүмкін. Жошының Ұлытау іргесінде жерленгеніне күмән келтірген академик В.Бартольд болатын. Алайда, ол Ұлытау төңірегінде жерленбеген деп кесіп айтпайды. Ал, тарихи дерек Жошы ордасының, алғашқыда Ертіс бойында болғанымен, кейін Ұлытауға көшірілгенін айтады. 1246 жылы келіп қайтқан Плано Карпинидің айтуында, Жошы ордасы Алакөл маңында болған. Алакөлден Ұлытаудың алыс емес екені белгілі. Оның үстіне ауызша да, жазбаша да деректерде Жошының жақын жұрағаттарының қабірі Ұлытау төңірегінде жатыр. Сарысу бойындағы Келінтам мазары Жошының кіші тоқалының бейіті екен дейді (Ә.Марғұлан). Ал, Болған ананы академик В.Бартольд Жошы ханның қызы дейді. (В.Бартольд. Сочинения. Т-8. 101 б). Жошы хан мазарының іргесінде тұрған Домбауыл кешенін иемденіп жатқан Домбауыл мерген жазба

деректе де, ауызша аңыздарда да Шыңғыс хан мен Жошы ханның сақшысы, жақыны еді дейді. Осы деректерді қорыта келіп, Орта Азия тарихшысы әрі ақын Хафиз Тыныштың дерегіне ден қоюға болады. Жошы хан мазарының Ұлытау төңірегінде екенін Хафиз Тыныш еш күмәнсіз жазып кеткен. Ертiс бойынан бастап, сонау Орал тауына дейiнгi жерге билiгiн бiр өзi жүргiзген Жошы ханның Ұлытау топырағында жатуы себепсiз емес. Әсiреқызылдан, мәжбүрлiк мiндеттен ада даланың ойын сауығына, аңшылық-саятшылдығына, асыл өнерiне ғашық болған. Мұның өзi Сарыарқадағы арғын, қыпшақ, найман, керей, уақ сияқты рулармен өмiрiнiң денiн бiрге өткiзуге себепшi болған. Жошының құдай берiлiп, қатты қызықтайтыны: қызу сәттерi көп аңшылық-саятшылық, әншi-күйшi, ақын-жыраулар айтысы, мерген-палуандардың белдесуi, ат ойыны мен бәйге-бәсекелер. Академик Әлкей Марғұланның айтуынша, Жошы қазақ даласындағы салсерiлiкдәстүрдiң негiзiн салған (А. Сейдiмбек. Шығармалары. Т.2. Ас., 2010. 312 б). Бұған оның өмiрiнiң соңғы кездерiнде әкесiнiң жорықшыл пиғылынан бас тартып, бiрыңғай бейбiт өмiр рахатын қызықтап кетуi дәлел. Жошы хан мазарын салуға Дештi-Қыпшақ даласындағы белдi рулардың бәрi де қатысқан. Мұны мазар iшiнде, кiрпiштерде күнi бүгiнге дейiн сақталған отыздан астам ру таңбаларынан айқын аңғаруға болады. Бұл таңбалардың басым көпшiлiгiн найман, арғын, уақ, керей, дулат, тарақты, табын сияқты рулар мен төре тұқымы қалдырған. Мұның өзi кейiн қазақ халқының негiзiн құрған үш жүздiң де руларының мазар құрлысына қатысқанын көрсетедi.

Жошы Қыпшақ даласында мемлекеттiк құрмақ ойын жүзеге асыра алмады. Орданың территориясы Ертiстен – Едiлге, Ұлытаудан – Қараталға, Томенге (қазiргi Тюмень) дейiн, оңтүстiгi Сыр бойы Сауран, Баршынкентке дейiнгi аумақты алып жатты. Бұл аумақ қазiргi Қазақстан жерiнiң 60-65 пайызын құрайды. Ұлыстың бас билiгi Шыңғыс хан

әулетінің қолында болғанымен, дәстүрлі Қазақ қоғамының ру-тайпалық жергілікті билік жүйесі, халықтық тіл, мәдениетіне түпкілікті өзгеріс әкеле қойған жоқ. Керісінше, Жошы ұрпақтары 2-3 буыннан кейін өздері түркі-қазақ болып кетті. Ақ Орда іс жүзінде Жошы, оның ұрпақтары билігіндегі Қазақ мемлекеті болды. Жошы өлгеннен кейін оның баласы Бату (1208-1255) орыс жеріне, батыстың өзге де жеріне қанды жорық жүргізіп, Жошы ұлысын Алтайдан Дунайға дейін созып, Алтын Орда мемлекетін құрып, Жошы ұлысын екі әскери қанатқа бөлгенде (Көк Орда, Ақ Орда) Ақ Орда Жошының тұңғыш ұлы Орда – Еженің басшылығында өзіндік дербес билігін сақтап қалды. Жошы ханның ұрпақтары басқарған Алтын Орда мемлекетінің халқы Жошы ұлысы, ал Алтын Орданың теңге ақшасы Жошы теңгелері деп те аталды.

Рашид ад-Диннің есебі бойынша Жошы 4 әйел алып, 40 ұл дүниеге әкелген, солардың ішінен тарихи деректерде кездесетіндері: Орда – Ежен, Бату, Берке, Шибан т.б ұрпақтары Ираннан Қыпшақ даласына дейін кең тарады деп жазған. Тұңғыш ұлы Орда Еженнен Қазақ хандары әулеті, Батудан Алтын Орда билеушілерінің бірер буын өкілдері, Шибаннан Өзбектер, Тоқай-Темірден Астрахан, Қырым билеушілері тарады. Олардың ұрпақтары сол елдерге сіңісіп кетті. Сонда «Қазақ хандарының атасы, немесе қазақтың алғашқы ханы кім?» деген сұрақ тарихшыларды көп жылдар бойы мазалап келді. Ақыры XIX ғасырда ғұмыр кешкен Левшин, Шоқан Уәлиханов бір ауыздан Орыс ханды қазақ хандарының атасы деп таныды. Орыс хан Ақ Орданың билігіне келуімен Ақ Орда тәуелсіз мемлекетке айналды. Орыс хан Алтын Орданың астаналық қалаларын да өзіне бағындырды. Қазақ жерінің кіндігіндегі Сығанақты астанасы етті. Қазақтың алғашқы армиясы – Алаш мыңдығы осында жасақталды. Орыс ханның ұлдары Тоқтақия, Темір-Мәліктер Алаш мыңдықтарын бастап Әмір-Темірмен та-

лай мәрте шайқасты. Кейін билікке Орыс ханның немересі, Барақтан кейін шөберелері Керей мен Жәнібек (Барақтың ұлы) шықты. Қадырғали Жалайыр «Бұл Жәнібек хан атасының ұлысын өзі басқарды» деп жазды.

Қарашаңырағы алғаш қазақ даласында көтерілген Жошы ұлысы – Еуропа мен Азияны жалғап жатқан ұлы дала өңіріндегі сирек құбылыс. Бұл адамзат тарихындағы ұзақ уақыт сақталған державалардың бірі. Жошы ұлысы державасы 260 жыл салтанат құрды (Қазақ халқының тарихи тұлғалары. Ал., 2013. 20-21 бет)

Шыңғыс хан, Жошы, Бату (Баты) хандар – ұлттық шеңберге сыймайтын тұлғалар. Жошының қазақ тарихынан алатын орны сіңірген еңбегімен өлшенеді. Шыңғыс ханның Еуразияны бағындыруында Жошының және оның ұрпақтарының атқарған істері қазақ ұлтының қалыптасуы мен қазақ хандығының құрылуына белсенді рөл атқарғаны белгілі. Ақ Орда, кейін Ақ Орданың орнына қайта шаңырақ көтерген Қазақ хандығы Жошы ұлысының заңды мұрагері болып табылады. Жошы ханның, оның ұрпақтарының қазақ тарихынан алатын баға жетпес құндылығы да осында.

БАТУ ХАН

XIII ғасырдың алғашқы жартысында оңтүстігінде – Солтүстік Иранды, терістігінде – оңтүстік орыс жерін, батысында – Кавказды, шығысында Қытайды жаулап алып, үлкен империя құрған Шыңғыс хан осы ұлан-байтақ өлкені иелігінде ұстап тұру үшін өзінің төрт ұлына бөліп, еншілеп береді. Сонда үлкен ұлы Жошыға Ертіс өзенінен Орал тауларына дейінгі жерлер, одан ары батысқа қарай «моңғол атының тұяғы жеткен жерлерге дейінгі аймақтар», оңтүстікке қарай Каспий мен Арал теңізіне дейінгі жерлер берілді. Әмударияның төменгі жағындағы аймақтар (солтүстік Хорезм) мен Сырдария өңірі де Жошы ұлысына кіреді. Бұл жерлер «Жошы ұлысы» деп аталды. Шыңғыс ханның заңдары бойынша ұлдары басқаратын ұлыстардың бәрі бір қағанға – моңғолдың Ұлы қағанына бағынатын болды.

Бату, Батый, Сайын хан (1208-1255) – Алтын Орданың негізін қалаған хан (1227-1255), қолбасшы. Шыңғыс ханның немересі, шешесі – қоңырат Елші ноянның қызы Кочу хатун. Бату 1227 жылы Жошы өлгеннен кейін Шыңғыс ханның ұйғарымымен әкесінің ұлысына хан болды. Бату – Жошының Орда Еженнен кейінгі екінші ұлы. Тарихымызда Бату ханның Жошы ұлысы тағына отыруына байланысты түрлі деректер бар. Өтеміс қажының «Чингизнаме» дерегінде аяқ астынан қайтыс болған, соңына өсиет

қалдырып үлгермеген Жошыдан қалған тақты бәйбішеден туған екі ұл Ежен мен Бату бір-біріне ұсынып, мәмілеге келе алмай, інілерін ертіп, Моңғолиядағы Шыңғыс ханға барады. Ол Батуға алтын босағалы жібек ақ орда тіккізіп, құрметтеп, әкесінің орнына таққа отырғызады. Ұлы атасының құзырымен Бату (Сайын) Қыпшақ даласының дара билеушісі болды. Алайда, Бату таққа отырғанын тойлап жатқанда Шыңғыс ханның қайтыс болғаны туралы қайғылы хабар келді. Бату хан енді орнына Тоқай Темірді қалдырып, бес інісін ертіп, мемлекет астанасы Қаракорымға келді және осында, 1229 жылы шақырылған құрылтайда Үгедейді Шыңғыстың орнына таққа отырғызу рәсіміне қатысты. Үгедей оны бұрынғысынша қыпшақ даласының билеушісі ретінде билікке қалдырды (Т.Омарбеков. «Қазақ мемлекеті: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны». Ал., 2017. 179-180-б.).

1235 жылы болған келесі жалпымоңғолдық құрылтай Кореяға, Қытайға, Үндістанға және Еуропаға жорықты жалғастыру туралы шешім қабылдады. Батыс аймақтарға жорықты басқару Бату ханға тапсырылды және оған Батудан басқа Шыңғыс хан әулетінен Үгедейдің ұлы Күйік, Төлейдің ұлы Мөңке, Шағатайдың ұлы Байдар және Батудың өз бауырлары – Орда Ежен, Тоқай Темір, т.б. қатысты. Олардың қатарында Шыңғыс ханның әйгілі қолбасшыларының бірі ретінде танылған Сүбедей баһадүр де болды.

150 мыңға жуық адамнан тұратын әскер жорыққа Батыс Алтай өңірінен 1236 жылы көктемде аттанып, маусым айында Еділ бұлғарларының жеріне жетті. Бату Еділ бұлғарларын бағындыруды Сүбедейге тапсырды. Сүбедей бұлғарлардың Керпек, Сувар, Биляр, т.б. қалаларын бірінің артынан бірін жаулап алып, 1237 жылы көктемде басты қаласы Бұлғарды бағындырды. Мөңке бастаған әскер Кавказға ішкерілей еніп, ондағы көптеген қалалар мен Аланияны бағындырып қайтты. 1237 жылы күзде Бату әскерлері Рязань княздігіне

шабуыл жасап, Происк, Белгород, Ижеславец, Ожск, Ольгов, Переславль-Рязанский, Боршов-Глебов қалаларын басып алды (Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. Ал., 2006. 123-б.).

Рязандіктер Владимир князі Юрийден көмек сұрады. Бірақ, ол моңғол-түріктердің күшті әскерімен соғысудан бас тартты. Ішкі феодалдық бытыраңқылықтың асқинуы сыртқы қауіптің күшейген тұсында да бірігіп күресуге жол бермеді. Рязань қаласын қорғаушылар 6 күндік қоршаудан кейін 21 желтоқсанда тізе бүкті. Бұдан кейін Бату хан негізгі жау – Владимир князі Юрий Всеволодовичті Коломна өзені бойында талқандап, Мәскеуге бағыт ұстады.

XVI ғасырда Әбілғазы Баһадүр хан Бату ханның қосындарын біріккен құрама әскер қарсы алғанын хабарлайды. «Карелия әміршісінің, немістер мен орыстардың біріккен күші айналдыра ор қазып, бекінеді, үш айға жуық берілмейді». Бір күні түнде Шайдан ханзада айналып өтіп, жау бекінісіне басып кіреді. «Жетпіс мың адам» қаза тапқан ұрыстың шешуші сәті сол болды. Орыс жылнамаларында бұл ерліктің үлгісі болған қорғанысқа, әскербасы Филипп Нянка басшылық еткені жазылған (Қ.Бегалин. «Алтын Орда хандары». Ал., 2007. 39-б.).

1238 жылы қаңтарда Мәскеуді жаулап, оның князі Владимир Юрьевичті тұтқындады. 3 қаңтарда Владимир қаласын қоршауға алып, оны 7 ақпанда бағындырды. Осы жылы наурызда орыс князьдіктерінің дені – Суздаль, Кострома, Ростов жеңілді де, Бату әскері үшін Новгородқа жол ашылды.

Моңғолдар енді Новгородқа беттеді. Новгородтықтар қорғанысқа дайындала бастады. Наурыздың 17-сі күні Новгородқа 200 шақырым жетпей тоқтады. Бату оңтүстікке оралуға шешім қабылдады. Кейбір тарихшылар моңғолдар көктемгі батпақтан қашты деп түсіндіреді. Шындығында, моңғолдар бірталай шығынға ұшырағандықтан, соғысқа дайын әскермен айқасуға бата алмады. Оңтүстікке бет

алған әскерлер жол-жөнекей Козельск қаласын басып алмақшы болды. Алайда, қала тұрғындарының табанды қарсылығына ұшырады. Козельскіні алты күн бойы қоршап, қорғанды арнайы машинамен қиратып кірді. Козельскіні Бату «ашулы қала» деп атады (К.Аманжолов, А.Тасболатов. «Қазақстанның әскери тарихы». Ал., 1999. 52-б.). Торжок, Подесня, Курск қалалары талқандалды. Дон өзенінің бойында Қыпшақ ханы Қотанның әскерімен кезікті. Жеңіліс тапқан Қотан өзінің әскерімен Мажарстан (қазіргі Венгрия) жеріне өтіп кетті. Мажарстан королі IV Бела қыпшақтарға Тисса мен Дунай өзендерінің арасынан қоныс береді. Сол жылы қырық мың қыпшақ мажар жеріне қоныс аударады. Олар барған жерінде жаман болған жоқ. Ел билігінде беделді қызметтерді иеленді. Кеңес, жиындарда төрге шықты, Қотан ханның қызы Эржебет (Елизавета) тақ мұрагерінің қалыңдығы болды.

Бату 1239 жылы көктемде Переяславль, күзде Чернигов князьдіктерін жаулап алып, Днепр өзені бойына жетті. 1240 жылы 6 желтоқсанда Киевті алды. Батыс Еуропаға жол ашылды.

Бату Киев жерінен Мажарстанға, Польша мен Далмацияға (Балқан түбегіне) жорық ұйымдастырады. Бату әскерінің жасақтары 1241 жылы наурызда Польшаның Люблин, Сандомир, Краков қалаларына жорық жасады. Шағатайдың ұлы Байдар басқарған әскер 9 сәуірде Лигниц қаласы түбінде 30 мыңнан астам адамнан тұратын поляк-неміс әскери жасағымен шайқасып, жеңіске жетті. Бұл шайқас азиялық соғыс өнері еуропалықтардан анағұрлым жоғары екендігін көрсетіп берді. Бұл мезгілде Бату әскердің басым бөлігімен Мажарстан жеріне кіріп, Сити өзені бойында біріккен мажар-хорват әскери күшін талқандады. Шайқаста 65 мың адамнан тұратын мажар-хорват әскерінің 56 мыңы өлді. Мажар королі Далмацияға қашып кетті. Хорват герцогі Коломан шайқаста алған жарақатынан қайтыс болды. Будапешт

қаласы Бату әскерінің тонауына түсті. Дунай өзенінен өтуді Бату өзі басқарып, әскерін Жерорта теңізінің жағалауына дейін жеткізеді. Остроган, Стольни, Боиград (Белград), Весперим, Джур қалаларын бағындырды. Бату әскерінің екінші қанаты Нейштад қаласын алып, Венаға тақап келді («Айбын». Энциклопедия. Ал., 2011. 163-б.). Бату өзі түгелге дерлік бағындырылған Еуропа елдерінің ішкі істеріне араласпай, дініне, мемлекеттік басқару істеріне еркіндік берді, тек салық төлеп отыру міндетті болды.

1241 жылы желтоқсанда моңғолдың Ұлы ханы Үгедей өлгеннен кейін Бату Балқанды тастап, Жошы ұлысына – Төменгі Еділдегі өзінің ордасына аттанды. Кейбір тарихшылардың айтуынша, Батудың Мажарстаннан қайтуы – Үгедей ханның дүниеден қайтуына байланысты. Негізгі себеп – моңғол армиясының саяси-стратегиялық күшінің сарқылуы болды.

Батудың тау суындай екпінді жорығы барысында моңғолдар кең байтақ жерге ие болды. Оның шегі батыста – Днестрге, шығыста – Ертіске, оңтүстікте – Солтүстік Кавказға, солтүстікте – Батыс Сібір ойпатына дейін жетті. Бату иеліктерінің құрамына оңтүстік- шығыста Солтүстік Хорезм мен Сырдарияның төмен жағындағы жерлер енді. Орыс княздіктері де Батуға тәуелді бодан болды. Аса зор мемлекет орыс жылнамаларында «Алтын Орда» деп аталды. Бұл тегінде Бату (Сайын) ханның Еділге құятын Ахтуба бойында тұрғызылған, мұнаралары алтынмен қапталған ордасына байланысты шыққан атау болса керек. Алтын Орда хандары кестесінің Бату ханнан басталу себебі де осыдан (Қ.Салғараұлы). Астанасы Еділдің төменгі сағасында Сарай Бату болды. 1246 жылы Рим папасы жіберген елшілер арасында болған Пано Карпини өзінің саяхатнамасында (Карамзин жазбалары бойынша) төмендегі деректерді келтіреді:

«...Қыпшақ жерлері арқылы жүріп, Днепр, Дон, Еділ

өзендерімен жүзіп, Жайыққа бардық. Бату хан Еділ бойында әсем сарайлар салдырыпты. Бізді Бату хан шатырына алып барды. Ол салтанатпен тақта отыр екен... Папаның хатын мұқият оқыды. Музыка ойнап тұрды. Хан алтын, күміс тостақтармен қымыз ішеді екен. Бату хан зор денелі, қызыл шырайлы, ашық жүзді, білімді, қайратты, тәжірибелі, соғыс кезінде айлакер, тапқыр, қарауындағыларға қайырымды, жомарт еді...». Халықтың оған «Сайын» деп ат қоюы да тегін емес. Арабшадан аударғанда ол дана, әділ деген сөз екен. Қазақта «Ер Сайын» деген дастан да болған («Сарайшық: билеушілері мен батырлары». Ал., 2004. 105-107-б.).

Бату қазақ жерінде ержетті. Оның ана тілі қыпшақ (қазақ) тілі еді. Түрлі айғақтарға қарағанда, Бату хан шетелдік елшілермен құман (қыпшақ) тілінде сөйлескен. Бату құрған Алтын Орда мемлекеті – қыпшақ мемлекеті еді. Өйткені, Алтын Орданың халқы – түркі тілдес елдер, басым көпшілігі қыпшақ, қаңлы, арғын, найман, қоңырат, керей, уақ, дулат, үйсін, т.б. тайпалар болды. Мемлекеттің тілі қыпшақ, діні ислам болды (Д.Кішібеков. «Алтын Орданы құрған Бату еді». «Егемен Қазақстан». 2003, 26 ақпан).

Алғашқыда Алтын Орда Моңғол империясына оның бір ұлысы ретінде енген еді, ал, XIII ғасырдың 60-жылдарынан кейін ол дербес ел болып бөлінді.


Өз кезегінде Бату хан ағасы Орда Ежен мен інісі Шайбанға сіңірген еңбектері үшін бұрынғы ұлыстарына тағы жаңа жерлер үлестірді. Тарихшы Әбілғазының дерегінде Бату Шайбанға 15 мың үйлік, Орда Еженге 10 мың үйлік ел берген (Әбілғазы. Түрік шежіресі. Ал., 1992. 120-б.). 1246 жылы құрылтай жиналысында Батудың ежелгі жауы әрі бәсекелесі Күйік Моңғол империясының Ұлы ханы болып жарияланды. Ауырдым деген сылтаумен Бату құрылтайға қатысудан бас тартып, өзінің 5 інісін өкіл етіп жібереді. Мұны пайдаланып, Күйік хан моңғолдардың дәстүрлі астанасы Қарақорымнан Эмильге (Таулы Тарбағатай) қарай Батуға қарсы жорыққа ат-

танды. Бірақ, ол Жоғарғы Урунгу өзені бойындағы (Оңтүстік Алтай) Құмсеңгір деген жерде жол-жөнекей, кенет қайтыс болды (1248). Енді, Батудың тікелей қолдауымен таққа отырған Төлейдің ұлы Мөңке (1251) таққа таласушылардың көздерін жойды. Осылайша, Шыңғыс хан империясында шын мәнінде екі адамның ғана Ұлы хан Мөңкенің және оның сенімді қолдаушысы, Шыңғыс хан ұрпақтарының ең үлкені болып табылатын Бату (Сайын) ханның мерейі үстемдік алды («Қазақ Совет энциклопедиясы». II т., 199-б.).

Бытыраңқы, бірін-бірі мойындамайтын майда орыс княздіктерінің бастарын Бату хан тоғыстырды. Өз іштеріндегі алауыз дұшпандықтарын біртіндеп жоюға кірісті. Княздіктердің ірісін де, ұсағын да бір орталыққа бағындырудың қажеттігін түсінді. Моңғолдардан әскери заңды, соғыс ғылымын, шеруге шығу, мемлекетті басқару тәртіптерін үйренді. Шындығында да, орыс халқын топтастыруда, олардың бір орталыққа бірігетін мемлекетін қалыптастыруда Бату хан негіздеген Алтын Орданың ролі зор. Бату хан 1238 жылдың ақпанына дейін бұрын біріне-бірі бағынбайтын 14 орыс қаласын (ішінде Мәскеу де бар) басып алғаннан кейін орыс княздері оны еріксіз мойындады. Алғаш 1242 жылы Владимир князы I Ярослав Батуға берілгендігі жөнінде ант берді. 1247 жылы Новгородтың атақты князі Александр Невский Алтын Ордаға келіп, бас иіді. Орыс княздері 1249 жылдан бастап, Батуға адалдықтарын білдіріп, оның ұлы Сартаққа жаппай ант беруге көшті (Т.Омарбеков). Бір сөзбен айтқанда, Алтын Орданың қол астына түскен халықтардың этно-саяси өмірінде айтарлықтай өзгерістер орын ала бастады. Байырғы түркітілдес Еділ бойының бұлғарлары енді «татар» атанып кетті, Қыпшақ даласында жаңа тайпалық бірлестіктер құрыла бастады. Бұл этникалық өзгерістер болашақ ноғай, қазақ, өзбек, башқұрт, қарақалпақ тәрізді көптеген түркітілдес халықтардың қалыптасу үдерістерін жеделдете түсті.

Рубруктың айтуынша, Батудың 26 әйелі болған, ал, Рашид-эд-Дин Батудың небары 4 ұлы (Сартак, Тоқан, Әбуқан, Ұлақшы) болғанын айтады. Бату 1255 жылы қайтып, Еділдің сағасындағы (Ахтуба алқабы) аралдардың біріне орналасқан Сарай қаласында (Астраханнан солтүстікке қарай 65 шақырым жерде) қойылған деседі.





III-бөлім

ТАРИХ һәм ТҰЛҒА



КЕМЕҢГЕРЛІК КИЕСІ

Келдібекұлы Қазыбек би – 1667 жылы дүниеге келген (кіндік қаны тамған жері белгісі, шамамен Сыр өңірі, оның ішінде Қаратау маңы), қазақтың Тәуке, Болат, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай хандары тұсында мемлекет басқару ісіне араласқан мемлекет және қоғам қайраткері, Әз Тәуке құрған «Билер кеңесінің» мүшесі, атақты шешен, орта жүздің төбе биі, «Жеті жарғы» аталатын заңдар кодексін шығарушылардың бірі. Шыққан тегі – орта жүз, Арғын тайпасының ішіндегі Қаракесек руынан. Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда, Қазыбектің әкесі – Келдібек, шешесі – Токмейіл. Ал, Келдібектің әкесі – абыз атанған Шаншар, ол – Бұлбұл бабаның баласы. Қазыбектің анасы Токмейіл ұтымды да тапқыр сөздерді көп білегін зерек кісі болыпты. Анасы айтқан есті сөздерді кішкентай күнінен жаттап өскен ол ержете келе өзі де солай сөйлеуге машықтана бастайды. Ел арасында айтылып жүрген данасөздерді, мақал-мәтел, нақыл өнерді, өткендегі ақын-жыраулардың терме-толғауларын, шешен-билердің ұтымды айтқан сөздерін есіне сақтай жүреді. «Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады» (Абай) деген сөз осындайда айтылса керек. Әсіресе, әке тәрбиесі оған мол әсер етеді. Ел арасындағы әңгімеге жүгінсек, Қазыбек жеті жасында-ақ шешендігімен, алғырлығымен

көзге түсе бастапты. Бір жүйрікке таласқан екі жігітке төрелік айтып, би атаныпты.

Қазыбек шешендік өнерінің арқасында бала биден дана биге айналып, «қара қылды қақ жарған Қаздауысты Қазыбек би», «алты Алаштың ардағы» деген атаққа ие болды. Содан болар, Тәуке хан мемлекет тұтастығына жарықшақ түсірмей, халықты бірлікте ұстау үшін үш жүзді өзінен шыққан үш би арқылы басқарғанда, Орта жүзге осы Қазыбек биді тағайындайды. Ол ел басқару ісіне араласып, Қазақ хандығының ішкі-сыртқы саясатына елеулі ықпал жасап отырады.

Би есімі халыққа қазақ пен қалмақ арасындағы жаугершілік, шапқыншылық кезінде екі елдің арасында бітімші, бүтінші болған батыл елші, парасатты мәмілегер ретінде мәлім.

Қазақ-жоңғар қақтығыстары өршіген алмағайып заманда Орта жүздің сұлтаны Абылай жоңғарларға тұтқынға түседі (1741 ж.). Қаздауысты Қазыбек бидің дипломатиялық дарыны осы тұста жарқырай көрінді. Хан тұқымы екендігін былай қойғанда, жоңғар шапқыншылығына тегеурінді қарсылық көрсетуді ұйымдастырушылардың бірі ретінде алты Алашқа танымал болып қалған саяси тұлғаны жау қолында қалдырып, қол қусырып қарап отыру, демократиялық дәстүрі берік дала халқы үшін өрескел көрінетіні айдан анық. Сондықтан, екі ел арасында орнаған біршама тыныш кезең мен Жоңғар мемлекетінің өз ішіндегі тақ таласына байланысты туындаған саяси дағдарысты дер кезінде пайдалана отырып, 1743 жылы жоңғар қоңтайшысының ордасына Қазыбек би бастаған бір топ елшілер аттандырылады. Сондағы жоңғар билеушісінің ордасында Қаздауысты Қазыбек айтыпты делінетін көсемсөз – дипломатиялық өнердің де, шешендік өнердің де асқақ үлгісі болып табылады (А.Оразбаева. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. Алматы, 2004. 126-бет). «Біз қазақ деген

мал баққан елміз, Бірақ, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, Жеріміздің шетін жау баспасын деп, Найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, Басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, Дәм-тұзын ақтай білген елміз. Асқақтаған хан болса, Ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумады, Анадан қыз туса, күң боламын деп тумады. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз. Сен қалмақ болсаң, біз қазақ, Қарпысқалы келгенбіз. Сен темір болсаң, біз көмір, Еріткелі келгенбіз. Екі еліктің баласын теліткелі келгенбіз, Қазақ-қалмақ баласы табысқалы келгенбіз. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, Танысуға келмесең, шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен арыстан, Алысқалы келгенбіз. Жаңа үйреткен жас тұлпар, Жарысқалы келгенбіз. Тұтқыр сары желіммін, Жабысқалы келгенбіз. Берсең, жөндеп бітіміңді айт. Бермесең, дірілдемей жөніңді айт, Не тұрысатын жеріңді айт, – депті (Н.Төреқұлов. Қазақтың жүз шешені. Алматы, 1993. 91-бет).

Н.Төреқұловтың жинағында келтірілген әңгімелерге сайсақ, Қазыбек жоңғар қоңтайшысына бала жігіт шағында барған. Ал, оның туған жылы 1667 жылы екендігі белгілі. Ендеше, тіпті, қазақ пен жоңғар арасында елшіліктер алмастырыла бастаған XVIII ғ. 30-40 жылдары былай тұрсын, 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезінде-ақ Қазыбек 56 жаста болған. Бұл – бір. Екіншіден, халық аузындағы әңгімелерге қарағанда, Қазыбек өз сөзін жоңғардың Ежен ханына қаратып айтқан. Мұндағы Ежен – жоңғар қоңтайшысы тарихи Қалдан Серен екендігі, Абылай осы Қалдан Серен тұтқынында ұсталғаны белгілі жәйт. (А.Оразбаева. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән... 128-бет). Қайсыбір жырларда тарих пен жырдың алшақтығы кездесетіні, бірақ, оқиғаның анық халықтық сипаттамасының көрінуі басты шарт екені есте болуы керек.

Бірқатар деректерге қарағанда, Қаздауысты Қазыбек би осы жолы өзінің кемеңгерлігінің арқасында Абылайды тұтқыннан босатып, Түркістан мен оның атырабындағы отыздан астам қаланы қайтарып алуға ықпал жасап қана қоймай, қазақ пен қалмақ арасында бітім жасалуына да қол жеткізіп қайтқан. 1745 жылғы Қалдан Серен өлімінен соң Жоңғарияның өз ішінде лаң болмағанда, қол жеткізілген бітімнің қаншалықты уақытқа созыларын кім білсін?!

Үш жүздің ішіндегі шешуі қиын, ең күрделі мәселелердің басы-қасында жүріп, хандардың сенімді ақылшысы, халықтың ханға бергісіз биі болған Қазыбек әр кез батыр жинап, ел шаппай, қылыш шауып, оқ атпай-ақ, ақылмен жол тауып, ел бірлігінің ұйытқысы бола білген. Барақ сұлтан қысастықпен 1748 ж. 24 тамызда Кіші жүз ханы Әбілхайырды өлтіргенде, мұны ел бірлігіне іріткі салатын қылмыс деп санаған. Бараққа: «Сылтауратып сытыла алмайсың, не өліп тынасың, не жөніңмен жеңіп құтыласың. Екіншісі, Барақ», – дей келіп, билер сотын мойындатып: «Уа, би аға! Айттың сен, көндім кебіне» деуге мәжбүр етуі, тек, Қазыбектей айбыны ай жасырған текті бидің қолынан ғана келсе керек (Сейдімбек А. Келдібекұлы Қазыбек би. Шығ., 5 т. 2010. 468-бет). Бір қызығы, хан тұқымы Барақ қарадан шыққан Қазыбектің айтқанына көніп қана қоймай, өзінің ісін қарайтын билерді де өзі таңдап алыпты: Алшын – төртқара Қаратоқа би, Қаракесек – қозанай Мәмбет би, Найман – бағаналы Өтебай би. Барақ сұлтан тартылған билер сотының құрамына Төле, Әйтеке, Жалған, Баба, Сырлыбай билер де кірген. Бұл түсінікті де. Себебі, хан тұқымын екі немесе үш емес, көптеген кісілерден тұратын билер кеңесі ғана қарай алса керек. (Оразбаева А. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән... 106-бет). Қазақтың ынтымағын, тәуелсіздігін ойлаған Қазыбектің осы жолы кек туғызып, елдің арасын бұзбай, Барақтың басын аман сақтап қалғаны мәлім.

Қаздауысты Қазыбектің ендігі бір ауыз толтырып айтарлық ерен қадір-қасиеттерінің бірі – оның заңгерлік даналығы,

ғаламат дала дипломатиясының негізін салушы санаулы ғана дарабоздың бірі болғандығы. Орыстың зерттеушісі Л.А.Словохотов «Народный суд обычного права Киргиз» деген еңбегінде «Золотой век, о котором вспоминают киргизы, есть царствование хана Тауке.... умный, энергичный Тауке.... должен стать в летописях киргизских наряду с Солоном и Ликургом по своей законодательной деятельности. Справедливость и правосудие могущественного хана остановили брани родов. В степи водварилась редкая тишина. Народ отдыхал от кровавых дней былых». Бұл арада зерттеуші «Жеті жарғыны» айтып отыр.

«Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы» сияқты тарихи конституциялық пәрмені бар құжаттардың орнына Тәуке хан тұсында «Жеті жарғы» келгені мәлім. Академик С.Юшков ол туралы былай деп көрсеткен: «Вопрос о том, что означает «Жеты жаргы» окончательно не решен Казахстанскими историками и филологами. По мнению одних исследователей, это слово означает «Семь истин», другие толкуют его «Объявление Семи», т.е. семи судей. Нам кажется, что последнее истолкование является более приемлемым».

Бұл күні «Жеті жарғыны» жазуға Төле би, Қазыбек би, Әйтеке биден басқа, қырғыздан Қоқым, қарақалпақтан Сасық би, құрамадан Мұхамед би қатысқаны туралы деректер кездеседі (М.Қозыбаев. Тұлғалар тұғыры. Алматы, 2009. 117-бет).

М.Исламғалиұлы өзінің «Әйтеке би» деген шежіре-намасында: «Жеті жарғыны», тек, Тәуке хан және оның алты биі – Сасық, Мұхамед, Қоқым, Төле, Қазыбек, Әйтеке ғана жазған. Сондықтан, жарғы осылай аталған екен десе, сөзсіз ұшқары пікірге жүгінгендік болып шығары анық. Жарғыны жазысуға сол кезде көздері тірі Әнет баба, Едіге, Соқыр Абыз, Құдайназар, Болпыш, Жылкелді сияқты қазақ даласының түкпір-түкпірінен аты шулы билер мен ұлыс басшылары қатысқаны даусыз», – деп жазады (М.Исламғалиұлы. Әйтеке би. Алматы, 1998. 40-41 беттер).

Автордың ой-өрісі дұрыс бағытта өрбиді. Алайда, «Жеті жарғыны» Тәуке хан жазған жоқ, ол үкім шығарып жаздырды. Сол жазған жеті бидің бірі – Қожаберген жырау. Көтеш ақын «Жиен жырау» дастанында: «Ақылдасып үш бимен, «Жеті жарғыны» жазған ер. Кім десеңіз ол бекті, Қожаберген кеменгер» деуі жоғарыдағы пікірді растай түседі.

«Жеті жарғы» бойынша ел ішіндегі әдет-ғұрып нормалары, жер-су, қоныс иеліктерінің мөлшері, жесір дауы, құн төлеу, кек алу, ұрлық-қарлыққа тыйым салу, ағайын-туыс, ру арасындағы дау-дамайлар, ел бірлігі, мемлекет басқару, Отан қорғау, сыртқы жаулардың шабуылдарына тойтарыс беру, ұрпақ тәрбиесі, т.б. мәселелердің шешілу жүйесі жаңаша белгіленді. Олай болса, Қазыбек бабамызды қазақ халқының тұңғыш конституциялық құжаттар жобасын жасаушылардың бірі деп атағанмыз жөн болар еді.

1718 жылы Әз Тәуке қайтыс болғаннан кейін жоңғар шапқыншылығы бұрынғыдан да үдей түсті. Оңтүстіктен қырғыздар, қарақалпақтар, Хиуа, Бұхар хандықтары, батыстан башқұрттар, орыс казактары, Еділ қалмақтары қыспаққа алды. Ел қатты күйзеліске түскен осы кезеңде Қазыбек би Сәмеке, Әбілмәмбет хандардың, Барақ, Батыр, Абылай сұлтандардың арасын жалғастыруға күш салды, оларды ынтымаққа шақырды. Ресей үкіметінің шенеуніктері арқылы орыс патшасымен достық қарым-қатынас орнатуды жақтады. 1731 ж. орыс патшалығына бодан болған Әбілхайыр ханға айтарлықтай қолдау көрсетті. 1741 ж. Орск қамалына аттанған Орта жүз ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұлтанға хат жазып, Арғын тайпасының атынан ант беруге әзір екенін білдірген.

Қаздауысты Қазыбектің осы жылдардағы саяси-қоғамдық қызметінің бір көрінісі – Орынбор генерал-губернаторы И.Неплюевке жазған хаттары. Елдің саяси өміріне тікелей қатысты мәселелерге байланысты жазылған аталмыш екі хаттың екеуінде де Қазыбек би алысты болжап, саяси мәселелердің ахуал жайын дұрыс аңғара білген ди-

пломат ретінде көрінеді. 1744 жыл шамасында жазылған алғашқы хатында би қазақ-орыс қатынастарын нығайта түсу қажеттігін, осы жолда қазақ елінде болып жатқан оқиғаларды патша әкімшілігіне хабардар етіп отыруға дайын екендігін сездірсе, жыл өткенде жіберілген кейінгі хатында Қазыбек жоңғар қонтайшысы Қалдан Сереннің, тек, қазаққа ғана емес, сол сияқты орыс үкіметіне де қауіп төндіруі мүмкін екендігін жеткізеді: «Біз бұл заманда жоңғар-қалмақ Қалден Серен хан патша жұртына жамандық жасап жүр деп естиміз. Өзіміз көзімізбен көргеніміз жоқ» (Ж.Артықбаев. Қазыбектің көреген саясаты Орта жүздің дербестігін сақтады. Аңыз адам. 2011, №23. 9-бет). Бидің мақсаты, хат мазмұнынан байқалғандай, жоңғарларға қарсы күрес үстінде мұздай қаруланған орыс үкіметінің қолдауына ие болу.

Қазыбек би Қытай, Бұхар, Хиуа мемлекеттері арасындағы еларалық мәселелерге белсене араласқан, бейбітшілік пен достықты дәріптеуші мәмілегер болған. Бірақ, би 1762 ж. екінші ұлы мемлекет Цин империясының елшілерін қабылдамай, сыйлықтарын алудан бас тартып, Абылай сұлтанға қазақ елінің Қытайдың қол астына қарауына қарсы екенін білдіреді. Сөйте тұрып, Абылайды Цин империясымен тығыз қарым-қатынас жасауға шақырады (Айбын. Энциклопедия. Алматы, 2011. 433-бет).

Қазақ кемеңгерінің өмірінің соңында тағы бір жасап кеткен шаруасы – Ресеймен келісім. Өз өмірінде көпті көрген, ақылға түйген, алыс болашаққа ой салған кемеңгер би қазақ тағдырының Ресейдің қатысуымен шешілетініне көзі жетті. Бұған Сібір генерал-губернаторының міндетін атқарушы, генерал-майор Фон Фрауендорфтың үкіметтің сыртқы істер алқасына 1763 ж. 11 наурызда жолдаған мәлімдемесіндегі «Орта жүздің төбе биі Қазыбекке Оразмәмбет тархан мен тілмәш Сафаровты жіберіп шақырғанын, алайда, қыстың қаттылығынан Қазыбектің өзі келе алмай, орнына баласы Сырымбет пен інісі Отарбай бастаған он кісі жібергені,

олардың 1762 жылғы 15 және 22 желтоқсан күндері ант қабылдағаны» айтылған. Фон Фрауендорфтың Сырымбетпен оңаша әңгімелескенін, Қазыбектің Ресейге деген игі ниетте екендігіне көзі жеткендігін жазған (Р.Сағымбеков. Қазақ халқының кеменгер биі. Редакторлардың редакторы, 2012. 10-бет). 1762 жылдың күзінде Омбыға барған Сырымбет пен Отарбайдың хабарына қарағанда, Қаздауысты Қазыбектің жасы 96-да болған екен. Солай кеменгер бабамыз өзінен кейінгі ұрпақ тағдырын болжап, оларды көшпенділердің бағы тайған заманда Ресейдің етегінен ұстатып кетті.

Қазыбек бидің артында кейінгі ұрпаққа жарық жұлдыздай жол көрсетіп, жөн-жоба сілтейтін көптеген өнегелі өсиет сөздері қалды. Кеменгер бидің шешендік сөздері айтпақ ойының ұшқыр да тапқырлығымен, тап басатын көркем теңеулерінің дәлдігімен, тілінің өткір де айқындылығымен ерекшеленеді. Оның тұжырымды терең толғаулары, суырып салма сөздері, нақылға толы мақал-мәтел түрінде өрбіген. Мысалы: «Алтын ұяң – Отан қымбат, Құт-береке атаң қымбат. Мейірімді анаң қымбат, Асқар тауың әкең қымбат. Туып өскен елің қымбат, Кіндік кескен жерің қымбат. Ұят пенен ар қымбат, Өзің сүйген жар қымбат» деген өлеңін білмейтін қазақ баласы жоқ. Ұзақ толғаудан алынған бұл үзіндіні жырау, ақын жазған қай өлең-толғаудан, поэзия мәдениетінің әлемдік үлгісін менгерген қай ақынның қиялынан туған қандай туындыдан кем жатыр деп айта аламыз?!

Қаздауысты Қазыбек би жайында мынандай тарихи деректер бар. Бұқар жырау: «Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаздауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек. Ормандай көп Орта жүз, Содан шыққан төрт тірек», – дейді. Төле би: «Қақ жарған қара қылды Қазыбегім, Бір өзін бар қазаққа азық едің», – дейді.

Шоқан Уәлихановтың «XVIII ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздар» деген еңбегінде «Абылай ханнан үш жүздің батырларының ішінен кімді ерекше құрметтейсіз деп

сұрағанда, ол: Бізге дейінгі ерлерден екі кісіге таңғалуға болады. Оның бірі – 90 туысын Қалден Сереннің тұтқынынан құтқарған Қаракесек Қазыбек те, екіншісі – өзінің сондай тұтқындағы туысын құтқарған Уақ Дербісәлі. Мұның алғашқысы Қалданға өзі барып, сұрап алды. Соңғысы, өзінің ауылында отырып, жауын қорқытып алды» деп жазады. Бұл заманында ақылымен қатарынан озған дана биіне ел басшысының берген нақты әрі әділ бағасы еді (Дала даналары. Алматы, 2001. 282-бет).

Қазыбектен: Бекболат, Қазымбет, Базаргелді, Барқы, Сырымбет есімді бес ұлы, Маңқан деген бір қыз туған. Қазыбек қайтыс болғанда қызы Маңқан жоқтау айтқан екен. Бұл Мәскеуде «23 жоқтау» деген жинақта жарияланған. Осы жоқтауында мынандай жолдар бар: «Өсиет қылдың қазаққа, Сарыарқа деп қонысың».

Би 18-ғасырдың 40-шы жылдарының басында Сыр бойынан Арқаға ауа көшіп, Ұлытау, Қарқаралы өңірін қоныс қылып, Семізбұғы тауының беткейлерін жайлаған. Қыс түсе Семізбұғы тауының етегіндегі Теректі қыстағында 1764 жылы қайтыс болған. Сүйегі Түркістандағы Қожа Ахмет Йассауи кесенесіне қойылған.

Ие, өлмейтін жан жоқ. Абай «Өлді деуге сия ма, ойлаңдаршы, Өлмейтұғын артында сөз қалдырған» дегендей қазақ халқының кеменгер биі Қазыбек өз халқымен мәңгі бірге жасайды.

Қазыбек есімі Өз Тәуке хан, Абылай хан, Әбілхайыр хан, Бұқар жырау, Төле би, Әйтеке би, Қабанбай батыр сияқты ұлтымыздың ұлыларының қатарында Отан тарихында хатталады.

Қорыта айтқанда, Қазыбек бабамыз Алаштың ардағына, кеменгерліктің киесіне айналған тұлға.

КЕНЕСАРЫ ХАН

«Кенесарының көтерілісі Ресей патшалығына, Орта Азия хандықтарына қарсы, отаршылдыққа қарсы азаттық сипаттағы көтеріліс болды».

Ермахан БЕКМАХАНОВ.

Касымұлы Кенесары хан (1802-1847) – Қазақ хандығының соңғы ханы, Ұлт-азаттық көтерілісінің әйгілі басшысы. Ол өзінің тегі жағынан төре тұқымынан. Бабасы – қазақтың атақты ханы Абылай. Арғы аталары Шыңғыс ханның Жошы деген үлкен баласынан тарайды. Абылайдың әйелі – қалмақ Хочу-мерген ноянның қызы Топыштан Қасым сұлтан туады. Кенесары – осы Қасым сұлтанның баласы. Қасымның соңынан ерген балаларының бәрі кілең көкжал, кекті де текті еді. Бәйбішесінен – Есенгелді мен Саржан, екінші әйелі Бибіден – Кенесары, Құдайменде, Әбілғазы, Уақ, Шуақ, Сапақбай және Бопай, Бопан, Бопыш атты үш қыз, үшінші әйелі Асылтастан – жалғыз, арыстан жүректі Наурызбай туған. 1802 жылы Көкшетау өңірінде өмірге келген Кенесары осынау текті ұрпақтың ішінен оқ бойы озық тұрған, жаратылысы тым оқшау, нақ топжарғанның өзі болды.

1822 жылы Ресей өкіметі Кіші жүз бен Орта жүздегі хандық билікті жойып, аға сұлтан мен сұлтан әкімдер билігін енгізеді. Сөйтіп, Ресей өкіметі XIX ғасырдың 30-жылдарын-

да Қазақстанда отарлау саясатын онан әрі өрістетіп, қазақ халқының саяси дербестігін біржолата жоюға бағытталған шараларды кенінен жүргізе бастады. Әбілқайыр, Абылай хандармен жасасқан шарттардағы Қазақстан жеріне кірмеу, солдат алмау, тек, салық төлеу жөніндегі міндеттемелер аяқ асты етілді. Қазақ жерінде әскери шептер, бекіністер салынып, шұрайлы жерлерге патша өкіметінің қолшоқпары болып келген казак-орыстарды қоныстандыру шаралары жүргізілді. Ресейдің қазақ жеріндегі әкімшілігі өзен-көлдерді, құнарлы жерлерді, орман-тоғайды өз қарамағына алды, ал, оны пайдаланған қазақтарға салық салынатын болды. Тек, 1755-1772 жылдарда ғана Кіші жүз бен Орта жүз жерінде, Жайықтан Өскеменге дейін 3,5 мың шақырым шеп бойында бекіністер салынды (М.Қозыбаев. Тарих зердесі. 2-кітап. Алматы. Ғылым, 1998. 52 б.). Нәтижесінде, халықтың ғасырлық көшіп-қонып жүрген маршруттары тұйықталды, шектелді. Енді, ел тайпа емес, ауыл шеңберінде ғана көше алатын жағдайға душар болды. Дәл тарихтың осы кезеңінде көшпелі ел өркениетінің тамырына балта шабылды. Ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі өркениет өзінің өрісінен айырылды, қанаты қайырылды. Ендеше, хан Кене тек жер үшін емес, бүкіл бір өркениетті қорғаушы санатында танылуы керек.

Патша өкіметі XVIII ғасырдың 30-жылдарында-ақ Орынбор казактары әскерін құра бастады. Халық қозғалысы басталар шақта Орынбордағы казак әскері Жайық өзені бастауынан, Орал тауларының шығыс бөктерлері мен Сібір казактары әскері иелігіндегі жерге дейінгі әр кезеңде казак, башқұрт және басқа халықтардан тартып алынған аса үлкен аумақты иеленген еді. Орынборлық казак әскері сонау Сібірден Оралға дейінгі 7,8 миллион ондық жерді еншісіне алса, 1,4 миллион ондық жер Сібір казактары әскерінің пайдасына шешіледі. Станица атамандары казактарға жерді жалға беріп, тиесілі төлемін алуға құқықтары болды.

Қазақтар әскер жерінен мал айдап өтсе де, сол жерлерде қыстатса да, тұз дайындаса да ақы төлейтін болған. Осының бәрі казак атамандары мен жергілікті бастықтардың казак еңбекшілерін бақылаусыз қанауға әкеп соғады. (М.Әбдіров, т.ғ.д.) Осыған қарсы шыққан Кенесары хандық басқару жүйесін қалпына келтіруге күш салды. Ол өз ойын Ресейдің жергілікті әкімшілігіне, сонымен қатар, патшаның тікелей өзіне де жеткізеді. Орынбор өлкесінің губернаторы, генерал Перовскиге жолдаған хатында былай дейді: «Мен Кенесары сұлтан, атамыз Абылай ханның тұсынан бері өз бауырларымызбен қатынасқандай, орыстармен достық бейбіт араластықта болдық, алайда, Омбы мен Петропавл (Сібір өлкесіндегі) жұрттары біздің бейбіт тұруымызға мұрша бермейді... Менің олармен жанжалдасуыма себеп – осы. Сіздің жаққа өте отырып, мен Ресеймен еш уақытта жауласуды ойлаған жан емес екенімді хабарлаймын, менің бұл өтінішімді жоғарыдағы әкімдерге жеткізуіңізді сұраймын» (Артықбаев Ж. Төрелер шежіресі. Қарағанды, 2015. 179 б.). Осылай деп генерал Перовскиге жолдаған хатында орыстарға бес бересі, алты аласы жоқтығын, тату көршілікте тұрғысы келетіндігін ашық мәлімдейді. 1837 жылғы желтоқсанда І Николай патшаға жазған хатында ол атасы Абылай хан заманында екі ел арасында орын алған бейбіт қатынасқа және шекара есебінде қабылданған межеге қайта оралуға шақырады. «...Сіздің арғы бабаларыңыз, ал, бізде менің атам Абылай хан тұсында халық тыныштыққа бөленген еді, ал, оның тыныштығын ешкім бұзбаған-ды. Екі ел арасында сауда-саттық болды. Біздің халыққа салық салынбады. Ал, кейіннен іс басқаша болды. Халықтан жасақ жинала бастады. Оған әртүрлі қысым көрсетілетін болды... Менің атам Абылай билеген елде сегіз дуан құрылды. Бұл халықты қалың мұңға душар етті. Бүкіл қырғыз халқын қыспаққа салмай, ол тыныш ләззат алуы үшін мен мәртебелі ұлы ақ патша елімізге бұрынғыдай жағдай қалпына келуін, сегіз округтік

дуаныңызды құртуыңызды сұрағаным бақыттымын деп өзімді санар едім» деп жазды (Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. Алматы. Қазақстан. 1994. 114б.) Міне, осылай, Кенесары қазақ халқының біртұтастығын Ресей империясының қарамағында егеменді ел дәрежесінде сақталуын көкседі. Ол онда ақ патшаны, Ресейді бейбіт өмір сүруге шақырады. Бірақ, патша өкіметі Кенесарының талаптарын орындаудан бас тартады. Өйткені, ақ патшаның басты мақсаты – қазақ даласына сұғына еніп, еркін жайлап, тұтастай басып алып, тәуелді ету болатын. Сондықтан да, Кенесары өз мақсатын күшпен жүзеге асыруға кіріседі.

Кенесары көтерілісінің (1837-1847) басты мақсаты – патшалық Ресейдің құрамына қосылып үлгермеген аймақтардың дербестігін сақтау, қазақ жерлерін бекіністер мен жаңа округтік билеу арқылы жан-жақты отарлауды тоқтату еді. Сондай-ақ, Кенесары қоқандықтардың тепкісіндегі оңтүстік өңірдегі қазақтарды босатып, оларды Қазақ хандығына қосуды көздеді.

Кенесары Қасымұлының қозғалысы бүкіл Қазақстанды камтыды. Он жылға созылған көтерілістің басты қозғаушы күші – бұқара халық болды. Олар күшейе бастаған отарлық езгіден, феодалдық топтардың қысымынан құтылуға тырысты. Кенесарыны белсенді қолдағандардың арасында Орта жүз бен Кіші жүздің белгілі рулары – Қыпшақ, Төртқара, Жағалбайлы, Шекті, Алшын, Керей, Жаппас, Бағаналы, Тама, Табын, Арғын т.б. ру-тайпаларының жігіттері аз емес ті. Кенесары көтерілісіне жалпы 20 мыңдай адам қатысқан деген мәліметтер айтылды. Тікелей қатысқаны 5 мың адамның төңірегінде. Кенесары әскер жасақтаудың өз заманындағы озық үрдісіне сүйенді. Мыңдық, жүздіктерге бөлініп, оларды мың басы, жүз басыларға басқартты. Үш жүздің Ағыбай, Иман, Басығара, Бұхарбай, Жекебатыр, Бәйсейіт, Сұраншы, Саурық, Тіленшіұлы Жоламан тәрізді батырлары Кенесары қолын қиян-кескі шайқастарға бастап,

талай ірі жеңістерге қол жеткізді, ерліктері аңызға айналды. Көтеріліске Кенесарының інілері – Наурызбай, Әбілғазы, әпкесі Бопай белсене қатысты.

Наурызбайдың қара басының қаһармандығы алабөтен болды. Науан (Кенесары інісін еркелетіп осылай деп атаған) Басығара батырдың оққа ұшқан тұсында батыр қаны жау табаны астында қор болып қалмасын деп, қамалға өзі бастап кіргенде өзін қоршап алған мылтықты 12 казак-орысты ес жиғызбай найзаға іліп кеткен деседі. Майтөбенің етегінде қолға түскен Кенесары ағасын жау қолында қалдырып кетпеймін деп, өз еркімен қырғыздар қолына берілуін қазір көзсіздік десек те, алып жүректі Наурызбайдың һас батырлығы демеске мүмкін емес. Есіл ер жау қолынан 25 жасында опат болды. Күйеуінің қарсылығына қарамай, отбасын тастап, қасына алты баласын ертіп, бауыры Кененің қасынан табылған Бопай ерлігін де еске алмасқа болмайды. Құрамында 600 сарбазы бар ерекше топқа басшылық еткен Бопай ханшаның ерлік істері аңызға айналған. Оның ұлы Нұрхан, Кененің інісі Әбілғазылар да азаттық жолында аянбай күрескен, Кенесары таңдап алған жолдан табан аудармаған сенімді батырлар еді (Ел. 19 шілде, 2007 жыл).

Көтеріліске, сонымен қатар, ақсүйек өкілдері де қатысты. Ақмола округі бойынша електен өткен мәліметтерге карағанда Тұртұғұл болысынан сұлтандар – Күшік, Жадай, Жанай Айшуақов, билер – Сейдалы Жанмурзин, Аққошқар Кішпентаев та көтеріліске қатысқандар қатарынан бөлініп көрсетілген. Көкшетау округы бойынша «Кенесарының ылаңына» қатысы бар сұлтандардың тізіміне ілінген төртеуі: Ниген Уәлиұлы, Таны Тортайұлы, Қанқожа Уәлиұлы, ханша Айғаным Уәлиева. Баянауыл округы бойынша үкіметтің сенімінен кеткен 18 сұлтан, 18 би, 7 старшын. Солардың қатарынан көтеріліске қатысқандары анықталған сұлтандар: Маман, Тоқтамыс, Таймақ, Дүйсенбі, Таймас Абылаевтар, ағайынды Рүстемовтер, Жәнібек Абылпайызов. Жалпы,

Құсмұрын, Көкшетау, Ақмола, Қарқаралы және Баянауыл округтары бойынша 1838-1839 жылдары Омбы облыстық басқармасына қарасты сот-жазалау мекемелері жинастырған деректерге қарағанда, көтеріліске 80-нен астам сұлтандар мен билер белсене қатысқан. Олардың негізгі дені – Абылайдың тікелей ұрпақтары. (Қасымбаев Ж. Кенесары хан. Алматы. Қазақстан. 1993, 39-42 б.).

Кенесарының ымыраға келмейтін қарсыластары – Ақмола округінің аға сұлтаны Қоңырқұлжа Құдаймендин, Кіші жүздің басқарушы сұлтандары Ахмед пен Арслан Жантөриндер, сұлтан Баймағамбет Айшуақов, т.б. болды. Кенесары Жетісуға өткеннен кейін көтеріліске қарсы ымырасыздық позицияны Абылай ханның тұқымдары, яғни, өзінің туысқандары Сүйік Абылайұлы, подполковник Әли Абылайұлы, Адамсат Ыбақов, Қамбар Асыланов, Жанғазы Сүйіков, Мамырхан Бадылов, Аблек Алин, Тінаш Танатаров, т.б. ұстанды. Сонымен, Кенесары көтерілісінің бір ерекшелігі де қазақ феодалдары арасындағы жегідей жеген алауыздық. Егер, халықтың басты бөлігі отарлаудың тереңдеуіне наразылық білдіріп, он жылғы арпалысқа атсалысса, жергілікті ақсүйектердің екінші бір тобы патша үкіметіне қызмет етіп, жазалау топтарының қимылдарын біршама жеңілдеткені айқын. Кенесарының күресті қолдаудан бас тартқан ауылдарды шауып, қатыгездік те жасағаны, әсіресе, округтік приказдың аға сұлтандарын шешуші кезеңде ел мүддесінен айнығандығын айыптаудың бір көрінісі еді.

Ресей отарлауына қарсы күрес үш ғасырға жуық уақытты қамтыды. Тәуелсіздік үшін күрес үздіксіз жалғасып отырды. 1783-1797 жылдары Сырым Датұлы бастаған көтеріліс. 1824-1836 жылдардағы сұлтан Саржан Қасымұлы бастаған халық толқуы. 1836-1838 жылдардағы Исатай – Махамбет бастаған көтеріліс. 1837-1847 жылдардағы Кенесары бастаған қозғалыс. 1856-1857 жылдардағы Жанқожа Нұрмұхамедұлы

бастаған Сырдария қазақтарының көтерілісі. 1853-1857 жылдардағы Есет Көтібарұлы жетекшілік еткен бас көтеру, міне, осылай тізбектеліп кете береді. Сонау XVI ғасырдың аяғынан 1916 жылға дейін осындай 300-ге жуық көтерілістерді санауға болады. (М.Қозыбаев. Тарих зердесі. 2-ші кітап. Алматы. «Ғылым». 1998. 47 б). Ендеше, Сырым, Исатай, Махамбет, хан Кене бастаған көтерілістердің әрқайсысы – ғасырларға созылған ұлт-азаттық соғыстың бір ғана бөлігі.

XIX ғасырдағы отарлық саясатқа қарсы бағытталған ең ірі әрі отарлаушыларды он жыл бойы әбігерге салған көтеріліс Кенесары Қасымұлының қолбасшылығымен 1837-1847 жылдары орын алды. Қазақтардың XVIII-XIX ғасырларда болған барлық басқа ірі көтерілістерінен Кенесары көтерілісінің ерекшелігі – оған үш жүздің бұқара халқы түгел қатысты. Қазақстанның бар аймағын қамтыған Кенесары көтерілісі, жергілікті жерлерде кезек-кезек бұрқ еткен көтеріліс ошақтарының жиынтығы болды. Сонымен бірге, Кенесарының тартып алынған қазақ жерлерін қайтаруды және салынған бекіністерді жоюды, алым жинау мен әртүрлі салық салуды тоқтатуды патша өкіметінен талап етуі және оның бұрын қазақтарға тиесілі болған жерлерді қайтару үшін Қоқан мен Хиуа хандықтарымен күресуі – қазақ халқының өмірлік мүдделеріне сай еді. 1837 жылдың аяғында Кенесары қозғалысына 3858 отбасы қатысты. Бұл көтеріліс идеяларының өміршеңдігі мен Кенесары беделінің жоғарылығының куәсі еді.

Қазақтың XIX ғасырдағы ұлт-азаттық қозғалысын зерттеген атақты тарихшы Е.Бекмахановтың айтуынша, Кенесары көтерілісшілердің көсемі ретінде тарих сахнасына 1837 жылы шығады. Үлкен өмір мектебінен, саяси күрес мектебінен өткен ақылды, тәжірибелі басшы, батыр ретінде танылады. 1837-1845 жылдар аралығында жыл сайын, ерте көктемнен қоңыр күзге дейін қазақ даласына казак отряд-

тары жіберіліп тұрды. Олар бейбіт халықты тонап, адамдарды тұтқындап, малдарды айдап әкетті. Кенесары мен інісі сұлтан Құшақ екеуі қол қойған Орынбор шекаралық комиссиясының төрағасы генерал-майор Генстің атына жолдаған бір хатында орыс әскерлерінің қазақ ауылдарына жорықтарының зардаптары жыл-жылымен тізбектелген. 1825 және 1840 жылдар арасында патша әскерлерінің 15 жорығының қазақ еліне әкелген ауыртпалықтарын атап көрсете келе, сұлтандар бейбіт ауылдарға қарсы ұйымдастырылған жорықтардың «тонаушылық» сипатын талдаған. (Л.Мейер. «Киргизская степь». С. 60). Осы құжатта келтірілген патша үкіметінің екі ғана жорығын келтірсек, 1837 жылы Иван Семенович Карпичев бастаған қол Әлике, Қалқаманұлы, Төртұлұлы ауылдарын талады және 350 адамды қырып кетті. 1840 жылы Ақмола округінен шыққан 300 патша жеңдеттері бейбіт жатқан Қажыған, Алтай болыстарын ойрандады, 70 адамды соққыға жығып, 20 әйелді тұтқынға алды, 300 түйе, 300 қой, 100 ірі қара малды тартып алды. Осы бір хат хан Кене бастаған қозғалыстың әділдік сырын бір көрсетсе, патша өкіметінің озбырлығын, қазақ даласына жасап отырған ойранының шектен шыққан отаршылдық болмысын әшкерелеп тұрған жоқ па?! Бұған жауап ретінде Кенесары сарбаздары әскери бекіністер мен жазалаушы экспедицияларға, отаршыларды қолдаған қазақ сұлтандарының ауылдарына шабуыл жасады.

1837 жылы Кенесары сарбаздары Ақтау бекінісінің коменданты, әскери старшина Симоновтың отрядын талқандап, 9 мылтықты, 10 тапаншаны, 500 патронды, басқа да суық қаруларды алып кетті. Сол жылдың қараша айында Ақтау бекінісіндегі 55 адамнан тұратын Хорунжий Рытовтың отрядын жойып, оның өзін өлтіріп, патша үкіметіне ашық қарсылық білдірді. (М.Әбдіров. Кенесары және казактар. Жин: Абылай – Алматы. «Дария – пресс». 1993. 121 б.). 1838 жылдың көктемінен бастап Кенесары жасақтары пат-

ша әскерлеріне қарсы алдын ала жасалған жоспар бойынша дәйекті күрес жүргізеді. 1838 жылдың 7 тамызында Ақмола бекінісіне шабуыл жасады. Патша үкіметінің сойылын соққан сұлтан Қоңыр-Құлжа Құдаймендіұлы және әскери старшина Карбышев басқарған бекініс гарнизоны Ақмоланы қорғап қала алмады. Көтерілісшілер бекіністі өртеп жіберді. Кенесары енді Торғай және Ырғыз даласына бет бұрды. 1838 жылдың жазы мен күзінде Орта жүз қазақтарының негізгі бөлігі Кенесары туы астына шоғырланды. Осы жылдың күзінен қозғалыс Кіші жүзді де шарпыды. Көп кешікпей Жоламан би Тіленшіұлы өз жасақтарымен азаттық үшін күрестің қатарын толықтырды.

1840 жылы Кенесарының әкесі Қасым сұлтан қаза болды. 1841 жылы қыркүйекте Кенесары үш жүзден адам жинап, әкесі Қасымға ұланасыр ас берді. Осы астан кейін үш жүздің халқы Кенесарыны ақ киізге көтеріп, бүкіл қазақ халқының ханы етіп сайлады. Кенесары өз хандығын нығайту үшін біраз экономикалық және саяси шараларды жүзеге асырды. Оның алым-салық саясаты шарифатқа негізделіп, мал өсіретін аудандарда зекетті, егіншілікті аудандарда ұшырды енгізді. Халықтан алым-салық жинауды арнайы жасауылдар жүзеге асырды. Кенесары құрған мемлекет феодалдық мемлекет болды, оның әлеуметтік негізін билердің орта тобы мен төре тұқымына жатпайтын феодалдар, батырлар құрады. Басқарудың негізгі тұтқасы Кенесарының өз қолында болды. Оның жанында ең жақын серіктерінен: батырлар, билер және ханның кейбір туыстарынан құралған Кеңес жұмыс істеді. Хандық кеңеске негізінен азаттық қозғалысының мүдделеріне адал, жеке басының батылдығымен, дипломатиялық қабілетімен көрінген адамдар енді. Мәселен, оның інісі Наурызбай батыр, Ағыбай, Иман батырлар, өзінің елшілік табыстарымен атағы шыққан би Шоқпар Бақтыбаев, Сайдақ қожа Оспанов, т.б. Кенесары мемлекеті сот, елшілік, қаржы, әскери іспен және

азық-түлік жинау мәселелерімен айналысатын жеке адамдар арқылы басқарылды. Жоғары сот билігін Кенесары өз қолына шоғырландырды. Ру аралық сот істерін шешу үшін ол билерді тағайындады. Сөйтіп, Кенесары тұсында елді басқару белгілі бір жүйеге келтіріліп, мемлекеттік аппарат жеке салаларға бөлінді. Басқарудың арнайы қызметі хандық кеңес шешімдерінің, үндеулерінің ауылдарда таратылуын, түсіндірілуін және орындалуын қадағалап отырды. (Е.Бекмаханов. «Казахстан в 20-40-е годы XIX в». Алма-Ата. 1992. С. 281-283).

Хан болып сайланған соң 1841 жылы күз айында Кенесары жасақтары Қоқан хандығына қарсы соғыс жүргізді. Соғыс ашқан мезгіл де қолайлы болды. Сол кезде Қоқан мен Бұхара хандықтары арасында соғыс жүріп жатқан. Кенесары Қоқанға қарсы Бұхардың одақтасы ретінде соғыс ашты. Оның әскерінің құрамына өз отрядымен бірге халық батыры Жанқожа Нұрмұхамедов те кірген еді. Қыркүйек айының басында Шөмекей, Төртқара, Табын руларының қазақтарынан құралған Кенесарының төрт мың адам болатын іріктелген отряды Ташкентті қоршауға алды. Алайда, әскер қатарында жұқпалы індеттің басталуы қаланы алуға мүмкіндік бермеді. Негізгі күш Созақ, Жанақорған, Жүлек, Ақмешіт камалдарын қоршады. Әсіресе, Созақ камалы үшін шайқас қиян-кескі болды. Өйткені, камалды бес мың солдат қорғап тұрған болатын. Созақ үшін шайқас он екі күнге созылды. Нәтижесінде, камал алынып, қиратылып тасталды. Содан соң Сауран камалы алынды. Қоқанның қол астындағы қазақтар азат етіліп, Торғайға қарай көшірілді. Созақтың және басқа да камалдардың алынуы қоқандықтарға қатты соққы болып тиіп, Кенесарының ірі жеңісі болып табылған еді. Бұл жеңіс Кенесарының байырғы қазақ жерлерін сыртқы жаулардан тазарта алатынына халықтың көзін жеткізді. Қоқан хандығы ірі жеңіліс тапқан соң, Кенесарымен мәңгілік одақ құруға ұсыныс жасады. Кенесары мұндай одақ құрудан бас

тартып, қазақтарға тиесілі жерлерді қайтарып беруді талап етті. Осыдан кейін барып соғысты тоқтатқан Кенесары Торғай маңындағы ордасына қайтып оралды. Кенесарының сыртқы саясатының басты мақсаты тәуелсіз Қазақ хандығын құру болды. Ол осы мақсатын жүзеге асыру үшін Орта Азия хандықтарынан өзіне сүйеу іздейді, олардың ішкі істеріне араласып, билеушілерін өз жағына тартуға күш салады. Хиуа ханымен Бұхар әміріне өз елшілерін жіберіп, байланыс орнатады. Орта Азия мемлекеттерімен сауда көлемін ұлғайтып, олардан өзіне қажетті қару-жарақ, оқ-дәрі алып тұрады.

1843 жыл Кенесары хан үшін аса күрделі болды. Осы жылы Орынбор генерал-губернаторы В.Перовский кетіп, оның орнына генерал В.Обручев келеді. Кенесары мен Перовский бір-біріне сыйластықпен қарайтын. Сондықтан, көп мәселелер әділдікпен шешілетін. Енді, Орынбор әкімшілігіне орыс патшасының Кенесарыға қаны қас тағы бір ұлығының келуі, оны Батыс Сібір генерал-губернаторы, князь Горчаковпен бірігіп, Кенесарыны қуғындауына кең мүмкіндік жасады. Сөйтіп, Горчаков пен Обручев Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілісін тұншықтыруға, Кенесарының көзін жоюға 1843 жылы 23 маусымда патша Николай Біріншіден рұқсат алады. Соғыс шығынын өтеу үшін 14 мың сом, Кенесарының басын кесіп әкелген адамға сыйға беруі үшін түгін салығы есебінен үш мың сом қаржы бөлінді. Алайда, күзгі суықтардың жақындауына байланысты Кенесарыға қарсы әскери қимылдарды келесі, 1844 жылы жалғастыру көзделді. Уақытша тыныштықты пайдаланып, Кенесары жаңа шайқастарға дайындала бастады. Дәл осы кезде, өкімет орындарының мәліметтері бойынша, Кенесарыда «жақсы қаруланған 8000 адамдық жасақ» болған. 1843 жылдың соңында Ержан Саржановпен бірге Кенесары 3500 адамымен Орынбор ведомствосының орта бөлігінің билеушісі сұлтан Арслан Жантөриннің Ойыл өзенінің бойындағы ауылына шабуыл жасады. Оның 5500 жылқысын, 3500 түйесін,

970 сиырын және 7000 қойын айдап әкетті. (Е.Бекмаханов. Қазақстан в 20-40-е., С. 261). Артына түскен қуғыншыларға қарамастан, Кенесары әскері сұлтандар ауылына шабуылдауын қойған жоқ.

1844 жылдың жазында Кенесары бастаған халық қозғалысын басу үшін Ор бекінісінен, Ұлытаудан, Тобыл өзенінен патша әскерлерінің үш үлкен тобы шықты. Олардың алдына Кенесары жасақтарын қоршап, шешуші соққы беру міндеті қойылды. Осы міндетті ойдағыдай іске асыру үшін, олар Кенесарымен шайқас жүріп жатқан жерлерге бет алған генерал Жемчужниковтың әскерімен күшейтілді. Отты қарумен қаруланған патша әскеріне қарусыз халық жасақтарының төтеп беруі қиын еді. Негізінде, хан Кенесарының дарынды қолбасшылық қасиеті, орыс әскерлерінің ашық ұрыстағы соғысу әдісімен таныстығы, қазақ жасақтарының күшін ептілікпен пайдалануы азаттық күрестің тегеурінді болуына әсерін тигізгені анық. Ағылшындық Томас Аткинсон (1799-1861 ж.ж.) қазақ сахарасында жеті жыл өмірін өткізіп еліне оралған соң «Орта Азия мен Батыс Сібір» атты еңбек жазған. Аткинсон өзінің Кенесары туралы естіген әңгімелерін былайша жазып қалдырған. «Кенесары қазақтардан тамаша жауынгерлер даярлады. Найза мен айбалтаны ғажайып игерген, шапшаңдықтары көз ілестірмейтін Кенесары жігіттері өздерінен көп жаудың күштерімен жеңісті соғыса беретінін мен талайлардан естідім. Егер, білікті офицерлері болса, қазақтар әлемдегі ең әйгілі атты әскерлерін құрар еді. Оларға тарихты даңққа бөлеген Шыңғыс хан жауынгерлерінің барлық тамаша қасиеттері тән болатын». 1844 жыл азаттық күрес тарихында ерекше орын алады. Шілде айының 20-нан 21-іне қараған түнде Ырғыз өзені бойында Кенесарының әскері қазақ феодалдарының өзіне қарсы біріккен тобына соққы берді. Қараңғылықты пайдаланған Кенесары жасағы бірден қазақ әскерінің де, өзіне қарсы сұлтандардың да лагерлеріне дүрсе

қоя берген. Үкімет жағындағы жасақтардан бірден 24 адам шығын болды. Алғашқы ұрыс даласында өлім құшқандар ішінде сұлтандар Тауқожин, Мырзалиев, Бигеновтар есімдері кездеседі. Негізгі қанды қақтығыс Кіші жүздің Орта бөлігінен құрастырылған патша үкіметі жағындағы сұлтанбилеуші Ахмет Жантөрин басқарған топ пен Кенесарының басты күші арасында болды. Осы қарулы тартыста үкіметті қолдаған қазақ ақсүйектері жағынан 44 сұлтан қаза болды. Кіші жүз сұлтандарының біріккен күштерінің талқандалуы Кенесары сарбаздарының рухын көтерді. (Ж.Қасымбаев. Кенесары хан. Алматы. Қазақстан. 1993. 52 б.). Көтерілісшілер қимылының қарқынды болғандығы соншалық, ұрыс болған жерге жақын келген полковник Дуниковский әскери тобының сұлтан Жантөреұлына көмекке келуге батылы жетпеді. Кенесарыға қарсы күресте дәрменсіздік көрсеткендері үшін войсковой старшина Лебедев Орынборға шақыртылып, орнынан тайдырылып, сотқа тартылды.

Отарлауға қарсы күресте Кенесарының ұрыс даласындағы қомақты жеңістерінің бірі 1844 жылы тамыз айында Екатеринбург станциясына жасаған шабуылы. Шабуылдың тұтқиылдан болғандығы сондай, орыс-казактар, тіпті, қарсылық көрсете алмай қалады. Осы жолы Кенесарының жігіттері 18 мылтық, 2 пистолет, 18 қылыш, 27 найза қолға түсіреді. (А.Сейдімбек. Шығармалар. Астана. «Фолиант». 2010, Т – 5, 501 б.). Жоғарыдағы айтылған шайқастардан кейін Кенесары жасақтары Мұғалжар тауларына барып бекінген еді. Патша отрядының Кенесарыға қарсы жорықтарының бәрі дерлік сәтсіз аяқталған. Әрине, олардың бейбіт тұрмыстағы ауылдары тонауын, бейкүнә жандарды жазықсыз өлтіруін, малдарын айдап кеткендерін есептемеген жағдайда казак әскерінің саны мен сапасы басым, техникалық жарақтануы жақсы болғанымен, ашық айқаста Кенесарыға соққы беріп, әскерін жойып жіберуге дәрмендері жетпеді.

Көп жылға созылған күрес негізгі күшін әлсіреткен Кенесары патша әскерінің қысымымен 1846 жылы Орта жүзден Ұлы жүз қазақтарының жеріне кетуге мәжбүр болды, осы арада ол Ұлы жүздің халқын біріктіруді, қырғыздармен одақ құрып, Қоқан хандығына шабуыл жасауды, сөйтіп, оның қол астындағы қазақтарды, қырғыздарды босатуды көздейді. Кенесары Қытаймен мәмілеге келіп, онымен келіссөз жүргізу үшін Құлжаға елші жібереді. Ұлы жүз рулары негізінен Кене ханды мойындап қана қойған жоқ, оның әділетті күресін қолдайтындықтарын білдірді. Тайшыбек, Сұраншы, Саурық сияқты батырлар өз қолдарымен келіп қосылды, сандаған ұрыстарға қатысты. Алайда, зеңбіректердің гүрсілінен бе, орыс солдаттарының мылтығының жарқылдаған үшкір найзасынан ба, әлде Кенесарының жеңісіне күмән болғаннан ба, Дулат, Албан, Сыбан, Шапырашты руларының сұлтандарының бір бөлігі Ресейдің билігіне бас июге генерал Вишневскийге ант етті. 1846 жылдың маусым айының 23-інде Ұлы жүздің жоғарыда көрсетілген руларымен Аягөз, Көкпекті және Қарқаралы округінің старшын, биі, сұлтандары қатысқан генерал Вишневскийдің басқаруымен өткен кездесуде хан Кенесарыны мойындамау, оның талаптарын орындамау, «бүлікшінің қылықтары» байқалса, жақын жердегі округтарға бірден хабарлап тұруға міндеттенді. Жеке ақсүйектердің империяның билігін мойындауы – көтерілістің ту сыртынан соғылған пышақ болды. (Ж.Қасымбаев. Кенесары..., 79 б.).

Кенесары қырғыздарды жау санаған жоқ. Оның басты жауы Қоқан және алды мұнда келіп жеткен орыс әскерлері болатын. Сондықтан да, ол қырғыз манаптарына Қоқанға қарсы бірігіп соғысуға ұсыныс жасап, қырғыздарға алты мәрте елші аттандырды. Бірақ, қырғыздар Кенесарының бірлікке ұмтылған бірде-бір қадамын қолдамады. Сын сағатта қырғыз манаптары қазақтарға қол ұшын беру былай тұрсын, Қоқан езгісінде отырған өз халқын сағып кетті.

Қоқандармен әскери одақ құрып, Кенесарының басын алып береміз деп орыстарға ант берді. Кенесарының басқан ізін орыс генералдарына жеткізіп отырды. 1846 жылғы жазғы айлардың бірінде мың қаралы жасағымен Кенесары қырғызға бет алды. Хан солтүстік қырғыз манаптарының өзіне бағынуын талап етті. Қырғыз манаптары – Орман, Жантай және Жаңғараш тайпалар өкілдерінің құрылтайын шақырды. Сарыбағыш, Бұғы, Саяқ, Солто, Шерік және басқа тайпалардың өкілдері Қазақ ханының талаптарын орындаудан бас тартып, орыстың генерал-губернаторы Капцевичке өздерінің Кенесарымен соғысатынын хабарлап, одан көмек сұрайды. Қоқан бектерінің тепкісіндегі оңтүстік қырғыз тайпаларының манаптары бұл мәжіліске қатыспады. Қырғыз манаптарын, әсіресе, Орман манап бастаған қырғыз феодалдарын сескендірген нәрсе «биліктен айрылып қаламыз ба» деген қауіп еді.

1847 жылы Кенесары 10000 сарбазымен қырғыз елінің солтүстігіне басып кірді. Кенесары ханның қырғыз жасағымен соңғы шайқасы 1847 жылы 17-25 сәуір аралығында Тоқмақтың шығыс жағындағы Кекілік-Сенгір тауының бөктеріндегі Шу өзеніне 1-2 шақырымдай жердегі Майтөбеде болды. Қырғыз манаптарының жасағы, генерал Вишневскийдің пулемет пен зеңбірекпен қаруланған офицерлері мен солдаттары, Қоқан хандығының сарбаздары қазақ, қырғыз зерттеушілерінің болжауынша, 100 мыңдай адамды құраған. Бас қолбасшылық Орманның қолында болды. Кенесары қолы өзінен күші 10 есе басым жаумен үш күн бойы соғысты. Шешуші шайқас қарсаңында Рүстем төре мен Сыпатай батыр соңына ерген жасақтарымен ұрыс алаңын тастап шықты. Бұл оқиғаның Кенесары қозғалысын тұйыққа тірегені тарихи шындық болатын. Иман (Аманкелдінің әкесі), Бұғыбай, Бұқарбай, Құрман батырлар опат болды. Қырғыздардың қолына 1000-нан аса қазақтар тұтқынға түсті. Тұтқында қалғандар арасында Кенесары, сұлтандар

– Құдайменді, Ержан және басқа да 32 төре тұқымдары бар. Үлкен ерлікпен жау тобын бұзып шыққан Наурызбай, Ағыбай, Жекебатыр тобы болды. Бірақ, аз ғана адамымен Кенесарының жау қолына түскенін естіген Наурызбай ағасын қимай, жау әскеріне өз еркімен келіп беріледі. Тұтқынға өзі келіп түскен інісін көргенде Кенесары інісіне «бекер болды-ау, сен ат үстінде жүргенде бұлар маған ештеңе ете алмас еді. Енді, бәрі бітті» деген екен. Патша әскерінің кеңесімен қырғыз манаптары екі батырдың да басын шапты. Кенесары – 45 жасында, Наурызбай – 25 жасында өлген. Кенесарысыз Наурызбай жоқ, Наурызбайсыз Кенесары жоқ. Халық ұғымында ешқашан ажыратылмай, екеуі бір аталады. Кенесары да, Наурызбай да тәуелсіздік үшін, болашақ үшін өлетінін білсе де, өздері ұрпақтардың бақыты үшін құрбан болған батырлар. Наурызбай – өзі әнші, өзі ақын, өзі күйші-сазгер. Осы арада арнайы айта кетейік, «Төрелер күйі» деп аталатын көп күйлер бар. Сол «Төрелер күйлерінің» бастауында жиырмаға жуық күй шығарған заңғар Абылай хан тұр. Осы «Төрелер күйлерінің» бір өкілі Наурызбай еді. Соның бәрінен де Наурызбайдың батырлығы басым болған. Кенесары қысылтаяң, қиын жерлерге тек, көбіне, соны ғана жұмсаған. (Қазақ тарихынан. Алматы. Жалын, 1997 ж. 507-509 беттер).

Орыс үкіметі Кенесарыны «жазалаушылардың» «еңбегін ұмытпады». Жантай Қарабеков патша үкіметінен алтын медаль, арнайы мақтау қағазына ие болды. Орманға алтын жіптермен тігілген халат тапсырылды. Қалығұл Әлібеков ханның басын Қапалдағы генералға жеткізгені үшін күміс медальмен марапатталды.

Кенесарының жеңілу себептерінің бірі – бір жағынан, орыс үкіметінің, екінші жағынан, Қоқан билеушілерінің қырғыздарды айдап салуының да салдары екендігі дәлелдеуді қажет етпейді. Қазақ халқының азаттық күресі шын мәнінде, Ресейдің қырғыз жерін де, Қоқан хандығын да жаулап алу-

ын біраз уақытқа шегерді. Әсіресе, Ташкент бектерінің, одан қырғыз манаптарының Кенесарыға қарсы қимылдары царизмнің Орта жүздің басты аудандарын, әсіресе, Ұлы жүзді алуға жол ашқандығын түсіну қиын емес. Феодалдық бытыраңқылық пен жегідей жеген ішкі қайшылықтардан туған қауіпті жете ескермеу, қырғыз, қазақ және өзбек халықтарын, кейіннен түркімендерді патша үкіметінің бодандық бұғауына байлап берді.

Кенесарының қолбасшылық өнері туралы сипаттамаларды орыс тарихнамасынан да байқаймыз. Әскери тарихшы В.А.Потто 1872 жылы өзінің «Қырдағы жорықтар хақында» деп аталатын дәрістерінде көтерілістің көсемін «жеңімпаз хан, қырғыздың Шәмілі» деп баға берген. XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресейде болған ұлт-азаттық қозғалыстардың ішінен имам Шәміл мен Кенесары бастаған көтерілістің ерекше дараланып тұратынын еске алсақ, бұл бағаның орынды екенін пайымдаймыз. Орыстың әскери тарихшысы Н.Середа өзінің «Қырғыз (қазақ) сұлтаны Кенесары Қасымовтың дау-дамайы» деген еңбегінде: «Кенесары өз жасағының мәртебелі әміршісі бола білді. Кенесарының қолы жорықтарда, қамал алдында бөгелмейтін. Қайта бөгеттер оның қайтпас еркін қайрай түсетін, мақсатына жету жолында кездескен кедергілерді жайратып, қаһарлы күшті тасқындататын. Көтеріліс қолбасшысы өз басына түскен небір қиыншылық, күйзеліс, қуғын-сүргінге қарамай, жауына бет қаратпай дауылдап тиюші еді», – деп Кенесарының халқы үшін басын бәйгіге тіккен батыр екенін жарқырата суреттейді.

Кенесары опат болғанда оның артында 8 ұл, 4 қыз, екі әйел жесір қалды. Баласы Сыздық сұлтан, әке жолын қуып, отарлау саясатына қарсы күресіп өтті. Архив деректері растағандай, 1842 жылы 2 наурызда Кенесарының әйелі Күлімхан ханымды қызымен бірге патша әскерлері кепілдікке ұстап әкетті. Кенесарының сол қызының немересі

Александр Гаврилович Мойсеевский (1902-1971) ұлты – орыс. Әскери шені генерал-майор. Ұлы Отан соғысы жылдарында 312-атқыштар дивизиясын (8-інші гвардиялық армия, I Белорус майданы) басқарған. Совет Одағының Батыры.

Сонау XIX ғасырдың басында Кенесары бабамыздың: «Қазақ жеріне өзі ие болмай, жеке мемлекет құрмай, ел болып жарытпайды», – деген көрегендік сөзін тарих, өмірдің өзі дәлелдеп отыр. (Қазақ тарихы..., 516-519 б.). Қазақ елінің тарихында бостандық үшін болған көтерілістердің ішінде ең маңыздысы – Кенесары басқарған ұлт-азаттық қозғалыс. Ол бүкіл өмірін халқының бостандығы үшін арнап, он жыл бойы өте қиын жағдайда Ресей империясына, Қоқан, Хиуа хандықтарының басқыншылық шабуылдарына тойтарыс беріп отырды. Ерлігімен, даналығымен, әділеттілігімен абырой алып, хан болып сайланды. Кене хан мен Наурызбай қозғалысына қатысқан ата-бабаларымызды құрметтеу – бәріміздің міндетіміз. Елін, жерін қорғаған бабаларымызды құрметтеу жас ұрпақтарымыздың патриоттық сана-сезімін қалыптастыруға қызмет етуі керек.

НАУРЫЗБАЙ БАТЫР

1822-1824

жылдары

орыс отаршылығының жаңа кезеңі басталды. Хандық билік жойылды, қазақ елі орыс мемлекетінің губернияларының құрамына енді. Қазақтың бір бөлігі – Бөкей ордасы Нарын құмына резервацияға айдалды. Енді әскери отаршылдар қазақ елін жағалап емес, оның жүрегінен, кіндігінен, қолқасынан ойып, шұрайлы жерлерін тартып ала бастады, түгін тартса, майы шығатын ондай аймақтарға Астрахан, Сібір, Орал казактары қоныстанды. Қазақ елінің басына күн туды. Міне, осы сәтте тарих сахнасына Сырым, Исатай, Махамбет, Есет, Жанғожа, Кене хан сынды ұлы перзенттер көтерілді.

Патша өкіметінің Қазақ хандығын жоюына қарсы аттанған қарулы көтерілістің басшыларының бірі – Абылайдың немересі Кенесары Қасымұлы еді. Кенесары Қасымұлы саясатының басты мақсаты – тәуелсіз Қазақ хандығын құру болатын. Бұл хандық оның ойынша, Орта Азияның феодалдық мемлекеттері сипатында болуға тиіс еді (ҚСЭ, V т., 368-б.). Кенесары қозғалысы бүкіл Қазақстанды камтыды. Он жылға созылған (1837-1847 жж.) көтерілістің басты қозғаушы күші – бұқара халық болды.

Кенесарының қозғалысты бастауға 1837 жылдың көктемінен бастап кіріскенін, оның көтеріліске шығуына алғаш рет Көкшетаудың жайылымдық жерлеріне орыс-казак әскерінің басып кіріп, талқандауы себепші болғанын

Е.Смирнов ден қоя зерттеген. Кенесарының қол басқарған батырлары да халық ішінде аты кеңінен мәлім адамдар еді. Олардың қатарында Шұбыртпалы Ағыбай, Қыпшақтың батыры Иман, Табынның батырлары – Бұхарбай, Тіленшіұлы Жоламан, Дулаттың батыры Бұғыбай, Шапыраштының батыры Сұраншы, Кенесарының інілері – Наурызбай, Әбілғазы, әпкесі – Бопай және тағы басқалары көтеріліске белсене қатысты.

Наурызбай Қасымұлы (1822-1847) – қазақ батыры, Абылай ханның немересі, Кенесарының туған інісі. 1837-1847 жылдардағы Кенесары бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысында ерекше ерлігімен көзге түскен. Кенесары ханның адал да айбарлы қолбасшыларының бірі. Наурызбайдың теңдесі жоқ батырлығын жаулары да мойындаған. Оған қатысты «оң қойлында төрт жігіттің күші бар» деген сөз бекер айтылмаса керек. Ішіне қорғасын құйылған найзасы бар ол жан серігі Ақауызға мініп, «Абылай» деп ұрандап шапқанда, дұшпандары алыстан таниды екен. Жасқану дегенді білмеген нағыз жаужүректің өзі болыпты. Кейде оны кереметтің күші сақтап қалатындай.

Бірде Наурызбай жолбарыспен бетпе-бет келіп қалады. «Құдай жақсы жолықтырды. Өлтіріп алып барсам, Кене ағам қайтіп мақтамас екен?.. Садақпен атсам, Кене ағам: «Әрине, тісі мен тырнағынан басқа қаруы жоқ қорғансыз аңды жақындатпай, ата салу оңай» дейді. Найза жұмсасам: «Әрине, найза тіс пен тырнақтан ұзын» дейді. Қылышпен шауып тастасам және соны айтады. Қан шығармай соғып алайын деп, өзіне атылған жолбарысты қол шокпармен тұмсықтан ұрып сеспей қатырады. Ордаға әкелген жолбарысты көргенде Кенесары сабырлы дауыспен: «Әкет әрмен мына тарғыл мысығыңды, орданың маңын сасытпай!» дейді». («Қазақ тарихынан», Алматы, 1997, 509-б.).

Науан (Кенесары інісін еркелетіп осылай деп атаған) Басығара батыр оққа ұшқан тұсында батыр қаны жау табаны

астында қор болып қалмасын деп, қамалға өзі бастап кіргенде қоршап алған мылтықты 12 казак-орысты ес жиғызбай найзаға іліп кеткен деседі. Майтөбенің етегінде қолға түскен Кенесары ағасын жау қолында қалдырып кетпеймін деп, өз еркімен қырғыздар қолына берілуін қазір көзсіздік десек те, алып жүректі Наурызбайдың хас батырлығы демеске мүмкін емес.

Наурызбай Кенесарының тапсырмаларымен көтеріліске қарсы жергілікті басшыларды бағындыру, салық жинау, барлау, әскерді қару-жарақ және азық-түлікпен қамтамасыз ету, дипломатия, тағы басқа қызметтерді атқарған. Ресей отаршылдары мен Қоқан ханының озбырлықтарына қарсы соғыстардың барлығына қатысқан.

1844 жылы тамызда Кенесары жаңа жеңіске жетеді. 14 тамызда Наурызбай мен Ағыбай батырлар бастаған отрядтар тікелей шабуыл жасап, Екатеринбург қаласын алады. 1841 жылы Кенесары хан болып сайланғанда хан кеңесінің мүшесі болған («Айбын», Алматы, 2011, 588-б.).

Күйеуінің (Уәли ханның ұрпағы Сәмеке сұлтан) қарсылығына қарамай, отбасын тастап, қасына алты баласын ертіп, бауыры Кененің қасынан табылған Бопай ерлігін де еске алмасқа болмайды. Құрамында 600 сарбазы бар ерекше топқа басшылық еткен Бопай ханшаның ерлік істері аңызға айналған. Мәселен, 1838 жылы 7 тамызда Бопай ханшайым өзінің 200 сарбаздан құралған отрядымен Қараөткел (Ақмола) бекінісіне Кенесары қолымен бірге шабуыл жасап, сонда бекінген патша әскеріне үлкен соққы берді. Соның арқасында Қараөткел аймағы басқыншылардан азат етілді. Бұл жеңіс Кенесарыны да, Бопайды да рухтандырып, Кіші жүзге қарай шегінген жау әскерін Орынборға дейін ығыстырды. Одан әрі Батыс Сібір генерал-губернаторлығының батыс, теріскей аймақтарына жорық жасап, қазақ жеріне бет ала бастаған патшалық әскери күштерге тойтарыс берді. 1847 жылғы қырғыз манаптарына қарсы шабуылда Кенесарымен бірге

болған. Оның ұлы Нұрхан, Кененің інісі Әбілғазылар да азаттық жолында аянбай күрескен, Кенесары таңдап алған жолдан табан аудармаған сенімді батырлары еді («Ел», 19 шілде 2007 ж.).

Қырғыз тарихшысы Белек Солтоноевтың (1938 жылы халық жауы ретінде атылған) очеркінде Наурызбайдың сыртқы пішіні, кескін-келбеті толығырақ сипатталған: «Наурызбай – 23-25 жас шамасында ұзын бойлы, дене бітімі сымбатты жігіт. Өңі қызыл шырайлы, жылтыр, ат жақты, бет-әлпеті өзге қазақтардан ірірек. Жанарынан ұшқын атқан қара қоңыр көзі байыппен қарайтын. Төбесіндегі жылтыраған маржан моншақтармен өрілген айдары самайына дейін түсіп тұратын... Наурызбай өз дұшпандарының үрейін ұшыратын». Сол сұлулықтың үстіне сөзге шешен, әнші-күйшілігімен, жауырыны жерге тимеген палуандығымен аты шыққан, бүркіт, қаршыға, лашын ұстап, құсбегілікпен айналысқан. Осы арада айта кетейік. «Төрелер күйі» деп аталатын көп күйлер бар. Сол «Төрелер күйлерінің» бастауында жиырмаға жуық күй шығарған («Садаққақпай», «Шаңды жорық», «Қайран елім», «Қара жорға», т.б.) заңғар Абылай хан тұр. Осы төрелер күйлерінің бір өкілі – Наурызбай еді (Т.Дүйсәлиев).

Кенесары ханның қырғыз жасағымен соңғы шайқасы 1847 жылы 17-25 сәуір аралығында Тоқмақтың шығыс жағындағы Кекілік-Сенгір тауының бөктеріндегі Майтөбеде болды. Қырғыз жасағын Орман, Жантай, Жаңғараш манаптар басқарды. Қырғыздардың жасағы, қазақ, қырғыз зерттеушілерінің болжауынша, 100 мыңдай адамды құраған. Қазақтар қырғыздардан 10 есе аз болған. Сондай-ақ, соғыс таулы жерде болды, ал бұған дейін Кенесары жазық жерде соғысып келді. Осының барысында Кенесары қолы жеңіліп, өздері қырғыздар қолына тұтқынға түседі. Үлкен ерлікпен жау тобын бұзып шыққан Наурызбай, Ағыбай, Жекебатыр тобы болды. Бірақ, аз ғана адамымен Кенесарының жау

қолына түскенін естіген Наурызбай ағасын қимай, жау әскеріне өз еркімен келіп беріледі. Тұтқынға өзі келіп түскен інісіне Кенесары «Бекер болды-ау, сен ат үстінде жүргенде бұлар маған ештеңе ете алмас еді. Енді бәрі бітті» деген екен. Патша әскерінің кеңесімен қырғыз манаптары екі батырдың да басын шапты. Кенесары – 45 жасында, Наурызбай – 25 жасында өлген. Наурызбай хан ағасынан 20 жас кіші («Қазақ тарихынан», 507-б.). Кенесарысыз Наурызбай жоқ, Наурызбайсыз Кенесары жоқ. Халық ұғымында ешқашан ажыратылмай, екеуі бір аталады. Кенесары да, Наурызбай да тәуелсіздік үшін, болашақ үшін құрбан болған батырлар.

Орыс үкіметі Кенесары мен Наурызбайды «жазалаушылардың» «еңбегін ұмытпады». Жантай Қарабеков патша өкіметінен алтын медальға, арнайы мақтау қағазына ие болды. Орманға алтын жіптермен тігілген халат тапсырылды. Қалығұл Әлібеков ханның басын Қапалдағы генералға жеткізгені үшін күміс медальмен марапатталды.

Кенесары мен Наурызбай өлімі қазақтың қабырғасын қайыстырып кетті.

«Кенесары кеткен соң,
Иесіз қалды тағымыз.
Наурызбай төре кеткен соң,
Бастан тайды бағымыз.
Бұлбұлдай сайрап жүр едік,

Байланды тіл мен жағымыз» (Нысанбай жырау), – деп қазақтың кең даласы қара домбыраның үніне қосылып зар жылады. Кенесары мен Наурызбай – халық басына күн туғанда ел тірлігін, елдігін, бірлігін, оның еркіндік туын ұстаған ерлер. Олар – дәуірдің алып тұлғалары. Тәуелсіздік үшін арпалысқан Кенесары мен Наурызбайдай ерлер халық жадында мәңгі жасайды.

ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ

Кезінде қазақ халқының болашақ тағдырын орыс мәдениетімен бірлікте алып қараған Шоқан, Абай және Ыбырай секілді ұлы ағартушы – демократтар тарихымызда өшпестей із қалдырды. Осы орайда Ыбырай Алтынсариннің қосқан үлесі мен еңбегі орасан зор. Ол қазақ даласында тұңғыш рет орыс үлгісіндегі пәндік білім беретін мектептер ашып, оған орыс алфавиті негізінде оқулықтар жазып, өзі сабақ беріп, жаңа талапқа сай келетін мұғалімдер даярлауға күш салды.

Ыбырай Алтынсарин (1841-1889) – қазақтың аса көрнекті ағартушы – педагогы, ақын, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері. Шын аты – Ибрахим. Туып өскен жері – Қостанай облысының Қостанай ауданы, Арақарағай өңірі. Осы өңірде, Тобыл өзенінің жағасынан топырақ бұйырған. Ыбырайдың өз әкесі (Алтынсары) ерте қайтыс болғандықтан (1844), ол атасы Балғожа бидің тәрбиесінде өседі. Балғожа би өзінің сүйікті немересін 1850 жылы Орынбор шекара комиссиясының қазақ балалары үшін ашқан мектебіне береді. Патша өкіметінің көздегені осындай мектептер арқылы жергілікті әкімшілік орындарға қазақтың өзінен миссионер қызметкерлер әзірлеу еді. Сондықтан оқушылар патшаның отаршылдық саясаты рухында тәрбиеленуге тиісті болды. Ата – аналары « оқу – өнеріңмен тек біз үшін қызмет ет» десе, миссионерлер « білімінді патша үкіметінің ықпалын қазаққа молырақ таратуға күш сал» десе, Ыбырай тәрізді халықтың адал ұлдары алған білімдерін өз елін

мәдениетке жетелеуге, оқу, ағарту ісін өркендетуге жұмсады. Ол кезде надандыққа белшесінен батып жатқан елді оқуға шақыру, мәдениеттілікке үндеу айтарлықтай тарихы іс еді. Ыбырай өзінің көптеген өлең, әңгімелерін жастарды оқуға шақыруға арнады.

Оқысандар,балалар

Шамнан шырақ жағылар.

Тілегенің алдыңнан,

Іздемей-ақ табылар, - деді.

Кезінде бұл өлеңнің тарихи мәні айрықша зор болды. Ақын, бір жағынан, жастарды оқуға, білім алуға үндесе, екінші жағынан, өмірдің бар қызығы тек қана байлықта деп ұғатын, оқу – өнер, ғылым – білімге, оның жалпы халық үшін керектігіне еш мән бермейтін ескі көзқарасқа соққы берді.

Мектепті бітірген соң (1857) Орынбор шекара комиссиясында әскери старшина болып қызмет атқаратын атасы Балғожа Жанбыршыұлының хатшысы болады (1857-1859). Одан кейін Орынбор облыстық басқармасында тілмаштық қызмет атқарады. Сол жерде Орынбор шекаралық комиссиясының председателі, белгілі шығыстанушы ғалым, профессор В.В.Григорьевпен танысады. Ыбырай оның бай кітапханасынан әдебиет, тарих, философия кітаптарын, дүниежүзі ағартушыларының еңбектерін, ұлы адамдардың өмірі туралы шығармаларды көп оқып, білімі қорын молайтады. Жалпы, Ыбырайдың рухани өсуіне профессорлар В.Григорьев пен Н.И.Ильминскидің ықпалы ерекше болған. 1860 жылы Орынбор бекінісінде (Торғай) қазақ балалары үшін мектеп ашу тапсырылады әрі сол мектепке орыс тілінің мұғалімі болып белгіленеді (А.Сейдімбек).

Ыбырайдың бүкіл өмірін арнаған ағартушылық – педагогтік қызметі осылай басталады. Тікелей өзінің араласуымен халықтан жинаған қаржыға мектеп үйін және интернат салып, 1864 жылы 8 қаңтарда мектептің жаңа ғимаратын

салтанатты түрде ашады. Ы.Алтынсарин өзінің ардақты борышы – халқының көзін ашу, балаларды оқыту деп түсінеді. «Мен қазақ жастарын классикалық гимназияларда, ауыл шаруашылық академияларында оқып білім алуын, өз халқына қызмет етуін, жақсылықты іс жүзінде көрсете білуін жоғары мұрат деп білемін» – деп айтқан (Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. Ал., 1999. 54 б). Бала оқыту, тәрбиелеу жұмысында Алтынсарин дүниежүзі педагог классиктерінің (Я.А.Коменский, К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой, И.И.Паульсон т.б) гуманистік идеяларын басшылыққа алды, оларды қазақ даласында оқу-ағарту тәжірбиесіне енгізген тұңғыш педагог – ұстаз болды. Ұлт аймақтарында патша үкіметі ашқан мектептердің миссионерлік бағытына өзгеріс енгізу ол кез үшін үлкен төңкеріс еді.

Ұстаздық-ағартушылық қызметке қоса Ыбырайға басқа да жұмыстарды атқару жүктелді. Орынбор генерал – губернаторының тікелей тапсыруы бойынша 1870 жылдың 15 қазанынан 1871 жылдың 21 қыркүйегіне дейін Торғай уезінің судьясы, 1871 жылдың 14 қарашасынан Торғай уезі бастығының аға жәрдемшісі, 1872 жылдың 1 қарашасынан уақытша Торғай уезінің бастығы, 1873 жылдың 1 ақпанына дейін Торғай уезінің судьясы қызметін атқарды (Ж.Әлдибеков).

1879 жылы Ыбырай Торғай облысы мектептерінің инспекторы қызметіне кіріскен соң оқу – ағарту жұмыстарын одан әрі жандандырып, Елек, Қостанай, Торғай, Ырғыз уездерінде бір – бірден екі класстық орыс – қазақ мектептерін ашады, оларды қажетті кітаптармен жасақтайды. 1871 жылы 31 тамызда Н.И.Ильминскиге жазған хатында «Қазақтардың білімге қол жеткізетін ең басты құралы мектеп... үміт күтері – мектеп, тек қана мектеп және қазақ халқының болашағы да мектептерге байланысты» – деді. Ыбырай салдырған Қостанай, Торғай өңіріндегі мектептерде Ахмет Байтұрсынов, Міржаұып Дулатов, Ахмет Бірімжановтар

оқып, «Алашорда» дүниеге келді.

Алтынсарин балаларды оқыту мен тәрбиелеуде мұғалімнің орны ерекше екенін ескертті. «Халық мүдделері үшін ең керектісі – оқытушы. Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілген инспекторлар бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды. Сондықтан да мен жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін», - деп оқытушылардың орнын жоғары бағалаған. Екі класстық мектептердің меңгерушісіне жазған нұсқау хатында ол «Егер балалар бірдеңені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмаған өзін кінәлауы тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық етуі керек, әрбір нәрсені де ықыласпен түсінікті етіп түсіндіруі керек, орынсыз терминдерді қолданбау керек, мұндай сөздер оқушыларға түсініксіз болады да, жалықтырып жібереді...» деген ойын айтып, оқушының дұрыс білім алуына ұстаздарға жүктелетін міндетті анық көрсетеді (Б.Тұрғынбаева). Бұл педагогикадағы дидактикалық қағидаға айналған ой. Оның түп төркінінде адамды сүю, білім берушінің сауаттылығы, шеберлігі жатыр. Сол себепті де әр мұғалім басшылыққа алар құнды пікір.

Қазақ даласында мектептер санының артуына байланысты Ыбырай мұғалімдер даярлайтын мектеп ашуды қолға алады. 1888 жылы 10 сәуірде Орскіде бастауыш мектептер үшін оқытушылар даярлайтын мұғалімдер мектебі ашылды. Оған Торғай, Ырғыз қалаларындағы орыс–қазақ мектептерін бітірген қазақ жастары алынды. Сөйтіп, Қазақстанда педагогика білімінің негізін қалаушы да Алтынсарин болды. Ыбырай қазақ халқының экономикалық дамуына ерекше мән берді, сондықтан қазақ жастары арасынан экономика, ауыл шаруашылығы, қолөнер кәсіпшілігі салаларына қажетті мамандар даярлайтын училищелер ашуға көп

күш жұмсайды. Ақырында Торғайда қолөнер училищесін ұйымдастырады. Тіптен Қостанайдан ашылатын ауыл шаруашылық училищесіне өзінің иелігіндегі жерін беретіні туралы өсиет қалдырады. Ағартушы қазақ халқын егін егіп күн көретін отырықшылыққа шақырады. Өз әңгімелерінде отырықшылықтың артықтығын дәлелдеуге ерекше зер салады. Бұл тұста біз оның «Қыпшақ Сейітқұл», «Киіз үй мен ағаш үй», секілді шығармаларын атай аламыз.

Ы.Алтынсариннің педагогикалық қызметіндегі тағы бір ерекше тоқталатын мәселе – оның қазақ қыздарына білім беру ісін қолға алуы. Оның қазақ қыздары үшін Ырғызда (1887), Торғайда (1891), Қостанайда (1893), Қарабұтақта (1895), Ақтөбеде (1896) мектеп – интернат аштыруының тарихи мән – маңызы зор болды.

Ыбырай оқу-ағарту жұмыстарына өз заманының ең озық әдістемелерін қолдана отырып, білімнің балаларға ана тілінде берілуіне айрықша мән береді. «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулық, «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты дидактикалық оқу құралын жазды. Бұл екеуі де Алтынсариннің орыс алфавиті негізінде жасаған жаңа алфавитімен қазақ тілінде басылды. «Ыбырай жасаған оқулық ең алдымен орыстың, қала берді, Еуропа оқымыстыларының педагогикалық көзқарастары мен оқыту, тәрбиелеу әдіс – тәсілдеріне негізделіп жасалды. Бірақ ұстаз оларды талғам – талдаусыз, сол күйінше ала салған жоқ. Керісінше, оған енетін материалдарды қазақ балаларының таным – түсінігіне сәйкестендіреді. Өзі де осы талапқа орай әңгіме, өлеңдер жазып құрастырған хрестоматиясына қосты «Т.М.Әбдікәрімов».

Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясына» енгізген авторлардан аударғаны бар, өзі жазғаны бар – өлеңдері, мысалдары мен шағын әңгімелері – бай әдеби мұра. Ол Л.Н.Толстойдың әңгімелерін, И.А.Крыловтың мысалдарын орыс тілінен аударумен қатар, өзі де қысқа – қысқа, мазмұндары әңгімелер

мен өлеңдер жазды. Орыс авторларының шығармаларын қазақ тіліне тәржімалап, қазақ әдебиетінде көркем аударма жанрын қалыптастырады. Ыбырай өз заманына сай ақындық өнерді меңгерген. Ақын өлеңдері көп емес. Бірақ қай – қайсында да ғибрат бар. Өлеңдерінің көбі «Қазақ хрестоматиясына» арнап жазылған.

Оқу білген адамдар-

Май тамызған қылыштан.

Білмегенді білуге –

Есті бала тырысқан, - деген ақын сөзі бүгінгі ХХІ ғасырда да өзектілігін жоғалтпай отыр.

Ы.Алтынсарин алғаш әдебиетімізде проза жанрының да негізін қалады. Балаларға арнап жазылған әңгімелерін өзінің хрестоматиясына енгізді. Осы қысқа әңгімелерінде ол жас шәкірттерді адамгершілікке, ізгілік пен бауырмалдыққа, адал еңбек пен білімді еркін игеруге шақырды. Ол, «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде еңбектену қажеттілігін, «Бақша ағаштары» әңгімесінің соңында «... сені пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзу кісі болып өсерсің, бағусыз бетіңмен кетсең, сенде мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің» деп ой қорытады, «Бір уыс мақта» әңгімесінде үнемшілдікке, «Аурудан аяған күштірек» әңгімесінде анаға деген ізгілікті көрсеткен. Ыбырай прозасының басты ерекшелігі неде дегенде, мынаны айтуға тиіспіз: қазақ халқының мәдени – әлеуметтік өмірін арқау ете отырып, жаңа буын жастардың өсіп жетілуіне қажетті үлес қосу еді (Дала даналары. Ал., 2001. 414 б). Белгілі филолог – ғалым Қажым Жумалев: «Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиетінде көркем әңгіменің негізін салушы атасы болды. Көркем әңгімелердің композициялық құрылымын шебер етіп құруда да оның өзінше еңбегі бар», – деп жазды. Мектеп оқулығы үшін жазылғандықтан, Ыбырайдың әдеби туындылары балалар дүниесіне өте жақын. Сондықтан да ол қазақ балалар

әдебиетінің атасы деп танылған.

Тек қана оқу – ағарту жұмыстары емес, Ыбырай сонымен бірге ғылым – білімге, еңбек пен өнерге, дінге, этнографияға қатысты мақалалар жазды.

Ыбырай Алтынсарин – ғылыми түрде қазақ педагогикасының негізін салған адам. Ол жастарды ғылыммен, біліммен тәрбиелеуге, сол арқылы адамгершілікке баулуға ұмтылды.

Тіпті, керек десеніз, ғылыми тұрғыдағы тәрбиенің де негізін салған – Ыбырай Алтынсарин (Қ.Бітібаева). Ол өз заманында екі түрлі үлкен кедергіге тап болған адам. Біріншісі, сол уақыттағы ақсүйектер, байлар оның идеясын қолдай қоймады. Екіншіден, Ыбырайдың достары деп жүргендердің көбі миссионерлер болған. Олар қазақ мектептерін ашқанда орыстың идеясын іске асыруды көздеді. Ыбырай осы екі қиындықпен күресе білді. Ол – жай ғана ағартушы емес, нағыз күрескер болған тұлға. Сол себепті де ғасыр қойнауындағы Ыбырай Алтынсарин мұраларын бүгінгі күннің таптырмас қазынасы, қазақ тәлім– тәрбие бастауының алтын дінгегі деп білеміз.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЖЫМҰҚАНЫ

Әр халықтың маңдайына жарқырап біткен жарық жұлдыздай жайсаң ерлері бар. Олар – ел мақтанышына айналған көрнекті қайраткерлер, ғұлама ғалымдар, заңғар ақын – жазушылар, туған жерін жаудан қорғаған батырлар, еңбек қаһармандары, өнер мен спорт саңлақтары... Соның бірі қазақтың ұлы перзенті, қазақтың әйгілі палуаны, классикалық күрестің асқан шебері – Қажымұқан МҰҢАЙТПАСҰЛЫ.

Қажымұқанның әкесі – Мұңайтпас. Мұңайтпас Ернақы батырдан туады. Бұл кісілердің ата қонысы – Есіл өзені жағасы, Нұрсұлтаннан осы күнгі Атбасар – Қостанайға шығатын асфальт жолдың сол жақ жиегіндегі ауыл. Қажекеннің руы – Қыпшақ, оның ішінде – алтыбас қыпшақ.

Ауылдың той-томалағы көкпарсыз, күрессіз өткен бе? Сондай жиын-тойларда кішкентай Қажымұқан да күреске қатысып, өз қатарын былай қойып, ересек жігіттердің өзін жығып кете бергендіктен «бала палуан» атанады. Алайда, оның алып күштің иесі ретінде алғаш танылуы О.Масляков деген орыс саудагерінің үйінде жалшылықта жүрген кезінен басталады. Бірде боранды күні даладан шөп алып келе жатқанда шанасы қарға тіреліп, аты тарта алмай тұрып қалады. Шанадан қарғып түскен Қажымұқан атына көмектеспек болып, шананың артынан бар күшімен итеріп қалғанда, шана сырғып кетіп, болдырған ат астында қалып, өледі. Басқа амалы қалмаған ол атының денесін шөптің

үстіне тастап, өзі ат орнына жегіліп, шананы қалаға сүйреп әкеледі. Оның осы тірлігі қала тұрғындарының арасында аңыз болып тарайды (Тарихи тұлғалар. Ал., 2008, 372б).

Мұнайпасовтың палуандық жолы 1901 жылы басталады. Омбы қаласында жаңадан ашылған циркте орыстың тұңғыш кәсіби палуандарының бірі И.Злобинмен белдеседі. Қазақ баласының ерен күшін көрген ол Мұқанға Петербургтегі күрес мектебіне түсуге кеңес береді. Сөйтіп, Мұқан палуандар арасында «Ваня ағай» деген атпен әйгілі болған Иван Владимирович Лебедевтің күрес мектебіне 1903 жылы оқуға түсіп, екі жыл оқиды да, Қазан қаласына кетеді. Ол 1907-1908 жылдары үлкен жәрмеңкелерде ақша тігіп күреске түсіп жүреді. Татарлардың кезекті бір тойдуманында өткен күресте атақты эстон палуаны Георг Лурих өз тобымен қатысып отырып, шаршы кілемде ешкімге дес бермей күресіп жүрген Қажымұқанды ұнатып, қосып алады. Осы топта ол атақты Вейланд Шульпен танысады. Ол кезде белден ұстасатын «белбеумен күрес» те ел арасында жиі қолданылатын. Бала кезінде белдесуге көп түскен Қажымұқан бұл күрестің сырын өте жақсы білетін және іштен шалуға өте шебер еді. Міне, енді Қажымұқан осы күрестің сырын Георг Лурихқа үйретеді, ал ол бұны француз күресінің әдістерімен таныстырады. Айтқандай Георг Лурихтың тобымен қосылмай тұрып, Қажымұқан Қазан қаласында Иван Шемякинмен алты айдай бірге жаттығады. Күресуге әбден үйреніп, дүние жүзілік жарыстарға қатысуды алдына мақсат етіп қойған Мұқан ертелі – кеш цирк аренасынан шықпай жаттығады. Сол кезде Россияда французша күрестен екі жүзден астам кәсіпқой палуан болды. Россиядағы атышулы екі жүз палуанның ішінде алғашқы ондықтың арасында болудың өзі оңай шаруа емес еді. Георг Гаккеншмидт 1901 жылы дүние жүзінің чемпионы атанды, сол 1901 жылы Георг Лурих ауырлық көтеруден дүние жүзінің чемпионы болып, әлемнің жаңа рекордын жа-

сады. Иван Поддубный 1905 жылы алғаш рет дүние жүзінің чемпиондығын жеңіп алды. Келесі жылы Иван Поддубный екінші рет дүние жүзінің чемпионы атанды. Ал, 1908 жылғы дүние жүзілік біріншілікте Иван Поддубный үшінші рет чемпион атағын жеңіп алады. Бір көңіл аударатын мәселе: бұл жарыстарға Қажымұқан қатысқан емес (Жүз жиырма тұңғыш. 1 том. Ал., 2015ж. 324 б).

Мұқан алғашқы ірі табысқа 1908 жылы жетті. Германияның Кельн қаласында өткен жарыстағы шешуші белдесуде немістің атақты палуаны Генрих Веберді жеңіп, бірінші рет әлем чемпионы атанды. 1909 жылы Рига қаласында дүние жүзінің атақты палуандары қатысқан үлкен жарыста бас бәйгені жеңіп алады. Ал, 1910 жылы Варшавада өткен халықаралық жарыста кіші алтын медальға ие болды. Осы жылы Америкаға сапар шекті. Дүние жүзінің чемпионы Иван Шемякин екеуі барды. Аргентинаның астанасы Буэнос – Айрес қаласында еркін күрестен өткен жарыста үлкен медаль алып қайтты. Бұл бәсекелерде Мұқан жарысты ұйымдастырушылардың ұйғаруымен бірде «жапон Ягамата Муханура», енді бірде «Муканов – Муханура» болып күресіп жүрді. 1911 жылы Түркияға барып, Стамбулда түріктің атақты палуаны Нұрлыны жыққаны үшін «қажы» атағы беріліп, содан бастап Қажымұқан атанды. Палуандарға арналған «Геркулес» журналында сол кезде «Палуандық асқан қасиеті үшін оған «қажы» есімі берілді. Бүкіл дүние жүзіне атағы жайылған Мұқанов – Муханура бұдан былай «Қажымұқан» деген атпен күресетін болды» деп жазылды. Мұқан бұл есіммен күреске Ресейде бірінші рет (1912ж 3 мамыр) Саратов қаласында ағайынды Никитиндер циркінде шықты (Қазақ халқының тарихи тұлғалары. Ал., 2013.2 кітап. 232-233 б).

Әр палуанның бар мүмкіндігі толық ашылатын кезеңі болады. Қажымұқанның толысып, өте шебер күрескен уақыты 1913-1916 жылдар. Бұл жылдары кәсіпқой палуан-

дардың арасында өткен біріншіліктерде жерлесіміз үшінші орыннан төмен түспеген. 1913 жылы Тройцк қаласында халықаралық ең ірі чемпионат өтеді. Қажымұқан осы чемпионатта он сегіз палуанмен күресіп, соның бәрін де жығып әлем чемпионы атағын жеңіп алды. 1914 жылы көктемде Америкаға кетіп бара жатқан палуандар Парижде американдық еркін күрестен дүние жүзінің чемпионаты өтеді дегенді естіді де, оларды бастап бара жатқан Жак Герман Қажымұқанды осы жарысқа қосады. Жарыстың барысында ол қарсыластарының бәрін ұтып, дүние жүзінің еркін күрестен чемпиондығын жеңіп алады («Русский спорт» 1914, № 24). Сол жылы Уфа қаласындағы ірі жарыста жеңімпаз болады.

Анықтап алатын тағы бір мәселе – Қажымұқанның жапондық Саракики Джиндофумен айқасы. Қажымұқан 1910-1912 жылдары Георг Лурихпен бірге Джиу-джица (карате) күресін үйренеді. Ал 1916 жылы 31 тамызы күні Харбин қаласында Джиу-джица күресінен дүние жүзінің біріншілігі өтеді, міне, осы жарыстың финалында Саракики Джиндофу мен Қажымұқан кездесіп, жерлесіміз жеңіске жетеді.

Сол кездегі спорт жарыстары тарихының асқан білгірі Иван Дмитриевич Булгаков ол туралы былай дейді: Қажымұқанның әбден толысып, дәуірлеген шағы менің әлі есімде. Оның күрес тәсілі ешкімге ұқсамайтын, ол өзін кілем үстінде еркін ұстайтын. Соған қарамастан оның жолбарысша атылатын кездері де жиі ұшырасатын. Көп палуан оның осынысынан сескенетін, оны бірде доңызға, бірде жолбарысқа, бірде Азияның аюына теңеп сан-саққа жүгіртетін... Мен оның Поль Абс, Алекс Аберг, Георг Лурих, Жан Сабатье, Збышко – Цыганевич I, Черно – Яну, Андерсон сияқты Европаның аты шулы палуандарымен күресін де көрдім. Темір – Болат Кануков, Али Осман, Сали – Сулейман, Робине Хосаев, Чемберс Ципс, Мурзук, Кахута, Саракики,

Джо Моро секілді Азия мен Африка елдерінің күш аталарын қалай басынан асыра лақтырғанның да куәсі болғанмын...» (Күш атасы: Қажымұқанды көргендерінің естеліктері. Ал., 1984.212 б).

Ол Санкт-Петербург, Мәскеу, Киев, Варшава, Будапешт, Берлин, Прага, Лондон, Буэнос – Айрес қалаларында өнер көрсетті. Қазақ палуаны барлық жарыстарда күреске Ресейдің атынан түсіп жүрді. «Қажымұқанмын қазақта күшім асқан, Достарым алып палуан орыстардан, «Черный Иван» атанып он екі жыл, Жиырма төрт патшаның жерін басқам» деп өзі айтқандай орыстың атақты палуандары, дүние жүзінің чемпионы атағын бірнеше рет жеңіп алған Иван Поддубнимен, Иван Шемякинмен, Иван Зайкинмен және атақты палуан Вейланд Шульцпен өмір бойы дос болып өтті. (Айбын. Энциклопедия. Ал, 2011. 432 б). Әсіресе, Иван Поддубныйды ерекше құрмет тұтқан. Ол Поддубный маска киіп күресіп жүргенде Парижда кездескен екен. Қажекең оны қай елдікі екенін білмеіті. Маскалы палуан күреске шыққанда фамилиясы айтылмайды, тек масканың түрі ғана айтылады. Екеуі алғашқыда жығыса алмаған. Ең соңында Қажекең қаттырақ қимылдап, күш асыруға айналған кезде, Иван Поддубный ақырын ғана: «Потише» – депті. Сол арада оның орыс екенін біліп, Қажекең бәсең қимылдап, тағы да теңбе-тең түскен. Киінуге келгенде Қажекең Иванның қасына келіп: «Сен Россиянікі екендігінді маған неге бұрын айтпадың», – деп құшақтапты. Қажымұқан – дүние жүзілік спорт аренасына шығып, шет елдердегі жарыстарда атақ-данққа ие болған тұңғыш қазақ. Кеңес өкіметі орнағанға дейін бірде-бір қазақ спортшысы мұндай табыстарға жетіп көрген емес.

Ал, Ұлы Октябрь социалистік революциясының алғашқы күндерінен-ақ, Қажымұқан Қазақстанда Совет үкіметін орнатуға белсене қатысты. Ол азамат соғысының майдандарында атаман Дутовтың, адмирал Колчактың контр-

революцияшыл отрядтарына қарсы шықты. Азамат соғысы аяқталған соң палуан өзінің сүйікті ісіне қайта кірісіп, көшпелі цирк ұйымдастырады. Ел аралап, күш өнерін көрсетіп, одан түскен қаржыны мектеп, аурухана, т.б салуға тапсырып отырған. Қажымұқан тек палуандығымен ғана танылмай, циркте халық қызыға қарайтын таңданарлық күштілігімен, қызықты шебер күш ойындарымен де атағы шыққан адам. Екі қолымен қырық шелек суы бар бөшкені көтеріп цирк алаңын аралауы, көкірегіне қойып жиырма пұттық тасты балғамен жардыруы, иығына салып түйені көтеруі, екі қолымен аттың тағасын жұлқып сындыруы, қалың тақтайдың астында жатып үстінен автомашина жүргізуі кімді де болса таңғалдырмай қоймайтын. Палуан бір күні келе жатып батпаққа батқан трактордың үстінен шығады. Жұрт жиналып, әуре-сарсаңға түсіп жатыр екен дейді. Қажекенді көмекке шақырады. Сонда палуан беліне арқан салады да «Әу!» деп бір-екі ырғып жіберіп, тракторды суырып алады. Сонан соң белін жазып, маңдай терін сүртіп тұрып: – Әлі де болса қажыған трактордан Қажымұқан артық екен-ау! – деп кеңк-кеңк күліпті дейді.

Қажымұқанның абыройы асып, атағы бүкіл елге жайылған дәуірі Кеңес өкіметі тұсы. 1927 жылы Орынборда өткізілген ірі чемпионатта зор табысқа жеткені үшін ҚазАКСР Орталық Атқару комитетінің төралқасы Қажымұқан Мұнайпасовқа «Қазақ даласының батыры» атағын береді. Ал 1945 жылы ол «Құрмет белгісі» орденімен наградталады. Ұлы палуан Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында тағы бір ерлік жасады. Жасының егде тартқанына қарамай, ел аралап, күш өнерін көрсетіп, одан жиналған қаржыға самолет жасатып, майданға жіберуі. Сөйтіп, ұлы Жеңіске өз үлесін қосты. 1944 жылдың 29 қыркүйегінде Мемлекеттік Қорғаныс Комитетіне жолдаған хатында Қажымұқан: «Біздің қаһармен Қызыл Армия... неміс-фашист басқыншыларына қирата соққы беріп жатқан күндерде, мен өмірімнің елу бес жылын спортқа

арнаған жетпіс бес жастағы палуан, жеңіс күнін жақындату үшін еңбекпен тапқан 100 мың сом табысымды қорғаныс қорына тапсырамын. Осы қаржыға Аманкелді Иманов атындағы самолет жасауға тиісті нұсқау беруіңізді өтінемін» деп жазды. Қажымұқанның бұл өтінішіне Мемлекеттік қорғаныс комитетінен жауап телеграмма келді. Онда былай делінген: «Қызыл Армияның әуе күштеріне көрсеткен қамқорлығыңыз үшін менің сәлемімді, алғысымды қабыл алыңыз, жолдас Қажымұқан! Тілегіңіз орындалатын болады. И.Сталин».

Сөйтіп, палуанның жинаған қаржысына Қазан қаласында самолет жасалып, оның қапталына халқымыздың ардагер ұлы Аманкелді Иманов есімі жазылды. Бұл самолет 1945 жылдың бас кезінде 1-Беларус майданындағы 284-авиация дивизиясының қазақ ұшқышы Қажытай Шалабаевқа табыс етіледі. Ол Қажымұқан сыйға тартқан самолетпен 120 -дан астам жауынгерлік тапсырма орындады. Бұл самолет кейін 1945 жылы 24 маусымда Москвада өткен Жеңіс парадына қатысты (Күш атасы...4 -5 б.).

Өзінің айтуы бойынша, Қажекен төрт рет дүние жүзінің және Европаның чемпионы атанған, 59 шет мемлекетте болып, 48 алтын, күміс, қола медаль алған. Ол алып күш иесі еді: бойы 186 см, салмағы 130 кг болған. Қандай да болсын халықтың өзінің атақты перзенттеріне деген сүйіспеншілігінде шек болмайды. Сондай ел құрметіне бөленген ерлеріміздің бірі Қажымұқан палуан халқына адал қызмет етті. Оның үлкен жүрегі елім деп соқты. Ал, елі қасиетті ұлын қастерлей білді. Қазақ даласының аты аңызға айналған палуаны өмірінің соңғы жылдарын Оңтүстік Қазақстан облысының Темірлан елді мекенінде өткізді. Астана және Шымкент қалаларындағы Орталық стадионға ұлы палуанның есімі беріліп, Алматы, Астана, Семей, Шымкент қалаларында Қажымұқан атындағы көшелер бар.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚТЫҢ КҮРЕСКЕР ҰЛЫ

Байтұрсынов Ахмет (1873 – 1937) – қазақтың ұлы ағартушысы, ірі ғалым – лингвист, түркітанушы, ақын, аудармашы, әдебиет жинаушы һәм зерттеуші, бірқатар оқулықтар мен оқу құралдарының авторы. Туған жері – бұрынғы Торғай уезінің Тосын болысы (Кәзіргі Қостанай облысының Жангелдин ауданындағы Ақкөл ауылы). Ахмет Байтұрсынұлы - Алаш аясындағы қоғам қайраткері ғана емес, Кенестік Қазақстанның алғашқы жылдарында жоғары лауазымды мемлекеттік қызметтер атқарған адам. Солай болғанына қарамастан Ахаң мемлекеттік жүйелердің қайсысында жұмыс жасасын (алаштық жүйе ме, кенестік жүйе ме – бәрібір) ол бірінші кезекте өзіне басты нысана етіп жалпыұлттық, бүкілхалықтық мәселелерді таңдап алды да, оларды туған елінің мүдделеріне сай шешу үшін еңбектенді.

Ахметтің атасы Шошақ ел – жұртына беделді адам болған. Шошақтың Ақтас, Байтұрсын, Ерғазы атты ұлдары 1885 жылы уезд бастығы полковник Яковлевтің елге жасаған зорлығына қарсылық білдіріп, оның өзіне қол жұмсап, басын жарған. Байтұрсын мен Ақтас 15 жылға Сібірге каторгаға жіберілсе, Ерғазы 4 ай мерзімге абақтыға жабылған. Бұл оқиға бала Ахметтің санасына қатты әсер етеді. Өмірдегі әділетсіздік пен зорлық – зомбылықты, әлеуметтік теңсіздікті

көзімен көрген бала көңіліне үлкен ой түйеді.

Тумысынан аса талантты, талапты Ахметті Ерғазы Торғайдағы екі сыныптық орыс – қазақ мектебіне береді. Оны 1891 жылы бітіріп, кейіннен Орынбордағы мұғалімдік мектепте төрт жылдай оқып, білім алады. Оны бітірісімен мұғалім болып, Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде ауылдық, болыстық мектептерде мұғалім, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарады. Патша өкіметінің зұлым саясатын, халқына жасап отырған көпе – көрінеу зорлық – зомбылығын, қорлығын көріп – біліп отырып, жан бағып, жайына жүре алмады. С.Сейфуллин 1923 жылы 30 қаңтарда «А.Байтұрсынов елуге толды» деген мақаласында: «Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз – ақ Ахмет еді... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті»

Ол отаршылдықтың озбыр саясатына қарсы халықты ояту үшін халықты ағартудан басқа жол жоқ екенін, надандықпен, қараңғылықпен күресу керектігін толық түсініп, бар ғұмырын осы жолға арнады. Ахметтің саяси күрес жолына түсуіне 1905 жылғы патша манифесі себепкер болды. Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (арыз – тілегі) авторларының бірі Ахмет еді. Ресей Министрлер кеңесінің төрағасы Виттенің атына жазылған бұл петицияда сол кездегі қазақтардың бүкіл – талап – тілегі көрініс табады. Онда ар бостандығын беру, халықтың өз тілінде білім алуын ұйымдастыру, келімсектерді қоныстандыруды бас тарту, жер қорының жергілікті халыққа тиесілі екендігі туралы арнайы заң актісін қабылдау, «Далалық ережені» және өлкені әкімшілік басқару жүйесін қайта қарау, азаматтық және сот ісін қазақ тілінде жүргізуді заңды бекіту, отарлаушы аппарат чиновниктерінің санын қысқарту, генерал – губернаторды

орталықтан тағайындаудан бас тарту, жоғары билік органдарынан отарлаушы өлке депутаттары үшін үлес беру талаптары қойылды («Қазақтар». 1 том. 2003. 91 – б)

Қазақтардың саяси белсенділігінің бұлайша арта түсуі патша өкіметіне, әрине ұнамады. Семей әскери губернаторының Дала генерал – губернаторына жазған хатында Ә.Бөкейханов, Ж.Ақбаев, А.Байтұрсыновтың қызметі өкіметке қарсы болды деп жазуы кездейсоқ емес. Ол бұл үшеуін бір сапқа біріктіріп, «... айқын залалды мақсат тұтқан, оның негізінде халық бұқарасына үкіметке қарсы наразылық сеуіп, әкімшілікке деген дұшпандыққа бейімдеуге ұмтылған» бірінғай пікірдегі ұйым деп те көрсетуге тырысты («Шығыс Сарыарқа». Ал, 2004. 405 б). Осы жерде билеуші жүйе ұлттық интеллигенцияға қарсы жазалау шаралары арқылы халықтың бас көтеруін болдырғысы келмесе, екінші жағынан, оларды іс жүзінде пәрменді саяси күш деп мойындауға мәжбүр болды. Ахмет 1909 жылдың бірінші шілдесінде тұтқындалып Семей түрмесіне жабылды. ПМ-нің ерекше Кеңесі 1910 жылдың 19 ақпанында Ахметті қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Ахмет Орынборға 1910 жылы 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды.

Ахмет Байтұрсынов қазақ зиялыларының рухани көсемі санатында 1913 жылы ұлттық биресмилік «Қазақ» газетін шығарды. «Құрметті оқушылар» атты кіріспе мақалада Ахаң газетті « халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп анықтай келіп, оның «жұртым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады», - деген тұжырымы арқылы газеттің қоғамда алатын орнын, оның саяси маңызын барынша айқындап берді («Қазақ» газеті, Ал., 1998, 10-б).

А.Байтұрсынов шығарып тұрған «Қазақ» газетінде 1913 жылдан 1918 жылға дейін қазақ қауымының алдын-

да тұрған бірде бір саяси-әлеуметтік, мәдени-әдеби мәселе көтерілмей қалған жоқ десе де болады. Газет бетінде ұлттық мәні бар зәру мәселелердің дер кезінде көтеріліп, қоғамдық пікір туғызу арқылы әлеуметтік күшке айналып отыруы А.Байтұрсыновты жалпықазақтық деңгейдегі қоғам қайраткері дәрежесіне дейін көтерді. Аханың осы газет бетінде айтқан кейбір пікірлеріне ой жіберейік: «... әр халыққа керегі – өз діні, тілі, жазуы сақталу... Әуелгі үш жылда балалар кілең қазақша оқуы керек... Бастауыш мектепте кілең қазақ тілінде үйрететін нәрселер: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрапия, шаруа-кәсіп, жаратылыс жайы»; «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы...»; «Әуелі біз елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек...»; «Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді...» (Д.Ысқақұлы). Бұлар күні бүгінге дейін маңызын жоймаған, халық келешегін ойлаған әрбәр азаматтың есінде жүрер өміршен пікірлер!

Мұхтар Әуезов 1913-1918 жылдары шыққан «Қазақ» газетінің кезеңін «Қазақ» газетінің дәуірі деп атады. Бұл газеттің 1918 жылы 2-наурызда Кеңес өкіметі оны жапқанға дейін 265 саны жарық көрді. Ұлт ұстазы 50-жасқа келген күні Мұқаң «Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, елін ұйқысынан аятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын самалынандай ширықтыраған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын», - деп көрсетті. (А.Байтұрсынов. Ақ жол. 17 б.).

Газет 1917 жылы шілде айында дүниеге келген ұлттық-демократиялық партияны дайындауда саликалы жұмыстар атқарды. Партия Россияда 1917жылы ақпан революциясы жеңіске жеткеннен кейінгі елде орын алған саяси хал-ахуал берген мүмкіндіктер жағадайында 1917 жылы 12-26 шілдеде Орынбор қаласында өткен бірінші бүкілқазақтық съезде құрылды. Бұл партияға «Алаш» деген ат береді. Ә.Бөкейханов

«Қазақ» газетінің №2-7 сандарында «Түрік баласы» деген лақап атымен «Қазақтың тарихы» атты тізбекті мақала жазды. Сонда «Алаш» - Отан кісісі, өз елінің патриоты деген мағнаны білдіреді» деп түсініктеме береді. Ең маңыздысы, автор «бұл – қазақтың басын біріктіретін, қазақты бір ұлт ретінде ұйытатын идея» деп атады (С. Аққұлы).

Съезді шақыру мен оны өткізуде Ахмет Байтұрсынұлы үлкен белсенділік көрсетті. Ол съездің хатшылар тобын (М.Дулатов, Ә.Көтібаров, А.Сейітов) басқарып, оның маңызды құжаттарын жасауға жетекшілік етті. Съез өткеннен кейінгі екі-үш ай бойы оның шешімдеріне сәйкес Ахаң «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасын жасау ісіне белсене қатынасты. Партия бағдарламасы жобасын жасауға, Ахаңмен бірге Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Елдос Ғұмаров, Есенғали Тұрмұхамедов, Ғабдулхамид Жүндібаев және Ғазымбек Бірімжанов қатысты. Алып топ Қазақстан тағдары Ресей елімен тамырлас екенін пайымдады, демократиялық Ресей құрамында конституциялық жолмен республика болуды көздеді. Өз парламенті бар, өз Президенті бар, өзін-өзі билеу құқығы бар бұл республика суверенді (егеменді) территориялық автономия болатын. Петроградта Қазан төңкерісі жеңіске жетіп, Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнау процесі жүріп жатқан кезде «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы «Қазақ» газетінің 1917 жылы 26-қарашадағы санында жарияланды. Онда «Алаш» партиясының мемлекеттік құрылыс, жергілікті бостандық, жер, дін, сот, оқу-білім мәселелері жөніндегі мақсат-міндеттері тұжырымдалды. Олардың басым көпшілігі жаңадан орнап жатқан Кеңес өкіметінің айтылмыш мәселелердегі үрдістеріне қайшы келетін еді.

Ахмет Байтұрсынұлы 1917 жылы 5-17 желтоқсанда Орынбор қаласында өткен Бүкілқазақтық екінші съез жұмысына да белсенді түрде ат салысты. Съез талқылап, шешім қабылдаған 10 мәселенің ішіндегі ең маңыздылары

бүкіл қазақ жерін біріктіретін Алаш автономиясын (қазақ мемлекеттігін) құру оны басқаратын үкімет – Әлихан Бөкейханов басқарған Алашорданы сайлау және «халықтық милиция» аталған Алаш автономиясының қарулы күштерін жасақтау жөнінде қабылданған шешімдер болды. Автономияны «Алашорда» деп атауда да үлкен мән бар. Оның астарында «Алаш мемлекеті» деген ұғым жатты. Орыстар оған автономия деп қараса, Алаш қайраткерлері ұлттық мемлекет іргесін қалап жатты. Бұл да – үлкен саясат. Ә.Бөкейханов бастаған Алаш қайраткерлерінің ұғымында халық милициясының ең басты қызметі елді қорғау болды. Автономияны алатын шақта әскери жасақ-милиция құрылуы керек делінді.

Алашорда үкіметі құрамын бекіткен 2- жалпықазақ съезі Оқу – ағарту комиссиясын құрып, оның төрағасы етіп Ахметті бекітті. 1919 жылғы наурызға дейін Алашорда үкіметінің Торғай облыстық бөлімінің мүшесі болды. Алашорда Кеңес өкіметін мойындамай, 1918 жылы жазда басталған азамат соғысы жағдайында оған қарсы ашық күреске шыққан күштермен (атаман Дутов басқарған Орынбор казачествосымен, адмирал Колчак басқарған Сібір үкіметімен, Орал казачествосымен, т.б.) одақтасты. Жаулаушы күштердің (Қазақстандағы) ара салмағы 1919 жылдың басынан Кеңес өкіметі мен Қызыл Армия жағына ауысуы Алашорданың жағдайын қиындатып жіберді. Сондықтан 1919 жылғы көктемде Алашорда, бір жағынан Колчак үкіметімен байланысты түгелдей үзбей отырып, екінші жағынан Кеңес өкіметімен байланысын жандандыруға мәжбүр болды. Ахмет Байтұрсынов 1919 жылы наурызда Алашорда үкіметі атынан Мәскеуге Кеңес үкіметімен келіссөзге аттанды, осы жылғы шілдеде РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ әскери – революциялық комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Ахметтің ықпалымен 4 сәуірде Алашорда басшылары мен мүшелеріне Кеңес үкіметінің

кешірімі жарияланды. Кеңес өкіметі мен Алашорда арасын жалғастырып, ұлттық келісімге жеткізген Ахаң еді. Ахаң бұл тарихи кезеңде «Менің идеалым – қазақ халқының тұрмыс жағдайын, мәдениетін мүмкін болғанша көтеру, ал мұның өзі оның игілікті дамуының алғышарты болғандықтан, мен осы мұратты қандай билік қамтамасыз ете алса, соған риза болмақпын» деген пікірде болды. (Айбын. Энциклопедия . А., 2011.143 б.).

В.И.Ленинніңұсынысыменқазақөлкесінбасқаратынқазақ (қырғыз) революциялық комитетінің төрағасының орынбасары болған А.Байтұрсынов болашақ қазақ автономиясының аясына барлық қазақ жерін жинауға ерекше қажырлылық танытты. Челябині губерниясына еніп кеткен Қостанай уезін Қазақ өлкесіне қайтару үшін М.Сералинмен бірге В.И.Ленин атына хат жазып қана қоймай, Кеңестердің Бүкілодақтық атқару комитетіне, РКП (б) Орталық Комитетіне арнайы қаратты.1920 жылы 26 тамызда Қостанай уезі ескі шекарасы шеңберінде Қазақ Автономиясының Торғай облысының құрамына енгізілді.

1919 жылы қазанның 27 – сі Қазревкомның кеңейтілген мәжілісі болып (оған РКП (б) Орталық Комитетінің, Түркістан майданы революциялық соғыс кеңесінің мүшелері қатысты), онда «Қазақ халқын біріктіру және оны кеңес өкіметі жағына шығару» туралы мәселе талқыланды. Мәжілісте А.Байтұрсынұлы мынадай ұсыныстар жасады: «...Кеңес өкіметі қазақ халқына жалған емес, іс жүзіндегі өзін – өзі билейтін автономия беретіндігіне оның көзін жеткізсін. 2)... Ақтардың жағында қызылдарға қарсы күресіп жатқан Алашорданың Торғайлық және Оралдық тобына олардың кеңес өкіметі жағына шығатын жағдайда кешірім жасалатындығы жариялансын». Осы мәселелердегі А.Байтұрсынұлының табандылығы көп кешікпей өз нәтижесін берді. 1919 жылы қарашаның 4 – інде Түркістан майданының революциялық соғыс Кеңесі «Кеңес өкіметіне

тікелей және жанама түрде күрес жүргізіп келген барлық қазақтарға (алашордашыларға) толық кешірім жасау туралы» қаулы қабылдады (К.Нұрпейісов. «Қазақстан мектебі» №6, 1998).

А.Байтұрсынұлы Қазревком төрағасының орынбасары әрі оның ішкі істер бөлімінің меңгерушісі ретінде 1920 жылы 4 – 12 қазан күндері Орынбор қаласында өткен Кеңестердің бүкілқазақстандық құрылтай съезіне шақыру және оның басты құжаты «Қазақ АССР еңбекшілері праволарының Декларациясын» дайындауға үлкен үлес қосты. Бұл съезде Ресей Федерациясының құрамындағы Қазақ кеңестік социалистік автономиялық республикасы құрылғаны белгілі. А.Байтұрсынұлы осы республиканың үкіметі – Халық Комиссарлар Кеңесінің құрамына өтіп, оқу – ағарту комиссары (министр) болып сайланды, ол 1922 жылдан оқу – ағарту комиссариаты жанындағы ғылыми орталықты басқарды. Сонымен қатар ол Бүкілроссиялық Атқару комитеті мен Қазақ республикасы Орталық Атқару Комитетіне мүше болды. «Декларацияда» А.Байтұрсынұлының тікелей араласуымен қазақ еңбекшілеріне тегін білім алу құқығы заң жүзінде бекітілді. «Декларацияда» Ахаңның табандылық көрсетуі нәтижесінде мектептер мен басқа орындарда ғана емес, республиканың барлық мемлекеттік мекемелерінде де өзінің ана тілін пайдалану құқығы берілді (Қазақтар. Тарихи оқиғалар. Т1. Ал., 2003. 110 б.). 1921-25 жылдары Орынбордағы, 1926 – 28 жылдары Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берді. Бір сөзбен айтқанда Ахаң Кеңес заманында ұлтқа қызмет етуді бір сәт тоқтатқан жоқ.

Тоқсан ауыз сөзіміздің тобықтай түйінін М.Әуезовтың мына сөздерімен түйіндейміз: Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілік ұраны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер –

білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақта, тарих ұмытпайтын істер» (М.Әуезов. «Қазақ әдебиеті», 23. 12.1988 ж.).

20 ғасырдың 30 – жылдары қазақ зиялыларын жаппай қуғындаудың басталғаны мәлім. Сталиндік жазалау машинасының қарамағына іліккендердің бірі де Ахмет Байтұрсынұлы болды. 1937 жылы ол әуелі тұтқындалып, кейіннен атылды. 1988 жылы ақталды.

Ахмет Байтұрсынұлы 20 ғасырдың басындағы қазақ зиялылығының үркердей жарқыраған жарқын шоғырының келбетті өкілдерінің бірі. Оның өмірі өз халқына деген, ел-жұртының мәдениеті мен әдет-ғұрпына деген айнымас махаббаттың айқын үлгісі.



ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ

Жақып АҚБАЕВ (1876-1934) – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық қозғалысының теориялық негізін салушылардың бірі, заңгер, құқық магистрі. Туған жері – бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезінің Берікқара болысы, казіргі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданы. Сарыарқа өңіріне аты мәлім атақты Ақбай әулетінен шыққан. Ақбай Қарқаралы – Семей өңіріне әйгілі, көзі ашық, көкірегі ояу, дәулетті, несібелі адам болған. Ақбай кіндігінен төрт ұл – Ыбырай, Мәжит, Жақып, Бек және бес қыз тараған.

1886 жылы Жақып Қарқаралыдағы қазақ интернатына оқуға түседі. 1889 жылы Омбы гимназиясына алынады, сол жылы ол Томск гимназиясына ауыстырылып, оны 1898 жылы тәмамдайды. Гимназияны бітіргеннен кейін Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне түседі, оны 1903 жылы алтын медальмен бітіріп шығады. III курста Ақбаев Санкт-Петербург археология институтына түсіп, оның толық курсы бітіреді. Соның нәтижесінде студент кезде бастаған ғылыми еңбегі «Наброски по обычному, в частности, брачно-му праву киргизов» атты диссертацияға негіз болып, Жақып Ақбаев қазақтан шыққан тұңғыш заң магистрі атағына ие болады. Студент кезінде саяси күреске араласып, азаттық идеяларын таратады. «Санкт-Петербургские ведомости», «Дала уалаяты» газеттеріне мақалалар жазып, патша өкіметі жағынан жасалынған әділетсіздікті сынайды, отаршылдық саясатын айыптайды. Университеттің студенті бола жүріп,

қазақ интеллигенциясының өкілдері Б.Құлманов, Р.Марсеков, Н.Айдарханов, Ж.Сейдалиев, М.Тынышбаев және басқаларымен қызметтес болады.

Университетті бітіргеннен кейін Ж.Ақбаев Омбы сот палатасында палата хатшысы, бітістіруші судья қызметін атқарады. 1905 жылдан бастап отаршылдық жүйеге, патша үкіметіне қарсы күресі үшін қызметінен қуылып, бұдан кейінгі өмірін саяси күрес ісіне арнайды. Отарлаушылар қазақ халқының жері мен оның табиғи байлығының айтарлықтай бөлігіне иелік етіп қана қойған жоқ, олар қазақтарды рухани жағынан да отарлады: тілінен, дінінен, ділінен айыру бағытында қатыгездікпен ойластырылған шаралар жүйесін жүзеге асырды. Патша үкіметінің қазаққа қатысты озбыр саясатын алаш білімпазы Қ.Кемеңгерұлы Мәскеуден 1925 жылы жарық көрген «Бұрынғы езілген ұлттар» атты кітабында былай жазды: «Ресей үкіметінің қазақ туралы мынандай қанды саясаты болды: 1. Қазақтың байлығын сүліктей сору. 2. Қазақтың сорпаға шығар жерін сыпырып, қазақты шөлге қуу. 3. Ауылнайлық, билік, болыстық партиясын отын үрлеп, май тастап, қазақты бірбірімен қол қамшы – шоқпар қылып, ұлттық, азаматтық сезімін өсірмеу. 4. Қазақты шоқындыру. (Кемеңгерұлы Қ. Шығармалар жинағы. 1 –т. Ал., 2005. 320 б).

XX ғасырдың басында Қазақ даласында екі ағымның болғаны белгілі. Бірі – Бұқара мен Түркістанға бет бұрған дәстүршіл, панисламшыл ағым, екіншісі – негізінен Батыс өркениетін үлгі тұтқан жаңашыл, пантүркішіл ағым (А.Сейдімбек). Осы екінші ағымның басында Әлихан бастаған орыс мектебінен тәлім-тәрбие алған озық ойлы қазақ зиялылары тұрады. Соның бірі және бірегейі – Ж.Ақбаев еді. Бұл топ ұстамдылық танытып, Ресей империясына қарсы ашық күреске шығудың әлі ерте екенін анық түсінеді. Сондықтан олар «ең алдымен халықтың санасезімін оятатын жағдай жасау керек» деп білді. Бар күш қуаттарын осы мақсатқа жұмылдырды. Ұлттың шеткі аймақ

халықтарының күресінің бір түрі петициялық қозғалыс болды, сол арқылы өкіметке экономикалық, саяси, діни сипаттағы талаптар қойылатын. Петициядағы маңызды орын қазақ халқына сайлау құқығын беру туралы мәселелерге беріледі. «Бүкілелдік наразылықтың қазақ қоғамына бұрын тән емес петиция түрінде көрінуіне түрткі болған тұңғыш россиялық революция болғанда, ал оны жазған азаматтық қозғалыстың басына келген жаңа әлеуметтік күш – ұлт азаттық интеллигенция өкілдері еді» (Қойгелдиев М. Оянған сана үні. Ана тілі. 1990.12 сәуір). Солардың ішіндегі ең маңыздысы – Семей облысындағы Қарқаралы, Семей, Павлодар уезі қазақтарының Петербургке жіберген петициясы. Шындығында бұл жалғыз ғана петиция емес. Белгілі ғалым З.Тайшыбайдың анықтауы бойынша өзінше бөлек, дербес мазмұндағы бірнеше құжат. Олар жеке-жеке: Ресей Императорына, Министрлер Кеңесінің төрағасына, ішкі істер министріне жолданған. Петицияны дайындап, халық өкілдеріне қол қойғызғандардың ішінде Ж.Ақбаев, А.Байтұрсынов, К.Тоғысов, А.Аяғанов болған (Тайшыбай З. «Қарқаралы петициясы» туралы ақиқат. Ақиқат журналы. 2003. №7). Құжаттар 25-26 маусым күндері жасалған.

Қоянды жәрмеңкесінен жазылып, Ресей патшалығының атына жіберілген петицияның қазақша мәтіні мынандай сөздермен аяқталады: «..патша ағзам, Сізден басымызды иіп сұраймыз: Сайлауға қатысуға ерік беріңіз, мемлекет билігінде қазақтар болса ғана біздің мұң-мұқтажымыз ескеріледі және шешіледі. Сонда ғана біз, қазақ халқы, Империяның басқа халықтармен теңескенін сезінеміз». Император атына жіберілген петицияға 42 адам қол қойған. Олардың ішінде: Қу болысынан – Мұсатай Тәттімбетов (атақты күйші Тәттімбеттің баласы), Берікқара болысынан – Ақбай Жандеркин (Ж.Ақбаевтың әкесі), Балқаш болысынан – Нарманбет Орманбетов (Нарманбет ақын) т.б қол қойғаны белгілі (Қазақтар. Ал., 1 – т. 1998. 115 б).

Ал, Ресей Министрлер кеңесіне, атқарушы билік төрағасына қойылған талаптар кеңірек әрі мейлінше нақты. Патшаның атына жазылған тілек-арызда жалпы саяси тұрғыда, жоғары билік құрамына, қазақтарды қатыстыру сияқты заңдық мәні бар мәселелердің болғанын көрдік. Енді Ресей үкіметіне жазылған құжатқа қысқаша тоқталайық. Онда ар бостандығын беру, халықтың өз тілінде білім алуын ұйымдастыру, келімсектерді қоныстандыру саясатынан бас тарту, жер қорының жергілікті халыққа тиесілі екендігі туралы арнайы заң актісін қабылдау, «Далалық ережені» және өлкені әкімшілік басқару жүйесін қайта қарау, азаматтық және сот ісін қазақ тілінде жүргізуді заңды бекіту, отарлаушы аппарат чиновниктерінің санын қысқарту, жоғары билік органдарынан отарлаушы өлке депутаттары үшін үлес беру талаптары қойылды (Букейханов А. Выборы в Степном крае. 1916. 43-44б). Министрлер Кеңесінің төрағасына жолданған петицияға (бұл сан әр құжатта әртүрлі) 12767 адам қол қойған. Ресей империясының билеушілері «Қарқаралы петициясындағы» кейбір талаптарымен санасуға мәжбүр болды, қазақтардан Мемлекеттік Думаға депутат сайлауға рұқсат берді. Бірінші Думаға Семей губерниясынан Қарқаралы уезінің тумасы Әлихан Бөкейхан сайланды.

1905 жылдың 15 қарашасы күні Жақып Ақбаевтың ұйымдастыруымен Қарқаралы қаласында үлкен наразылық шеруі өтті, уезд бастығы ротмистр Оссовский: «Ж.Ақбаев 17 қазандағы жоғары мәртебелі манифест жариялаған кезде Қарқаралыдағы көп тобырды желіктірді, патшаға, үкіметке қарсы сөздер айтты», – деп жоғарыға рапорт жазды. Соның артынша ол да, Ахмет Байтұрсынов та тұтқынға алынды (Ләмбеков С. Қарқаралы. Аст., 2011. 98 б). 1906 жылы 30 наурызда Семей түрмесінде жатып С.Петербург университетінің профессоры, белгілі заңгер Л.И.Петражицкиге жазған хатында, қазақ зиялылары арасында бірінші болып қазақ өлкесінің дербес автономия болуы мәселесін ұсынады. 1908 жылы

әуелі Омбыға, кейін Жетісу облысының Қапал қаласына жер аударылып, абақтыға жабылады. Айдауда жүрген кезінде 1909 жылы сенатор граф Паленге хат жолдап, онда қазақтар мен орыстардың заңдары шатасып кеткенін, мұның өзі баяғы вавилондық дәуірді еске түсіретінін, заңның бұдан әрі іріп-шіруін тоқтату үшін сайланбалы соттарды кіргізу қажеттігін дәлелдеп, отаршылдық жағдайдағы Қазақстанның саяси-экономикалық, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына терең талдау жасап, өлкенің ауыр халін баяндайды.

1915-1916 жылдары патша үкіметіне қарсы келгені үшін тағы да түрмеге жабылады. Ақпан төңкерісінен кейін 1917 жылдың басында түрмеден босатылысымен, Алаш қозғалысына белсене араласады.

Алаш қозғалысының ресми басталуы 1905 жылғы Қарқаралы петициясының жазылуы екені белгілі. Тарихи петицияда метрополияның империяға мінез көрсеткені, қазақтың XIX ғасырдағыдай емес, күрес тактикасын өзгерткені анықталады. Бір Қарқаралы петициясы емес, жер-жерден, қазақ даласының әр аймағынан азамат құқығы мен бостандығын көтерген, биліктен демократиялық принциптерді талап еткен петициялар жазыла бастауы, облыс орталықтарында съездер өткізілуі, ұлттық баспасөздің өмірге келуі, «Қазақ» газетінің жанкешті еңбегі, ұлттық әдебиеттің ағартушылық, азаматтық қызметі, жалпы халықтың оянуы – ұлт-азаттық Алаш қозғалысының әлеуметтік-саяси күшке айналғанын, патшалық биліктің қазақты бұрынғыдай басқара алмайтынын көрсетті.

«Алаш идеясы» – қазақ халқының дербес мемлекет, тәуелсіз ел болуға деген XX ғасыр басындағы Алаш қайраткерлерінің ұлттық идеясы. Бұл жерде осыған дейін қазақ халқының тәуелсіз ел болуға ниеті болмады ма деп қате түсінбеу қажет. Өйткені бұл ғасыр қарумен емес – білім мен ғылым арқылы ұмтылған ағартушылық бағыттағы идея болды.

Алаш – ұлттың өзін бөлінбес тұтас жер, яғни территория ретінде сезінуі. Өзіндік мемлекеттік шекарасын заңды тұрғыда бекітуге ұмтылған Алаш азаматтарының идеясы (XXI ғ. Алаштың ақ жолы. Ал., 2021. 496).

Жақып Ақбаев 1917 жылы 21-26 шілдедегі Бүкілқазақтық съезге делегат болып, Алаш партиясы бағдарламасының жобасын жасауға қатысады. 2-Бүкілқазақтық съезде (5-13 желтоқсан 1917) Алашорда үкіметінің мүшесі болып сайланып, тұрақты әскер (26,5 мың адамнан тұратын) құру идеясын ұсынады. «Алашорда» үкіметіндегі қызметін тоқтатқаннан кейін, 1919-1927 жылдары Семей губревкомының құрамында заң бөлімін басқарып, Семей облыстық сот мекемелерін ұйымдастыру ісіне араласады. Ол 1927 жылы өзінің «Қазақ халқының шығу тегі туралы» іргелі ғылыми еңбегін жазады. Бұл еңбек белгілі зерттеушілер Б.Сапарғалиев, Қ.Мұхаметжанов, М.Құл-Мұхамедтің пайымдауынша, халықтану іліміне қосылған сыбағалы ғылыми үлес қатарындағы дүние. 1929 жылдың аяғында Ж.Ақбаев заңсыз репрессияның тізіміне ілініп, 1930 жылдың 14 қыркүйегінде Кеңес үкіметіне, Коммунистік жүйеге қарсы әрекеті, Алаш партиясын басқарып, «Алашорда» үкіметіне мүше болғаны үшін ежелден пікірлес болған достары А.Байтұрсынов, М.Тынышбаев, Халел, Жанша Досмұхамедовтармен, С.Қадырбаевпен, Ә.Ермековтермен бірге Алматы түрмесіне қамалады. 1932 жылы сәуірде Воронеж облысына жер аударылады. Ауыр азаптардан өлім халіне жеткен Ж.Ақбаев қасындағы Жанша, Халел Досмұхамедовтардың табанды талабы нәтижесінде 1934 жылы денсаулығына байланысты бостандық алады. 1934 жылы 4 шілдеде Алматыда қайтыс болды.

Алаш жолы – Қазақ елінің Тәуелсіздігіне қызмет ететін рухани мұра, қасиетті күш. Тәуелсіздігімізді нығайтатын осынау қасиетті мұра еліміздің Ұлттық идеясының негізіне айналуы керек деп есептейміз.

МАЗМҰНЫ

Жаһатты жалғасытық (алғысөз)	3
---	---

I-бөлім

ҒҰРПЫМДЫ ҒҰННАН ІЗДЕСЕМ...

Ғұн империясы.....	12
Ғұндардан қалған ғұрып бар.....	17
Үйсін мемлекеті.....	23
Қаңлы мемлекеті.....	29
Түрік қағанаты.....	34
Батыс Түрік қағанаты.....	41
Шығыс Түрік қағанаты.....	47
Түргеш қағандығы.....	53
Қарлұқ қағандығы.....	59
Қарахан мемлекеті.....	66
Оғыз мемлекеті.....	72
Қыпшақ хандығы.....	78
Найман мемлекеті.....	85
Керейтхандығы.....	92
Шыңғыс хан империясы.....	97
Қазақ мемлекеттігінің алтын бастауы.....	104
Ақ Орда.....	113

II-бөлім

ТУЫМІЗ – ТҮРКІ, ҰРАНЫМЫЗ – АЛАШ

Көне түркілер көсемі.....	122
Күлтегін.....	128
Түркі жұртының тұңғыш энциклопедияы.....	134
Қожа Ахмет Иассауи.....	140
Жошы хан.....	146
Бату хан.....	152

III-бөлім
ТАРИХ һәм ТҮЛҒА

Кемеңгерлік киесі.....	162
Кенесары хан.....	171
Наурызбай батыр.....	189
Ұстаздардың ұстазы.....	194
Қазақтың Қажымұқаны.....	201
Ахмет Байтұрсынов – қазақтың күрескер ұлы.....	208
Ұлт мақтанышы.....	217

ISBN 978-601-204-531-4



АЛТЫН ТҰҒЫРЛЫ АЛЫПТАР

Ғылыми-танымдық жинақ

Ерғазы ТӨЛЕУ

Мұқабаны көркемдеген Алмаз МЫРЗАХМЕТ

Редакторы Ерсін МҰСАБЕК

Компьютерде беттеген Марал ӘЙНЕКОВА